


84(5Kaz-4M)16  
M 90


# Темір МЫҢЖАС

2

**КОНТРОЛЬНЫЙ ЛИСТОК  
СРОКОВ ВОЗВРАТА**

Книга должна быть возвращена на не позднее указанного здесь срока
Количество предыдущих задач










84(БҚаз-4/МАН)6  
М 90

# Мелір МЫҚЖАӨ



Әңгімелер мен  
мақалалар

«Баянжүрек» баспасы  
Алматы  
2012

УДК 821. 512. 122.  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5  
М 90

**М 90 Мыңжас Темір.**

Шығармалар жинағының қос томдығы: Әңгімелер мен мақалалар. Темір Мыңжас. – Алматы: «Баянжүрек» баспасы, 2012.

Т. 2: – 384 б.

ISBN 978-601-7008-70-3

Қаламгердің қос томдық шығармалар жинағының екінші томына әр жылдары жазылған әңгімелері мен мақалалары берілді.

Кітап автордың алпыс жылдық мерейтойына орай шығарылып отыр.

УДК 821. 512. 122.  
ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 978-601-7008-70-3 – (Т. 2)

© Мыңжас Т., 2012

ISBN 978-601-7008-68-0

© «Баянжүрек» баспасы, 2012



*Бірінші бөлім*

**Өмірден ойып алынған**

*(әңгіме, новеллалар)*

## ӘУЛИЕ

Ырысқали қартты бала кезімнен білемін. Қабағы шығыңқылау, ашаң жүзді, шоқша сақалды, бір аяғын сылти басатын, қайратты кісі әліге дейін көз алдымда. Ашуланғанда көзінің аласы көбейіп, сұстана қалатын. “Шаш ал десе бас алатын”, сонау отызыншы жылдары он жылға ұсталып келген. Кейінгі алған жас әйелінен екі ұл, екі қызы бар. Жаздың ыстық күндерінде шалбарының бір балағын түріп қоятын. Себебі жара шығып, ісіп, білеуленген аяғына қара май жағатын-ды. Сөйтіп жүріп тыным таппайды: шөп шауып, совхоздарға вагонмен келіп тұратын мал жемін түсіріп, өзінің уақ жандығын жемдеп, сауын түйелерін құдықтан суарып, өріске айдайтын. Жасы келе өзінің сұр есегін мініп жүретін, үйінен қашықтау жердегі той-садақаларға да сонымен баратын-ды.

Бірде есегімен теміржолға тас қиыршығын таситын машиналардың жолына қарай бара жатқанын көрдім. Қасында қолына папкі ұстаған, жиырмалардағы жас жігіт бар.

– Ырсеке, ассалаумағалейкум! – дедім даусымды көтере.



– Уағалейкүмссалам! Амансың ба? – деп ол әдетінше амандық-саулық сұрасты да, – районнан келген қонақ бала еді, таудың үстіндегі ауылға бармақшы екен, таныс шопырларға жеткізіп тастауды тапсырайын деп...

Сөйткенше болған жоқ, “ЗИЛ– 130” автомашинасы тоқтай қалды. Енді бір қарағанымда Ырсекең сұр есегімен шоқытып бара жатты...

Араға жылдар салып, бір кездегі өзім тұрған ауылға барудың сәті түсті. Бұрынғыдай емес, салиқалы, жаны жайсаң ауыл қарттарының қатары сиреп қапты. Көрісіп, сәлемдесу үшін Ырсекеңнің үйіне бас сұқтым. Жасы тоқсанға келген ол көзәйнек киіп, ақ сақалы омырауын жапқан қария болыпты. Баяғы әдетімше ауыз толтырып, дауыстап сәлем бердім. Сәлемімді алып, бетіме бір қарады да, атымды атап “сол емессің бе?” – деді, танығаны ғой. Біз сәлем-сауқат алысқанша Ырсекеңнің кемпірі – Қамқа шешеміз шай қойып, қазан асып тастапты. Мен асығыстығымды айтып, рұқсат сұрап ем.

– Рұқсат жоқ! – деді ақсақал, – сендердің сәлем бере келетіндерің қалай, отырар-отырмастан “кетейін” дейтіндерің қалай? Бір талай жерден келіп отырсың және сені көрмегелі қай заман?!...

Оны шешей де қоштап жатыр. Үлкен кісілердің көңілін қимай, жайғасып отырып, Ырсекеңді әңгімеге тарттым.

– Қалай, қазір той-садақа дегендей, барып тұрасыз ба?

– Шүкір, әйтеуір, балдар шақырған жерге машинамен апарып-әкеледі.

– Ал, баяғы сұр есегіңіз қайда?

– Ойбұй, ол алдақашан “капут” болды ғой, – деп күлді.

– Қалайша...

– Бұл бір қызық әңгіме, – деп Ырсекең лекіте күліп алды, – кезінде бір түрікпеннен сатып алып едім, өзі де аттай болатын, өлеріне көрінді ме, әлде ауырды ма, әбден арыды. Қораға байлап, жем-шөбін алдынан алмай, біраз бағыпта көрдім. Бірде мына он екінші разъездегі Бекмұрат ақсақал ас беретін боп, көліктің реті болмай және ол кезде бүгінгідей машина да көп емес, әдеттегіше сұр есегімді ерттеп мініп, жүріп кеттім...



...Бұл күздің қара суық кезі болатын.

Таңертеңгілік ашылғандай болған ауа райы әпсәтте қайта бұзылып, екпіні қатайған өкпек желге енді жаңбыр араласты. Су өтпейтін брезент плащын қымтанған Ырсекең ызғарлы жаңбырдың соңы қарға айналуынан қауіп етті. Ауылдан төрт-бес шақырым ұзағаннан кейін сұр есек басын төмен тұқыртып, сүріншектеп, аяғын санап басатын жағдайға жетті. Жолға шыққанына өкінген қарт, есегінен түсіп, жетекке алды. Бірақ әбден титықтаған жануар жолдың қапталына жата кетті. Неде болса жолдан қалдым ғой деп, Ырсекең жол жиегіне тізе бүкті. Мұнысы әл жинаған сұр есегі орнынан тұрар деп



дәмеленгендік еді. Өткен-кеткенді ойша шолып, біраз отырады. Орнынан баяу қозғалып, есегіне таяп келгенде байқады, көзі шарасынан ашылған жануар қимылсыз қалыпты.

– Бірталай жыл жолдас болған, өзі арам болса да күші адал сұр есегім сөйтіп, ұзын жолдың бойында өліп тынды. Серейтіп тастап жүре беруге обалсынып, жолдан былай сүйреп шығарып, боз төбенің беткейіндегі ағын су тілімдеп тастаған сайдың нән-нән кесектерімен бастырып, көмдім. Жер қазып көме қоюға қолымда күрегім болмады, – дейді Ырсекең, – содан арада ұмытпасам, төрт ай өткенде жиенім тойға шақырып, он екінші разъезге тағы жолым түсті. Қасымда Бөрібай інім бар, е-е, айтпақшы, мына кемпір мен Бөрібайдың үйіндегі келін де бар, машинамен жолға шықтық. Баяғы сұр есекті көмген жерден өте бергенде көзім түсіп кетті. Өлексенің үстіне биіктетіп, кәдімгі адамның тұрпаты сияқтандырып, топырақ үйген, сыртын жайдақ таспен қоршап, басына сырық шаншыпты, оған да шұбалтып шүберек байлапты. Машинаны тоқтатып, Аллаға сиынып, не айтарымды білмей жағамды ұстадым...



...Әлде қателестім бе деп ойлаған Ырысқали ақсақал төңіректі шолып, есегі өлгенде өзінің тізе бүгіп отырған жеріне дейін дәл тауып, манайды барлап шығады да, не болғанын әлі де түсіне алмаған жанындағыларға мән-жайды түсіндіреді. Бұған сенер-сенбесін білмеген

олардың көздерін бақырайтып қойып, әлгі “әулиенің” басына шаншылған ағашын алып лақтырып, өзінен-өзі күйіп-піседі.

“Ау, отағасы, мұның не, алжыған шығарсың тимей-ақ қой”, – деген кемпіріне жекіп, сабай жаздап қалады. Жиенінің тойында да болған жайды айтайын деп оқталады да, біреулерге күлкі болармын, жұрт әзілдеп отыр деп ойлар деген оймен өзін-өзі ұстайды.

Жалпы, Ырсекең онша сөзшең кісі емес-ті, даңғойлық, орынсыз қылжақты білмейтін, не айтса да сол сарабдал сабырлы қалпынан жаңылмайтын. Және кеше мініп жүрген, өздеріңіз білетін сұр есек өлгеннен кейін әулие болыпты деп кімге айтсын?!

Жабұлы қазан жабұлы күйінде қалып, уақыт өте ұмытылар ма еді, кім білсін егер... бір күні әлгі Бөрібай інісі ентігіп жетпегенде.

– Ой, Ырсеке-ау, масқара, мына көрші ауылдағы түрікпендер жол үстінде, боз төбенің бауырайында өмірден өткен кім де болса бұл жолаушы құр адам емес деп, есегіңіздің басын қарайтып, садақа бергелі жатқан көрінеді, – деді ол тізе бүкпестен.

– Қой өтірік болар, “түймедейді түйедей” қылатын қылжақпастардың шығарып жүргені шығар.

– Маған мұны қазір молдашылық қылып жүрген мәгезінші Бердінің оқудан келген баласы айтты.



Ырсекең шоқша сақалын салалап, ойланып тұрды да:

– Сен машинамен жүрсің ғой?– деді.

– Ия.

– Ендеше кеттік, неде болса барып көрейік.

...Шынында да есек “эулиені” біреулер шындап қолға алғанға ұқсайды. Өткендегі Ырсекең алып тастайтын сырықтың орнына одан биік әрі қалың тақтай орнатылыпты, маңайы келушілердің отырып аят оқуына ыңғайластырылып, тазартылыпты. Мұны көрген Ырсекең Бөрібайға жүр кеттік дегендей ым қақты да, машинаға отырып жатып:

– Ауылдың әкімдігіне тарт, – дейді.

Ауыл әкімі Есен Мередов Ырыскалидың көз алдында ержеткен жігіт еді. Ақсақалдарды қадірлеп, сыйлай білетін, кішіпейіл әкім бұларды орнынан тұрып қарсы алды.

– Түрікпен халқының бір мәрттігі үлкеннің, басшының алдын кесіп өтпейді ғой, олар не айтса да заң. Егер тентек– телі айтылған ақылды жүре тыңдаса, ұлы ақын Мақтымқұлының нақыл сөздерін мысалға алып, орнымен айта білсең, қай-қайсысы да бұрылып тұра қалады, – дейді ұзақ жылдар бойы түрікпендермен қоңсы қонған Ырысқали ақсақал, – наным-сенімге бой алдырғыш, ділі мен дініне берік халық. Сонымен тоқ етері менің сұр есегім “эулие” болудың аз-ақ алдында қалды...




Кетер-кеткенше Ырысқали қарияның айтқан әңгімесі ойымнан кетпеді. Ертеңіне машинасымен шығарып салуға келген ініме он екінші разъезд арқылы өтетін жолмен жүруді ұсындым. Әлгі есек әулие жатқан жер осы-ау деген шамада машинадан түсіп, бозтөбенің баурайына қарай жаяуладым. Арада біраз уақыт өтсе де, тастақ жол мен төбе арасының жақсылап тегістелгенін байқау қиын емес, кезінде бұл араны шиырлаған шынжыр табанды трактордың ізі әлі сайрап жатыр...



## ТІЗІМ

Бізбен бір ғимаратта орналасқан бір басқарманың белгілі қызметкері Шымбергенді көптен танитынмын. Өйткені, ол көпшілікке аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі ретінде танылған-ды. Оны тілшілікке тартқан да өзім. Хабар-ошар, мақала жаздырып, оны өңдеп беріп, газетімізде жариялануына ықпал ететінмін. Іздегенге сұраған дегендей, бұл жолға түсіп алған Шымекең енді кішкентай жаңалық хабар жазудан құлаш-құлаш мақалаға көшті. Күн құрғатпай редакцияға бір соғатын ол, бірде апта бойы хабарласпай кетті. “Япыр-ай, бұл Шымекеңе не болды екен” деп жүргенімізде ол кіріп келді. Шаршаңқы күйде, еңсесі түсіп кеткен. “Оу, Шымеке, не болды, аманшылық па, әйтеуір”, деп жатырмыз. “Қой құрысын, бәрі өзімнен болды”, – дейді ол көзімен жер шұқып. Оқиға былай болыпты.



11

Шымекең күндегі дағдысымен жұмысқа келгені сол-ақ екен, кабинетіне бір әріптесі келіпті де:

– Шымберген, сіз естіген боларсыз, бастық бір тізім жасатып жатқан көрінеді ғой? – дейді.

– Жоқ естіген емеспін, ол қандай тізім? – дейді бұл.

– Мереке жақындап қалды, бәлкім, сыйақы шығар, – деген әріптесі жөніне кетеді.

Әріптесінің сөзіне ойланып қалған Шымберген айтылған әңгіменің анық-қанығын білмекке

бастықтың кабинетін жағалайды. Жан жоқ. Есік ашық тұр. Аяғының ұшымен бастықтың столына жақындайды. Шынында да жазу машинкасына басылған тізім жатыр. Көз жүгіртсе, бас-аяғы он бір адамның аты-жөні жазылған, арасында Шымберген жоқ. Өзінің “Ымыртбаев” деген фамилиясын бір парақ қағазды қалай аударса да таба алмайды. Содан көңіл күйі түсіп, жұмысқа ықыласы болмайды. “Үнемі осындайда шеттетеді, өткенде кәсіби мереке қарсаңында да сыйлықтан қағылғаны бар, сонда біз тоқалдан тудық па?” – деген ой дегбірін қашырады. Бастыққа тікелей барып айтуға ұрсып тастай ма деп, батылы бармайды. Тізім әлі толық емес шығар, бәлкім мені қосар деген есек дәме де жоқ емес-ті. Шыдап орнында отыра алмай, бастық жақты тағы жағалады. Жым-жырт. Бастықтың алдындағы манағы тізім сол күйде. “Нартауекел! Осылар мені ұмытып жүрген шығар” – дейді де, қаламды қолына алып, он бір адамның соңына он екінші ғып өзін қосады да, шыға жөнеледі. Орнына келіп әліптің артын бағады. Байқап отыр бастық келді, телефонмен біреулермен сөйлесті, кабинетіне біреу кіріп, біреу шығып жатыр. Мұның бағанағы әрекетіне бастық та, басқа да мән бермеген сияқты. Жұмыс күні аяқталуға таяп барады. Орнынан көтеріліп, бастықтың кабинетіне таяқ тастам қалғанда, оның шығып бара жатқанын көрді. Бұған көз қиығын да салар емес. Кабинетінің есігі баяғыша айқара





ашық. Аяғын санап басып бастықтың столына таяды. Тізім сол күйі... жо-жоқ! Қызыл қарындашпен мұның атын бір-ақ сызыпты. Ерегескендей бұл көрнекілеу ғып қайта жазады да, шыға жөнеледі. Жұмыстың аяғында бастықтың сыртқа шыққанын күтіп тұрып, тізімге көз жүгіртсе, мұны тағы сызып тастапты. Бұл тағы өзін қосады әлгі тізімге. Сөйтіп, бастық үш рет сызып, бұл да қалыспай үш рет қосады!..

Ертеңіне қызметке келсе, кешегі өзі бірнеше рет көрген тізімді іліп қойыпты, жұрт бірін-бірі кимелеп оқып жатыр. Алып-ұшып бұл да жетеді. “Басқарманың қайта құрылуына орай бастықтың бұйрығымен жұмыстан қысқарғандар” депті де, қызметкерлердің аты-жөнін тізіпті. Ең соңында он екінші болып Ымыртбаев Шымбергеннің аты-жөні тұр. Міне бар-жоғы осы.

Не дейміз, әйтеуір, арты жақсы болғай...



## БАЗАРДЫҢ “ӘДІСІ”

Базар Үкиев терісі сүйегіне жабысқан, арық, қасқабас кісі. Кеңес үкіметі дәуірінде аудандық атқару комитетінің жалпы бөлімінде істейді. Бірде қызметке келе жатсам, ауаткомның жанындағы бақ ішінде терекке сүйеніп тұр екен. Сәлемдескеннен кейін;

– Базеке, қалай?, – дедім.

– Ой, несін айтасың, інішек, қатты шаршап тұрмын, – деді.

– Тыныштық па өзі, не істеп шаршап жүрсіз?

– Өз арамызда қалсын, мен мына аудандық атқару комитетіне жұрттың жеңіл машина сұрап жазған арызын тіркеп те отырамын. Барлық іс папкілерін жаңалап, былғары қапты жаңа журнал ашып, оған өтініш берушілерді әдемілеп тіркеп қойғаным сол еді, бастық шақырып алып, өтініш берушілердің аты-жөні жазылған журналдағы тізімнің алдыңғы жағына бір адамды қос дейді. Журналды көрсетіп, қалай қосамын, тізімнің соңғы жағына тіркейін десем, өзіме ұрсып, олай болса жаңа журнал ашып, тізімді қайта көшіріп, әлгі кісіні ең алдына тіркеп, жаз деген... және бұл үнемі қайталанып тұрады, онымен қоймай бол-болға салып асықтыратынын қайтерсің, бүгін түскі асқа да барған жоқпын, – деді күрсініп.

– Сонда қалай, сіз тек журналдағы тізімді көшірумен отырасыз ба?



– Отырмағанда... бастықтың нұсқауы солай... Журналды жылына бес-алты мәрте жаңалаймын...

– Оныңыз қиын екен, – дедім де жөніме кеттім.

Арада айға жуық уақыт өткенде Базармен әлгі жерде тағы кездесіп қалдым. Бұл жолы әнеугідей емес, көңілді.

– Оу, Бәке, көңілдісіз ғой?

– Иә, өткенде өзіңе айтып ем ғой, журнал жайында...


– Иә, есімде.

– Сол журналы түскірді қайта көшірмеудің әдісін таптым...

– Қалайша?

– Енді журналдағы тізімнің арасын аңкитып, ашық-ашық ғып жазатын болдым. Бастықтың қос деген адамын қосып, тірке деген жеріне тіркеп жаза саламын, бұрынғыдай қиналып жатпаймын. Бастық та риза, маған да жеңіл...

Ол осыны айтып, мээ-мейрам боп, ақтарыла күлді-ай кеп. Оның ойлап тапқан “әдісіне” мен де күлдім. “Аңқау елге арамза молда” деген осы-ау...



## БЕРДІБАЙДЫҢ АЛҒЫСЫ

Ақтауда халқымыздың атақты ақын-жырауы Қашаған Күржіманұлының 150 жылдық тойы өтіп жатқан-ды. Жаңаөзеннен кеп, қонақжай іздеп сабылмай-ақ бұрыннан танитын әрі бажалығы бар Бердібай деген азаматтың үйіне қонаға барғанбыз. Ол облыс орталығының үшінші шағын ауданында, энергетикалық колледжге қарама қарсы беттегі екі қабатты ескі үйде тұрады екен. Бердекеннің қуықтай үш бөлмесі адамға лық толды. Түн ортасы, жақын жерде баратын үй жоқ. Жата кеттік. Біраздан кейін оянып кетсем, қара терге түсіп жатыр екенмін. Үйдің



16



ауасы тыныс тарылтатындай, өте қапырық. Шыдай алмай сыртқа шықтым. Есікті аша бергенім сол-ақ еді, бірдеңе салдыр-гүлдір етіп, біреулер дүркіреп кашқандай болды. “Жігіттік-иттік” деген, қыз-қыркын аңдып жүрген жігітшік балалар шығар деп, оған мән бермедім. Сырттағы шуды естіді-ау деймін үй иесі де шықты. Кеуде кере тыныстап, біраз сергігеннен кейін, орныма барып жата тұрайын деген оймен үйге кірдім.

Таңертең көпшіліктің көзінше Бердекен қолымды алып, алғысын жаудырды. Түкке түсінбей мен тұрмын.

– Түнде сен сыртқа шықпағаныңда су жаңа “Жигулиімді” ұрылар үптеп кетеді екен. Тәңір атқырлар машинаның есігін ашып, енді кірісе бергенде, сен шыға келіпсің, ұрылар бәрін тастап, жан-жаққа қаша жөнелген. Сенен кейін мен



шыққанда, машина ақтарылып жатыр, бірақ ештеңені алып үлгермеді. Бүгіннен бастап авто тұраққа қоямын. Сен менің үйіме үнемі қонып, осылайша құтқара бермессің, – дейді Бердекең күліп.

Алғыс та аяқ астынан екен-ау...



## ҰТҚЫР СӨЗ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Түрікпен елінің бізге көршілес Балқан облысының орталығы Небиттаудағы көрнекті алаңда кеңестік кезеңде Лениннің еңселі ескерткіші тұрды. Түрікменстан Тәуелсіздік алғаннан кейін әлгі ескерткіштің орнына бұрынғыдан да үлкен ғып сол елдің басшысы Сапармұрат Ниязовтың жарқыраған қола мүсіні қойылды...

Тоқсаныншы жылдардың басы болатын, бір топ қаламгер әлгі ескерткіштің жанына барып қарап тұрғанбыз. Бір кезде түрікменнің белгілі сатиригі, сықақшы Пыхы Таған: “Осының ба-



18



сын алмалы-салмалы, яғни бұрандалы ғып жасау керек еді”, – деп қойып қалды. Бәріміз жалт қарадық. Өздеріңіз ойлаңдаршы, – дейді ол күліп, – осы ескерткішке қыруар қаржы, қаншама мыс кетті. Кейіннен мұны тағы өзгертіп жатпасымызға кім кепіл? Ал, егер мен айтқандай болса, көп шығын шығармай-ақ басын ауыстыра салады.

Өткен жылы түрікмен елі басшының бақилық болғаны баршаға белгілі. Жуырда менің Небиттау қаласында болуыма тура келді. Бүгінде Түрікменбашының бұл елде шығатын әрбір газет-журналдың бірінші бетінің қақ маңдайында күліп тұратын суреті көрінбейді...

Телеарналарының шекесінде тұратын суреті де алынып тасталған...Енді ғана тыныстай бастаған жұрт ендігі кезек ақшадағы бейнеде,

содан кейін әрбір ауыл-аймақта, кент пен қалада тұратын ескерткіштерде дегенді айтады... Кім білсін... білетініміз от ауызды, орақ тілді Пыхы Тағанның айтқаны ел ауызында қалыпты, ұмытылар емес...



## “БІРЕУІ – ЖАТЫР, БІРЕУІ – ҚАЙТТЫ”

Сарыағаш шипажайында демалып, ауылға қайтатын кезде бір медбике: «Аға, қайтыс қашан?»— деп сұрады. «Олай деп айтпа, – аға ауылыңызға қашан қайтасыз, десеңіз, түсініктірек болады», – дедім күліп. Сонан кейін осы сөзге байланысты болған бір оқиғаны айтып бердім.

Алыстағы теміржол стансасының екі жұмысшысы ел астанасындағы теміржолшылардың орталық ауруханасында емделіп жатады. Ол кезде қазіргідей байланыс жоқ. Стансаның кезекшісі орталық аурухананың



20



бөлімдерімен байланыса алады. Екі аралықтағы әңгімені жолдағы барлық стансалардан тыңдап отыруға болады. Әлгі емделіп жатқандардың туыстарының өтінішімен станса кезекшісі ауруханамен байланысқа шығады. Екі жерлесінің аты-жөнін айтып, жағдайларын сұрайды. “Олардың біреуі әзір жатыр, екіншісі қайтып кетті”, – дейді дәрігер. Станса кезекшісі “қайтып кетті” дегенді байланыстың нашарлығынан “қайтыс болды” деп түсінеді.

Содан ауыл ақсақалдары жиналып, үйіне естіртіп, жаманат хабардың жатпайтыны белгілі ғой жер-жердегі ағайын-туыс құлақтанып қалады. Басқа көліктің реті жоқ, ертеңгі поезбен барып “марқұмды” алып қайтуға қамдана бастайды.

Ал, “бақилық болды” деген адам астана жақтан таң ата өтетін поездан түсіп үйіне барды. Содан жұрт бір дүрлігіп басылып, бұл оқиға көпке дейін әңгіме болды.

– Сондықтан да әр сөзді орнымен қолданған жөн, – дедім. Бұған медбике қыз күліп, кешірім сұрап жатыр. Мен де оған сабақ болсын деп айттым.



## “БӘРІ БІР БӨШКЕДЕН...”

Мұнан бес-алты жыл бұрын Жаңаөзеннің бірнеше ақын, журналист жігіттері мені іздеп келді. Сыңайларын байқағасын арақ-шарап дүкеніне ертіп апардым. Шайтан сулар бірінен-бірі өтіп, түр-түрімен қылқиып тұр. Қайсысын алуды білмей әрқайсысына бір үңілеміз. Анау жақсы, мынау жақсымен тұрып қалыппыз. Мен бізді бақылап тұрған сатушы орыс жігітіне қарадым.

– Ағай, оның несіне ойланасыз, – деді ол таза қазақ тілінде – бұлардың сыртқы қағазы әр түрлі болғанымен бәрі бір бөшкеден ғой...



## ӨЛЕҢНІҢ ҚҰДІРЕТІ

2006 жылдың соңғы күні кенеттен мұзға тайып жығылып, ортан жілігім опырылып, ауруханадан бір-ақ шықтым. Жиырма күннен кейін гипс салып үйге шығарды, екі айдан кейін гипсті алды. Балдақпен үйдің ішінде ілбіп жүруге жараған кезім-ді. Біреу телефон соқты. Сөз саптауынан үлкен кісі екені байқалады. Менің аты-жөнімді айтып, сол керек еді дейді.

– Иә, менмін, тыңдап тұрмын, – дедім.

– Олай болса, мен сізге жолығайын деп едім, маған қазір келе алмайсыз ба?

– Жоқ ағасы, мен мертігіп, жаңа басымды көтеріп жүрген жанмын, бара алмаймын, өзіңіз келмесеңіз.

– Менің жасым үлкен, сондықтан салып ұрып жетіп бару ыңғайсыз болар. Ендеше былай келіселік, мен сізді машина жіберіп алдырайын, – дейді.

– Мені дұрыс түсініңіз, өздігімнен жүріп-тұруым қиын. Сондықтан да кешірерсіз, бара алмаймын. Ал шаруаңызды телефонмен-ақ айтуға болмай ма?

– Жоқ, өзіңізді көріп, сөйлесуім керек. Былай келіселік, бүгін кешкі сағат алтыда қызымды машинасымен жіберемін, сізді сүйемелдеп, алып қайтады, дайын отырыңыз, – деді.

Бірдеңе деп жауап қатқанымша, телефон трубкасын тастай салды. Оның кім екенін, аты-жөнін, қайда тұратынын, не үшін кездескісі



келетінін біле алмай, ойланып отырып қалдым. “Тонайтындай ақшам жоқ және өшігетіндей бүгінге дейін біреудің ала жібін аттаған емеспін, менің қорқатын не жөнім бар, кездескісі келсе кездесейік”, – деймін іштей.

Айтылған уақытында әдеміше келген, ибалы, аққұба қыз келді. Ол өзін әлгі телефон шалған ағамыздың қызымын, атым Айгүл деп таныстырды. Оның Ақтауда, он төртінші шағын ауданда тұратынын, тіс дәрігері боп қызмет істейтінін, отбасылы, екі кішкентайы бар екенін білдік.

Амал жоқ, уәденің аты уәде. Қиналсам да оған ілесіп баруыма тура келді. «Джип» автомашинасын ұршықша үйіреді екен. Есік алдында жасы алпысты артқа тастаған, жетпіске жете қоймаған, қызыл шырайлы, ақсары кісі күтіп алды. Сәлем-сауқаттан кейін үйге кіріп, жөн сұрастық. Ағамыз Атыраудан келген екен, аты-жөні Амангелді Сұлтанғалиев, бұрын мұнай, қаржы саласында жауапты қызметтер атқарған, қазір зейнеткер, осында қыдырып келіп, қыз-күйеуі Айгүл мен Ерланның үйінде қонақтап жатқанын, Ақтауда құда-жегжаттарының көп екенін айтты. Мен де қысқаша өзімнің жай-жапсарымнан хабар бердім.

Ол кенет іргеде тұрған домбыраны қолына алды да, бір ішекпен дыңылдата отырып, шырқап қоя берді:





Аяулым-ау, екеуміз қосылғалы,  
Бақытыма айналдың басымдағы.  
Елігім ең, айналдың көрігіме,  
Серігімсің, сен менің қасымдағы.  
Арман кудым, жолымды тосып қалдың,  
Жігерімді бір сәт те жасытпадың.  
Шырағыма айналып алдымдағы,  
Пысқырмадың сөзіне пысықтардың.  
Сері көңіл қойды да еркелетіп,  
Жүрдім талай кеш келіп, ерте кетіп.  
Қабак шытпай алдымнан күліп шықтың,  
Күндерге де мән бермей келте-кетік.  
Бірдей тарттың тағдырдың салғанын да,  
Қуанышын, қайғысын, салмағын да.  
Өлді десе сенерсің, сенбе бірақ,  
Саған деген махаббат солғанына...



“Іштен шыққан шұбар жылан...” дегендей мұнан отыз жылдай бұрын жазылып, бірнеше жыр жинақтарыма енген өз өлеңімді естіп, ішім қып ете түсті. Ол әнін аяқтаған соң, маған қарап:

– Бұл сіздің өлеңіңіз ғой?– деді.

– Иә.

– Ендеше тыңда, – деп әңгімесін бастап кетті. – Мұнан он жылдай бұрын сырқаттанып, ауруханаға түстім. Біздің бөлмедегі үстелдің үстінде қолдан-қолға көшіп, беттері жыртылған бір журнал жатты. Кенет көрші кереуетте жатқан көршім ортадағы қос парағын жыртып алуға ыңғай берді, көзім түсіп кетті. – Өлеңдер! Әлгінің

қолына жабысып, жұлып алғандай ғып алдым да, өлеңдерді оқи бастадым. Ұнады, әсіресе, “Саған деген махаббат” деген өлең сезім пернесін дөп басқандай болды. Ол бейне бір жүрегіме саз болып құйылғандай әсерленіп, шабыттандым. Бұрын да азды-көпті ән шығаратын өнерім барды. Сөйтіп, ойда-жоқта тағы бір ән туды. Өлең авторының аты есімде қалып қойды... Содан он жыл бойы тойлар мен сауық кештерінде осы әнді орындайтын болдым. Бұрын тыңдаған жұрт енді қолқалап айтқызады. Бірақ, өлеңнің авторы есімнен кетпей қойды. Ақтауға бір келгенімде осында тұратын құдаларымнан сұрастырдым. Қонарбай құдам сенің осында тұратыныңды, рулық жағынан маған балдыз болып келетініңді айтты, бірақ мекен-жайыңды анық айта алмады. Қаладағы анықтама бюросы арқылы телефоныңызды тауып алдым. Қалай, жаңағы ән ұнады ма? .

26

– Жаксы екен, маған ұнады. Ұмытпасам, сіз айтып отырған журнал “Қазақстан әйелдері” болуы керек, соның 1997 жылғы ақпандағы санында топтама өлеңдерім жарияланған-ды, – дедім.

– Ал, әлгі өлеңге біреу ән жазды ма?

– Жоқ, ондайды естіген жоқпын.


– Ендеше әннің нотасын жазып, шығаруыма қарсы емессің ғой?

– Неге қарсы болайын, қайта сізге рахметімді айтамын.

Атыраулық ақ пейіл азамат аға, сазгер Амангелді Сұлтанғалиевпен тағдыр мені осылай табыстырды. Екеуміздің аталған әніміз “Қазақстан әйелдері” журналының өткен жылғы желтоқсандағы санында нотасымен жарық көрді. Әннің дискісі шығып, Атырау радиосы арқылы бірнеше мәрте орындалды.

Ағамызбен таныстығымыз шығармашылық байланысқа ұласқандай болды. Соның бір мысалы, өткен жылғы қараша айында жұмыстан шығып, қызмет машинасымен үйге баратқанымда ұялы телефоным безілдеп қоя берді. Амангелді аға екен. Соңғы “Қазақ әдебиетіндегі” топтама өлеңдерінің ішінен біреуі көңіл күйімді дөп басты, ән шығардым, қәне тыңдап көрші, – дейді. Ұялы телефонның шуылы, оған машинаның гүрілі қосылғасын ән тыңдау мүмкін емес-ті. Бітер-бітпестен “қалай екен?”, – деп жатыр. Қапелімде не дейін, “иә, иә, жақсы екен, кейін асықпай тыңдармыз” деп қоямын...

Міне, осылайша өнердің, бір ғана өлеңнің арқасында ойламаған жерден Атырауда тұратын Амангелді ағамызбен танысып, арамызда туыстыққа бергісіз сыйластық орнады.



## ЕРІК КҮШІҢІЗ МЫҚТЫ БОЛСА...

Темекі тартушылық көп реттерде балалық әуестіктен, әрнеге қызығушылықтан туындайды. Өзін ересек, ештеңеден тайынбайтын батыр көргісі келетін жасөспірім, алдындағы үлкендерге ұқсағысы келеді. Әлі есімде мектептің жоғары сыныбында жүргенде үлкен үзілісте сыртқа шығамыз. Сонда жоғары сыныптың оқушылары көзден тасалау жерде немесе орталық дәретханада бір-бірімен жарыса темекі тартатын. Темекіні ішке сорып ауыздан, мұрыннан қайта будақтатып, мәз болатын. Иманды болсын, Шарафатдин деген ақ көңіл құрдасымыз болды, түтінді тіпті құлағынан да шығаратын. Ал, кейбір өзіміздің ересектеу жасөспірімдердің: “қарандар, түтінді көзімнен шығарамын” дегеніне нанып, көзіне қарап отырғанымызда, ол темекінің шоғын қолымызға баса қоятын. Солардың бірқатары кейін есейе келе оның зиянын ұғып, кейбірі денсаулығына байланысты темекі тартуды тастап кетті.

Дегенмен, жастары елуден асса да, әлі сол құрғырды тастай алмай жүргендер де баршылық. Айтатын уәждері: “Ойбай, қаншама жылдан бері тартып келемін, енді тастай алмаймын, тастаған дұрыс әрине, бірақ...” Бір құрдасымыз темекі тартқысы келгенде ашымақ кәмпит сорып та көрді. Әйтсе де, бойға сіңіп қалған әдетін қоя алмады. “Темекі тартпасам, бірдеңені жоғалтқандай мәңгіріп қаламын, бұл ойлануға,

жан-жағынды зерделеуге жақсы”, – дейді ол. Темекіні қоюдың қиындығы жөнінде талай естіп жүрміз.

Оның зияны туралы үгіт-насихат жүргізіліп, ақпарат құралдарында маман дәрігерлердің кеңестері де жарияланып тұрады. Бірақ ұрпақтан ұрпаққа көшетін бұл пәле қалар емес.

Осы орайда, бәлкім темекіні қоюға септігі тиер деген оймен өз көргенімді ортаға салғым келді. Ақтаудағы 26-шы шағын ауданда Сәбидолла есімді ағамыз тұрады. Балалық шағымыз бір ауылда өткен онымен жиі араласып тұрамыз. Бірде үйінде отырғанымызда ол темекіні қойғанын айтты. Мен таң қалдым. Өйткені, “Беломорканал”, “Памир” сияқты темекілердің күніне бір пәшкісінің «басына су құятын» ағамыз, ат құйрығын кестім деп отыр. Менің мұның себебін, темекіні қалай қойғанын сұрайтынымды сезді-ау деймін.

– Темекінің зиянды екенін кім-кім де біледі ғой. Оны айтпай-ақ қояйын. Бірде таң алдында оянып кетіп, ұйқым қашты ма, ұйықтай алмадым. Содан жатып кеп ойланамын. Менің әкем сауатсыз қара шал, өмір бойы темір жолдың ауыр жұмысын атқарды. Ораза-намазын тастамай, адал жүріп, анық басты, өмірдің қиынына мойымады, қызығына мастанбады, ашаршылықты да, жоқшылықты да көрді. Бірақ темекі, арақ-шарап дегенді аузына алмай кетті, одан кем болған ештеңесі жоқ, төрт ұл, бір қызды зіңгіттей ғып



өсірді. Ал маған не жорық? Темекі деген бәлені қояйын, одан келген құқайды көріп алдым, не де болса шыдаймын деп өзіме-өзім серт бергендей болдым. Содан міне бір аптадан асып барады, құдай сақтасын енді тартпайтын шығармын, — деп әңгімеледі Сәбидолла.

— Қалай қиын тиген жоқ па?

— Алғашқы екі-үш күнге дейін мәңгіріп, тамсанып жүрдім. Бірақ шыдадым. Темекіні қойған күннің ертеңіне әйелім бұрынғы әдетінше дүкеннен он пәшкі темекі әкеліпті. “Мен қойдым ғой” десем, сенбейді. Үйде әлі тұр, реті келгенде біреуге бере салармын... Міне, онан бері де он жылдан асты. Сәбең темекіні үзілді-кесілді қойып кетті.

Ал ішімдікті де сол сияқты өзіне талап қоя алатын адамдар қойып кетіп жүр. Денсаулығы жарамсыз, жасы келген немесе салауатты өмір салтын ұстанған адамдардың көпшілігі ішімдіктен бас тартады. Бұрын аздап ұрттап қоятын, денсаулығы жақсы бір жездеміз пайғамбар жасына келгенде той жасап, содан кейін мүлдем татпайтын болып кетті. Кездесе қалғанда әзіл сөзбен түйреп қоямын, бірде екеуара әңгіменің үстінде ішімдікті бірден қоя салуының жайын сұрадым.

— Өзің білесің, қазір зейнеткермін. Әкем Ұлы Отан соғысынан оралмады, ол ұрысқа кеткенде мен екі жастамын. Қазір ойлап көрсем, маған жақын ағайындардың ішінде менен үлкені



қалмапты. Бес-алты отбасының бас көтерер ақсақалы өзім екенмін. Қой менің бала-шағаға еріп, арақ-шараппен жолдас болғаным болмас деген ой мазалады. Содан мүлдем қойып кеттім, – дейді ол.

Қазір шоқша сақал қойып, намазға жығылып жүр, бүкіл ауылдың қадірменді ақсақалы. Қай нәрсе де өзінің уақытында, арақ әзәзілге еріп, қызара бөртіп жүргенді ерсі көрген оның бұл әрекеті қуана құптарлық.

Міне, осылайша ерік күші мықты болса, темекіні де, арақты да қоюға болатынын өмір көрсетіп отыр. Бірақ, біздің көпшілігімізге ол жетпейтін сияқты...



## ӘДЕТ ҚАЛМАЙДЫ ДЕГЕНДЕЙ...

Баяғы ішу “мода” болған жылдары Жетпіс деген құрдасымыз үйіне шақырды. Себебін де сұрамай үйіне жетіп бардық. «Біздің отағасы арақты мүлде қойғалы жатыр. Талай-талай берген уәделері таусылды. Бүгін сол бәледен ала жіп қиып, ат құйрығын кеспекші, соған шақырған едік», – дейді Жетпістің келіншегі Мәриям. Сенер-сенбесімізді білмей оң болсынымызды айтып, шайға отырдық. Айтқандары шын екен, лебімізді білдіріп, тілегін тілге тиек еткендер арақтың зиянын, оны тастап кету дегеннің екінің бірінің қолынан келмейтінін, Жәкеңнің ерлікке



32



бара-бар қадамын сөздеріне арқау етті. Шайда он шақты адам тілек айтып, хрусталь тостақтары сыңғыр қақты. Кезек етке келіп, қызып алғандар Жетпісекеңді арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, нағыз сен тұр мен атайынның өзі ғып, аспандатты. Байқаймын, дастархан иесі қызара бөртіп, мұнан былай сені желкемнің шұқыры көрсін дегендей ақанды ауызға есесі кеткендей ақтара салады. Ет желініп, жиналғандар сорпамен көтеріп қойды.

Кезек негізгі рәсімге келді. Екі жігіт бір ақ, бір қызыл жіпті кере тартып тұрды. Асаба сөз алып: “Мына екі жіпті көрдіңіздер ғой. Мұның бірі ақ арақ, екіншісі қызыл шарап дегенді білдіреді. Қазір Жетпіс ағамыз қолына қайшы алып, мына жіптерді қияды. Бұл ішімдік атаулымен қоштастым дегені. Содан кейін арақ ішуді



мүлдем қояды. Бұл “жынды суды енді ауызға алмайды”, – деді. Қызара бөрткен Жетпістің тілі күрмеле бастаған, бізге жалтақ-жалтақ қарайды. Қиналып-ақ тұрғаны бет-ажарынан байқалады, кемсеңдеп тұр. Жіпке таяп барды, жұрт дуылдата қол соғып жатыр. “Ал, қане, Жәке, бастаңыз”, – деп қояды. Кенет Жәкең бізге қарап тұрып: “Әй, жігіттер, осының қызыл жібін қоя тұрсақ қайтеді”, – демесі бар ма?!

“Ұрлық қалса да, әдет қалмайды ” – деген рас-ау, Жәкең әлі де ... аздап жүздетеді.



## ӨЛІМНЕН ДЕ КҮШТІ

Бұрыннан сырттай таныстығым бар Ораз Құдайбергенұлымен шипажайда кездесіп қалдым. Кезінде аудан, облыс көлемінде басшы қызметтерде істеген, көпті көрген, сыйлы кісімен сөзіміз жараса кетті. Бірде әңгімеміз аты-жөнін бүркемелеп біреудің сыртынан домалақ арыз жазғыштарға кеп тірелді. Талайды опындырған, тіпті, сонау «шаш ал десе, бас алатын заманда» су түбіне жіберген бұл дерттің түп-төркіні көреалмаушылықта, күншіл қызғанышта жатқандығы кім-кімге де аян.

– Менің өз басымнан сондай бір жағдай өтті, –



34



деп бастады әңгімесін Орекең, – жаспын, жоғары оқу орнын бітірген бойда комсомол жұмысына шақырылдым, көп ұзамай аудандық комсомол комитетін басқардым. Бірде жаздың ыстық күні алыстағы мал шаруашылықтарын аралап келе жатып, орта жолдағы тау баурайындағы Қосбөгет ауылына соғуға көңілім ауды да тұрды. Өйтпегенде ше, мұнда өзіммен институтта бірге оқыған Таңатар, Талғат, Мұрат, Дөңбай тұрады, алдымда екі күн демалысым бар деген оймен ұлы жолдан бұрылып, Қосбөгетке тарттым...

Сөйтіп, Ораз өзімен бес жыл бойы бір бөлмеде жатқан, сыралғы досы Таңатардың үйіне кеп табан тірейді. Олар да мээ, кішкентай қара домалақтары Ерлан мен Нұрланға дейін алдынан жүгіріп шығып, кішкентай қолдарын ұсынды, ал, Таңатардың екі езуі екі құлағында. Мұның

уазигін көрді ме, әлде хабарды естіді ме курстастары түгел жинала қалды. Қосбөгет бұл өңірдегі табиғаты ерекше ауыл. Әр үйдің ауласы көк желекке малынған, шаруашылықтың да үлкен бау-бақшасы бар. Ауыл төңірегінде бірнеше бұлақ ағып жатыр. Оның ішінде суы молы да, ауылға жақыны да Көкбұлақ. Оның жанындағы үлкен су бассейнінің маңы жаздың ыстығында баладан арылмайды. Сонымен Танатар бір тоқтыны сойып, көптен көріспеген досына қонағасы береді. Достарының “мына ыстықта несіне асығасың, күн ұзақ қой, кешкі салқынмен жүріп кетсең, қала дегенің мына тұрған жер”, – деген сөздері қамшы болып, Ораз біраз бөгеліп қалды. Кілең қатар құрбы кеу-кеулесіп, Көкбұлаққа барып суға түседі. Жасыратыны жоқ, ол кездерде арақшарапсыз дастархан жайылмайтын-ды. Сол ретпенен достарымен қауышып, көңілін бірлеген ол сыйластықпен қоштасып, түс қайта қалаға қайтады.



– Дүйсенбі күні ойымда ештеңе жоқ әдеттегі қызметіме кірісіп кеткенмін. “Аудан басшысы шақырып жатыр ” деген хабар жетті. Өзім де іссапарым жайында кіріп шыққалы отырғанмын. Сол кездегі бірінші хатшы Мәкең, Мақсат Аханов кең, жайлы кісі еді. “Ораз, сен жас та болсаң ауданның бір басшысы екеніңді білесің бе? Білсең өзіңді сол қалпыңда ұстауың керек. Бүкіл жұрт үміт артып, сендерге қарап отыр, көрсеткен үлгілерің сол ма, балаға ұқсап

ауылдың қақ ортасындағы бұлаққа суға түсіп...”  
– деп бірталай әңгіме айтып тастады, – деді  
Орекең.

“Сөз сүйектен өтеді”, дегендей Ораз ұяттан  
өртеніп кете жаздайды. Содан бері екі-ақ  
күн өтті, ол да демалысқа түсіп тұр, кім екен  
жеткізіп үлгерген, не деген жеделдік деген ой-  
лар Оразға маза бермеді. Ары ойлап, бері ойлап,  
мұның кешегі төрт жігіттің бірі, дәу де болса,  
Дөңбайдан келгенін жобалады.

– Көп араласпай, шеттеңкіреп, ішімдегіні та-  
уып ал дегендей сығырая күліп тұрысы ұнамап  
еді. Сол екенін біле қойдым. Аудандық қаржы  
бөлімінде қызмет істейтін, бірінші басшыға  
жалпаңдап, жақсыатты көрінгісі кеп жүрген  
немере ағасы Төлеу бар, домалақ арызды сол  
арқылы ызғытқан болды, ол сірә жедел жеткізе  
білетін ку, – деп күледі Ораз аға. – Содан “до-  
сым” Дөңбайды бір көрсем, қылығын бетіне ба-  
сып айтсам деумен әлі келемін...

– Ой, Oreке-ай, одан бері неше жыл өтті?

– Қырық жыл...

– Сол кезде неге айтпадыңыз?

– Соның сәті түспей-ақ қойды ғой. Бірде сол  
ауылға уәкіл болып барып, мәдениет сарайы-  
ында жиналыс өткіздім. Жиналыстың аяғын  
ала менің жоғарыда айтқан достарымның бәрі  
кеп сәлемдесті, ал Дөңбай жоқ. Содан әдейі  
оның қызмет істейтін мектебіне бардым. Ойым  
жұртқа дабыра қылмай, баяғы бірге жүргенімді  
малданып, әзілге сайып, қылығын бетіне басып

ұялту еді. Директордың кабинетіне кіргейнен Дөңбайды сұрадым. “Ол осында”, – деді мектеп басшысы. Содан іздеп келіп кетсін, оған қосылып орынбасарлары да аяғынан тік тұрды. Олардың айтуынша, менің мектепке келуімнің сәл-ақ алдында жүрген Дөңбайым жер жұтып кеткендей, еш жерде жоқ...

Білер айдан соң сол ауылға тағы жолым түсті. Мектептің жанынан өте бере есік алдында тұрған оның директоры Сәкенге көзім түсіп, машинаны тоқтаттым. Дөңбайдың жағдайын сұрадым. “Ореке, досыңыздың жағдайы жақсы, қазір сабақта, қаласаңыз осында шақыртайын”, – деп мектепке кіріп кетті. Біраздан кейін қайтып келді. “Япыр-ай, Ореке, сізді күттіріп қойғаным кешірім өтінемін. Жап-жаңа ғана ауырып тұрмын деп, орынбасарымнан сұранып кетіпті. Әлде үйіне бала жүгіртейін бе?”, – деді. Директорға алғысымды айтып, жөніме кеттім.

– Содан кездеспедіңіз бе?

– Жоқ. Көшеде сонадай жерден мені көре қалса бұрылып, ізім-қайым жоқ боп кетеді.

– Неге екен?

– Оның себебі, жаныңнан да арың артық, ал, өлімнен ұят күшті. Дөңбайдың мені көруге жүзі шыдамай, кешірім сұрауға жігері жетпей жүргені.

Бес күн тірлікте ешкімнің ала жібін аттамай, арың мен ұятыңды биік ұстап, жүзің жарық болып жүргенге не жетсін!



Ораз аға осыны айтты да, ойланып қалды. Өз қателігін мойындап, бас июге батылдық керек-ақ. Ұят түсінгенге өлімнен күшті боп тұр! Енді екеуі бұ фәниде кездесер ме екен... әй, қайдам...



## ИНТЕРВЬЮ

Аудандық газетте жүрген кезім. Бір күні редакторым шақырып алып: “Енді са-наулы күндерден кейін ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні келеді. Осыған орай, “Достық” совхозының бір сауыншысымен тез арада шағын интервью әзірле. Алдымен ди-ректоры Бердіғұл Сарбасовпен келісіп ал” де-ген бұйрық берді. Содан коммутатор арқылы үш жүз шақырым жердегі “Достық” совхозы-на телефонмен тілдесу қиынның қиыны болып тұрған кез еді. Сәтін салғанда Бердекеңді орны-нан таптым.

– Ағай, сіздің совхозға іссапармен барамын, ауылда боласыз ба? – деймін даусы бір үзіліп, бір естіліп тұрған Бердекеңе.

– Иә, құдай қаласа елдеміз ғой. Шаруаңызды айта беріңіз, – деді ол.

– Бір озат сауыншыңыздан интервью алуым керек.

– Интер...ол не нәрсе?

– Аға, интер емес интервью, қысқасы кездесіп өзімен сөйлескенім жөн.

– Иә, иә... әлгі қалай еді интер... интер...– дегенше дауыс үзіліп кетті де, қайта қосылды–ертең келесіз бе?

– Иә, иә. .

– Жаксы, күтеміз ендеше...

Бердекең тағы бірдеңелерді айтып жатыр бірі естілсе, бірі естілмейді. Ертеңіне таң елең-алаңда “Достық” қайдасың деп тартып кеттім.



Күнделікті жұмыс басталып кеткен шақта совхоз орталығына жеттім. Кеңсеге кіре берісте алдымнан орта бойлы, көзі мөлдіреген, екі бұрым ғып өрген қолаң шашы тірсегін қаққан әдемі келіншек қарсы жолықты. Көз жанарымыз түйіскенде жымың еткендей болды. Қасынан өте беріп ем, иісудың хош иісі мұрынға келді. Шаруашылық басшысы да мені күтіп отырғандай болды. Совхоздың соңғы мәліметтерін жан-жақты қағазға түсіріп қойыпты. Ұжымның қол жеткен табысы, алдағы міндеттері жайында нақпа-нақ әңгімелеп берді.

– Сіз озат сауыншымен интер...әлгі қалай еді?..

– Интервью.

– Иә, солай деген едіңіз, оған да адамымыз дайын, – деді де кнопкасын басып хатшысын шақырды, – қайда әлгі Айнамкөз, жаңа жылтыңдап осында жүр еді ғой...

Мен қағаздарымды жиыстырып, орнымнан көтерілгенше бағана есік алдында көрінген келіншек кіріп келді.

– Ә... Айнамкөз, міне аудандық газеттен тілші ағаң да келіп қалды...Енді мал өрісте ғой, жеткен жетістігің жайында айтып, әлгі ... не еді, интер...– деп совхоз басшысы Бердекең жымың-жымың етті.

– Айтқаныңыз есімде ағай, сіз интерви алады деп едіңіз, – деді Айнамкөз тақ-тақ етіп.





Бастықпен қоштасып, сиыр сауудың шебері Айнамкөздің әңгімесін тыңдап, қойын дәптерімді толтырдым.

Рахметімді айтып, әлі уақытым көп болғандықтан ауылдың кеңсесіне соғып, жаңалықтар болса іле кетейін деп солай қарай бет түзедім. Айнамкөз де ере шықты. Өзінің шаруасымен жүрген шығар деп, оған мән беріп жатқан мен жоқпын. Ауылдық кеңестің төрағасы Мұхаммет Назаров мені көріп қуанып қалды. Бір сағаттан кейін кезекті сессияларының өтетінін айтып, қатысуымды өтінді. Үлкен кісінің сөзін жерге тастамай келісім бердім. Сыртқа шықсам, Айнамкөз тұр.

– Сіз әлі жүрсіз бе, шаруаңыз бітті ме?– дедім. Үнсіз. Байқаймын, көңілі күпті, бірдеңе айтқысы кеп тұр.

– Ағай... – деді күмілжіңкіреп, – әлгі интер... ту, интервьюді қашан аласыз, тездете алмайсыз ба?

Мен жыларымды не күлерімді білмей, дағдарып қалыппын. Содан асықпай түсіндіре бастадым. “Интервью дегеннің қазақшасы сұхбат құру, әңгімелесу, екеуміз бағана әңгімелестік, менің сұрақтарыма жауап бердіңіз интервью дегенің сол”– дедім.

– Уф, ағай, – деді күлкісін әрең тыйып. Кеше мені Бердекең шақырып алып: аудандық газеттен тілші келгелі жатыр. Озат сауыншы ретінде әлгі айтқан интерви бересіз, – деді.



– Интерви деген не ағай, сонда мен не істеуім керек? – деп сұрадым.

– Соны мен де білмеймін, – деді Бердекең, содан кете беріп едім, қайта шақырып алып айтқаны:

– Жаңағы интер...деген бәлені мен де білмедім. Бірақ жуынып-шайынып, жаңа киімдеріңді киіп, дайын боларсың...

Мәселенің мәнін енді түсінген мен де Айнамкөзге қосыла күлдім.



## “СЕН СОНДАЙҒА ТАПТЫРМАЙСЫҢ”

Бес қабатты үйдің бірінші қабатындағы төрт бөлмелікте Қайырбай ақсақал, ал екінші қабатында біз тұрамыз. Ол ағамыз кісіні жатсынбайтын, бір көргеннен-ақ баурап алатын жандай көрінді маған. Оған қоса жасы жетпістен асса да елгезек, пысық, қай кезде көрсең де балашағаның, туған-туыс, ағайынның жайын ойлап жүреді. Бірде қызметтен келе жатқанымды көріп, сонадайдан тоқтай тұр деген белгі берді. Сәлемдесіп, жай-жапсар сұрасқаннан кейін, сөзін бастап кетті:

– Шырағым, бізге бөтендігің жоқ түбі бір шалдың балдарымыз. Және қазекем “Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын” деп тектен текке айтпаған, біраздан бері қоңсы тұрамыз, сыртыңнан сүйсініп, мақтан тұтып жүрген інімсің, өзің білесің өткенде менің үлкенім, Кәмшатым ұзатылып, тойы болды ғой...



– Қайыреке, тойында болғанымызды... – деп бастай беріп ем, өзі жалғастырып әкетті:

– Болғаныңызды білемін, менің айтайын дегенім, ертең сол қызымның құдалығы, жақсы көретін көршілес інім ретінде ересің, бірге барамыз, – деп түйіп тастады.

Бірдене деп сөзін қайтарудың не сылтау айтып қала берудің ыңғайын таппай амалсыз көндім. Құдалық деген жақсы ғой! Көңілді, жан сүйсінерлік жағдайда өтті.

Құдай көпсінбесін, Қайырекеңнің бес ұл, үш қызы бар. Ол Нұрым, Тұрым есімді балаларының құдалығынан да мені қалдырмады. Қыстыгүні сырқаттанып ауруханада жатқанымда Дана есімді қызы тұрмысқа шықты деп естігенмін, кейін ақсақалды көргенде “жолы болсын” айттым.

Жуырда кешқұрым сыртқа шықсам, Қайырекең екі қолын артқа ұстап, маған бейтаныс біреулермен сөйлесіп тұр екен. Сәлемдесіп, өте бергенім сол еді, қасындағылармен асығыс қоштаса сала маған бұрылды:

– Ай, інім, сәл кідірші, – деді де, қасыма таяп кеп, қолын ұсынды, – қалай, бала-шағаң аман, денсаулығың жақсы ма?

– Рахмет аға, құдайға шүкір, ептеп жүріп жатырмыз.

– Өткенде тұрмысқа шыққан қызым қашық емес, осы қалада тұрады. Алдағы сенбіге шақырып жатыр. Үйіңе арнайы барып айтайын деп еді, өзің кездесе кеткенің тіпті жақсы болды, ал енді соған бірге барамыз.

– Қайыреке, айтқаныңызға рахмет, біріншіден мен көрші екенмін деп, құдалығыңыздан қалмай ере беремін бе, үш құдалығыңызда, екі мәрте құданың алдынан өтерде болдым ғой. Өзіңіздің де, жеңгейдің де туған-туыстары бар, қала берді менен де басқа көршілеріңіз бар дегендей, сіз мені дұрыс түсініңіз, екіншіден Өзендегі қайнағамның мерейтойы, шақырып қойғанына



бір ай болды, бармай қалсақ өкпелейді, – дедім шыны сол еді.

Байқаймын ақсақал ағамның түсі бұзылып кетті. Қаралай қолайсызданған мен:

– Аға, ешқандай реніш болмасын, жан жетсе әлі талай той да, құдалық та болар-ау, – дедім.

Менен мұндай жауапты күтпеген Қайырекен алғашында күмілжіп қалғанымен, бірте-бірте қабағы жазылып, желкесін қасыды да, келіскен сыңай танытты:


– Әрине, әркімнің әр түрлі шаруасы бар дегендей... бізге еріп баратындардың да реті шамалы... барғанда құдалармен рюмкі түйістіретін дұрыс адам жоқ...сен сондайға таптырмайтын, жақсы едің... және жұртқа ұқсап мас болмайсың...




## “ОРЫНДЫҚҚА ОТЫРА КЕТПІН...”

Бұл оқиғаны мектепте мұғалім болып қызмет істейтін бір танысым айтқан еді. Ал, тыңдаңыз...

“Сынықтан басқаның бәрі жұғады” дегендей, әсіресе, он төрт-он бес жастағы жасөспірімдер еліктегіш келеді. Теледидардан, көшеден көргенін істейді. Байқайсыз ба, соңғы кездері талдырмаш қыз балалар қарнын жарқыратып, кіндігін көрсетіп жүруді шығарды. Көргенде өзің ұяласың. Мен жетекшілік ететін тоғызыншы сыныпта да сондай бір оқушыны байқап қалдым. Әсіре қызыл жұққыш келеді, бірінен бірі көріп

 ертең сынып жарқыраған қарын мен кіндікке толып кетпесе неғылсын, мұның алдын алмаса болмас деген оймен әлгі кіндігін жалаңаштап келген оқушыны ортаға шығарып, ескерту жасадым:

 – Индира Қамзаева, мына сыныптастарыңның алдында саған ескертемін, ертеңнен бастап кіндікті жалаңаштап келуді қоятын бол, оқушыға лайық, мына өзіндей қыздар киініп жүрген киіммен келетін бол, ұқтың ба? – дедім.

Индира төмен қарап, басын изегендей болды. Енді түсінген болар, көптің көзінше баланың сағын сындырмайын деген оймен орнына отырғыздым.

Ертеңіне бұл сыныпта сабағым жоқ-ты, сондықтан асықпай сабақ бітетін кезде мектепке келдім. Бір кезде көзім түсіп кетті...Индира

... сол баяғы қалпы, ештеңеден қаперсіз, күліп-ойнап жүр. Мұндай ренжімеспін, шақырып алып, ұрыстым да, ертең сабаққа ата-анасыз келмеуін ескерттім. Ертеңіне Индира сабаққа келмеді. Сабақ бітіп, оқушылар тарағаннан кейін, мұны мектеп директорына мәлімдеген жөн шығар деген оймен кідірістеп қалдым. Орнымнан қозғала бергенім сол еді, есік ашылып, Индира көрінді. Әлі сол баяғы, кіндігі көрінген қалпы. Мұндай ашуланбаспын, қалшылдап кеттім. Содан мектеп оқушысының этикасынан бастап сөз тиегін ағыттым-ай кеп, мына киім киісінің оқушыға лайықсыз екенін, ал қазақ қыздарына тіпті де жараспайтынын ұқтырып-ақ бақтым.

– Адамда ұят, иба деген болуы керек ғой, неге айтқанды тыңдамайсың, кеше саған ата-ананың бірі мектепке келсін дегенім қайда? – дедім.

Сонда ғана байқадым оның ту сырт жағынан біреу қозғалақтағандай болды. Индирадан ересектеу, шашын қызыл түске бояған, шалбарланып, қарнын жалтыратқан тағы бір қыз тұр, кіндігіне моншақ тағып алыпты. “Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп, құлағынан айырылыпты” деген екен, ендігі жетпегені осы еді? Бұл не де болса құрбысы болды ғой, бір-бірінен айнымауын бұлардың, деген ой келді.

– Ата-ананың бірі ертеңнен қалмай мектепке келетін болсын, бұл соңғы ескерту, егер келмесе сабаққа жіберілмейсің, – дедім Индираға қарап, әр сөзімді ежіктеп жеткіздім.



– Ағай, анам келді ғой, – деді ол.

– Қашан келді, қайда ол?

Индира жанындағы тұрған өзі сияқты “қызды” көрсетті. Не айтарымды білмей орындыққа сылқ етіп, отыра кетіппін...

Бала көргенін істейді деген осы-ау...





## ӘКЕ

Мектептен келгенде әкем күрк-күрк жөтеліп, қабаттап көрпе жамылып, жатыр екен. Шешем: “Е, жасаған ием, өзің сақтай гөр”, деп күбірлеп қояды. Маған қарап:

– Тұла бойы өртеніп тұр, дәрігер шақырайын десем тыңдамайды, – деді, – алысқа ұзап кетпе, малдың алдынан шығасың.

Кешке малды қораға жайғап болғанымда, көршіміз Қошалы шал үйге кіріп бара жатты. Күндегі әдеті, кешкі шайымызды ала бергенде жетеді. “Ерінді бір жалап қойып, қалыңдығыма жөнелдім”, деп түн жарымына дейін әңгімесін көйітеді. “Ерінді бір жалап қойып” – бұл сөзінің мәтелі.

Бірақ, бұл сапар Қошекең көп бөгеле алмады.

– Шаншуды да ауру деп, бір шөлмек ақанды алып, екі жүз грамдық қырлаубаймен (стаканмен дегені) тартып жібер де, жылы төсекке жата қал, терлеп айығып кетесің, – деп күліп, ақылын айтты да, шығумен болды. Ертеңіне шешемнің: “Кешегі Қошекең айтқанды алдырайын ба?”, дегенін естіп қалдым.

– Алдырсаң алдырсайшы, мына шаншуы түскір біресе бүйірден, біресе жауырыннан түйіледі, кетер емес, уф, – деп әкем басын көтерді.

Шешем берген көкала бес сомдықты қолға қысып, ауыл дүкеніне жөнелдім. Есінеп қойып,



шыбын қағып отырған дүкенші апайға ақшаны ұстатып:

– Бір шөлмек арақ берсін деді...

– Әй кім берсін деді.

– Бапам.

– Сенің әкең арақ ішетін бе еді-ей, үйіңе қонақ келді ме?

– Иә, -дей салып, ұсынған арағын қылғындыра ұстап, шапқылап үйге тарттым.

Ертеңіне мектептен келсем, әкем терлеп шай сораптап отыр екен. Қалампыр қатқан шай мұрын жарады. Әкем іргеге қолын созып, кешегі арақты суырып алды.

– Балам, шайға отырмас бұрын мына шөлмекті менің бастығыма апарып бере сал, ішкісі кеп жұтынып отырған шығар, – деді.

– Арапханға ма?

– Иә, конторда отыр.

– Ал өзіңіз...

– Жоқ, балам! Өмірімде аузыма алмаған едім.

Аурудан жазыласың дегенге... Ішпей-ақ қойдым. Үйде тұрмасын, апарып бер.

Мен өзіме кешеден бері жұмыс болған бір шөлмек арақты әкемнің бастығы, мұрны қолақпандай эзірбайжанға ала жөнелдім.

...Қазір ойласам, әкем сол кезде қырықтың шамасында екен. Ал, мен ше... Кешір, әке!



## СЫЙ

– Құлыным, бері келші, – деп анам орнынан тұрды да, бас жағындағы ілулі кермеден ала баулы тұмарды шығарды, – кел, мынаны мойныңа тақшы.

– Ой, ол неге керек, мойынды қышытады, – дедім анама еркелегім әрі сөйлеткім келіп, – қажеті жоқ нәрсе ғой.

Үндеген жоқ, ишара жасап ұмсына берді. Терезеге таяу тұрған анамды бүгін көргендей жүзіне үңілдім. Соңғы кезде жиі ауыратын... Еңкіш тартып, әжімі тереңдеп кетіпті. Аппак самайын жаулық астына жасырды. Ұшқындап тұратын нұрлы жанарын мұң кіреукелеген. Әлсіз саусағымен жүзімді аялай сипады. Омырауымды ашып ем, мойныма тұмарды асып, маңдайымнан өпті.

– Бәле-жаладан қорғайды, тастамай тағып жүр, құлыным!

Бар-жоғы екі-ақ күннен кейін анаммен мәңгіге қоштастым.

...Шақырып тұмар таққаның дәміңнің таусылайын дегенін сезгенің екен ғой. Сыйлығың бар да, өзің жоқсың... Маған бойтұмардан гөрі, өзің қымбат едің, әлі де тұра тұрғаның жақсы еді-ау анашым!



1971 жылдың жазында Атырауда болдым. Ол кезде Гурьев деп аталады, облысымыздың орталығы. Өзенге қайтайын деп аэропортқа барсам, адам ығы-жығы. Үш күнге дейін билет жоқ. Жалғыз кассаның алды да опыр-топыр, кезекке тұру жоқ. Таяп барып ем, иін тірескен жұрт толқындай ытқып, шетке қақты. Амалым құрып, сыртқа шықтым.

Жапырағы төгілген тал түбіне тізе бүктім. Ойлап отырмын, “Гурьев” қонақ үйінде әдеттегіше орын жоқ шығар, тағы масаға таланып, дәлізге жататын болдым деп. Сырт жағымнан біреу қақырынды. Алпыстың ішіндегі балдақты кісі екен. Омырауы толы орден мен медаль. Сәлем бердім. Бас изеп, ежірейе қарады да:

52

– Әй, неғып отырсың? – деді мені күнде көріп жүргендей.

– Ұша алмай... билет жоқ...

– Е... е, не елсің?

Мен ұша алмай отырсам, ендігі жетпегені осы шалдың “мылжыңы” еді. Бұл жақта адаймын десең, ар жағын сұрамайды дегенді естуші едім. Еңсемді тіктеп:

– Адаймын, – дедім.

– Адайдың қайсысысың?

Мына кісіге шынымен әңгіме керек екен. Не де болса тілегін орындайын деп, адайдан бері өрбіте жөнелдім. Шал кояр емес, «оның қайсысысың?»— деп қояды.

Бір кезде:

– Өй, өз інім екенсің ғой. Ұша алмай отырмын де, қане пашпортыңды әкелші бері, – деді.

Сенер-сенбесімді білмей, арасында билет пұлы бар құжатымды қолына ұстата бердім.

Ырғалып шалың келеді, соңынан ілбіп мен келемін. Кассаға таяғанда жұрт қақ айырылып жол берді.

– Кәмшатжан-ай, мына балаға Ақтауға білет бер, – деді кассада отырғанға, ол екі айтқызбады.

Жалпы руды білгеннің зияны жоқ-ау.



## МАҚАЛДЫ ДА ЕСКЕРМЕЙДІ

Дәулетпен таудағы демалыс үйінде бір бөлмеде тұрдым. Өте ұқыпты да пысық жігіт екен. Асханаға барсаң ең алда Дәулет, ем алуға барсаң – Дәулет, театрға бардық, тағы Даулет...

Бірде бір топ демалушылар тауға шықтық. Қайтар жолда ол мені ымдап шақырды: “Те-меке, соқпақпен сүйретіліп жүреміз бе? Тіке тартайық”. Жартастар арқылы тіке түсудің қиындығын, аяқтың ауыратынын айтып мен көнбедім. Көппен бірге жүргенді жөн көрдім. Ол қолын бір сілтеп, өзі кетті. Біз келген ізімізбен кейін қайттық.



Келсек, Дәулетім көрінбейді. Сүт пісірімнен кейін таяққа сүйеніп, ақсай басып келді. Байқаймын маған ашулы. Құлап, аяғын ауыртып алыпты. Кінәлі өзі. Ең болмаса “Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас”, “Көппен көрген ұлы той” деген мақалды ескермегені ме?

## БОЛАТБЕК

– Әй, Боря, қалайсың? – деймін оны көргенде, ол арсалаңдай келіп, құшағыма енеді. “Қолда өскен түйенің тайлақ аты қалмайды” деген, жиырма бестегі сотқалдай жігіт маған жас балаша еркелейді. Есіме оның қалай дүниеге келгені түскенде, кеудемді қуаныш кернеп, жадырап қаламын.

1978 жылдың ми қайнатар шілдесі болатын. Аудандық газеттің редакциясында істейтінмін. Жұмыстан кешендеу шығып, үйге жетсем, келіншегім ебіл-себіл жылап отыр. Бекдашыда тұратын жалғыз апасы аса ауыр халде санитарлық ұшақпен облыстық перзентханаға жеткізіліпті. Облыс орталығы біздің ауылдан он бір шақырым жерде. Кешке қарай көлік қатынамайды. Екеуіміз машина жалдап, іңірде жеттік. Қалада тұратын жақын-жуықтар жинала қалыпты:

– Халі ауыр, есін білмейді дейді...

– Операция жасаймыз депті.

– Аса қиналып босана алмапты, – деген сыбыр-күбір әңгімелер естіліп қалды. Бір кезде іштен менің бажам Құттымұрат шықты. Үстіндегі ақ жейдесінің жеңін шынтағына дейін түріп алған. Түсі қашып кеткен. Жұрт енді соған қарай ойысты:

– Әй, Құтыш, Айша қалай екен?

– Есін жинады ма?

– Тоқтай тұрындаршы, дәрігерді көріп, сөйлестің бе өзін?



Қүтекең көзі жыпылықтап, күмілжіп қалды да:

– Иә, сөйлестім, іштегі баласы өліпті. Енді оны операция жасап аламыз дейді.

– Иә, жасаған, өзі аман қалса болар. Шүкір балаларың бар ғой, – деп бір кемпір жұбатып жатыр.

Байқаймын жұрт тынып қалды. Көзбен жер шұқып біз тұрмыз. Әркім өз ойымен әлек. Кейбіреулер “хабарын білдік қой” – дегендей тарай бастады. Жылжыған уақыт түн ортасына таяса да, ауа қапырық. Сонадайдан ай сәулесімен теңіз жалтырайды. Леп жоқ. Шөліркегенмен, шыдамдылық танытып отырмыз. Дыбыс шықса, есік жаққа жалт қараймыз. Анда-санда ақ халаттылар көлбеңдеп өте шығады. Әжей:

– Әй, Құтыш, сен барып, хабарал. Операцияның бітетін уақыты болды ғой, – дегенде, жұрт қосшағандай қозғалақтап қалды. Қүтекең именесікті ашты да, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, ішке енді. Бірақ көп бөгелген жоқ, қайта шықты да, тұрып қалды.

– Иә, қалай екен?

– Операция жасапты ма?

– Айшаның өзін көрдің бе? – деген сұрақтар үсті-үстіне жауып кетті. Қүтекең асығар емес.

– Иә, жасапты, жақсы... ішіндегі баласын айтам, тірі екен...ұл бала деді дәрігер...

Есік алдында тұрған Қүтекеңді бас салып, құттықтап жатырмыз. Сәбидің есімін Болатбек






қойды. “Боря” дейтінбіз. Мектепті үздік бітірді, бір ғана сабақтан төрті болды. Оның есесіне Жаңаөзен мұнай колледжін “қызыл дипломмен” бітірді. Төрт-бес жылдан бері “Өзенмұнайгаз” акционерлік қоғамында қызмет істейді. Құдайдың көзі түзу болсын, Боря – Болатбек, аман жүр, бауырым!




## ӘПКЕ

Менің төрт әпкем бар. Ең кішісі менен бірақ жас үлкен. Екеуміз бір сыныпта оқыдық. Мен біріншіге барғанда үйіміз кішкентай темір жол стансасында еді. Он үш шақырым жердегі мектепке ауыл балалары есекпен қатынайтынбыз. Шешем таң алакеуімде тұрғызады. Тұра салып, әкемнің үйреткеніндей есекті өзім ерттеймін. Көрші балалардың ауылдан шығып баратқанын көргенде, есекке ырғып мініп, үй жанында шүберек сөмкесін асынып тұрған әпкемнің алдына келіп көлденеңдеймін, ол ердің артына мінгеседі. “Ал, Тайшық, тарт кане” деймін




жырдағы батырларша тебініп. Тайшық менің есегімнің аты. Алпамыс батырмен соғысқан қалмақ ханының есімі бұл. Ақжем жолға түсіп алған Тайшекең әдетінше басқалардан алға озады. Құрғап қалған саздауыт сайдан өте бергенде есегім жеңілденіп қалғандай ытқи жөнеледі. Тізгінді тартып, кейін бұрыламын, әпкем әдеттегідей кесек-кесек кепкен саз балшықтан қалтасын толтырып, жүгіріп келе жатады. Қабақты қарс түйіп, есегімді көлденеңдетемін, ырғып мінеді. Қайтадан жолға түсеміз. Әпкем саз кесекті қытырлата жеп отырады.



Төменгі сыныпта жүргенде мұғалімдер маған ұрысса, ересек балалар тиіссе, алдымен әпкем жылап қоя береді, оны көріп кейде мен де жылаймын...

Менен кейін інім Өмір жасынан талма аурулы болды. Сексенінші жыдары дүниеден озды. Ал бізден үш жүз шақырым қашықтағы малды ауылда тұратын әпкемдерге хабар “Темір қайтыс болды” деген сыңайда жеткен. Бір кезде ботадай боздап әпкем жетті. Сонадайдан “бірге ойнап, бірге оқып едім, құдай енді сенен де айырды-ау, бауырым, Темірім”, – деп жылайды. Үйдің іші де абыр-сабыр. “Ол інің емес, одан кішісі” демек болғандарды тыңдар емес, менің атымды жылауға қосып аңыратты дерсіз. Біреулер маған ым қаққан соң, шыдай алмай есіктен мен көрінбеймін бе. Ұшып тұрып, құшақтап алып босатар емес, өзі жылап жүр. Әпкем қазір Қызылтөбеде тұрады. Ұлын ұяға, қызын қияға қондыра бастаған көп балалы ана. Әліге дейін тай-құлындай тебісіп өскен мен дегенде ілтипаты ерекше. Бірдеңе болса, қанатымен су сепкен қарлығаштай болып, алдымен жететін де сол Әпкем менің...



## БОЙТҰМАР

Бірде іссапармен Алматыға жол тарттым. Жолаушылар пойызының купелі вагонына Құлсарыдан бір түрік жігіт отырды. Есімі – Шавхат, құрылыс инженері екен. Екі ай жұмыс жасапты, құрылыс салып, енді Алматының түбіндегі үйіне қайтып барады. Танысып, білісіп, әңгіме айтып, Қандыағашқа жеттік. Түсіп, басқа поезға отыруымыз керек. Жайбарақат едік, түсетін кезде қапылдық та қалдық. Вокзалдың күту залына келгенде ғана сақалқырғыш, сабын сияқты, ұсақ-түйек болғанмен, жолда қажет заттарымның купеде ұмыт қалғанын бір-ақ білдім.



Үйіммен хабарласуды ойлап, вокзал ішіндегі телеграфқа бірнеше бардым. Байланыс болмады. Сарылып, кешігіп жеткен поезды күттік.

60



Билетімізге көз салсақ, екеуміз тағы да бір купеде екенбіз. Шаршап-шалдығып, айқай-ұйқаймен поезға іліккен едік, орнымызда үлде мен бүлдеге оранған саудагер әйел бойжеткен қызымен жатыр. Қолымыздағы билетімізге пысқырып та қарағысы жоқ. Оларды қызғыштай қорыған жолсерікпен айқайласып, орнымызды алдық-ау.

Жаздың кезі, салқындатқыш іске қосылып, перделері түсірулі вагонның іші қоңыр салқын. “Шымкентке таяп қалдық” деген соң пердені аша бергенім сол еді, сырттан лақтырылған баланың басындай тас вагон терезесін быт-шыт қылып, көкірегіме тиді. Білегімді, қолымды шыны тіліп кетті, Шафхат йод пен бинт іздеп, жүгіріп жүр.

Төсегіме жайғасқан соң:

– Шафхат, менің жолым жеңіл еді. Осы сапарым өзің көргендей сәтсіздікке толы. Бұл неліктен екен?

Шафхатым иығын көтеріп, маған қарайды.

– Ағай, – дейді ол таза қазақша, – мен қайдан білейін.

Біраздан кейін басымды көтеріп.

– Шафхат, бері қара, – дедім. Ол “тағы не болып қалды” дегендей орнынан ұшып тұрды.

– Оның себебі, – дедім басымды көтеріп, – мойнымда бойтұмарымның жоқтығынан. Купеге орналасып, киім ауыстырғанда шалбарымның қалтасына салғанмын, содан ұмытылыпты.

– Ойбай, ағай, ендеше тез алып, мойныңызға тағыңызшы, – деп Шафхат бәйек болып жатыр.

Мен де бойтұмарымды мойыныма таққанша асықтым.



## ҚАЙРАН, АЯЗ БИ

Бектұрды бала кезінен білетінмін. Әкешесі тағдыр тауқыметін көп көрген, қарапайым, шаруа жандар еді. Өзі де жоқшылықтың шетін көріп өсіпті. “Мектепке жамау шалбармен, көкем тігіп берген шоқаймен баратынмын” дейтін Бектұр бір әңгімесінде. Ең бастысы оның адамгершлігі биік, адал еді. Сол үшін оны жақын тартатынмын.

Арада жылдар өте Бектұр қызметке тұрды, сырттай жоғары оқу орнын бітірді. Қолы шығып, табысы мол орынды сағалады. Қос-қос машина мініп, үсті-үстіне үй алды. Әңгіме онда емес. Енді бұрынғы иманжүзді, сызылған жігіт, ауыздыға дес бермей бөсетін болды, айтқаны байлық пен билік, мансап пен тамыр-таныстық, сөздері кесек-кесек, басқаны тыңдамайды. Кездесе қалып, әңгімелесіп едім, танымай қалдым. Адамның өзгеруі оңай екен ғой.

Осындайда маңдайшаға жаман тымағы мен жыртық шапанын іліп қойып, “Аяз әліңді, құмырсқа жолыңды біл” – деп, өткенін есіне алып, асып-тасудан қашатын Аяз би ойға оралады.

Ал, Бектұрдың есіне енді өткен күндер түсер ме екен?

Әй, қайдам...

## КҮЙЕУ

“Пайғамбар да күйеуін сыйлапты” деген бар. Бұл менің құрдасым Дарханның жақсы көретін мақалы. Оның пайдасын да көріп жүр. Әсіресе, қайын жұртына барғанда, бұл мақалды аузынан тастамайды. Бұған олар мээ. Барынша сыйлап жатады. Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасын басқаратын Ахмет Құбайұлы руы жағынан алсақ, Дарханға қайнаға. Ол бастық та, Дархан оның жүргізушісі. Бірақ оған қарап жатқан Дархан жоқ. Кейде көстендеп, қайынағасының алдына түседі, айтатыны әлгі мақал.

Бірде алыстағы кеңшар орталығына Ахмет ағаймен сапарлас болдым. Кеңседегі шаруамыз біткен соң кеңшар директоры түскі үзілістің болғанын айтып, шайға шақырды. Дарханым баяғысы, екі езуі екі құлағында. Қол жуып үйге кірерде әдеттегі әдісіне салды. Бастығының алдын орап, төрге оза бергенде, білегінен тартып, үлкен кісіге жол бер деген ыңғай танытып ем, ол:

– Ой, Ахаң қайнағам ғой, пайғамбар да күйеуін сыйлапты деген, аха-ха...а, – деп күлкіге жеңдірді.

– Шырағым, осы сен ылғи “пайғамбар да күйеуін сыйлапты” дегенді қоймайсың ғой, – деді Ахаң – Пайғамбарымыз Мұхаммед болса, оның күйеу баласы Әзірет – Әлі ғой, ол оны не үшін сыйлаған, соны білесің бе? Өйткені,



Әзірет – Әлі исламның жауларын талқандап, ержүректігімен қызылбасты мұсылман дініне кіргізген, сондықтан пайғамбарымыздың оны сыйлауы, әр кез құрмет тұтуы құптарлық делік. Ал, сені не үшін сыйлаймыз?

Осыдан кейін-ақ Дархан өзінің “сүйікті” мақалын ауызға алмайтын болды.





## ҚАМШЫ

– Қазір әйел басқа шыққан заман болды ғой. Ұят, иба, тәртіп-тәрбие деген адыра қалды. Нағыз еркек деп жүргендерің әйелінің алдында құрдай жорғалайды. Нанбасаңыз, әйеліңізге қаттырақ айтып көріңізші, жерден алып, жерге салып, әуселеңді танытсын – деп Жәкең ағай көпшілік жиналған бір жерде сөзден сөз туғызғаны бар.

– Әйелге қарсы тіпті әңгіме айтпаңыз, олар мықты ғой, – дейді онда Орынбай дейтін жігіт. – Жәке, өзіңіз ойлап көріңіз, олар сіздің шалбар-көйлегіңізді алды, шаш қою мәнеріңізді алды, арақ-шарап, темекіңізді алды, машинаңыздың рулін алды, айта берсе, көп...

– “Баланы жастан, әйелді бастан” демей ме, бәрі өзімізден, – деді Жәкең, – баяғы текті шалдарға ұқсап, босағаға қамшыны іліп қойып, сондай кезде сыдыртып тұрмағасын, әйел басқа шықпай қайтсін?

– Мұныңыз дұрыс, Жәке, өзіңіз айтқандай әрбір үйде бір-бір қамшы ілулі тұрмағасын, – деп жатыр Орынбай да оны қоштап.

Қамшы табылар-ау, деймін, мен іштей, оны босағаға іліп те қоярсыз. Бірақ құр ілулі қамшыдан не қайыр? Әңгіме жүректе ғой, ол жоқ қой қазір...



## КІТАП

Бірде жақсы танитын бір жас ақын жігіт келіп:

– Аға, менің жыр жинағым шыққалы да біраз болды, өзіңіз білесіз ғой, – деді.

– Әрине, қолтаңбанды қойып, әкеліп сыйлағаның есімде. Оқып та шықтым, тұшымды дүниелер баршылық. Маған кітабыңды бергеніңді ұмыттың ба?

– Жоғ...ә, бәрі есімде ғой. Айтайын дегенім бір мың данамен шыққан сол кітап әлі таралған жоқ. Төрт жылда табанымнан тоза жүгіріп жүріп, қарызданып-қауғаланып шығарып ем, енді міне,



буылып-түйілген орауымен әлі жатыр, кімге барып, кімге айтарымды білмеймін...

66



Осы орайда менің есіме бір мысал ертегі түсті. Ит пен мысық ертеде бірге тұратын көрінеді. Бірде ит фотоаппарат сатып алыпты. Ондағы ойы жан-жануарларды суретке түсіріп, оны сатып, табыс табу екен. Фотоаппаратын асынып, орманға барса, қарсы алдынан қоян шыға келіпті. Бұл фотоаппаратын әзірлегенше қорқақ қоян зыта жөнеледі. Итекең қуа береді. Сөйтіп ертеден кешке дейін қуып жүріп, ымырт үйірілгенде ғана суретке түсіріп үлгереді. Әбден діңкелеп, сүйретіліп үйіне жетіп есіктен кіре құлайды. Біраздан кейін басын көтеріп:

– Уф, қуып жүріп әрең дегенде нысанама іліктірдім-ау, әйтеуір, – дейді.

– Оу, Итеке, бұл сенің шаруаңның жартысы ғана, қиыны әлі алда. Ертең қоянды іздеп табасың, содан соң суретін беру үшін тағы күні бойы қуалайсың, – деген екен сонда мысық.

Сол айтқандай, онсыз да азабы бір басқа жетіп-артылатын қаламгерліктің мойнына зілдей болып нарық артылды. Енді таланттың емес, күнде бір кітапты “сүйкей” салып, оларын домдап-домдап тарата алатын пысықайлықтың күні туды.

Әй, заман-ай десеңізші?!



## ҚҰДАЛЫҚ

– Тәке, құдаларыңыз қай жақтан? – деді көршім Елеусін. Ұлым үйленгелі жатыр деген хабарды естіген болуы керек.

– Тараздан...

– Ойбой, Тәке-ау, жердің түбі екен ғой, алыс, – деді басын шайқап.

– Бізбен ақылдаса ма? Жастар өздері табысыпты, бақытты болса, болды.

– Әрине ғой, бірақ, жақын жер болғаны жақсы ғой. Менің ұлым да биыл Алматыдағы оқуын бітіреді. Бірақ, Құдай бар, олай жасай қоймас. Тоқсанға келген нағашы атасы да: “Осы төңіректің қызына үйленесің”, – деп қайта-қайта тапсырып қояды. Басы бар бала, олай жасай қоймас...

68

Мен не айтайын, үндемедім. Арада бір жылдай уақыт өте шықты. Елеусіннің үйі абыңкүбің. “Ұлы үйленеді екен” дегенді естігенмін. Кешқұрым сыртта Елеусін кездесе кетті.

– Ал, Елеке, ұлыңыз үйленгелі жатқан көрінеді, оң болсын!

– Рахмет, Тәке!

– Келін қай жерден еді?

– Алматыдан...

– Ой, Елеке, алыс емес пе? – дедім.

Оның есіне де баяғысы түсті-ау деймін, маған жалт қарады да, қызарақтап:

– Балдар солай ұйғарыпты, – деді.

– Алматы алыс қой. Елеке, енді үлкен кісілеріңіз бар, балаға түсіндіріп айтпады ма? – дедім.

– Айтуын айтты ғой, бірақ қазіргі балдар тыңдай ма? – деп, ол шарасыздығын білдіріп, екі алақанын жайды.

Онысы рас және оны түсінеміз де. Бірақ, “күлме досыңа, келер басыңа” деген халық даналығын кейде ескере бермейтініміз бар...



## ПАЛУАНДАР

Көкпар тартып, қыз кумағанмен біздің ауыл тойлары күрессіз өтпейтін. Бірде Сұлмен ауылында да осындай той болды. Әсіресе, көршілес түрікмен ауылдарынан палуандар келгенде белдесулер аса қызықты өтетін. “Жігітті намыс, қоянды қамыс өлтіреді” дегендей, мұндайда тіпті қызды-қыздымен бұрын күреске түспегендердің өзі білекті түріп ортаға қалай шыққанын байқамай қалады. Міне, бәйге аттарындай іріктеліп күреске шыққандардың көбі кетіп, азы қалған шақ. Әсіресе, түрікменнің Оғланды ауылынан келген палуаны, тығыншықтай төртбақ



70



қара жігіт қояр емес. Қарсы келген палуанның талайының жауырынын жер иіскетті. Төрешілер: “Енді кім шығады?” деп жар салғанда, дуылдаған жұрт тына қалды. Қазақтың “аздап ұрттағанның” күшімен әрі көптің кеу-кеулеуімен ортаға шыққан екі жігіті бірінен соң бірі тырпай асты. Осы кезде біреу: “Балтабай палуан келіпті. Тәкеннің үйінде отыр, сол болмаса, басқадан қайран жоқ”, – деді. Жұртқа қызық керек: “Олай болса, шақырындар, шақырындар”, – деп біреулерді жұмсап жатты.

Ол кісі де көп күттірген жоқ, иін тірескен көпшілікті толқынды жарған кемедей кесіп өтіп, ырғала басып жақындағанда тойшы қауым қақ жарылды. Нар түйедей шүйделі тұлғасы, нән басы, есіктей омырауы мен бура саны құр адам еместігін танытып-ақ тұр. “Қайда әлгі

түрікменің”, – деп, аман-түгелден соң өзін ертіп келгендерге иек қақты. Осы кезде:


– Ассалаумағалейкум, Балтабай аға, – деген дауысқа жалт қарағанда күлімсіреп тұрған түрікмен палуанын көрді. Ол Балтекеңді құшақтап, төс түйістіріп көрісті де:

– Уа, тойшыл қауым, мына Балтабай аға менің ұстазым! Шәкірті ұстазының белін ұстамас болар, бұл біз үшін өліммен тең. Бас байрақ осы кісінікі болсын, әкеліндер.

– Жоқ! Сердаржан, олай деме! Мұның жөні жоқ. Сенің алған байрағыңа қол салудың еш реті болмас. Жол да, жоралғы да өзіндікі. Өңмеңдеп жетіп келгенім ұят болды. Сен екенінді білгенімде күресуге емес, құттықтауға келер едім. Уа, халайық, – деді сонан соң Балтекең, – мен талай байрағың мен жұлдеңді алдым ғой, бүгінгі бәйге менің шәкіртім, мына жігіттікі, түрікменнің жас бөрісі – Сердардікі, біздің аразмызда алалық жүрмейді.

Былай шыға той иелеріне қарап Балтекең:

– Түрікмен шәкіртім жолды біліп, мәрттігін көрсеткенде, одан олқы түсіп бізді жын ұрып па?! Байраққа тіккен нар маяны жеткізіп беріңдер, ұят болмасын, – деді де, маң-маң басып бара жатты.



## “ӘР ЕЛДІҢ САЛТЫ БАСҚА”

Жаңғақтың ойы, Шағадам, Небиттау қалаларының төңірегі қашаннан адай қазақ пен жәуміт түрікменнің ауылы аралас, қойы қоралас қонысы. Гүржі, Ерікті, Оғланды сияқты кішігірім елді мекендерді атағанда кеңшар мен ауылдық кеңестің орталығы-Аққұйы ауылының шоқтығы биік. Сондықтан журналистік іссапармен оған барған кездеріміз аз болмаған. Алғаш барғанымда ауылдық кеңес төрағасы Бабанияз Моллаевқа жолықтым, қонақ үйі не асханасы жоқ ауылда қайда барасың, ол үйіне ертіп барды. Үй іші жатсынбай қарсы алып, сый-құрметін көрсетіп жатыр. Әсіресе, анасы ақжарқын кісі екен, аты-жөніме дейін сұрап, бәйек болды. “Мен де қазақтар сияқты сүт қатқан үнді шайын ішемін, түрікменнің көк шайын қаламаймын”, – дейді күліп. Бір күн түнеп, ертеңіне калаға қайтып кеттім.

72

Араға ай салып тағы сол Аққұйыға жолым түсті. Бұл сапарғы шаруам кеңшарда болғандықтан кеңшар кеңсесінде болып, директоры Амансүйін Солтанмәмедовпен әңгімелестім. Жұмысым біткен соң елге қайтуға көлік жоқ, амалсыз ертеңге қалдым. Түскі шайды Амансүйіннің үйінен ішіп, түс қайта ауылдық кеңестің кеңсесіне бардым. Ойымда ештеңе жоқ, аңқылдап кіріп барсам, энеугүні бірге болған Ораз Моллаевым ернін ғана жыбырлатып, қырын қарайды. Мен оның қылығын түсіне



алмай дал болып, “не жаздым” күйге түстім. Мұны Амансүйінге айтқанымда, ол күлді. “Сіз біздің ғұрпымызды білмейді екенсіз. Бізде қонақ бір келіп түскен үйін сол ауылға екінші келгенде аттап кете алмайды. Қонақтың ол үйге екінші келмеуін түрікмендер елемеушілік, әлгі үйдің мейман көңілін таппағаны деп ұғынады. Сондықтан Бабанияздың өкпесі орынды. Егер басқа үйге барғың келген жағдайда да өзің алғаш қонақ болған үйге түсіп, үй иесіне түсіндіріп, рұқсатын алуың керек. Олай жасамасаң, қонағымыз ренжіп, әлде өкпелеп кеткен екен дейді”, – деді ол. Мен түрікменнің мұндай ғұрпын білмейтінімді айттым.

Кешке қарай “Біздің бір зоотехнигіміз келін түсіріп, той жасап жатыр. Барып шықсақ қайтеді?”, – деді Амансүйін. Ауласы бар, еңселі үйге кіргенімізде кең дастархан басында қатарласа отырған жас–кәрі сыйлап орын берді. Дастархан үсті әр түрлі тағамға толы, бірақ ішімдік жағы көрінбейді. Бұл арақ-шарапсыз тойдың сәні кірмейтін, жұрт жаппай ішуді модаға айналдырған кез еді. Тағамдардан ауыз тидік, жұрт маз-мәйрам. Ас қайырылған соң сыртқа шықтық.

“Тәке, есіңізде болсын біз үлкендердің, шал-кемпірдің алдында ішімдік ішпейміз. Басшылар, аздап ұрттайтындар бөлек үйге барып, көрінбей ішеді”, – деді Амансүйін.



Түрікменмен іргелеспіз, салт-дәстүрін білеміз  
дегенмен бұл халықтың біз білмейтін қыр-сыры  
көп екенін сонда білдім.



## “ОРЫСТЫҢ МАЛЫ”

Жетпісінші жылдардың бел ортасы. Түрікменстанның Красноводск аудандық газетінде қызмет істеп жүрген кезім еді. Бірде аудандық партия комитетінен “Жебел” кеңшарында құрылған комсомол-жастар бригадасы жайында мақала жазу қажет деген нұсқау түсті. Орталықтан үш жүз шақырымдай жердегі шаруашылыққа қонаға жеттім. Қазағынан түрікмені көп кеңшардың басшысы Эсен Назаров деген түрікмен еді. Жастар бригадасына өзі ертіп апаратын болды. Ертеңіне ертелетіп жолға шықтық.

Даланың ойлы-қырлы жолымен ілбіп жетеміз деп жүргенде күн көтеріліп қалды. Дөңге көтеріле қиялай құлағанымызда шөптен салынған бастырмалы қораның төбесінен түстік. Таяп келіп тоқтағанымызда қора толы қой маңырап қоя берді. Әлі өріске шықпаған екен. Мұны көрген Эсен ағай ашудан түтігіп кетті. Жылдамдата барып қораның есігін ашты. Сол-ақ екен ашқұрсақ мал лап қойды. Тоқты отары екен бірін-бірі бастырмалап құлап жатыр.

Қырдан көктем иісі аңқиды. Қырат-белдер көкпеңбек. Мұндайда мал шыдар ма, көк қуып безіп барады.

– Әй, жүгірмек иттер-ай бұлар қайда жүр, малды тал түске дейін қамап, – деген Эсен қора іргесіндегі шопандар үйшігіне барды да, есігін жұлқи ашты. Үй іші астан-кестен. Темекі мен



арақ исі қолқа қабады. Жамылғылары басына кетіп, сирақтары көстиіп, айқұш-ұйқыш жатқан төрт бозымбай балаң жігіт бірін-бірі оятып әлек. Қатты ашуланған бастық олардың жер-жебіріне жетті.

Қайтар жолда Эсен де, мен де үнсізбіз. “Мақтаған қыздың...” кебін киген комсомол шопандар артта қалды.

– Жаңағы көргендеріңді жазасың ғой, – деді Эсен кенет түйеден түскендей.

– Әрине, – дедім.

– Осыны жазбай-ақ қойсаң қайтеді?..

– Неге, мен жазу үшін келдім ғой...

– Ой, Темеке, қайтесің соны, сірә орыстың малы ғой. Ертең-ақ үкімет етке айдайды, ит болып азабын көретін біз дағы.

Мен ойланып қалдым. Аңқылдаған ақ көңіл азамат Эсен Назаровтың сөзін жерге тастай алмадым. Мақала жазылмады, бірақ оның “орыстың малы” дегені есімде қалды.



## АЛЫСТАҒЫ АТЕИСТ

Красноводск аудандық “Жұмысшы” газетінде қызмет істеп жүрген кезіміз. Бір жылдары атеистік тәрбиеге қатты көңіл бөлінді. Газетте бұл тақырыпқа қаншама материал жарияланғаны жөнінде ай сайын, тоқсан сайын жоғары жақ мәлімет сұрайтын. Мұндай тақырыпқа кез келген адам бара бермейді, ештеңе жарияланбады деуге тағы болмайтыны сірә, белгілі. Бұл орайда, “абыройды жапқан” маңғыстаулық қаламгер Әзірбайжан Қонарбаев болды. “Семіз” конверттер келеді. Ішін ашсаң, сол кезеңнің тынысын дөп басқан алуан тақырыптағы мақалалар. Әзекеңнің өзін көрмесек те, газетімізде материалдары үсті-үстіне шығатын. Әсіресе, атеистік тақырыптағылары қамшы салдырмайтын.



Бірде Ашхабатта атеист-лекторлардың республикалық конференциясы өтетін болды. Обком аудан, қалалардан оған қатысатындардың тізімін алып, екшеп, сарапқа сала бастайды. Біздің аупарткомнан түскен тізімдегі адамдарға қанағаттанбаған обкомның насихат және үгіт бөлімінен қайта телефон шалынатын көрінеді:



– Мұнда белгілі атеист-лекторлардан ешкім жоқ, белгісіз біреулерді жазғандарыңыз қалай?

– Біздің аудандық партия комитетінің атеист-лекторлары осылар. Семинар, курстарға барып, лекциямен ел арасына шығып жүргендерді түгел жаздық.

– Ау, бұларыңызды біз білмейміз. Атеистік тақырыпта “Жұмысшы” газетінде үнемі көрініп жүрген Әзірбайжан Қонарбаев бар емес пе? . .

Сонда біздегілер не айтарын білмей, тілін тістепті. “Құп болады” деуге Әзекен алыста, басқа республикада... Маңғыстауда... “Ол мұнда жоқ” деуге тағы болмайды. Ақылдаса келіп, обкомға хабарлайды.

– Сіздер айтқан Қонарбаев бара алмайды. Оның орнына басқа журналист баратын болды. Ол – Темір Мыңжас... Сөйтіп, атеист-лектор Қонарбаевтың орнына республика астанасында өтетін жиналысқа мен барған едім. Кейіннен бұл оқиғаны Әзекене айтқанымда, ішек-сілесі ката күлді. Қазір де кейде кездесе қалғанда еске алып қоямыз.

## АЛҒЫС

Ол кезде Красноводск қаласынан ірі өндіріс ошағы – Бекдашыға жұрт “кукурузник” атап кеткен он екі адамдық, дырылдаған “АН–2” ұшағымен қатынайтынбыз. Басқа көлік жүрмейтіндіктен барып-келу “проблема”. Не билет болмайды, не ауа райы қолайсыз болады. Сондай себеппен екі күн ұшпаған ұшақ ұшатын болып, жолаушылар абыр-сабыр күйге түсті. Бірнеше тексеруден өтіп, ұшаққа да жайғастық-ау әйтеуір. Ең соңынан мінгендіктен мен дәл есіктің тұсындағы орынға жайғастым. Шалқалай ашылған есіктен сыртқа көз салып отырғанмын.

Кенет қақпадан әлгінде бізді жетектеп әкеліп кеткен, бет-аузын баттастыра бояған, аэропорт қызметкерінің формасындағы толық әйел бір ұзынтұра орысты ертіп шыға бергені сол-ақ еді, дауыс салған ақ жаулықты әже әлдекімдердің бөгемек болғандарына карамай жанұшыра ақсандап, сүйретіліп келеді. “Тоқтаңдар, мені де ала кетіндер, құдай үшін”, – деп жыларман болып, айқай салады. Жұрт аңтарылып қалды.

– Мен сізге тағы қайталап айтамын, бұл басқа рейс, – деді орыс тілінде аэропорт қызметкері.

– Әй, моя, менің рейсім, – дейді кейуана көзінде жас, қолында билеті, әлгілермен қапталдасып қалар емес.

Шыдай алмадым.

– Шешей, қане, билетіңізді беріңіз, көрейін, – дедім. Орнымнан көтеріліп, билетін алдым.



Сол-ақ екен аэропорт қызметкері де, оған еріп келген ұзынтұра да сасқалақтай бастады. Билетке үңілсем, рейсі, нөмірі де, уақыты да сай келіп-ақ тұр. Жұрт түгел естісін дегендей даусымды көтеріп, бар орысшама салып:

– Әжейдің осы рейске билеті бар, күні, сағатына дейін міне дәл келіп тұр, сонда бұл кісі қалайша қалуға тиісті, – деп билетті жоғары көтердім.

Ұялған тек тұрмас дегендей:

– Жігітім, сізге түсуге тура келіп тұр, – деді ойы іске аспаған аэропорт қызметкері беті бүлк етпестен біреудің орнына әп-сәтте жайғасып үлгерген ұзынтұраға. Әжейдің қолтығынан демеп, бос орынға жайғасуына көмектестім.

– Тәңір жарылқасын, шырағым, екі дүниеде жамандық көрме, – деп алғысын жаудырумен болды. Байқап отырмын, көпке дейін аптығын баса алмады.

Иә, “үндемеген үйдей бөледен құтыладыға” салғанымызда, жазықсызды жапа шектіретін тағы бір әділетсіздік болар ма еді, кім білсін?! Әйтеуір мен, әлсізге сәл де болса жәрдемім тигеніне қуандым.



## АҚ ӘЖЕ

Қазір ойлап отырсам, одан бері де бірталай жылдар өтіпті. Біздің үй аудан орталығынан қашықтықтағы ауылда еді. Ол кезде жаңа ғана ес біліп, етек жапқан ойын баласы екенбіз-ау?! Шіркін, ақ әже-ай, деймін кейде еске алып, барсың ба, әлде...

Томашадай ғана қара кемпірді ауылдың кәрі-жасына дейін ардақ тұтатын. Әлі мектепке бармаған бүлдіршіндерінен бастап, ата сақалы аузына түскен егделеріне дейін оны «ақ әже» деп атайтын-ды. Оның шын атының кім екенін де жұрттың көбі біле бермейтін. Той-садақаларда ауыл ақсақалдарының : “Ақ әжең шақырусыз қалмасын, шырақ, ақ әженің үйіне кіре қайтарсың”, – деп жатқанын талай естідік. Өңі қараторы болғанымен, ақ пейіліне, мейірбан жанына қарап ақ әже атанған болар, бәлкім.

Ауыл іргесінде қозыкөш жердегі қара көзге шалынатын үлкен төбе бар болатын. Оны ауыл адамдары “Жеңіс төбе” деп атайды.

Қырық бесінші жылғы ұлы жеңіс күні жақын жердегі ауылдардың адамдары тайлы-таяғы қалмай жиналып, осы төбенің басында ұлан-асыр той жасаған көрінеді. Біздер ойнап жүріп, осы төбенің басында әжейдің жападан-жалғыз отыратынын жиі көретінбіз. Ештеңенің мәнісін біліп, байыбына барып жатқан біз жоқ. Жүгіріп, асыр салып қасына да баратынбыз. Ол ауылдан шығып, құба жонға қарай көсіліп жатқан



ақ шаңдақ жолға қарап, төбе басында ұзақ отыратын. Алыстан бір қарайған көрінсе, көзін қолымен көлегейлеп үңіле қарайтын-ды. Кейде өз-өзінен күбірлеп сөйлейтін, көкірегі қарс айырылып күрсінетін, мұңды дауыспен сызылтып ән де салатын.

– Бейшара, жалғыз ұлын әлі күтіп жүр, – дейтін ауыл адамдары ол туралы.

Ел арасында ақ әже жөнінде әркім әрқилы әңгіме айтатын. Бірде әжеймен бірге өсіп, қашаннан көршілес отырған Есназар қария біздің үйдің жанында отырып, менің әкеме ол туралы былайша сыр шерткені бар:

– Сонау Жаңаорпа құдығында отыратын аңшы әрі домбырашылығымен аты шыққан Төребек дегенді естіген шығарсыз? Соның ұлы да, қызы да осы болды. Есімі – Ұлбала. Жастайынан-ақ менің қалыңдығым болсын дейтіндей сұлу әрі ақылды еді. Ауылдың талай жігіттері ғашық болып, атын әнге қосып айтатын. Жасыратыны жоқ соның бірі мен едім, – деді Есназар қария, – бірақ ол біздің бәрімізге де пысқырмады. Қаладан келген мұғалім жігіт Балтабайға тұрмысқа шықты. Алғашында қызғанып жүрсек те, Балтабайдың оған жар боларлық мәрт жігіттігін көріп, басылғанбыз. Не керек алайда катыгез тағдыр Ұлбаланы ерте бастан-ақ еркелетпеді. Отау тіккеніне жыл толар-толмастан кенеттен Балтабай қайтыс болды. Ажал дегенді қарашы бір күн ауырып жатып, кенеттен дүние салды.



Қолдан келер дәрмен жоқ, қатты қиналды. Ой, сондағы Ұлбаланың жылағаны-ай сай-сүйекті сырқыратты. Иманды болғыр Балтекенді шын сүйеді екен, пақыр, – деп қария сол бір сәт көз алдына оралғандай батар күннің қызғылт арайына малынған көкжиектен көз алмай ұзақ отырды да, әңгімесін қайта жалғады. – Ері қайтыс болғанда Ұлбала жүкті қалған екен. Көп ұзамай босанды да, дүниеге Қанат есімді ұл келді. Ұлбаланың ендігі қуанышы, алданышы сол болды. Жас та сұлу келіншекке қырындаушылар да, көз салушылар да көп еді. Бірақ Ұлбала ерге шықпады. Қанатсыз тіршілік жоқтай көрінетін оған. “Қанатжаным, ботақаным менің, қоңыр қозым” деп отыратын ылғи. “Жассың, әрі ажарың бар, біреудің етегінен ұстасаң қайтеді” деп, ақыл айтушыларды тойтарып тастайтын: “Қанатым, қарашығым тірі болсын, басқа ештеңенің керегі жоқ”.



Өсе келе Қанат та әкесінен айнымай қалды. Сұңғақ бойы, қақпақтай жауырыны, жүріс-тұрысы құдды Балтабай дерсің. Сабаққа да алғыр болды. Ұмытпасам, Қанат мектебін бітіріп, қызметке араласа бастаған жылғы жаздың ыстық күндерінің бірі еді. Тірліктің жұмысы таусылама, мал қорада оны-мұны істеп жүргенмін. Бір кезде құлағыма шапқан ат тұяғының дүрсілі естілді. Сыртқа шықсам, тортөбел атты терге көміп келген колхоз сесепшісі Құлахмет екен. Лезде көрші-қолаң жиналып қалды.

– Аға, орталықтан суық хабар келді, – деді ол аттан түсіп жатып. – Герман деген ел бізге қарсы соғыс бастапты. Ел дүрлігулі. Ер-азамат түгел майданға алынатын болыпты. Сейітқазының мұғалім баласын көрдім, өзі сұранып кетем деп жүр.

Төбеден түскендей «соғыс» деген суық сөз бәріміздің жүрегімізге инедей кадалды. Мен есі кеткен жанша не дерімді білмей, мәңгіріп тұрып қалыппын. Соғыстың адам баласына жақсылық әкелмейтінін әркім-ақ сезетін сияқты. Жиналған жұрт сілтідей тынған. Тылсым тыныштықты Ұлбала бұзды:

– Соғыс деймісің, мына сөзің сұмдық қой, – деді ол. Мен Ұлбалаға көз тастадым. Дауыл соғып, күн көзін қара бұлт басқандай, оның нұрлы жанарын мұң торлап үлгеріпті.

84


Содан ауылдың бақытты өмірі күрт өзгеріп сала берді. Азаматтар майданға аттанып жатыр. Бір күні Қанат та кететін болып келді. Оны ауыл болып шығарып салдық.

– Апа-у, ел басына ауыр күн туды ғой. Қамықпай, бөліңді бекем бу, біз әлі-ақ жеңіспен ораламыз, – дейді Қанат соғыс тез бітетіндей, бұлар барса, жауды жеңетіндей көріп.

– Құлыным-ай, бұл сұм соғыс шамалыда бітер деймісің. Қайтейін енді бетіңнен жарылқасын, жалғызым, жауды жеңіп қайтыңдар, – деді Ұлбала ботадай боздап. Ауылдан таспадай созылып жатқан ақ шандақ жол үстінде тұрып қайран

ана өзінің соңғы қуанышын қайтпас сапарға шығарып салған екен-ау сонда.

Қайғы-қасіретке толы қиын-қыстау жылдар жылжып өте берді. Талай боздақтар туған жерден жырақта, ұрыс даласында көз жұмды. Халық жеңісті асыға күтті. Ол күн де келіп жетті. Ақ түйенің қарны жарылып, аман қалған жауынгерлер елге орала бастады. Әр келген адамды іздеп барып, Ұлбала ұлын сұрайтын. Ол үйдегі ескі сандықтың түбінде жатқан “Ұлыңыз ерлікпен қаза тапты” деген қара қағазға да сенбейді. “Қара қағаз келіп, қаза тапты деп жүргенде оралып жатқандар аз ба? Бәлкім, Қанатжаным да бір күні келіп қалар”, – дейді байғұс. Мұнысы өзін-өзі алдарқатуы шығар қайдам, әйтеуір соғыс біткелі де бірталай жыл өтті. Алайда Ұлбала әліге дейін үмітін үзбей, жолдан көз алмай келеді. Оған не дерсің. Талай рет жұбату, көңіл бірлейтін сөздер айтылды да. Бірақ, ол күтуін, сұрауын салуын қоймайды, – деп әңгімесін аяқтаған еді Есназар қария.



...Бойына табандылықты, кіршіксіз адалдық пен пәк махаббатын дарытқан Ұлбала әжейдің абзал бейнесі көкірегімде қалып қойыпты. Ол бейне бір дара өскен, кәрі емен секілденеді. Тіпті күні бүгінге дейін өмірде қайсарлықты, болаттай беріктік пен пәктікті көрсем, сол томашадай қара кемпір, Ақ әже ойыма оралады. Әліге дейін төбеге шығып, ұлын күтіп жүргендей боп елестейді маған...

## КҮЛКІЛІ ОҚИҒА

Мені Ақтау телеарнасы “Таңшолпан” бағдарламасына шақырды. Екі өлең оқып, бірнеше сауалдарға жауап бердім. Жүргізушінің бірі: “Аға, өміріңіздегі бір күлкілі оқиғаны айтып беріңіз” деп сұрамасы бар ма?! Кешігіп қалмайын деп қапылып жеткен мен мұндай сұрақ болатынын ойламаппын. Сәл кідіріп күлкілі деген мына оқиғаны айттым.

... Жаңа үйленген кезім, жас келіншегіммен кешкі астан кейін ауылды қақ жарып өтетін темір жол бойымен қыдырамыз. Ауыл шетінде тұратын Орысбай деген жігіттің есектей қабаған иті бар. Ойламаған жерден тап беріп талайды қан қақсатқан бұл иттен жұрттың бәрі қорқасоқтап жүретін. Орысекеңнің сонымен бірге теуіп от алдыратын “Ковравец” мотоциклі де болатын. Ойымызда ештеңе жоқ, алаңсыз әлгінің үйінің жанынан өте бергенімізде бірдеңе “дар” ете қалды. Ит келіп қалған екен деп ойлаған мен жалма-жан қос қолыммен жерде жатқан тасқа жабыстым. Ит дегенім от алып жатқан Орысбайдың “Ковравеці” екен. Келіншегім күліп жатыр. Сасқанымнан: “Бұл ит мені таниды, тек сені қауып ала ма деп тасқа жабыстым”, – деппін ғой. Кейде осы оқиғаны еске түсіріп, менің «батырлығыма» күліп қоямыз.

## ДӘРЕКЕҢ

Дәрекең деп отырғаным майдангер қарт— Дәрменбай Іңірбайұлы. Ұлы Отан соғысында бір аяғынан айырылды. Елге оралғаннан кейін бар санаулы ғұмырын мал бағуға арнады. Балалары өскеннен кейін, мұнан жиырма жыл бұрын Түрікменстаннан атажұрты Маңғыстауға бағыт ұстады. Қызылтөбе ауылына көшіп келіп, зыңғырлатып үй салып алды. Соғыс мүгедегі ретінде облыс орталығы Ақтаудан алған төрт бөлмелі үйін отау тіккен екі баласына бөліп берді. Екі рет алған автокөлігінің қызығын да балалары көрді. «Ұлын ұяға, қызын қияға» қондырған қария сексеннің сенгіріне аяқ басқанда дүниеден озды.



Менің бұл арада айтайын деп отырғаным ақсақалдың кіршіксіз ақ көңілдігі, қандай ма кезде де өзін ақжарқын күйде ұстай білуінде. Бізге құдалығы бар, үлкен кісі ретінде анда-санда сәлемдесуге, көрісуге баратынбыз. Көргеннен келініне дауыстайды:



— Ай, Айман қайдасың, төркіндерің келді, қазан ас... Мен де өзі қалжыңға ыңғай берген Дәрекеңмен бұра сөйлеп, әзілдесуге бейілмін. Балтырындағы үлкен тыртықты нұсқап:

— Мына аяғыңызға не болған? — деймін, оны соғыс кезінде оқ тескенін біле тұра. Ол да есесін жібермейді:

— Сендерді қорғаймын деп тапқан олжам ғой.

– Сіз соғысқа бардым дейсіз, қалай сонда немісті көрдіңіз бе? Кинодан көріп жатамыз, ылғи біз жеңеміз, сонда қалай болғаны, – деп мен де тақымдаймын. Ол сақалын салалап, ойланып қалады да, ағынан жарылады.

– Ұрысқа кіріп, алғашқы шабуыл кезінде оң аяғымды жылан шағып алғандай болды. Орыннан қозғалайын десем, аяғым көтертпейді. Бір кезде санитарлар келіп, жіліншігімді оқ пәршалап кеткенін айтты.

– Сосын?

– Содан соң қасымдағы жолдастарым жетті. Қазағы, түрікмені бар ауылдас жігіттер қаумалап жатыр. Айтатындары: “Саған құдай берді де саған құдай берді”...

– Ал, сіз не дедіңіз?

– Мен не дейін, сендерге де құдай жеткізсін деп жатырмын, – деп Дәрекең күледі. Қайран ауылдың аңқылдаған ақ көңіл қарттары-ай десеңізші?! Енді ондай жандар қайда?



## ҒИБРАТ

Анам марқұм әрдайым: “Ұлық болсаң кішік бол, асылық сөйлеме” – деп отыратын.

Бірде бір байдың баласы айдалада: “Нағашым бай, өзім бай, мені алатын қай құдай” – деп әндетіп келе жатып, атымен сорға түсіп кетіпті. Аты өліп, өзі әрең дегенде өлмешінің күйін кешіп елге әрең жетіпті, – дейтін.

Тамаққа тойып алып: « бүгін де қарным ашпайды, ертең де қарным ашпайды», деп әрекетсіз отырған жігіттің аштыққа ұшырағанын да айтатын.

Анамыздың айтқан осындай ғибрат сөздері өмір бойы естен кетпей, алға сүйреп келеді.



## ДӘМДЕСТІКТЕН – СЫЙЛАСТЫҚҚА

Ұмытпасам 1996 жылдың желтоқсанында қоғам қайраткері, “Қазақстан әйелдері” журналының Бас редакторы Алтыншаш Қайыржанқызы Жағанова Жаңаөзенге келді. Қасында сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының бастығы Нұрнияз Мұқанов, аталған журналдың бірнеше қызметкері бар. Оларға мен қосылып, Бекет атаға жол тарттық. Екі жүрдек “Уаз”, бірінде Атыншаш екеуміз. Ол өзі қыпшақтың қызы, адайдан шыққан көрнекті жазушы Әнес Сараевтың зайыбы екенін айтып, маған жеңгей болып шыға келді. Жол бойы талай



90

әңгіменің басын шалдық. Атаның басына барып түнедік. Кешқұрым және таң алдында таудан төмен түсіп, Атаның зиратына барып тәу еттік.



Таудан төмен түскен, қайта көтерілген кездерде жеңгейді қолтығынан демеп жүрдім. Басқалар бізден ұзап кеткен шақта да екеуміз әңгімелесіп, орта жолда тыныстап, бірге жүрдік.

Ертеңіне Жаңаөзенге келсек, қаланың әкім-қаралары мұнайшылар санаторийінің жанында күтіп тұр екен. Қонақтарға қонақасы беру сыңайлары барын байқатты. Демалыс орнының қол жуғыштары бар бөлмесіне кіріп, үсті-басымыздың шаңын қаққаннан кейін, қонақпен қонақ болмайын деп, олардан бөлініп, кідірістеп қалдым. Ендігі ойым қаланың үшінші шағын ауданындағы үйіме жету болатын. Бір кезде санаторийдің қызметкері келіп, жұрттың күтіп

тұрғанын айтты. Іле шықсам барлығы мені күтіп тұр екен. Таранып, сыланып-сипанған Алтыншаш жеңгеміз тіпті құлпырып кетіпті. Мені көріп айтқаны:


– Где ты мой боевой товарищ!

Осылайша дауыстай сөйлеген ол, көпшілікке карап: – Қайда жүрсең де жаныңда сенімді адам болғанға не жетсін, мына жігітіңіз сондай нағыз азамат екен,-деді де әкім-қаралардың жақтырмағанына қарамастан өзіне дайындалған төрдегі үстелге қолтықтап алып барып, қасына отырғызды. Алтыншаштың әйел де болса ер көңілділігіне разы болдым.

Қоштасарда:

– Сенің ақын екеніңді де білеміз, екі күн жолдас болдық, «жорналыңызға өлеңдерімді жарияласаңыз екен» деген сөзді ести алмадық, басқалар болса жарасын-жарамасын ала жүгірер еді. Өлеңдеріңді қазір әкеліп бер, – деді.

Бірақ мен өлеңдерімді беріп жібере алмадым, уәде бойынша кейін жолдап ем, жеңгеміз жорналының бір бетін менің өлеңдеріме арнады. Дәмдестіктің сыйластыққа айналуы шығар бұл.



## АЛПАМЫС

Өткенде бір қыз бала менің газет редакциясындағы телефоныма қоңырау шалды. «Мамамызға, туған күніне құттықтау берейік деп едік», – деді. Қапелімде не айтарымды білмей қалғанымды сезді-ау деймін. «Мен Алпамыстың қызымын ғой», – дегенді қосып қойды. Есіме Алпамыс түсті.

Қарт Каспийдің бір бүйірі мен Түрікменстанның шектесетін жері – Қарабұғазкөл. Минералды тұздардың бай қоры жинақталған бұл өңір кезінде өндірісі өрлеген, атағы алысқа кеткен жер еді. Мұнда натрий сульфаты, бишофит, эпсомит, глаубер тұзы сияқты химиялық өнімдер өндірілетін, бұрынғы одаққа әйгілі «Қарабұғазсульфат» өндірістік бірлестігі жұмыс істеп тұрды. Онда негізінен Бекдашы, Омарата, Алтыншыкөл кенттерінде тұратын қазақтар еңбек ететін. Жалақыға қоса жетпіс пайыз аудандық үстеме төленетіндіктен ақша іздеп келген орыстар, украиндар, әзірбайжандар жұмыс істеді. Ал, негізінен алғанда Қарабұғаз байлығын игерушілер отызыншы жылдары Маңғыстаудан ауып барған қазақтар еді. Түрікменстанда шығып тұрған қазақ тіліндегі жалғыз газет “Жұмысшының” тұсауы 1932 жылдың мамырында “Қарабұғазкөл жұмысшысы” – деген атпен Қарабұғазда кесілді.

Міне, Алпамыс қазыналы бұғазды алғаш игерушілердің бірі Бөлекбайдың екі ұлының

кішісі. Бөлекендердің кезінде қолмен сульфат өндіру, ауыр тәшкіні айдау жұмысына жігіттің жігіті ғана шыдайтын. 1952 жылдары, Алпамыстың алты айлығында әкесі де, оның інісі Оңайбек те ауыр жұмыстан және аурудан қайтыс болды. Шиеттей үш бала – Қосай, Тілек, Алпамысты Ақбибі шешей тістелеп жүріп өсірді. Қос ұлы қос үй болып, қызы Тілек те теңін тауып, шаңырақ құрды. Ұл-қызы үбірлі-шүбірлі боп, жапырағы жайылғаннан кейін сексеннің сеңгіріне іліккен Ақбибі шешей бала-шағасының алдында бақиға жол тартты.


Мектепті, онан кейін Таушықтағы механизаторлар даярлайтын училищені бітіріп, бұғанасы бекіген Алпамыс әке жолын қуып, сульфатшы болды. Қолы бос кездегі машығы – әдеби кітаптарды, газет-жорналдарды оқу. Сөйтіп жүргенде Толқын есімді ауылдас қызға үйленіп, балалы-шағалы болды. Зайыбы дүкенші, өзі механизатор, сульфатты бұрынғыдай қолмен емес енді арнаулы сыпырғышы бар машиналармен жинайтын болды.

Жетпісінші жылдардың соңы-ау деймін, бірде аудандық газетте қызмет істейтін бізге «Алпамыс депутаттыққа және де анау-мынау емес КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайланатын болыпты», – деген хабар дүңк ете түсті. Жұрт сенер-сенбесін білмеді. Елден ерек ештеңесі жоқ, қарапайым жұмысшы, озаттар қатарында ағасы Қосайдың есімі жиі аталғанмен мұныкі аталмайды. Өзі ең азы




коммунист те емес, енді бірде «кой Алпамыс емес Бокқара Айжарықов деген жігіт болатын болыпты. Ол тепловоз машинисі, “Құрмет белгісі» орденінің иегері көрінеді» деген хабар да жетті. Дегенмен, біраз күндерден кейін ірі еңбек ұжымдары КСРО Жоғарғы Кеңесі депутаттығына “Қарабұғазсульфат” өндірістік бірлестігінің жұмысшысы Алпамыс Бөлекбайұлы Аманжоловтың кандидатурасын ұсынуды бастап кетті.

Редакцияда жұмыста отыр едім, Алпамыс келді. Үстінде су жаңа шолақ тоны бар, күлімсіреп тұр. Сәлем-сауқаттан соң үстіне көз жүгіртіп:

 – Сен, уже киініп алыпсың ғой, – дедім бір жағын әзілге бұрып.

– Мынау ма, Бердібайдікі, жылатып, зорға сұрап алдым, – деді. Бердібай дегені туған жездесі.

 – Сенде бұрын мұндай белсенділік жоқ еді, қалай болды өзі?

Алпамыстың айтуынша, жоғарыдан нұсқау келген. Онда “Қарабұғазсульфат” өндірістік бірлестігінен депутат сайлануы тиіс, ол жергілікті қазақ ұлтынан, жастайынан жетім қалған, партияда жоқ, жұмысшы болуы шарт екен. Қай жағынан да Алпамыс сай келді. Депутаттықты естіп, өздері ұмтылғандар болған, бірақ бірінің жасы өтсе, бірінің төрт құбыласы тең. Сонымен «жүгірген алмайды, бұйырған аладының» кебі кеп депутаттық мандат Алпекене бұйыратын түрі бар. Ол:

– Мені обкомның орготделі шақыртып жатыр. Сен түрікменше жақсы білесің ғой, менімен жүрсейші, – деп тұрып алды.

Содан екеуміз Красноводск обкомына бардық. Обкомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі арықша келген, мұрны пышақтың қырындай, көзі алақ-жұлақ еткен түрікмен жігіті екен. Сәлемдесіп, жағдайды білгеннен кейін іс қағаздарын ақтарып қарай бастады.

Бір кезде маған қарап:

– Сіз шыға тұрыңыз, – деді. Сәлден кейін Алпамыс та шықты.

– Сұрамайтындары жоқ екен, – деді күмілжіп.

– Е, не деді?

– Сүндетке отырдың ба ?– деп сұрады орыс-шалап.

– Сен не дедің?

– Иә, сама сабой, дедім, ол біраз күліп алды да, “олай деп айтушы болма, егер біреу-міреу сұрай қалса кәрі шешем бар, есімді білмейтін кезде сол сүндетке отырғызыпты дерсің деді”, – деп күлді Алпекең.

Енді бірде КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутаттыққа кандидат ірі кәсіпорындар мен елді мекендерде жұртшылықпен кездеседі екен дегенді естіп, хабарын білмекке аудандық комитетке барсам, бір кабинетте шалқайып Алпамыс отыр.

– Оу, сен жайбарақат отырсың ғой, бірнеше жерде сенімен кездесу өтеді деген хабар бар.



Дайындығың қалай, айтатыныңды жазып алдың ба?

– Өздері жазып жатыр, соны оқып беремін, – деп күледі. Жазған құлда жазық жоқ дегендей, содан Алпекең КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып, Мәскеуге бес жыл сессияға барып тұрды. Әрине, сол бір құрсаулы кезеңде халық қалаулысы деп атын далитқанмен депутат та жоғарының айтқанынан шықпайтын. Алпекең қолдан келгенше қызметтенді. Біреулерше аяқ астынан өзгеріп, шіренген жоқ. Сол баяғы карапайым қалпы, қоңыр тірлігі. Бірде өкпесіне операция жасатып, Мәскеуде қайтыс болған жігітті ұшақпен Бекдашыға алып келуге күшін салды. Көмекке зәру болып келгендерден аянып қалған жері жоқ. Кейін біреулер әңгіме қылды: «Алпамыс депутат болған кезде бәрі қолында еді, басының пайдасын білмеді. Жоғары оқу орнына түсіп алуы керек еді, оны ойына да алмады. Ең болмаса автомашина алуына, еңселі үй салдыртуына мүмкіндік туып еді ғой...»

96

Алпамысқа айтқызсаңыз, қолды бір сілтейді:

– Бұйырмыстан артық ештеңе жоқ, – дейді ол, – соның бәрін арқалап кетеміз бе, қалар-ау бәрі де...

– Алпеке, сен енді анау-мынау емес КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болдың ғой, ең болмаса бір рет те қызыл книжкіңнің пайдасын көрмедің бе?

– Неге көрмеймін, көрдім, – дейді ол, – бірде Красноводскіде қыдырып жүріп аңдамаппын



ауылға – Бекдашыға ұшатын соңғы ұшақтың уақыты болып қалыпты. Мұнан қалсам ертеңге қаламын, бұл еш себепсіз жұмыстан қалды деген сөз. Қала менен аэропорттың арасы бірталай жер, әрі биік таудан шығу керек. Бұған кез келген көлік келісе бермейді. Сағатыма қарасам, санаулы минуттар қалыпты. Не де болса тәуекелге мініп, такси ұстадым. Жүргізушінің жанына жайғасқаннан кейін шопырға қарап:

– Аэропортқа тарт, асығыспын, ұшақ ұшқалы тұр, үлгеруім керек, – дедім. Бірақ шопырым тұмсықты келген әзірбайжан екен асығар емес. Есінеп алып, ыңылдап әнге салады. Шыдамай кеттім сағатымды көзіне тақап: – Міне көрдің бе, ұшақтың ұшуына бес-ақ минут қалды, – дедім. Ол өзіме бас салды: – Қанша ақша бересің, үш-төрт есе төлесен үлгертейін, – дейді. Зығырданым мұншама қайнамас: – Сіз кіммен сөйлесіп отырғаныңызды білесіз бе? – деп депутаттық куәлігімді суырып алып көрсеттім. Жаңа ғана немқұрайлы отырған ол ұйқыдан ояңғандай алақ-жұлақ етіп, еңсесін тіктеп, жүрдек “Волганың” жылдамдығын көтеріп, жүйткіте жөнелді. Және жақ жаппай сөйлеп те келеді:

– Жерлес, мына ағаңның бір білместігін кешіре гөр. Мен сізді зыр еткізіп қазір-ақ жеткіземін. Ешқандай ақша да алмаймын.

Қалаға келсең, мені іздеп тап, Юсуф Мамедов десең таксидегілердің бәрі біледі. Қалаған жеріңе өзім тегін апарамын. Құдайақы



кешіріңіз, шиеттей балаларым бар еді, жұмыстан қағылсам, күндері не болмақ, – деп аяқ астынан мүсәпір болды да қалды. Бір жақсысы ұшаққа жеткізіп салды-ау, әйтеуір.

Алпамыстың жаны таза, ақ пейіл азаматтығымен қатар жұртты күлдіретін Қожанасырлығы да бар. Қазір ол Өмірзақ кентінде тұрады, мектептің жылу орталығында жұмыс істейді. Зайыбы Толқын екеуі бірнеше ұл-қыз өсірген, немере сүйген ата-ана.

Бар бол, Алпамыс, жасай бер!



## ҚҰРСАУ

Көз ашқалы көргеніміз – Кеңестер Одағы. Тегін оқытты, тәрбиеледі. Бізге одан күшті, әділетті ел болған еместей көрдік. Еліміздің патриоты болдық. Дегенмен жүре келе, өмірдің қитұрқыларын көргеннен кейін, қазақтың, оның ішінде өз ата-бабамыздың басынан өткенін, Қазақстанның шын мәніндегі тарихын оқып-білгеннен кейін, әсіресе, КСРО сынды алып мемлекеттің іргесі шіріп, өзінен-өзі шайқала бастаған сексенінші жылдардың белортасында казармалық жүйеде, құрсауда өмір сүріп келгенімізді пайымдадық.

Өткенге ой жіберсек, ол кезде баспасөз, сөз бостандығы болған жоқ. Мұны сол замандарда бұқаралық ақпарат құралдарында қызмет істеген журналистер жақсы біледі. Баспасөзде құпияны сақтау бөлімі, былайша айтсақ цензура жарыққа шыққалы жатқан газет-жорналдар мен телехабарларға екі шұқып бір қарайтын.

Түрікменстанның Красноводск ауданында шығатын “Жұмысшы” газетінде жұмыс істеп жүрген кезім республикадағы химия өнеркәсібінің ірі ошағы – “Қарабұғазсулфат” өндірістік бірлестігінен көлемді мақала жаздым. Мақалада кәсіпорында шығарылатын дефолянт ерітіндісі мақта жапырағын түсіруге қолданылады, ұшақпен жоғарыдан себілгеннен кейін эп-сәтте көгеріп тұрған жапырақ қурап қалады да, мақтаны комбайнмен оңай жи-



нап алуға мүмкіндік береді. Бірақ ауа мен суға, төңірегіндегі халыққа аса зиянды деген сөйлемдер бар еді. Баспасөзде құпияны сақтау бөлімінің редакторы шақырып жатыр деген соң барсам, аласа бойлы, сары кісі екен. Алдында газеттің ертеңгі санының беттері жатыр. Менің мақаламды жуан қызыл қарындашпен айғыздап қоршап тастапты. “Мына мақаланың авторы сіз болсаңыз, газет бетінен алдырып тастаңыз, бұлай ашық жазуға болмайды”. “Неге?” Енді ол маған ызбарлана қарады: “Мен сізге айтып отырмын ғой, химиялық өнімнің қыр-сырын ашықтан-ашық жазуға болмайды”, – деді. Менің мақалам алынып тасталып, орнына басқа жағымды мақала салынып, газет кешігіп шықты.

Біздің ауылда парасат-пайымы, ой-өрісі жоғары бір ағай болды, өзінің рұхсатынсыз атын айту ыңғайсыз болар. Сол кісі өз кәсіпорнындағы орын алып отырған келеңсіздіктер, басшылықтағы бармақ басты, көз қыстыларға қарсы күресті. Оны арызқой ретінде көрсетіп, жұмысынан босатты, қудалады да. Бірақ ол алған бетінен қайтпады. Бір күні “Правда” газетінде газеттің сол кездегі Түрікменстандағы меншікті тілшісінің (ұмытпасам Кучеренко болуы керек) “По замкнутому кругу” (Тұйық шеңбер бойымен) деген сын мақаласы жарқ ете қалды. Сөйтіп, одағымыздың бас газеті ағамызды қорғап шықты. Жұрт газетті іздеп оқыды. Ауыл адамдары бас қосқан бір отырыста

мақала жөнінде әркім әрқилы пікір айтты. Мен әділдігіне бағып, кәсіби журналист ретінде мақаланың орынды да жақсы жазылғанын айттым. Арамызда МҚК-ның жансызы бар екен. Қалай шұғыл қимылдайды десенізші? Ертеңіне таңертең жұмысқа барған мені жедел түрде аудандық партия комитеті шақырды. Барсам, аупарткомның үш хатшысы, идеологиямен айналысатын лауазымды қызметкерлері жиналып отыр екен. Екінші хатшы О. Аннаөвезов сөз алып: «Сіз неге “Правдаға” шыққан мақаланы дұрыс дейсіз?», - деді. Мен: «Еліміздің бас газеті, КПСС-тің органы “Правда” – дұрыс жазбайды дегенге кім сенеді, сондықтан мен газеттегі мақаланы дұрыс жазылған деп ойлаймын». Ол: «Міне, мәселе қайда жатыр? Бәлкім, оның жан-жақты арыз жазуына көмектескен де боларсыз. Қарапайым жұмысшының мақала жазуға өресі жете бермесі белгілі» - деді. Мен: «Ол кісіні ауылдас, жасы үлкен кісі ретінде сыйлаймын. Сәлеміміз түзу, бірақ сіз айтып отырғандай байланысым жоқ». Сонымен біраз әурелеп қоя берді. Екінші қабаттан басқышпен төмен түсіп келе жатсам, көрші ағамыз көтеріліп келе жатыр екен. Оны да шақырған-ау деп ойладым. Обалы не керек, ол кісі менің оған ешқандай қатысым жоқ екенін айтып, мен туралы жылы лебізін білдіріпті дегенді естідім.

Ол кездегі жиналыс-жиындарда сөйлейтін сөздердің өзі «сүзгіден» өтетінін жасы үлкендер жақсы біледі.



Осындай жайларды еске ала отырып, демократияның адам баласына жайлы, еркін лебі есіп, Қазақстанның егемен, тәуелсіз ел болып, көк байрағын желбіретіп, өркениетке қадам басқанына мың бір тәубе дегім келеді. Қазақтың басына енді ешқашан, ешқандай құрсау төнбесе екен деп жаратқаннан тілеп өтінемін.



## «МЫЛҚАУ»

Бірде кеңседе отыр едім, ұзын бойлы, ақсары жігіт кіріп келді. Қолындағы алақандай картон қағазға бадырайған әріптермен: «Мына мылқау жанға мүмкіндігіңізше қайырыңызды тигізіңізші», деп жазылыпты. Аяп кеттім. Қалтамдағы бар ұсағымды, елу-алпыс теңгені ұсындым. Бас изеп шығып кетті. Осылайша араға күндер салып, бірнеше рет келді, бірнеше рет ұялғаннан қалтаға қол салдым.

Ұлымды ертіп, сенбі күні қаладағы ең үлкен азық-түлік дүкеніне бардым. Тауардан көз сүрінерлік сөрелерге көз салып тұр едік. Дүкеннің түпкі бөлмесінен біреу даурыға, дауыстай сөйлеп шыға келді. Бұрылып қарап, тани кеттім, баяғы кеңсе біткенді адақтап жүретін «мылқауым». Ол да абдырап, сасып қалды.

Мен танымаған болып тұра бердім.



## ӘКІМ

Біз тұратын қалаға құда баламыз көшіп келді. Есімі – Әкім. Мекенжайын білген соң, «қоныс құтты болсын айтудың» ретімен оны іздеп бардым. Шеткі шағынаудандағы ескі төрт қабатты үйлердің бірінде екен. Есік алдындағы көлеңкеде бала жұбатып отырған әжейге сәлем беріп:

– Шеше, Әкімнің үйі осында ма? – дедім. Үлкен кісі мені жаңа көргендей, ажырая қарады да:

– Әй, шырағым-ай, әкім мұндай үйде тұратын ба еді, қыста жылымайды, жазда маса, шыбын-шіркей отырғызбайды, міне өзің қарашы. Әкімді



іздесең, сонау жаңадан салынған, еңселі, әсем үйлерден ізде, сонда тұрады деп естиміз, – дегені.

104



– Сіз мені түсінбедіңіз, оның есімі Әкім, өзі мектепте мұғалім, жақында осында көшіп келген, – деп едім, шешей күліп жіберді.

Екеуара әңгімеге құлақ салып тұрған үлкен-кіші бәрі күлді.



## «БӘРІН ТАНИДЫ...»

Есік алдында ақ жаулықты ана отыр. Киім киісінен, өткен-кеткенге жалтақтап қарағанынан-ақ ауылдан келгенін байқау қиын емес. Наурыз мейрамының кезі еді. Сәлем беріп, көрістім. Салған жерден салдырлай жөнелді, мені бұрыннан танитын адам сияқты.

– Е... осында тұрады екенсің ғой?

– Иә.

– Менің әлгі жаманым, кенжем де осында тұрады ғой. Қалғандары ауылда, төрт келінім бар, құдайға шүкір, қыздарым тұрмыста. Оқимын, жұмыс істеймін дегесін осында жібергенбіз. Ананы-мынаны көріп, адам болып қалыпты. Кеше де, бүгін де бүкіл қаланы аралатты. Айттайын дегенім, менің әлгі жаман қарам жұрттың бәрін таниды...

– Пәлі, мұнысы жақсы екен.

– Әрине, кеше бар-ау, үйден шыға бере қолын көтеріп қалып еді, өтіп бара жатқан мәшина қайырылып келіп, бізді мінгізіп кетті. Одан кейін қайда барсақ та, қолын сәл көтерсе болды, мәшина біткен зыр етіп жанымызға тоқтай қалады.

Мен үлкен кісіге не дейін, қазір такси көп, ақша үшін өздері-ақ тоқтайды деп көңіл күйін бұзғым келмеді.

– Шеше, балаңыз адам болады екен, – дедім.

– Тәңір жарылқасын, айналайын. Ол жаман қарамнан бірдеңе шығады, нағашыларына



тартқан ғой. Ауылда жүргенде жасқаншақтау, босандау көретінмін. Не дегенмен, қаланың аты қала ғой. «Танымасын – сыйламас» деген, әсіресе шопырларды танығаны жақсы, қазір көліксіз қимылдай алмайсың. Ал, менің әлгі жаманым ысқырып не қолын көтеріп қалса, тізіліп тұр, ой Алла-ай...



## ҚАРАМАЯ

Сәлем-сауқатының өзін «мал-жан аман ба?» деп бастайтын ауыл қазағының баласы малсақ келетін әдеті ғой. Ес біліп, етек жапқаннан-ақ өз үйіміздің он-он бес жандығы мен төрт-бес мойнағын айнытпай танитын, қақпалап қораға қамайтын кезге жеттік. Әсіресе, шиеттей балашағалы үйіміздің құтына айналған қара мая әлі есімнен кетпейді.

...«Балам, күн кешкіріп келеді, қара маянды айдап кел», – деп әкем көзкөрім жерде ботасымен жайылып жерген түйеге алты-жеті жастағы мені жұмсайды. Басыма жыршы әрі аңшы Көптілеу көкем тігіп берген түлкі құлақшынды киіп, қолыма маған лайықтап жасаған алты өрім қамшысын алып, жолға шығамын. Жаңа тәй басқан ботақанын бауырына алған қара мая мені көргеннен-ақ ауылға маңдай түзейді.

Балалық-ай мойнына асылып, әткеншекше тербеліп ойнаймын, мыңқ етпейді. Оның баданадай көзінен өз бейнемді көріп, мәз-мейрам болатынмын. Қара маяның жуастығынан болар үйде шешем жоқта он үш-он бес жастағы әпкелерім басқа түйелерге жоламаса да оны таласа сауатын.

Көрші үйде бізден ересектеу, тентек Санат деген бала болды. Сол кетіп бара жатқан қара маяны қуып жетіп, құйрығынан тартып, тірсегінен басып, өрмелеп өркешіне шығатын. Жарықтық үркіп, тапырақтамай, мойнын бұрып қарайтын



да, «ә, бұл сен бе едің», дегендей маң-маң басып тарта беретін.

Қара маяның жуастығы, сүттілігі, мал ішіндегі естілігі жайында ауыл адамдары айтып отыратын.

Бір жылы әкем қара маяны көбірек ауызға алатын болды. Бала да болсам сөздерінен байқаймын, қайымай, боталайтын жылы қысыр қалған сияқты. Шешем басу айтқан сайын әкем ашулана түседі. Оған қамшы болған бүкіл ауылды аузына қаратып отырған, малы көп Серғазы дегеннің «қара мая қысыр» деген сөзі. Оны мен де естідім. Таңертең жұрт өріске мал шығарады. Міне, әр қорадан маң-маң басқан «ойсылқара» шыға бастады. Әкем қара маяның желінін ұстап көріп, басын шайқап тұрған. Осы кезде Серғазы да көрінді.

108

– Сереке, – деді әкем дауыстай сөйлеп, – мал жайын жақсы білетін, көпті көрген адамсыз, мына маяны байқап көрсеңіз...

Су өтпейтін брезент сары плащпен қаптаған тон киіп, белін тоғасы қос тісті қалың қайыс белбеумен шарт буған, қату қабақ Серекен қара маяның желініне қол салып көрді де:

– Мен айтпадым ба қысыр деп, – деді.

– Сереке, – деп бірдеңе айтуға оқтала берген әкеме қарап:

– Әй, Мынжас, осы қара мая буаз болса мен де буазбын, айтпады деме, – деп қарқылдап күлді. Серекеннің сөзін естіген жұрт күліп жатыр.

Екі күннен кейін қара мая сойылды. Сол күні қызуым қатты көтеріліп, ауырған мені сыртқа шығармады. Үйге бір құшақ отыны бар шешем кірді. Байқаймын өңі сынық, жанары жасқа толы. Өксік буып, жүзін менен бұра береді.

– Құдайым-ай, – деді аһ ұрып, – біреудің алдағанына нанып... ішінен тайдай тулап ботасы шықты...

Әкем де ренішті. Жүзі күреңітіп, іштен тынулы. Не істесін, өз қолын өзі кессін бе?!...

Кейіннен басқа да түйелеріміз болды. Бірақ, қара мая есімде қалыпты, ерекше мал еді, жануар...



## АҚҚАЙЫҢ

Бала кезімде мектептен үйге келе жатып тын тындайтынмын. Шыңылдаған төс пен балға үні құлаққа келсе, есіктен кіре портфельді атып ұрып, апыл-ғұпыл киім ауыстырып, ұстаханаға жүгіремін. Көрші Түгел ағай темір соғып жатады. Шағын ұстахана іші кәкір-шүкірге толы, мұнда не жоқ дейсіз?! Іздеген шегенді, болтың мен гайкіңді табасың. Ағай әрдайым «кел, кел», деп күліп қарсы алады. Мен темір-терсектен гөрі ағайдың әңгімесіне құмармын.

– Менің әкем соғыстан оралмады, – деді ол бірде мұнайып, – мына қайыңды соғысқа кетерде өз қолымен отырғызған. Сонау бір жылдары осында құрылыс салу үшін келгендер: «Жол тартуға бөгет жасайды», деп ағашты құлатқысы келді. Бірақ шешем жылап-еніреп алып қалды.

Бері жүр бірдеңе көрсетейін...

Ағай жапырағы сыбдыр қаққан, тіп-тік болып өскен ақ қайыңның жанына келіп, ағаштың тізеден жоғарылау жеріндегі қара дақты сипап тұрып:

– Мынау сондағы балтаның ізі, бір әумесер тракторшы әй-шәй жоқ балталап жатқанда, шешем қолына жабысып, шаптырмаған, – деп маған қарады.

Мен жұп-жұқа қабығы ақ қағазша желбіреген қайыңның шойырланып біткен жарақаттай білеуленген діңін алақаныммен аялай сипалаймын...



...Ұзақ жылдардан кейін жолшыбай баяғы балалық шағым өткен ауылға соғудың сәті түсті. Ауыл көп өзгерген. Оқтаудай көше, шатырлы ақ үйлер. Мен білетін көптеген адамдар, Түгел ағай да бақилық болыпты. Ағаның шаңырағын иеленген кешегі қарадомалақтар, бүгінде азамат болып, шекесінен қарайды.

Өз үйімнің орнында өткенді еске алып ұзақ тұрдым. Әлдене есіме түскендей жалт қарасам, әлі бар екен – баяғы ақ қайың! Жапырағы желмен ойнап, алақан соққандай сусылдайды. Еріксіз бұрылып, жанына бардым. Бұрынғыдай емес, бұтақтары салбырап, тамырлары білемденіп кетіпті. Күтімсіздігі көрініп тұр. Балтаның ізі бітіп, шодырайған көзге айналған, сипап едім, қолыма мөлдір тамшы ілікті...

Ақ қайың жылап тұр...



## ӘЛЛӘЗИНА

Ел ішіндегі аты шыққан, аса қайратты кісілер жайында әңгіме қозғалса, менің есіме Әлләзина түседі. Шын есімін жұрт біле бермейді. Орта бойлы, жауырынды, тығыншықтай кісі еді. Кейде «қызыңқырап» жүретін, айтарын бүкпесіз ашық айтып, жынына тигендерді боқтап та жіберетін оған көп адам жолай бермейді. Тек ауыл балалары үйір, бұл бәлкім оның балажандығы шығар...

Бірде оны аудандық коммуналдық шаруашылық мекемесінде көргенім бар. Сол кезде ол сонда жұмыс істейді екен. Жүргелі тұрған су таситын машинаны жібермей тұрды. Мұны көрген жұмысшылар қыран-топан күліп жатыр. Бұған бұлқан-талқан ашуланған шопыр гүжілдетіп газды басады. Байқасам, Әлләзина қозғала берген машинаның артқы жағын көтеріп, екі доңғалағын жерге тигізбей қояды екен. Артқы қос доңғалақ жерге тимей ауада айналған машина орнынан қозғалар емес. Шопыр шыр-пыр болып кабинадан түскенде, Әлекең қарқ-қарқ күліп қоя қояды да, ол орнына отырып, қозғаламын дегенде қайта көтереді. Шашы дудыраған шопыр жігіт кабинаны ашып тұрып, ышқынтып газды басады-ай кеп. Жұртқа күлкі керек.

Аудан орталығының темір жол тұсындағы ауылында тұратын Сәтжан деген жолдас жігіт айтады:





— Жемшөп қоймасы біздің үйдің қасында ғой, бірде бара қалсам тай-тай шөпті машинаға қиюластырып, тиеп жатқан жұмысшылар шөп биіктеген сайын қиналып тұрғанда, Әлләзина келе қалды. Жерде жатқан төрт-бес тай шөпті көрсетіп: «Әй қайсысың мына тайды тиелген шөптің төбесіне бір лақтырғаннан түсіре аласыңдар», демесі бар ма?! Жігіттерде үн жоқ. Өйткені, машинаның қорабының өзі адам бойынан биік, ал оның үстіне төбедей ғып текшеленген шөптің үстіне тай шөпті лақтырып жеткізу екінің бірінің қолынан келмесі анық. Ол жігіттерді жағалай көзбен шолып шықты да бала кезінен темір жолдың балғасын соғып келе жатқан шомбал қара жігіт Тоқанға жақындап: «Інім, сен қалайсың, қане көрсейші», — деді. Көп сөйлемейтін Тоқан: «Аға, көрсем көрейін ендеше», деді де, жерде жатқан тай шөптің бірін қолына алып, бар денесімен созылып, екпіндете лақтырды дерсің. Құдай ондағанда шөп төбеге дөп түсті. «Әп бәрекелде, жарайсың», деп жігіттер кеу-кеулеп жатыр. Қызарақтап, маңдайы тершіген Тоқан екінші тай шөпті көтеріп алды да, жаңағы әдісіне салды. Бірақ, жеткізе алмады, жақтауға соғылған тай шөп жерге түсті. Енді ешкім қозғала қоймады. Әлләзина әлгі тай шөпті қолына алды да ырғап-ырғап лақтырғанда тиелген шөптің төбесінен түсірді. Жерде жатқан үш тай шөпті сол әдіспен бірінен кейін бірін зытырды.



– Ой, пәле-ой, Әлләзина үй қалаудың да шебері дейді ғой.

– Иә, ондайы да бар, – дейді Сәтжан, – өткенде бір ағамыз жаңа ауылдан жер алып, үй салатын болды. Іргетасы құйылған, енді қабырғаларын көтергелі жатыр деген соң, қол ұшымызды берейік деп барғанбыз. Құрылысты Әлләзина жүргізеді екен. Алты-жеті жігіт барған бетте біріміз күрекке, біріміз сүйменге жабыса беріп едік. Әлләзина үй иесіне қарап: «Едіге, маған балшық илеп, жедел жеткізіп тұратын қайратты төрт жігіт болса болды, басқасының керегі жоқ», деп салды. Сөйтті де сайдың тасындай төрт жігітті жанына шақырып алды. Ол салынатын үйдің орнын өлшеп, алдымен жіп кереді де, жіптің ұшына насыбай шақшасын қыстырып қояды. Содан сол шақшаға жеткенше демалмастан қолы қолына жұқпай тас өреді, тек иленген балшық жетісіп тұрса болғаны, ал шақшаға жеткеннен кейін көкбұйра насыбайды рахаттана тұрып атады, бұл – үй қабырғасының бір қатары қаланды дегені. Насыбай шақша артынан Әлләзинаны ертіп, қатардан қатарға биіктей береді.

– Япыр-ай, ә...

– Үй салғанда негізгі салмақ бас шебер Әлләзинаға түседі ғой, дегенмен салынған үй үшін еңбек ақыны бөлгенде ол балшық илеп, тас әперіп тұрған жігіттермен теңдей бөліседі. Кісіге қылдай қиянаты жоқ. Сондықтан ауылдын



белді-белді жігіттері онымен жұмыс істегенді қалайды, – дейді Сәтжан.

Кеңес Одағы кезінде жер-жердегідей қазан төңкерісіне арналып, 7 қарашада дүркіреген мереке өтетін-ді. Жұрт сәнді киініп көшеге шығатын, ат бәйгесін, палуандар күресін, тағы басқа да тамашаларды қызықтайтын. Әсіресе, ат бәйгесі мен күрес сияқты байрақты бәсекелер ашық айтылмағанмен ұлт намысын қоздыратын. Түрікменстанның біз туып-өскен, қазақтар көп шоғырланған Красноводск ауданында мұндай жағдай жиі байқалатын. «Көп көптігін істейді», дегендей қандай жағдайда да, ат бәйгесі болсын, күрес немесе доп ойындары болсын, қазақтың мерейі үстем-ді.

Міне, сондай мерекенің тұсында жұрт боз кілемдегі палуандар белдесуін тамашалауға көп жиналды. Әуелі бала палуандар бастап берген сайыс аты шығып жүрген дара палуандардың белдесуіне ұласты. Осыны күткендей-ақ таяк тастам жерге кеп тоқтаған жарқылдаған ақ «Волга» көп назарын өзіне аударды. Қауқылдасып түскен түрікмендер біреуді машинадан түсіре алмай әлек. Оларды жалындырып барып, сыртқа шыққан алпамсадай жігітті көрген жұрт шу етті. Жотасы гүжірейген, апайтөс Мәмбетберді маң-маң басып таяп келгенде-ақ құлшынып тұрған палуандардың мысы басылып қалды. Сырт киімін шешіп белін қолдан тоқылған өрнекті өрім белбеумен буынған ол



ортаға шыққанда, тұлғасына сүйсінбеген жай қалмады. Білем-білем бұлшық еттері жалаң көйлектен сыртқа теуіп тұр. Төреші: « Бұл Аққұйы ауылынан келген атақты түйе палуан Мәмбетберді, бұған қарсы тұратын палуанды мен көріп тұрған жоқпын. Егер ешкім шықпаса бас байрақ осы кісіге бұйырады», деді дауыстап. Дуылдап тұрған жұрт сілтідей тынды. Жалтақтап қазақтың күреске түсіп жүрген жігіттеріне қараймыз, бірін-бірі қайрағаны болмаса, сыбанып алға шығары жоқ. Атағы көпке мәлім әлгі палуан жұртқа паңдана қарайды. Сол кезде бір кетік тіс қара бала: « Әне жерде Әлләзина аға бар ғой», деп қалды.



116



– Ол қайда, қане? – десті жұрт.

– Әне, Байболдың үйін салып жатыр.

– Жұмыс істеп жатқан адам келер деймісің.

– Түсіндіріп айтса, ол келеді.

– Онда мен барып қайтайын, – деді біздің бір елпең қағып тұратын Есболат деген қызбалау ағамыз. Ол қалың топтан бөлініп шығып, үй салып жатқандарға қалпағын бұлғап, айқай сап барады.

– Ханы гелиң хоу, пәлванларың ниреде? Бәх, бу газаклар нәдийә. (Қане келіңдер, палуандарың қайда? Мына қазақтар қайтеді-ей), – деп түрікменнің палуаны насаттана күліп қояды. «Қанына тартпағанның қары сынсын», деген ғой, бұған түрікмендер жағы мәз. Сексеннің сеңгіріне таяп қалған ақсақалы көзін күннен қолымен қалкалап: «Хай, Мәмметжан, гөзүңе

дөнейін», – дейді емірейіп. Бұл Мәммәтжан көзіңнен айналайын дегені.

Осы кезде, шыдай алмады-ау деймін ауылдағы той-томалақта күреске түсіп жүрген Тәжіқылыш деген жездеміз ортаға шыға келді. Қара жұмыс десе қапы қалмайтын Тәкеннің де дене бітімі кесек, білектері бұлшық етті. Мұны көрген жұрт дуылдап, қошемет білдіре бастады. Мысық табандап аңдысқан қос палуан бір-бірін шап берді де итжығыс түсті. Орындарынан жандәрмен тұра сап, қайта ұстасты, байқаймын жездей сыр бере бастады. Енді бір сәт қарсыласының белден бекем орап, жұлқа тартқан құлашына төтеп бере алмай, жауырынымен жер қапты. Сол-ақ екен жанкүйерлері түрікмен палуанын жерден көтеріп әкетті. Орнынан сылбыр көтерілген Тәжіқылышқа қарадым, жүзін жасырып, теріс айнала берді. Топтан жырылып шыққан оның жанарында жас тұрды...



Сол-ақ екен бағанағы кетік тіс, қара бала жүгіре басып жетті дейсің: «Әне, келе жатыр», – деді. «Келді, келді», – дегенге жұрт қақ жарылып қараса, шынында да Әлләзина! Үсті шаң-шаң, қолында брезент қолғабы: «Уф, неге шақырдыңдар-ей, ал келдім», – деп күліп қояды. Жұрт жамырап жағдайды айтып, сөз соңын намысқа тіреп жатыр.



– Ендеше, алдымен бір шөлмек арақ әкеліндер, сосын күресемін...

– Ау, шырағым-ау, арағың не, намыс қайда?– деді бір шал.

– Әллеке, – деді Қарашбай Әлменов дейтін азамат, – Әллеке, арақ қайда қашар дейсіз, мен ақ алып берейін. Әуелі күресіңізші, мына халық сұрап тұр.

– Жақсы, ендеше шақыр әлгі түрікпенінді – деді Әллэзина.

Жиналған жұрт қайта гуілдеп кетті. Әлекең шаң-шаң болған сыртқы шалбарын шешті. Ішіндегі ақ дамбалын тізеге дейін түрді. Иығы сетінеп, жыртылған көйлегінің жеңін шынтаққа дейін қайырды да кілемге аяқ басты. Бұл кезде мәре-сәре болған жанкүйерлерінің ортасында минералды сумен аузын шайып, бүркіп тұрған Мәмбетберді оны көріп, айтқызбай-ақ маңғаздана ортаға шықты. Оның қас-қабағынан Әллэзинаны менсінбеушілік байқалады.

Көптің дуылдаған қошеметімен екеуі белдесе кетті. Мәмбетберді әдеттегі әдісіне салып, қарсыласын шырқ үйіріп жерге ұратындай көтере тартып еді, серіппедей сіресіп қалған, зілдей Әлекең қозғалмады. Былай-олай сілкілеп ештеңе шығара алмаған түрікмен палуаны: «мынау не пәле», дегендей басын шайқап, ернін тістеледі. Қараторы өңі қанкүрең тартқан Әлекең де оңайға түспеді. Маңдайынан тер білінді.

Екі жақ әрқайсысы өз палуанын қоштап, қиқуға басты:

– Әп, бәрекелді!

– Көтер, Әллэзина көтеріп ұр!

– Уа аруақ!



– Қолдай гөр, Бекет ата!

Мәмбетбердінің әр қимылын қапысыз бағып, әл бермеген Әлләзина оңтайға келді-ау дегенде шалт қимылдады. «Әуп», деп Мәмбетбердіні жерден жұлып әкеткен ол, алып ұрды. Жиналған жұрт, әсіресе қазақтар жағы делебесі қозып, айқайға басты. Шалқасынан оңбай жығылған түрікменнің түйе палуаны әп дегенде орнынан тұра алмады. Оған қарап жатқан Әллеке жоқ, Мәмбетбердінің дөңкиген төсіне құйрығын басып отырып:

– Әй, мен мынаны жықтым ғой, арақтарыңды әкеліндер!– деді. Оның сырын білетін жігіттер бір шиша «Экстра» арағының тығынын ашып, дайындап та үлгерді. Оның анау-мынау стаканды қомсына лақтыратынын білгендей, кәрлен кесені қолына берді Ол жарты литр «ақанды» сарқа құйды да, бір-ақ тартты. Содан соң жанында жүрелей отырып қалған Мәметбердіні қолынан тартып тұрғызды да: «Әлі жассың, бірақ түбінде сенен жақсы палуан шығады», – деп құшақтап, арқасынан қақты.

– Жаңағы қазақтың палуаны қайда, аты кім еді? Ау, Әлеке, Әлләзина дедіңдер ме, шақырыңдар бері, – деген төрешіге де мән берген жоқ.

– Маған деген байрақты ана Қоштай ақсақалға бере салыңдар, нағашылығы бар, сол алсын, – деді де, көпшіліктен сытылып шығып, жөніне кетті.



Қазақтың палуанының жеңгенін ауыздан тастамай, біразға дейін дуылдасқан жұрт көп ұзамай оны ұмытып та кетті.

Тек қана қажет кезде намысқа бағып іздейтіміз бар. Өйткені, қазақпыз ғой, ой, Алла-ай!...

Автордан: Ұзақ жылдардан кейін мен Әллэзинаның шын аты-жөні Сағындық Тоқаев екенін білдім. Бүгінде ағамыз Маңғыстаудағы Мұнайлы ауданы Басқұдық ауылында тұрады екен.

*29.05.2012 жыл.*





## САРЫ КЕМПІР

Теміржолшы әкеміздің қиян шеттегі Тақыр стансасына қызметке ауысып, көшіп келгенімізге де көп болған жоқ-ты. Тақыр десе тақыр, көсенің сақалындай тырбық жусаны мен адыраспаны, жол бойына тырмыса өскен азынаулақ жантағы бар жердің атауы қалай тауып қойылған десеңізші?! Белес-белес құм төбелер, ақ тақырлар. Стансаға жапсарласа салынған екі отбасылық типті үйлерден өзге сонадай жерде қолдан соққан жатаған кепелер, қора-қопсы... Алғашында жана қонысымызға жатырқай қараған біз бірер күнде-ақ ауыл балаларымен тіл табысып, тез үйренісіп кеттік. Әсіресе, кетік тіс, шұбар бет Амантұр мен сығыр көз, сары бала Ғабдол інім екеуімізге үйірсек. Айналсоқтап келе береді. Бұған шешеміз мәз:

– Ой, айналайындар, қане шайға келіндер, – деп асты-үстеріне түсіп жатқаны. Шайымызды іше сала дүркіреп сыртқа шығамыз. Бірде Ғабдол: «Жүр, тақырға барып тышқан аулайық» деді. Келісіп алғандай, Амантұр екеуі бір-бір құтыдан су алыпты. Тақырға жеткеніміз сол еді. «Міне, таптым мынау тышқанның іні», – деген Ғабдол оймақтың аузынан сәл үлкендеу беті қопсыған топырақпен көмкерілген інді көрсетті. Өзімен ала шыққан күрекшесімен қазып, шұңқырлады да, лақылдатып су құя бастады. Бір кезде нән қосаяқ тышқан оқша атып шығып, ұзын қара құйрығының ұшы ағараңдап, қаша

жөнелді. Төрт бала, екі ит құа жөнелгенімізбен шаң қауып қалдық.

Бір қызығы бұл ауылда қойшы жоқ екен, қойды кезектесіп бағады. Көп ұзамай кезек біздің үйге келгенде малға шешем кетіп, інім екеуміз кешке алдынан шықтық. Мал ауылға кешендеу, ымырт үйіріле келді. Он шақты уақ жандықты суарып, қораға қамап болғанмыз сол-ақ еді. Айқай-шу шықты.

– Әй, біздің кер ешкіні қайда қалдырдыңдар? Кербезсінген сен қатын малға кетті дегенде-ақ суканым сүймеген. Міне, сол ойым дәл келді... – деп қос балдаққа сүйенген бір сары кемпір сонадайдан тепсіне жетті. Шаңқылдаған даусы құлақты жарып жіберердей қатты шықты. Оның алдынан шыққан шешем:



122

– Апа, таңертең ешкіңіз ақсап қалыпты, алып қалыңыз деп балаңызға айттым емес пе?



– Айтпай кет, айтпай кеткір, шайлық сүтімізді айырып отырған ешкі еді, енді оны да көпсінгенің бе, қу Құдай?

– Әже, қойшы енді, – деп қарынан ұстаған немересінің қолын қағып жіберген кейуана гөй-гөйге басып, бет бақтырар емес. Сөзінің аяғын:

– Уа, бізге қас қылғанды бабам Қонайдың аруағына тапсырдым, – деп түйіндеп тастады.

– Апа-ау, түсініңізші, сізге қас қылатын жөніміз жоқ, ешкіңіз табылар. Ал, Қонай әкемізге келсек, ол бәрімізге ортақ, – деген шешеміз өзінің де кенже руының қызы екенін сездіргендей болды.

Айтқандай-ақ ертеңіне жүре алмай бір бұтаның түбіне жатып қалған кер ешкі табылды.

Осыдан кейін менің сол бір айқайшыл сары кемпірге деген өкпем тарқамады. «Жаңа көшіп келгенімізде жерден алып, жерге салатындай не жазып едік», деген күпті ой бала да болсам көкейімнен кетпей қойды. Оны көрсем әзірейіл көргендей алыстан қашатын болдым. Бірақ кішкентай ауылда кездеспей тұра алмасың белгілі. Байқаймын, менің бұл қылығымды әжеміз де сезетін сияқты.

Бірде зеңгір көкжиекпен астасқан бұйрат-бұйрат құм төбелерді қызықтап, қиял жетегінде ауыл шетіне шығып кеткенімді байқамаппын. Сонадай жерде ақ тастан қаланған жалғыз үй тұр. Бұл бала-келіндерінен бөлек тұратын әлгі сары кемпірдің үйі деп естігенмін. Әне, ол сыртқа шығып, қора маңында аялдады да бұрылып, мен жаққа қарады. Байқамағансып, ауылға қарай жүре беріп ем, айқай салды:

– Әй, бала... кім еді, о... құдай-ау, әй, Телғара! Телғара ма, Тайғара ма, әй, саңыраумысың-ей...

Мойын бұрып ем.

– Әй, айналайын балам, бері кел, бері кел, – деп қолын бұлғады. Жанына барғанда байқағаным, өткендегі адуын кемпірдің орнында көзінен нұр, жүзінен мейірім төгілген кейуана тұрды. Күмілжіңкіреп сәлем бердім.

– Әликисәлем, ой, айналайын! Үйге кір, балам, Телғаражан, – деп есік ашты.



Аядай бір бөлме болғанымен құстың ұясындай жылы да жинақы екен. Жұқаяқтың үстіне оюмен бедерленген, көне сандық қойылып, көрпешелермен жиналған, бұрышта ораулы кілем, текемет. Әжей қарап отырмай жүн түтіп-иіріп, одан шұлық тоқиды екен. Қолдан басқан түрікмен текеметінің үстіне әдемі көрпешелерді төсеп тастапты. Мені қояр да қоймай төрге отырғызып, алдыма шағын дастархан жайып, ірімшік пен құрт, балқаймақ пен қант сынды тағамдарды үйіп тастады. Содан соң, кейпіме, қас-қабағыма қарап қойып, әке-шешемнің жағдайын, оқуымды сұрады. Байқаймын, әңгіме айтып, шер тарқатар кісі іздейтін сыңайлы.



124



– Уай, жалған-ай бәрі де өтеді, әлі-ақ зінгіттей жігіт боласындар, ендігі заман сендердікі ғой. Бізді айтсаңшы, жоқшылықты, аштықты, жалаңаштықты, бәрін көрдік. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі», дегендей шүкірміз әйтеуір...

Оны жаңа көргендей бетіне қарағыштай берсем керек.

– Немене, жиенжан мына кемпірдің мұнысы несі деп отырсың ба? Сендерді іш тартатыным рас, өткенде ұрсып жүргенім де өзімсінгендіктен әрине... Сенің шешең бәле, ауылдың қатындарымен ұрысып-керісуді білмейді, бар айтатыны: «өзіңе көрінсін, ниетіңнен тап», одан ұрысқан бола ма?– деп күліп қойды.


– Өке-шешен айтпады ма мен жайлы, Балғара екі мінезді, жаман кемпір деп... Балашем уақиғасын естімеп пе ең? .

– Иә, айтқан сияқты еді, – дедім. Шынында да шешемнің еміс-еміс әңгімелерін құлағым шалғанмен тиянақты ештеңе білмеймін.

Мұны күмілжіп қалғанымнан-ақ аңғарған ол ұршығын иіріп қойып, әңгімесін бастап кетті.

...Иә, ол кезде жаңа түскен жас келін Балғара күйеуі Өтеу, қайнысы Демеумен Түрікменстанның Балқан өңіріндегі Балашем стансасында тұратын. Ат-анадан ерте айырылған қос жігіт туған-туыс дегеннен жұрдай-ды. Құдайдың жеткізгені ғой, өзі келін болып түсер-түспестен қайнысы Демеу көрші ауылдың бір қызын алып жетті. Обалы не керек, өзіне тете Илаш келін екеуі майлы қасықтай жарасып кетті. Қатар өскен қос құрбыдай екеуінің сыры да мұны да бір, егіз қозыдай, бірге тұрады, бірге жүреді. Қолы ашық, пейілі кең Илаш та Балғара десе етінен ет кесіп беруге бар. Ибалы да инабатты қос келінге көрші-көлем разы, күйеулері Өтеу мен Демеу мәз.

Осындай тыныш тірішілікті сол жылдардағы ауылдарға, темір жол стансаларына шабуылдайтын басмашылар бұзатын. Ел арасында «ана ауылды шауып кетіпті», «мына ауылды қырып кетіпті», деген суық хабар естіліп жататын. Әдеттегідей теміржол жұмыскерлері Өтеу мен Демеу ертелетіп жол бойына жұмысқа кетті



де, Балғара мен Илаш сауын түйелерді өріске шығарып, бірер уақ жандықты қойға қосып, таңертеңгі шайларын енді ауызға ала бергенде Илаш шошып кеткендей: «Тоқташы, бірдеңе тарс етті... мылтық атылғандай болған жоқ па?», – деді. Екеуі құлақ түріп тұра қалды да, шаң-шұң көбейіп бара жатқан соң біріне-бірі ілесе сыртқа шықты. Станса жақтан көрші үйде тұратын, толық келіншек Мәнет, тағы біреулер ебіл-себіл болып, жүгіріп өтті. Ештеңеден хабарсыз, үрпиіп тұрған бұларды көріп қалған ол:

– Ойбай, тығылындар, басмашылар келіп қалды! – деді.

– Қайда?..

– Қайдасы несі-ей, осылай қарай шауып келе жатыр, – деп станса бастығы Бағықбай қапылып, жан-жаққа хабарлап жатыр. Бұл тұрыстарыңа жол болсын...

– Енді не істейміз?..

– Жарымессіндер ме... қыз-келіншек көрсе, алып кетеді дегенді естімедіңдер ме... Әй, Балғара, не ғып тұрсың-ей состиып, бір жерге жасырынбайсыңдар ма?...

Күтпеген хабардан абдырап қалған бұлар естерін жиып, апыл-ғұпыл үйге кіргенмен, не істеуді білмеді. Сасқалақтаған Илаш есіктің ішінен ілгішін салды.

– Құдай-ау, мұның құлпы да жоқ, мына ілгіш бір тартқаннан қалмайды, – деп Балғара жылап қоя берді. Бұған онсыз да жыламсырап тұрған



Илаш қосылды. Сөйткенше болған жоқ шаңшұң дауыс, сатыр-гүтір жақындай түсті. Ат тұяғының дүрсілі, кісінегені анық естілді. Біреу есікті тартқылап, іштен ілінгенін байқаған соң тарсылдатып тебе бастады.

– Бу кимиң өйи, ханы ачың... (Кімнің үйі, қане ашыңдар)

– Гой ачмаса ачмасын, отламалы (Ашпаса ашпасын, өртейміз).

Сөз соңы қарқылдаған күлкіге ұласты. Бұлардың айтқандарын түсінген Илаш қорыққаннан дір-дір ете кемсеңдеп, Балғараны құшақтай алды. Мұның да жетісіп тұрғаны шамалы. Бірақ алғашқыдай емес, өзіне-өзі дем беріп, батылданып кетті.

– Жоқ, үймен бірге өртеніп өлгенше, алысып өлеміз, есіңді жи!

Бешпентін кие сала белін ілулі тұрған қайыс белдікпен буды. Мұны көрген Илаш та жылай жүріп, шалт киіне бастады. «Қане, көрейік бұл шақша бастарды», – деп жігерлене күбірлеген Балғара Илаштың кес-кестегеніне қарамастан есікті ашып жіберді. Ат тұяғымен есіктің алдын шаңдатып тұрған басмашы-түрікмендер қауқылдасып қалды. Балғараның ендігі ойы қашып шығып, көрші-қолаңға қосылу болды. Илаштың қолынан мықтап ұстап: «Қорықпа, көршілермен бірге боламыз», – деп сыбырлады да, екеуі үйден ата жөнелді. Көзге түскен дүниені түгел қиратып, тонап жатқан басмашы-



лар мұндайды күтпесе керек. Қаба сақалды, қара түрікмен шауып келіп, Балғараны қамшымен осып өтті. Қайырылып келіп, екеуін әй-шәй жоқ қамшының астына алды. Шашы қобырап, еңіреп жіберген Илашты қорғаштаған Балғара соққының астында қалды. Бетін, білегін қамшы тіліп, шып-шып қан шықты.

Осы мезет станса жақтан тарс-тұрс мылтық атылып, басмашылар даурыға бастады. Жырық ерін, сіліңгір қара түрікмен қаба сақалға қарап:

– Гурбанмәд, бу газак гызлар оваданжа экен... (Гурбанмәд, мына қазақ қыздар сұлу екен), – деді.

– Баллы, бейле дийсең әкидмели боларыс... (Баллы, ендеше алып кетейік).

– Болжак, яшулы... (Ақсақал, жарайды ендеше).

128

Бұлардың сөздерін түсінетін Балғара өліспей беріспеуге бекінді. Илашты лақша өңеріп әкетуге ұмтылған түрікменнің қамшысының ұшынан ұстап, білегіне орап, жұлып алды. «Бә, нәтті-ай, мұңа серет» (Мынаның қылығын-ай, қарай гөр өзін), – деп ашуға булыққан түрікмен атынан секіріп түскенде, станса жаққа жалтақ-жалтақ қараған басмашылардың алды қашуға бет алғанды. Бірақ, атын бос қоя берген әлгі басмашы жолдасын шақырды:

– Гурбанмәд!.. Гурбанмәд...

Ол да шауып келіп, атынан секіріп түсті. «Екеумізді айырып, өңгеріп әкеткілері келеді,



менен айырылма, бекем бол!»», – деген Балғара Илашты қапсыра, құшағына тартты. Екі түрікмен екі жақтан тартқылағанмен тұтас бір денеге айналғандай, құшақтары жабысқан екеуін ажырата алмады. Боктап, жерге түкірген қаба сақал, камшыға ерік берді. Үстіндегі киімдері жүндей түгіліп, дал-дұлы шықса да, құшақтарын айқастырған екі әйел ажырап емес. Екі адамды бірдей өңгеріп кетуге басмашылардың жүрегі дауаламаса керек. Ашудан түнеріп кеткен қаба сақал Балғараның құлағындағы сырғаларын жұлып-жұлып алды. Қынапқа қолды салды да, енді қарайлауға болмасын ұғып, атына ұмтылды. Екеуі де аттарына әрең үлгеріп, қашумен болды. Станса жақтан жүгіре жеткен жауынгерлер олардың соңынан қуа түсіп, тарсылдата оқ жаудырды. Әп-сәтте кара-құра жиналып қалды.

– Мына сорлылар өлді-ау, – деп жанұшыра жеткен Іңкәр кемпір бұлардың қарысып қалған құшақтарын жазуға кірісті. – Кетті ғой көгермегірлер, елді дүрліктіріп, Мәнет-ау, қайдасың, көршілерін шақыр...

– Құдағи, әлгілер станса кезекшісі Незновты өлтіріп кетіпті, Ақөйли ара түспек болған екен, оны да атып, жаралапты. Стансаның артындағы дүкенді дым қалдырмай тонап кетіпті...

– Дүниесі құрсын, ойбай, адамдарды айтсайшы...

Есін жиған Балғара, айқасқан құшақтар жазылғанда екі аяғы сал болғандай ұйып, жер-



ге құлап түсті. Құлағы мен жүзінен аққан жылымшы қан сорғалап қойнына құйылып тұр. Қатты қорқып, жылағаны болмаса Илаш бұған қарағанда тыңдау екен. Құманмен жылы су әкеліп, мұның беті-қолын жуа бастады...

– Міне, шырағым, бір өтірігі жоқ басымнан өткізген жайды көп адамға айта бермесем де, құлағында қалсын деп саған айтып отырмын. Жұрт бүгінде сары кемпір атап кеткен Балғара деген шешең міне, алдыңда отыр. Күнінде сылқыған келіншек едік, о... құдай-ай...енді бір аяқ төрде, бір аяқ көрде дегендей...

Мен кейуананы жаңа көргендей жүзіне, сырғалығы жырылған құлағына қарай беріппін...

Жылдар жылжып, арада көп уақыт өтсе де, кіршіксіз ары үшін жанын құрбан қылуға бейіл, ақылына батылдығы жарасқан абзал анамыз, сары кемпір атанған Балғараның асыл бейнесі есімде сақталып, айтқан әңгімесі көңілімде қатталып, қолыма қалам алғызды.



## БАЛА КҮНГІ ДОС

– Телғара, міне Сұнғаттың үйінің әдірісі,  
– деп Елеусін бөлмеге түбі түскен шелек-  
тей салдырлай кірді. Аяқ киімін шешпестен  
күректтей алақанымен қалталарын тінтіп,  
«Беломорканалдың» қорабына тұқыл карандаш-  
пен сүйкей салған әдірісті ұсынды да:

– Міне, көрдің бе менің арқамда көп жыл  
көрмеген досыңмен кездесетін болдың, – деді  
күліп.

– Немене, сонда сен қалмағым ба едің, сен де,  
ол да бала күнгі дос емессіңдер ме?

– Қусың... ә, Телғаш, оны менен жақын  
тұтатыныңды білмейді дейсің бе? Өздеріңше  
орыс балдармен шүлдірлесіп, біздерді  
менсінбейтінсіңдер, қане айтшы, менікі жаңсақ  
па?

– Ту, Елеужан-ай өткенді қозғап қайтесің...

Ренжіген сыңай танытқан мұны қапсыра  
құшақтаған Елеусін:

– Әзілім ғой, ренжіме, – деді де, Шетпеден осы  
үшін келгенін, асығыстығын айтып, шығумен  
болды.

...Иә, айтса айтқандай, үшеуі үлкен қалаға  
іргелес ауылда бірге өсті, яғни бір сыныпта оқып,  
бірге ойнады. Әсіресе, Сұнғат екеуінің отбасы  
теміржолшыларға арнап салынған екі қабатты  
үйде көрші тұрды. Үшеуі де футбол ойыны десе  
ішкен астарын жерге қоятын. Елеусін «Қазақ  
ауыл» командасының белді қорғаушысы болса,



Сұнғат «Теміржолшы» командасының капитаны, ал Телғара шабуылшысы болды. Жасөспірімдер арасында «Теміржолшының» аты аймаққа мәлім, дүрілдеп тұрған командаға айналды. Ойын үстінде бірін-бірі ыммен түсінетін Сұнғат пен Телғара соққан доптар талай рет қақпада тулап жатты. Содан болар, әлгі Елеусін айтқандай, Телғара Сұнғатты өзіне жақын тұтатын-ды.

Бұлар бесінші сыныпты бітерер жылы үлкен мұнайы ашылған, қазыналы Маңғыстауға теміржолшылар, әсіресе, тепловоз машинистері керек деген хабар шығысымен, алдымен Елеусіннің, көп ұзамай Сұнғаттың отбасылары көшіп кетті. Телғара содан кейін оларды көрген жоқ. Тек қана барып-келіп жатқан ағайыннан Елеусіндер Шетпеге, Сұнғаттар Маңғыстау стансасына қоныстаныпты дегенді еститін...

132

Міне, араға жиырма жыл салып өзі де аты аңызға айналған атажұртына қадам басты. Келгеннен-ақ көкейінде баяғы бала күнгі досым Сұнғат осы өңірде тұрады-ау деген ой бір сәт те тыншу бермеді. Қызметке де тұрды, құдай айдап, жатақханаға да қолы жетті. Ойлайтыны – ауылда қалған жанұясы және құлын-тайдай тебісіп өскен Сұнғатты қалай да іздеп табу. Танитын адам кездесе, ол білсін-білмесін бала күнгі досы Сүйеубаев Сұнғаттың отбасының қайда тұратындығын сұрайды. «Сұрай-сұрай Меккеге де барыпты», деп атам қазақ айтпақшы, олардың Маңғыстау стансасында екенін естіп, қолы бос күндері барып та қайтты. Бірақ нәтиже

жок. Станса, депо жұмыскерлерінің кейбірі «е, білеміз», дейді де, өкінішке қарай мекен-жайларын анық айта алмайды. Тұрғын үйлердің маңын шолып та көрді. Бір таңқаларлығы жұрт бірін-бірі танымайтын, тіпті таныса да айтпайтын сияқты көрінді Телғараға.

Ал, Елеусін мұны өзі тапты. Бірде жатақханадан шығып, өз ойымен өзі болып, қала орталығына қарай жүре бергені сол еді: «Әй, Телғарамысың-ей!», дегенге жалт қарады. Екі езуі құлағына жете күліп тұрған, балпанақтай қара жігіт ес жиғызбай құшағына көмді. Телғара да оны бірден таныды. Уақыт өзінің ізін қанша салғанымен баяғы өзі бірге доп тепкен Елеусіні. Кекілі желбіреген қара бала орта бойлы, «сен тұр мен атайын» дейтіндей, білекті, төртбақ жігітке айналыпты. Баяғы аңқылдаған ақ көңілі сол қалпы. Екеуі бір-біріне қарайды да, күледі. 133

– Қой бұл не тұрыс, жүр мен мына жатақханада тұрамын, барып сөйлесейік, – деді Телғара.

– Сенің келгеніңді Оралдан естідім. Оны білесің біздің қазақ ауылда тұрды, қалқан құлақ, сары бала. Ойын үстінде аяқтан тепті деп онымен талай ілінісіп қалатынсың, – деді Елеусін, – сені қалам ұстаған тілші, оқымысты деп естідік. Біз баяғы әке жолын қуған, қарапайым теміржол монтері...

Екеуі өткен-кеткенді айтып, ұзақ әңгімелесті.

– Баяғы Сұнғат досыңа бармадың ба? Біз сияқты емес ол, бастықсымақ. Қаракөз деген келіншегі де сол мекемеде, есеп-қисап жағында.

Тұрмыстары жақсы. Кәнтөріміз стансада болған соң Шетпеден анда-санда келіп-кетеміз. Біздің ауылға жүр, шешем «құдабала қалаға келіпті деп естідім», деп сені сұрап қояды. Сұнғаттың үйін таба алмағаның қызық екен, мен дәл әдірісін әкеліп берейін, – деп кеткен еді Елеусін.

Енді міне, уәдесінде тұрып, мұның Сұнғат досының әдіресін беріп кетті.

Бұған қатты қуанған Телғара бал дәурен шақтарының қызықтарын еске алумен болды. Жаздың ыстық күндері қазағы-орысы аралас бір топ бала уақыттарын үйлерінен жарты шақырымға жетер-жетпес жердегі көк теңіздің жағасында өткізетін. Сөйтіп жүріп, суда жүзудің небір түрін, қармақ салуды, қайық есуді үйреніп, шыңдалып өсті. Орыстың көрші тұратын ересек жігіттері бұларды бокс, футбол үйірмелеріне тартып, қала, облыс көлеміндегі жарыстарға да салды. Балалардың ауыл-ауылға, сынып-сыныпқа бөлініп, жұдырықтасуы ол кездерде де болатын. Бірақ, бас жарылып, көз шықты деген естілмейтін, қалай басталса, солай тез басылатын. Осының барлығында Сұнғат екеуінің жұбы жазылмады. Қаншама уақыт өтсе де бәрі-бәрі әлі күнге көз алдында, еске алса жүрек шіркін, елжіреп қоя береді...

Сұнғаттың Қали, Аман, Ырысалы сынды үйелмелі-сүйелмелі інілері болды. Ауыл балаларының ортасында алшаң басатын олардың асығы әрқашан алшы түсетін. Біреулер бірдеңе деуге Сұнғаттан сескенетін. Досының



біреу рет ондайлардың «қалпағын қайырғанын» Телғара жақсы біледі. Бірде сыныптастарының айдап салуымен Қалидың өзінен екі жастай үлкен Телғараға да тиіскені бар. Енді байқады төңірегіндегілер бұл екеуінің текетіресіне қарап қалыпты. Балалардың күлгеніне арқаланған Қали төбелеске бармай, қолын бір сілтеп кетіп бара жатқан мұның артынан бір тепті. Намыстан күйіп кеткен Телғара қайырыла беріп, өкшесімен оның ішінен соқты да, ес жиғызбастан тұмсықтан қондырды. Мұрнынан қаны дірдектеген Қали інілерінің сүйеуімен үйіне қарай кетті. Мұндайды күтпеген балалар ашық айтпаса да, Сұнғаттың келіп, өш алуын күтті. Телғара да тиісіп жатса, қарап қалмауға бекінді. Әліптің артын баққандар өздерінің үйреншікті ойын алаңына ағайынды Сүйеубаевтардың бір айналып соғатынын біліп, тарап кетуге асықпады. Айтқандай-ақ, олар бірінен кейін бірі келді де, ештеңе болмағандай ойынға араласып кете барды. Көп ұзамай Сұнғаттың төбесі көрінді. Балалармен сәлемдескендей болды да, Телғараның жанына келіп, мойнына қолын салды:

– Қали, – деп інісін шақырып алды да: – ендігәрі Телғараға тиіспейтін бол!

Бұған қарап:

– Телғаш, екеуің төбелеспесеңдерші, – деді өтінгендей...

Осының бәрі есіне түсті Телғараның. Арада жиырма жыл өтсе де, сол бір бақытты да алаңсыз шақтарды қалай ұмытсын... Шіркін,



Сұнғат қандай болды екен?! Оның жүріс-тұрысы, сөз саптасы, қағілездігі, пысықтығы бәрі күні кешегідей есінде. «Маған несі шығар дейсің, қызмет, тұратын жатақхана бар, тіпті болмаған күнде де оған тіс жармаспын» деп ойлаған ол, демалыс күні Маңғыстау стансасына барып, қолындағы әдіресте көрсетілген жаңадан салынған көп қабатты үйді, досының пәтерін тез-ақ тапты.

Жүрек шіркін, аттай тулап, ауызға тығылды. Есікті ашқан қараторы келіншек бұған сұрақ белгісімен аңтарыла қарады. Дәлізде тұрып қалған бұл не алға басарын, не кейін шығып кетерін білмей қаралай қысылып, аузына капелімде сөз түспей күмілжіді:

– Бұл Сұнғаттың үйі ме? .

Ажырая қараған келіншек бас изегендей ишара білдіріп, ләм-мим деместен ішкі бөлмеге кіріп кетті. Біраздан соң Сұнғат шықты! Баяғысы, мандайына білінер-білінбес әжім түскені болмаса бақырайып қарап тұр. Бойы да сол қалпында, тікірейген кірпі шашы да бұрынғысы...

– Танымадың ба? Мен Телғарамын ғой!

Ол мұның жүзіне бір қарап алып, таныған жоқпын дегендей, басын шайқап, иығын қиқаң еткізді. Телғара содан бастап кетсін. Ауылдағы футбол командасын, бірге ойнаған балалардың аттарына дейін шұбырта жөнелді.

– Одан бері ұзақ уақыт өтті ғой, есімде жоқ,  
– деді Сұнғат.





Әбден күйіп кеткен, енді не айтарын білмеген Телғара қолындағы ораулы газетпен алақанын бір ұрып, бұл соңғы сөзім дегендей:

– Сұнғат, шынымен танымадың ба?– деді.

– Ия...

– Болды, ендеше!

Телғара үйден қалай ата жөнелгенін білмеді. Өзінің осы жүрісіне қорланғандай, көкірегіне ащы өксік тірелді. Сыртқа шыққанда бір-ақ байқады, күн шаңытып, аспан күреңітіп кетіпті. Мұның қалаға жүргелі тұрған автобусқа үлгеріп, бос орынға жайғасуын күткендей баданадай тамшылар әйнекті ұрғылап, ақ жаңбыр төпей жөнелді...



## СОЛ БІР НӘЗІК СЕЗІМ

Досы Қуантқанның келін түсіру тойынан үйіне келіп, төсегіне қисайғанмен, Рүстемнің көзі ілінбеді. Япыр-ай, Нұрашпен ойда жоқта кездесіп қаламын деген ой үш ұйықтаса түсіне де кірмепті-ау. Ту сыртынан қадала қараған әдемі келіншекті көзі шалғанда да сол шығар деп ойламапты. Наздана күліп тұрған оның жанына таяп барғанда ғана жүрегі құрғыр селт етті.

– Сәлеметсіз бе, танымай қалдыңыз ба, мен Нұрашпын ғой...

Абдырап сол ма, сол емес пе деп қалғаны рас-ты. Қапелімде аузына сөз түспей, күнде көріп жүрген жанша:

– Амансыз ба, айналайын, халыңыз қалай? – депті ғой.

138

– Рүстем, жаным-ау, жазғандарыңды тастамай оқып, жұртқа «менің ауылдасым» деп мақтанып қоямын. Кеше ұяң қара бала едің, енді міне, ел таныған азаматсың. Бізді менсінер емессің, шекірейіп далаға қарайсың...

– Нұрашжан, олай деме, менің ондай адам еместігімді басқа білмесе де сен білесің ғой. Өзіңді көрмегелі отыз жыл, қалай әп-сәтте тани қояйын, баяғыда талдырмаш қыз ең бүгін тоқтасқан келіншек болыпсың...

– Кемпір болыпсың дегің келеді-ау, ә... Сенің де жетісіп тұрғаның шамалы, мына қарын қайда барады-ей, кәдімгі жуан қараның өзі болыпсың...

Сөзінің аяғын күлкіге айналдырған ол:

– Қазір осы қаладамыз, бала-шағаның алды ержетті, енді солардың тілеуін тілеп жүрген жайымыз бар. Рүстемжан, аман жүр жаным, сені бір көрсем, әңгімелесем деуші едім, айтарым көп сияқты еді. Жас кезінде адам оң-солын білмейді, әркімшілердің азғыруына ереді екен, бәрін кеш ұғып, кеш түсіндім. Әуелі бала-шағамның, сосын сыртыңнан болса да сенің тілегінді тілеймін, басқа қолдан келер енді не бар, Рүстемжан...

– Нұраш-ау, сені не үшін кінәлаймын. Бәрі жақсы, сен дегенде мен де жақсы тілектемін, аман бол!

...Балалық шақтың қызығы алыстап, бозбала боп бой түзегенде көзі түскен-ді Нұрашқа. Құдды тырнаның балапанындай, ұзын сирақ қыздың өсе келе қараторының көз сүріндірер әдемісі боларын кім білген?! Көп арасында көздері түйісе қалғанда қымсына қызарақтайтын бойжеткеннің мұны ұнататынын іші сезетін-ді. Екеуі келісіп қойғандай ауыл арасында жиі кездесіп қалатын. Ол кезде біреу үйленсе кешке отырмағын, ертеңіне таңертең тойын жасайтын. Отырмақ дейтін қазіргі кеш. Отырмақтың хабарын естіген ауыл жастары шақырту күтпейтін, ал үлкендер жағы отырмаққа емес ертеңгі тойға баратын, ал жастардың басқосуына бас сұқпайтын. Бір үйдің сыртқы жарығы «мен мұңдалап», ошақтағы нән қазандардың оты жалпылдап, қатарласа қойылған самауырлар ұшқындап, оның үстіне ән әуелеп жатса, отырмақтың болып жатқаны.



Бота тірсек шалбарының қырын шығарып, ақ нейлон көйлегін білекке дейін түріп алатын Рүстем мектеп бітіргелі отырмақты қалт жібермейтін болды. Оқуға кетуіне көп балалы отбасының жағдайы көтермеді. Бір жағынан жұмыс істеп, жасы жетсе де қолынан күрегі түспеген әкесіне сүйеніш болғысы келді. «Жан жетсе оқу қайда қашар дейсің, көп болса сырттай оқырмын», дейтін сұрағандарға.

Әлі есінде, бірде көрші тұратын Дауылбай дейтін жігіт үйленіп, отырмағы болды. Рүстем бір топ қызбен Нұраштың келгенін байқап қалды. Ол кезде жастар көбінесе вальс билейді. Екеуінің жұбы жазылмады. Бір би біткеннен кейін екіншісі басталысымен екеуі бірін-бірі іздейді. Рүстемнің алдын орап барған жігіттерді Нұраш маңайлатпайды. «Ғашықтық тілі тілсіз тіл» дегендей, би үстінде бір-бірін іштей ұғысып, көзбен түсінісіп, қос жүрек бірге соққандай болды. Отырмақ бітер-бітпестен ду көтерілген құстарша, қыздар дүркіреп шыға жөнелді. Нұрашпен жолығып қалуды ойлап, бұл да сыртқа асықты. Қыз сыңарын күткен еліктей ойқастап тұр екен. Сөйткенше болған жоқ би үстінде одан көз алмай көп қараған, көрші ауылдың Нұрхан дейтін жігіті қызға таяп қалыпты. Бірақ, Нұраш бірдеңе деп бетін қайтарса керек, қолды бір сілтеп, шуылдаған, көңілді топтың артынан ілесе жөнелді. Жүрегі аттай тулап, алып-ұшқан Рүстем Нұрашпен



қатарласа бергенде қолы-қолына тиіп, жұпар аңқыған шашы жүзін қытықтады. «Үйден біреу шыға келуі мүмкін, Рүстем, ... қойсаңшы...», – деп наздана сыбырлаған Нұраштың жүзінен, ернінен алғаш рет сүйіп, қимай қоштасты.

Осыдан кейін-ақ екеуі уәделесіп қойғандай күн сайын кездесетін-ді. Ел орынға қонар-қонабастан бұл шығады. Екі көзі көшенің қарсы бетіндегі қыздың үйінде. Ол шықпаса түнімен күтіп отыруға бейіл. Селт еткен дыбысқа елендеп тұрғанында ауласының есігі сықырлай ашылып, Нұрашы келе жатады. Содан айлы түндерде екеуі ұзақ сырласады.

Бірде Рүстемнің қыз күтемін деп «ұры» атана жаздағаны да бар. Зат салатын қора-қопсының бұрышын ықтап тұрған-ды. Қарсы үйден қолында легені бар бала шыға келіп, қол жуған суды шашып төкті де мұны көріп, үйге қайта кіріп кетті. Сол-ақ екен көрші тұратын соғыс мүгедегі Жәумітбай мен әйелі, бала-шағасымен өре шықты. Олар жүгіріп көршілерін оятып, «ұры да ұры», деп қапылып қалды. Абырой болғанда өзінің кім екенін байқатпай қашып құтылды. Тағы бірде қыз кетемін деп, бұл жібермей алдын орап тұрғанында есік тарс ашылып, Нұраштармен есіктес көрші әйел шыға келгенде екеуі екі жаққа қашты. Бірақ, әлгі байқап қалған екен, сөйтіп екеуінің «әңгімесі» ел аузына ілінді. Онымен де тоқтамай, жыланша сумандаған алып-қашпа сөз қыз үйімен араға



сынадай қадалып, соңы дауылдай өршіп бара жатты. Екеуі ызғарлы жел өтінде қалған жас шыбықтарша дірдек қақты.

Мұнан кейін Рүстем бұрынғыша Нұрашты күткенімен қыз шықпайтын болды. Өзімен телес әпкесі мұның салы суға кетіп жүргенін байқап, «ақылын» айтқаны бар: «Ол бастықтың қызы, шешесі қоймашы, осы ауылдағы ең дәулетті отбасы. Ал, сен кімсің, әкең зейнеткер шал, шиеттей балдарынан басқа туған-туысқаны жоқ. Жоқтықтан оқуға бара алмай, тірсегің майысып, темір жолдың ауыр жұмысына жегілдің. Сүйенгені бар өзіндей балдар әне, жеңілдің асты ауырдың үстімен жүр. Нұраштың әке-шешесі сені маңына да жолатпайды, соны біл...» деген сияқты ұзақ әңгіме. Қыздың жалт беруін өзі де осыған саятын. «Ендеше ата-анасы ма, басқа ма әйтеуір жақсылап «оқытқан» болды ғой. Солай-ақ болсын, әйтсе де жүрекке әмір жүрер ме, әй, Нұраш-ай...» дейтін іштей.

142

Дегенмен, түнде сыртқа шығып, қыз үйінің есігіне алаңдауын қоймады. Тамыздың тамылжыған айлы түні болатын. Нұраш сіңлісімен сыртқа шықты. Екеуі бірдеңелерді айтып, сыбырласқаннан кейін сіңлісін үйге кіргізіп, өзі шықты да, Рүстемнің күтіп тұрғанын біліп, бұған қарай жүрді. Алып-ұшып бұл да жетті. Бұрын тартыншақтайтын қыз құшақтай алды. Рүстем қыздың шиедей, топ-толық ернінен сүйді.


– Рүстемім менің, кешірші жаным, мен сендік бола алмаймын, осымен қояйықшы, – деді.

– Нұраш-ау, неге?

– Шын айтамын, мән-жайын сұрамашы, үмітіңді үзе бер, – деді даусы дірілдеп, бетін басқан күйі жүгіре жөнелді. Жылап барады. Аузына сөз түспей, не айтарын білмей бұл қалды. Тамағына тірелген өксік, екі көзінен жас болып парлады. Ілбіп үй ауласындағы тапшанға салынған төсегіне жеткенін біледі. Таңертең тұрса жастығы су-су...

Бір аптадан кейін Алматы қайдасың деп, оқуға тартты да кетті. Қызыққа толы студент кезінде қазіргі жан-жары Бануын кездестіріп, Қаз МУ-дың төртінші курсына жүргенде шаңырақ көтерді. Сол бір кездерде Нұраштан бірнеше рет «жаздым, жаңылдым» деген хат келді. Бірақ, «болары болып, бояуы сіңген» бұл, басқа арнаға түскен өзендей өз ағысымен кете барды.

...Одан бері қай заман, өткен өтті деп ойлаушы еді. Бірақ, бүгін Нұрашты көргеннен кейін бәрі-бәрі киноның лентасындай көлбең қағып, Рүстемнің көз алдынан өткендей болды. Бұрынғы, еліктей үркек, мойыл көзімен аялай қарайтын өзінің ғана Нұрашының бейнесі, сол бір қайта оралмас көктемдей нәзік сезімі ұмытылмапты, жүрек түбінде қатталып қалып қойыпты. Соны ұқты.



## ӨКІНІШ

Теледидар арқылы көрсетіліп жатқан «Тыр-налар оңтүстікке ұшады» фильмі де бітті. Ақнұр фильмдегі әйелмен бірге қиналып, бірге жылады. Бір жақсысы соңы ертегідей аяқталды-ау, әйтеуір. Қызы айықпайтындай көрінген дертінен жазылып, махаббатын тапты. Өмірде де осы фильмдегідей болса ғой, шіркін... Фильмді көріп отырып, жылаумен болды. Байғұс әйелдің жан күйзелісін көргенде өзінің мұнан тоғыз жылдай бұрын баламды осындай дерттен қалай жазып аламын деп, басын тауға да, тасқа да ұрған күндері есіне түсті. Әрине, өмір кино



144

емес, бұған фильмдегі Жубин сияқты қалталы жігіт кездескен жоқ. Сол күндерде «бір ғажайып болса, біреу тап келіп балаңды ауруынан жазып беремін» десе деп, армандайтын-ды...



Сүйріктей ұзын бойлы, аппак, әдемі ұлының күннен-күнге өзгеріп, айықпас дерттің шырмауына шырмалып бара жатқанын көріп, қолынан келер дәрмен жоқ, шарасыздығына налитын. «Осыдан балам жазылса, ештеңеге, ешқашан ренжімеспін, дүниенің, ақшаның, киім-кешектің құны мен үшін көк тиын...» деп, баласын қайда апармады десеңізші?! Емшіден емші, әулиеден әулие қоймай, Алматы, Атырау, Ақтаудың тәуіп, балгерлерін түгел адақтап шықты.

Көзінің қуанышы болып, жастайынан спортпен айналысқан ұлы аяқ астынан осы бір түсініксіз ауруға тап болды. Оның жүйке ау-



руына шалдыққанын кезінде білмей қалғанын әлі кешірмейді. Оныншы сыныпты жап-жақсы бітірген ақ Әділі 11-ші сыныптың басында өзгере бастады. Оның үрейленіп, қорқасоқтап жүргенін көретұра мән бермеген өз надандығын қалай жазғырмасын?! Оның үстіне отбасында кикілжің орын алып, күйеуінің үйден кетіп қалып, қайтып келіп жүрген кезі еді. Құрысыншы сол бір күндерді есіне алғысы келмейді...

Осы ауру қайдан, неден болады? Талай өрімдей жасты қыршынынан қиып жатқан, осы түсініксіз аурудың емі неден? Баласы өзіне үш рет қол жұмсады. Алғаш рет ваннада екі тамырын қиып, табақ толы қанның үстінен шықты, есікті бұзып кіріп... Екінші рет көп қабатты көрші үйдің үшінші қабатынан құлап, табанын, аяғын, жамбасын сындырды. Бес айлық баласын туыстарына тастап, отқа түскен торғайдай шырылдап өзі жүрді. Таң елең-алаңнан ымырт үйірілгенше ұлының кереуетінің жанында тікесінен тұрды. Бір аяғы жоғары асулы, бір аяғы гипстегі, оның үстіне жүйкесі бұзылған он сегіздегі жас жігітті күтудің оңай еместігін сонда білді.

Тіпті өмірден түңілген кезі де болды ғой. Әлі есінде, бірде таңертең түнімен кірпік ілмей шығып, автобусқа отырған еді. Қарсы алдындағы орынға кеп жайғасқан ер адамның бұған қарағыштап отырғанын байқаса да мән бермеді. Тұнжыр ой, уайым-қайғы, ұйқысыз



түндер жүзінен көрініп тұрды ма, әлде мұңға толы жанары әсер етті ме... Автобустан түсіп, теңіз жағасына бет алғанда, әлгі адамның да соңынан ергенін байқап қалды. Алғашында ол да теңізге келген біреу шығар деп елең етпеген. Ал, ол мұны өмірден баз кешіп, теңізге кетуге бел байлаған бақытсыз жан-ау деп, аяп, қолынан келсе араша түскісі келген сыңаймен бұл жартасқа таяғанда, жақындап келіп: «Қарындас, қалайсыз, жақсысыз ба?»— деді. Бұл: «Ештеңе, ештеңе емес, жәй жүрмін», деп кейін шегіне берді. Кейін ойласа әлгі адам мұның сүдінінен шошыған сынды, жарық дүниеден түңілгені жүзінен аңғарылғаны ғой...




Иә, көп айт, аз айт, сол кездегі жан азабын сөзбен жеткізе алмас. Қазірге дейін ауру баланың тақсіретін тартып жүрген аналарды көрсе, не олар жайында оқыса, қиналып қалады. Өз басы өмірде аз бейнет көрген жоқ, тән азабын да аз тартпады. Үш рет пышаққа түсіп, көз алдында қызыл оттар шашырап, бір қасық суды өздігінен іше алмай жатқан кезі де болды. Бірақ, «өмірде не қиын», деп біреу сұрай қалса, «балаң ауру болып, қолыңнан ештеңе келмей, дәрменсіз болсаң содан қиын ештеңе жоқ», дер еді. Кейде, сондай аналарға көмектесіндер деп ауқатты азаматтарға жар салғысы келіп кетеді.

Ақыры, ұлы, сүйікті Әділі өзіне қол салатын жаман аурудан өмірден өтті. Үшінші рет тамырын қиып, бесінші қабаттан секіріп, реанимаци-

яда таңға дейін жатты да, кете барды. Міне, одан бері тоғыз жыл өтіп барады. Бала күйігі еш жазылмайтын күйік екен. Ұлы есіне түскен сайын, «әттең сені аурудан жаза алмадым, қолымнан ештеңе келмеді» деген бір өкініш өзегін өртеп, жанын жейді. Сол кезде көп ақшасы болғанда ғой немесе қаржымен көмектесетін бір адам табылып, шетелге алып кеткенде мүмкін ұлы жазылар ма еді...

Ал, кинофильмде бәрі ертегідегідей, жақсылықпен аяқталады. Өмірде де осындай болса ғой... Өзіндей аналарға: «Балаларыңа абай болыңдар, әр сәтін бакылап, не ойлап, немен тыныстап жүргенін біліңдер, күн сайын сөйлесіңдер, сырласатын досы болыңдар», деп айтқысы келеді де тұрады Ақнұрдың. «Сақтықта қорлық жоқ», дегендей тіршіліктің күнделікті қым-қуыт ағысымен жүріп ұмытып кетпейікші...



## СОҢҒЫ ӘРЕКЕТ

– Мына күшік тоңып қалды-ау, – деген атасының даусынан оянып кетті. Көрпесін қымтап жауып, маңдайынан иіскеген ол, мұнымен қатар жатқан інілері Найзабек пен Әлібектің де жамылғыларын реттеп, ас үйге беттеді. Күндегі әдеті осы. Құлын-тайдай тебісіп, бір төсекте жа-татын немерелерін таңертең бір шолып өтпесе көңілі көншімейтін сияқты. Сүйретілген сеңсең тонын иығына ілген атасы ас үйге беттегенде Айса да орнынан тұрды. Терезеден сыртқа көзі түскенде ақ көрпе жамылған даланы көріп, қуанғаннан айқайлап жібере жаздады.



– И...ий... мыналар әлі жатыр ма? – Бұл әпкесі Шолпанның даусы. Демалыс болса өстіп қапылып қалатын әдеті.

148

– Бүгін демалыс қой жата тұрсын. – Бұл ана-сы.



– Апа-ау, күн талтүс болды, үйді қақпаймыз ба? Жұрт кілемдерін сыртқа шығарып қарға жайып жатыр, мыналар бықсып әлі жатыр.

– Қызым, аздап мұрсат бер, балалар ұйқыдан тұрып шайларын ішсін, «Асыққан шайтанның ісі». – Бұл Атасы.

– Әне, бұлар сөйтеді енді, біздің басқа жұмысымыз құрып қалғандай, – деген Шолпан әпкесі бұлар жатқан бөлменің есігін ашып: – Әй, жүгірмектер тұрыңдар, елдің балдары ерте тұрып мал шығарып жүр, бұлар шалжиып әлі жатыр...

Апасының шаңқылы мен шыбыртқыдай шапалағынан қаймыққан Найзабек пен Әлібек ұшып тұрып, әжесінің жадағайына сүңгіді.

Айса таңертеңгі шайын іше сала сыртқа асықты. Ақша қар себелеп тұр. Төңірек түгел ақ жамылған. Ауа тап-таза. Мұны көріп сыныптасы Едіге сонадайдан қолын бұлғады. Сол-ақ екен шанасын сүйретіп Шәміл жетті. Көрші тұратын Жалғас пен Лесбай үйлерінен кілемдерін шығарып, қарға көміп, тазалап жатыр екен. Кілемді шарбаққа іле сала бұларға ілесті. Шолпан әпкесінің де төсеніштерді сыртқа шығарып жатқанын байқаған Айса, ойыннан қалып қоятындай, аққала соғып жатқан балаларға қарай сырттай берді....

Екі жаққа бөлініп, қардан қорған соғып, «соғысқан» балалар ойынның қызығымен байқамапты таңертеңнен жадырап тұрған ауа райы бұзыла бастады. Желдің ызғары күшейіп, сұрланған аспан тағы да жауатын сыңай танытты. «Қыстың күні қырық түрленеді», дейтін атасының сөзі айнымай келді. Бұзылған ауа райын күтіп тұрғандай, ойынның да берекесі кетті. Әуелі Едігенің апасы Мәрия бастады:

– Әй, Едіге, Едіге деймін, үйге қайт! Баланы қарайтын адам жоқ, мал келетін уақыт болып қалды. Мен кімге айтып тұрмын, тіпті шақырмаса келетін түрі жоқ, бұл бар ғой ойын десе үй көрмей кетуге бейіл, – деп шаптығып жатыр.



Ойынды қимаса да анасының айтқанына құлақ асқан Едіге үйіне қарай аяндады.

– Әне, көкем жұмыстан келе жатыр, мен кеттім, – деп кетік тіс Асан да үйіне зытты. Балалар тарай бастаған соң Айса да үйіне қайтты.

\* \* \*

Сыртқы есікті ашқаннан-ақ сүр еттің исі мұрын жарады. Жайылған шай дастарханының басында үй іші түгел отыр.

– Иә, келді міне алау-далау болып, сен таң атқалы қайда жүрсің-ей, үйге қашан көмегің тиеді?– деп Шолпан әпкесі дүрсе қоя берді.

– Әпке, Айса бар ғой, жұмсайды деп қашып кеткен, – деп кішкентай Әлібек, мазақтағандай бұған тілін шығарып еді.

– Әй, ыржақай қой, саған не жоқ, – деп әпкесі тыйып тастады.

Төрде жатқан атасы көңілді, «Рүстем дас-тан» мен «Батырлар жыры» кітабын қолымен салмақтап, беттерін парақтап қояды. Айса атасының бұған қолқа салып, жыр оқытқысы келіп отырғанын сезді. «Айсадан басқаларың дұрыс оқи алмайсыңдар», – деп кітапты басқаларға ұстатпайды. Бірде Шолпан әпкесінің біраз оқығаны бар. Оған да: «Сен мұрныңмен миңгірлеп оқисың», – деп көңілі толмаған. Кейде үйге осы ауылдың Қошқарбай, Төрегелді сынды қариялары жиылып алып, ертеден қара кешке дейін «Батырлар жырын» оқытып,



тыңдайтындары бар. Бүгін, тоңып, шаршайқырап келгесін бе кітап оқуға құлқы шаппады. Соны аңғарғандай әжесі сау болғыр:

– Отағасы, бүгін Айсажанды кинамай, өзін естіген-білген әңгіме-ертегілеріңді айтып бер, мына балалар тыңдасын, – демесі бар ма?! Оны шешесі де қоштай кетті:

– Ашаршылық жылдары теңізден балық аулағаныңыз жайында айтыңызшы, оны балалар естіген жоқ...

– Талай айтылған оқиғаны қайталап...

– Жоқ, ата, оны айтқан жоқсыз, – деді Шолпан әпкесі.

Немерелерінің де ет піскенше әңгіме тыңдағысы келетін кейіпін таныған атасы келісе кетті. Ертегі, әңгіме тыңдауды жақсы көретін Айса оған жақындақырап отырды.

– Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының соңы болатын. «Жұт жеті ағайынды», дегендей, зорлап ұжымдастыру, кәмпеске, «халық жауы» атандырып, халықтың сүт бетіндегі қаймағындай азаматтарын ұстап, айдап әкетумен қатар елді аштық жайлағанын қазір тарихшылар жазып та жатыр, – деп бастады атасы әңгімесін. – Құдай басқа салмасын жер-жердегідей біздің Маңғыстау өңірін де жұт жайлады. Қала берді үкімет «қызыл жүн» салығын салып, жұрт үйіндегі киіздерін, арқандары мен еспе бауларын жүн ғып түтіп, тапсырып жатты. Елдің алды босып, аяқ артар көлігі, күш-қуаты барлары түрікмен, өзбек, тіпті сонау тәжік пен Иранға



асты. Олардың да дiттеген жерлерiне жете алмай, аштықтан, аурудан көз жұмғандары қаншама...

Сол бiр зұлматты жылдар көз алдына қайта оралғандай атасы бiр сәт мұң торлаған жанары жасаурап, ойға шомып қалды да, әңгiмесiн қайта жалғады.

...Иә, малмен ғана күнiн көрiп, отырған бұлардың Тұщысай ауылынан күй кете бастағанды. Жазға салым аяқ жетер жерден мырзасары, құмаршық, сораң, қияқ, саркүрең сынды дәндi шөптердi теретiн қатын-қалаш, бала-шаға әлсiздiктен қалжырап, «ақ жара» дейтiн ауру белең алды. Өлiм-жiтiм көбейдi. Күз түсiп, қазан айының соңын ала соққан ызғырық қақаған суыққа ұласты. Бұл аймақта бола бермейтiн боранды күндер берекенi қашырып, кәрi-құртаң, бала-шаға сыртқа шығудан қалды. Ауылда тiгерге тұяқ, үрерге ит қалмады десе де болады.

152

Үстiрт тауының сай-саласына қақпан құрып, бала-шағаның нәпақасын айырып жүрген ауыл жiгiттерi арасында Тұрлыбек те бар. Құрған қақпандарына тышқан да түспей бос қайтатын күндерiнiң қарасы көбейе түстi. Бiрде таң елең-алаңда кеткен ол беттi қарыған аяз бен тiзеден жауған қарға тап болып, ел орынға қонғанда ауылға әрең жеттi. Қара суды қайнатып, алдынан күтiп анасы тұрды. Есiктен кiре бере салдырлаған бос қақпандарын жерге атып ұрып, еңкiлдеп жылағаны бар. Жыламай қайтсiн, екi қолы мен аяғының башпайларын, бет-аузын үсiк



шалып, әбден титықтаған болатын. Содан суық үйде күрк-күрк жөтеліп, талқанды талғажаулап жатқаннан басқа дәрмені қалмады.

– Қарағым, қалайсың?– деді бірде ағасы Жасан, – ауылда ер қараның өзі қалмай бара жатыр. Астыққа кеткен қалашылардан хабар-ошар жоқ. Ертең жігіттер сонау теңізге барамыз деп жатыр. Су жағаласақ балық бірдеңе ілінер, жағада қалған қайық табылса, ау салмақ ойлары бар.

– Жасанжан-ау, мұны қайтесің, жатысы мынау, алдағы жазға бір іліксе, жас жан ғой, тәуір болып кетер еді, құлыным, – деп анасы көзіне жас алды.


– Теңіз қашық емес қой, апа. Барса екеуміз де үлес аламыз ғой, мен де шиеттей екі баламды зорға бағып отырмын... Неде болса өзі біледі, тәуір болып жатса дегенім ғой, – деп өз сөзін жуып-шайған ағасы шығумен болды. «Оның да жетісіп жүрмегені белгілі, осы үйге болсын деген ниеті болар енді қайтсін, бауыр ғой. Ой, шіркін дәурен-ай, ауылда палуан бала атанып жүрген мұның жатысы мынау. Бұл күйін марқұм Жанаман әкесі көрсе, не дер еді. Асауға құрық салып, күресте өзінен әлдеқайда жасы үлкен жігіттерді оң жамбасқа салып, жауырынын жер иіскетіп жүрген бұл кей сәтте тайқи қойса, «жасық ит, мұнша жасқаншақ болып кімнен тудың, асылы жатырың жаман», деп жер-жебіріне жететін ол, қамшының астына алудан тайынбас еді...», деп ойлады Тұрлыбек.



– Апа, мен де жігіттермен бірге барайын, қайда да бір өлім ғой. Үйде жатқанды құдай алмайды деп кім айтты. Басқа салғанын көріп алдым.

– Құлыным-ау, өзің ілініп-салынып зорға жүргенінде мұның не? Әй, Жасан-ай, ауырып жатқан бауырын аяудың орнына не дегені. Ақыл айтқышын мұның, – деп ашуға булыққан анасы абдырап тұрып қалды.

– Апа, айттым ғой енді, – Тұрлыбек сөзінің артын айта алмай жөтелге булықты да, біраздан кейін:– көкемнің сеңсең тоны мен саптамасын шығарып дайындап қойшы, апа, – деді.



Ертеңіне таң қылаң бере Тұщысайдан шыққан алты жігіт күн көтеріле теңізге жетті. Қалың қар басқан жағада тылсым тыныштық. Әшейінде ақ көбік атып, жағаны толқыны ұрып жататын ащы теңіз қатып қалыпты. Жағаға іліккенде, алғашында тайып құлай берген жігіттер етіктерінің табанын шүберекпен шандып, қолдарындағы таяқтарына сүйеніп, теңіздің ортасына қарай қырық-елу қадам жүріп те көрді. Көк мұз мызғыр емес.

– Әй, мынаң қараңдар, балық, балық толып жүр, – деп айқайлады кенет бұлардан сәл ұзап кеткен Жасан.

– Қане, қане... Бұлар жақындап мұзға үңіле бастады. Расында да су асты толы балық.

– Боранбай, қолыңдағы сүйменіңмен ойық жасап көрші, абайла мұзды жарып жіберме, –

деді Қабікен, іштеріндегі үлкені де сол еді. Боранбай қолындағы жіңішке болат сүйменін көк мұзға кір-кірш қадап, ойық оюға кірісті.

– Әй, ақымақпыз ғой, ақымақпыз, теңізге барамыз дегенге дүркіреп жүре беріппіз. Ең болмаса біріміз ойласақ қайтеді қармақ қажет екенін, – дейді Жасан.

– Теңіздің бұлайша қатып калатынын кім біліпті, – деп Қабыкен де түнеріп кетті.

Бұлардың балық ұстау әрекетінен ештеңе шықпады. Бәрі бірдеңе іздегендей жағаны кезіп кетті. Ең болмаса қармақ істейтін сым темір табудан дәмелі. Біраз жүргеннен кейін Тұрлыбектің көзі теңіздің тастақтау жарқабағында жатқан бөрене ме, әлде қайық па, қарайған бір нәрсеге түсті. Солай қарай жүрді. Оны Қабыкеннің де көзі шалған екен. Екеуі қатарласа жетсе, сор топыраққа жартылай көміліп, әбден тозығы жеткен қайық. Тұрлыбек шетінен ұстап аударып қалып еді, ағашы әбден шіріген екен, омырылып түсті. Борасын құмға көмілген ескі кенеп қаптың ұшы қылтиды. Қос қолдап тартып қалғанда ішінен ескі-құсқы шүберекке оралған бәкі, қалайы тостаған түсті. Бәкі мен тостағанды Қабыкенге ұстатып, қаптың ішіне қолын салғанда, үшкір бірдеңе ілінгедей болды – қармақ!... Қуанғаннан айқайлап жіберіпті. Қабыкеннің де екі езуі құлағында.

Жігіттерді шақырып, ойық басына таяғанда, Қабыкен жігіттерге бұрылып:



– Ау, ағайындар бәрі жақсы-ау, қармаққа шаншатын жем қайда? – деді.

– Өй, сол да сөз болып па біреуін ұстасақ, сол жем болмай ма, – деді Боранбай.

– Әуелі сол біреуді қалай ұстаймыз?

Боранбай сасар емес :

– Мен де жағадан бос қайтқан жоқпын, әкел бері қармақты, – деп қойнынан қойдың кепкен терісін шығарып, оның шетінен бәкімен тіліп алып, қармаққа іліндіріп, ойыққа тастады. Бірақ бұлар қанша күтсе де қармақты балық қаппады.

Түс әлетінде ішін тартқан жел енді терістікке ауып, ызғарын қайта қатайта бастады. Төңірек сұрланып, сықырлаған сары аяз белгі берді.

Еңселері түсіп кеткен жігіттер бүрсеңдеп, енді бірі секеңдеп жылынуға кірісті. Бәрінің көзі ойықта. Бірақ, қармаққа түсетін балық

156

байқалмайды. Қармақ сәл дірілдегенде Боранбай да шалт қимылмен тартып қалып, судан суырады. Алайда, қаншама дәмеленсе де қармақ бос, оған жем ретінде түйрелген терінің кесіндісі де сол күйінде. Салы суға кеткен жігіттер амалдары таусылғандай бір-біріне жаутаңдай қарайды. Әсіресе, іштеріндегі ең жасы Тұрлыбек суықтан ұшып кетейін деп-ақ тұр.

– Ағеке, енді не істейміз, үйге бос қайтамыз ба? Енді бізге аштан өлуден басқа не қалды?!

– деп жылап жіберген ол, Жасан ағасының құшағына құлай берді. Мұны көріп басқалар да жылады. Бір қараса, Боранбайдың жүзі өрт сөндіретей түтігіп кетіпті:

– Қабыеке, мына қармақты ұстай тұрыңыз, – деп қармақты Қабыкенге ұстата сала, өзі шеттеу жерге барып, отыра қалып етігін шешіп, шалбарының балағын түріп жатқанын Тұрлыбек байқап қалды. Сөйткенше болған жоқ, қаны сорғалап, әлі шиыршық атып тұрған тірі етті қармаққа шаншып жатты. Мұздың үсті қанқан.

– Әй, Боранбай мұның не сенің? – деп тұра ұмтылған Жасанға қараған ол, үндеме дегендей саусағымен ернін басты...

... Үйдің іші сілтідей тынып қалыпты. Айса атасына қарады. Ол әңгімем осымен бітті дегендей, ақ сақалын салалап, бұларға күлімсірей қарады.

– Ата, содан соң не болды?– деді Айса.

– Айтқандай-ақ содан соң, қармақты балық қапты. Алғашқысын қармаққа жем ғып, қос қармақпен үсті-үстіне балық ауладық. Сонымен жаз шыққанша балық аулап күнімізді көрдік. Сол жылы ойпыр-ой, көктем туа жер жайнап шыға келді. Балалар қырдан жуа, көсік, жидек теріп жеп, бір жасап қалды. Қалашылар қап-қап астықпен оралды, – деді атасы.



\* \* \*

Сол түні ақ түтек боранда мұз үстінде жүрген аталарын, нағыз батырларша елестеткен Айса түсінде көріп шықты. Өзін де солардың арасында жүргендей сезінді...

Ертеңіне сабақтан келе жатып атасының жанында тұрған ер тұлғалы, қыран қабақ, шоқша сақал қарияны көріп, сәлем берді.

– Таудай бол балам, – деді ол мейірленіп, онан кейін мұның атасына жымия қарады: – бұл сіздің немереңіз-ау сірә, баяғы бала Тұрлыбекті көргендей болдым...

– Иә... Боранбай, – деген атасы, кенет есіне бірдеңе түскендей, – айтпақшы, баяғы аяғың қалай... қане көрсетші...

– Ой, Тұреке-ай, әлдеқашан бітіп кетті ғой, – деп қария балағын түргенде Айса оның балтырындағы өткір нәрсемен ойып кесіліп, беріштеніп біткен, көлемі төрт елідей үлкен тыртықты көрді...



## МҰҚАҒАЛИМЕН ҮШІНШІ КӨРІСУІМ

Бұл жолы ол өң мен түстің арасында елес болып көрінді ...

Өткен жылдың ең соңғы күні оқыстан мұзға тайып жығылып, оң аяғымның ортан жілігі опырылып түсті. Содан орталық ауруханаға түсіп, жіліншіктен тесіп аяқты іліп тастады. Жаңа, 2007 жылды тоғызыншы палатада жалғыз жатып қарсы алдым. Сынған аяқ сыздап, күтпеген азаптан көңіл кұлазып, алғашқы екі түнді ұйқысыз өткіздім. Үшінші түні көз ұйқыда болғанмен көңіл ояу, налып іштей егіліп жатқанмын, біреу келгендей болған соң бір-біріне желімденіп қалғандай, ауыр кірпігімді қозғап көзімді ашсам бөлменің ашық тұрған есігінен Мұқағали кіріп келе жатты... Сол, мұнан отыз бес жыл бұрын Алматыдағы көне «Алатау» қонақ үйінің жұрт шахта атап кеткен подвалындағы асханада бір-бір дүнген лапшасымен сыралатып отырғанымыздағы түрінен көп өзгермеген. Үстінде екі қапталында қалтасы бар жеңсіз ақ жейде, ұзын, қоңыр шашын шалқасынан кейін қайырған, сәл қысыңқылау көзінде күлкінің нышаны бар.

– Ей, бауырым-ай, мұның не? – дейді күлімсіреп. Орнымнан тұрайын деп қарманамын кеп, қозғала алатын емеспін, қазыққа байлаулы аттай, аяқтың матаулы екені сонда есіме түсті.

– Жә, мұндай бізде де болған, ештеңесі жоқ, өмірде бәрін де көру керек. Қапаланба. Ал, айт-



шы өлеңнің жайы қалай? Жүмекен айтпақшы (оның езуінде күлкі ойнады) саулы інген поэзия саудырмай құр шелек даңғырлатып жүрсіздер ме? Жоқ әлде мұнда да акын өлтіру «ойыны» бар ма? .

—Мұқа, о, не дегеніңіз?

—Қарғам-ай, білмейтін бе едің, батыры қан, ал, ақыны шер ішетін халықпыз ғой...Сонау Абай мен Шәкәрімнен бастап, Мағжан, Қасым, кешегі Төлегендерге дейін сол «ойыннан» көресіні көрдік қой. Ақындығыңды, жазушылығыңды көрсе де көрмеген, білсе де білмеген болады ғой бәтшағарлар. Онымен де қоймай, лақтырған таяғыңды әкеле алмайтын біреулердің «боғын боталы түйе», ал сені түкке алғысыз қылатындарын қайтерсің. Жоғарының табанын жалайтын сол зәнталақтардың сөздері өтімді келеді. Олар үлкен кісілерге теріс түсіндіреді ғой. Шын таланттың кезінде бағаланбайтыны сондықтан болса керек-ті. Жә, бұл бір ұзақ гәп. Кезінде жазғаным бар-ды:

...Ойлаңдар, достар!

Өнерде «жарыс» болмайды!

Өресі жетпей,

Күндестік қылған оңбайды.

Өнерің жетіп,

Өсе алмай қалсаң сол қайғы...

Күндес таласқан

Өнерің өнер болмайды, — деп.



– Ақын аға, – дедім мен де шешіліп, – Мұқа, бүгінде жұрттың көпшілігі кітап, әсіресе, көркем әдебиет оқымайтын заман болды. Маған өлең деген бозторғайым нарық немесе ақша деген аждаһаның аузына жұтылып бара жатқандай көрінеді. Ақшасы барлар немесе соларды жағалағандар кітаптарын үсті-үстіне шығарып та, онысын елге таратып та жатыр. Тіпті ақындық пен жазушылықтан аулы алыс қалталы ағайындардың том-том дүмбілез дүниелерді тоғытып жатқандарын қайтерсіз. Ал, бесіктен белі шыққаннан өлең-жырды өзіне серік еткендердің көбі күнкөрістің қамы үшін өнерін тастап кетуге мәжбүр. Әркімшілерге жалтақтап, қайдан демеуші тауып кітабымды шығарамын деп жүргеннің бірі алдыңыздағы ініізіз...

–Ау, сонда билік басында, басшылықта сөз өнерін, әдебиеттің жай-күйін түсінетіндер жоқ па? Иран шахы Кейқауыс. «Барлық өнердің атасы–сөз өнері», десе М. Ганди: «Ақиқатқа ең жақын адамдар – ақындар» демеп пе еді. Тіпті ақын-жазушылардың жоғын жоқтап, басын құрап, бір ортаға топтап жүретін қаламгерлер болушы еді біздің кезімізде...

–Жоқ, оның бәрі қалды ғой. Қазір біреумен біреудің ісі жоқ. Сен өл, тіріл, жығыл, сүрін. Ешкімнің шаруасы болмайды. Мәселен, осында денсаулықтары күрт төмендеген немесе мүжәлсіз ақын-жазушылар бар. Солардың қамқорлық көріп жүргенін өзім естіген



емеспін. Қазір бәрі сатулы. « Менің сиырым жалап тұрсын, сенің сиырың қарап тұрсынның» кебі келді. Елдің орталығымен, сондағы мықтылармен байланысы барлар озады әрине. Сайып келгенде қолыңда «күлшең» немесе «күлшелі» жақын-жуығың болуы керек. Айта берсек әңгіме көп.

– Ей, бауырым-ай, – деп ол ойланып қалды. Содан соң былай деп тақпақтата жөнелді:

Ақынды ақын оятпаса, болмайды,  
Ақынды ақын таяқтаса, ол – қайғы.  
Ақынды ақын сүйемесе, болмайды,  
Ақынды ақын күйелесе, ол – қайғы.  
Ақынға ақын басынан-ақ жуық-ты,  
Барлық ақын бір анадан туыпты.  
Ақынға ақын адал болсын әмәнда,  
Ақынға ақын арам болса, жаман да...  
Ақынға ақын ете көрме пенделік!  
Ақын, ақын! Пенделікті жөнделік!

Мен бірдеңе айтуға оқтала беріп едім, үндеме дегендей сұқ саусағымен ернін басты да:

– Ал, халық қалай қабылдап жүр?–деді.

– Оу, Мұқа халық Сізді, – деп желпіне бастап ем, тоқта дегендей қолын көтерді де:

– Мені айтпа, білемін, өздерінді...

– Ақын аға, қаламгерліктің бақыты сол, жұрт таниды, танымаса да бірі болмаса бірі аты-жөніңді біледі.

Ол таң жаңа ғана қылаң бере бастаған терезеге қарап тұрып, арқаланып, жанары ұшқындап өлең оқи бастады:



– Біз деген, досым,  
Тағдыры қызық халықпыз.  
Халқының өзі қорғасын құяр қалыпшыз.  
Екінің бірі бармайтын жерге барып біз,  
Жанбайтын жерде жаныпшыз.

Біз деген, досым,  
Тағдыры қызық халықпыз.  
Білгендер білсін,  
Білместер, мейлі білмесін.  
Қолдасын мейлі,  
қорласын мейлі,  
күндесін.

Қара тастан да мейірім күткен ақынды,  
Қатыгез жандар ашынтып алып жүрмесін  
Антейміз біздер,  
Жеріміз біздің – халық-ты.  
Халықсыз біздің Антейлігіміз қауіпті.

... Жұртына тастап кетпесе болды көшкенде,  
Берендері үшін қорғасын құйған қалыпты.

Өз өлеңін автордан ерек кім оқысын, алған  
эсерімнен алабұртып, көзім жасаурап қарай  
беріппін. Ол қалай келсе солай шығып жүре  
берді. Ол сыртқа шығып, қайтып оралатындай  
тұманданған есікке қарап қоямын. Кенет:

«Ағай, тұрыңыз», – деген дауыс селт еткізді.  
Қасыма медбике қыз кеп тұр екен. Сонда ғана  
ұлы Мұқағалидың бұл өмірде жоқтығына, менің  
көргенім түс қана екендігіне өкініп, басым-  
ды көтерсем көз жасымнан жастығым суланып  
қалыпты...



## СҮЛЕЙМЕН– САРЖАПАЛАҚ, МЕН ЖӘНЕ КӘСТӨЛ ЛОМ

Біздің ауыл тау мен теңіздің арасында, теріскейі ұзыннан шұбап жатқан Құбатау да, қарсы беті шалқыған Каспий. Тауымыз жақпар-жақпар көк тас, құмдауыт тұстарында тырбық жусан мен адыраспан ғана өседі. Сәуірдің сіркіреген ақ жаңбырынан кейін бой көтерген көк шөп, ми қайнатар шіліңгір шілдеде сарғайып шыға келеді. Дегенмен, маған өз аулымнан артық, онан сұлу жер жоқтай көрінеді. Көз ашқалы көріп келе жатқаным есік алдындағы темір жол, шағаласы шаңқылдаған көк теңіз. Сана-налы ғұмырының қырық бес жылын осы жолды күтіп, баптаумен өткізген әкем қазір зейнеткер. Досым Сүлейменнің әкесі темір жол өткелінің кезекшісі, көрші тұратын Серікбайдың, Жалғастың, Асанның, татар Шәмілдің әкелері де теміржолшылар. Сүлеймен қысық көз, жалпақ бет, сары бала. Ол екеуміз егіз қозыдай бірге жүреміз. Менен екі жастай кіші болса да бойы менімен шамалас, балуан денелі. Бұрын белдесе кеткенде алып ұратын едім, қазір сүзеген бұқадай гүжірейіп, келсең кел дегендей, тайтала-ласып, әл бермейді. Көзін тырнап аша сала беті-қолын да жумастан, әдет бойынша маған жетеді. Әпкесі Хадиша «шайыңды іш» деп шақырып әлек. Сүлеймен ондай шақыруларға қолын бір-ақ сілтейді. Бұл «басымды ауыртпа, бармаймын» дегені. Мен де оның келетін кезін білемін. Бірде



таңертеңгі асымды ішіп, үй көлеңкесіндегі сәкіге жайғасқан мен оның келе жатқанын сонадайдан байқап, өтірік ұйықтаған болып, қасымдағы жастыққа қисая кеттім. Ол әуелі шарбақ сыртында тұрып ысқырды, болмаған соң елпеңдеп жетті. Мен де қозғалар емеспін. Қолындағы шыбығымен табанымды қытықтай бастады. Бір қырыма аударылып жатқан мен сыр бермедім. Сеземін ол мені тұрғызудың әдісін ойлап тұр. Шын ұйқыдағы жанша қыбыр етпедім.

– Әй, Танкис-ей тұрсайшы, қызық айтамын, – дейді сыбырлап. Менің Тәңірберген деген тәп-тәуір атымды, жұрт Таңқыш десе, бұл одан сайын мөлітіп, «Танкис» дейді. Ерегескендей қыбырсыз жата берер ме едім, үйден шыға келген шешем:

– Сен жылмаңдап тағы жеттің бе? Нең бар демалып жатқан балада, ол еш жаққа бармайды, сабағын оқиды, жайыңа жүр, – деген сөзі түрткі болып, енді жата берсем шарбақтан қуылғалы тұрған досымнан айрылып қалатынымды сездім де көп ұйқыдан дел-сал болған жанша басымды көтердім. Ол келіп қасыма отырды. Ұрлық қылатын жанша көзінің астымен жан-жағына қарап қойып:

– Енді санаулы күндерден кейін каникул ғой, – деді жымыңдап.

– Болса ше?

– Уақытты босқа өткізгенше, темір жолда жұмыс істесек қайтеді, ақша табамыз.



Осы шын айтып отыр ма дегендей бетіне қарап:

– Әй, боқмұрыным, сен не айтып тұрсың, ол жерге екеумізді жолата ма?

– Жолатады, кеше Аманқос ағам нағашыммен келісті, «бұл екі баланы үйренуші ретінде алуға болады ғой, келсін», – деді.

Мен ойланып қалдым, мұның Аманқос ағасы ауылдағы мектептің директоры, ал, нағашым дегені жол мастері Қадірқұл, сонда мына «Саржапалақтың» мен оны солай атаймын, айтып отырғанының жаны бар болды ғой. Сонда да сенер сенбесімді білмей:

– Мен тоғызыншыға, сен жетіншіге көшкелі тұрмыз, ендеше бізді алатын болғаны ғой, – деппін.



Ертеңіне таңертең станса үйіне қарама-қарсы, темір жолдың арғы бетіндегі «сарай» атанып кеткен, жол монтерлері отыратын, түрлі жабдықтар мен құрал-саймандарын сақтайтын үйге келдік. Сүлейменнің айтуынша, бізді жұмысқа алатын жол мастері Қадірқұл осында отырады. Үнемі ақырып-жекіріп жүретін, мұрты Чапаевтың мұртынан аумай, едірейіп тұратын, бұл сұсты кісіден бала біткен сонадайдан қашатынбыз. Әсересе, жол бойында текшеленіп қойылған шпалдардың, бос тұрған вагондардың маңында ойнап жүргенімізді көрсе тас алып қуатын. Әй,



өмір-ай десенші, енді міне, алдына баруымызға тура келді. Сарайға таяп келгенімізде ашық есіктен оның әлдекімдерге шүйілген даусы анық естіліп тұрды. Жақындауға батылымыз бармай біз тұрмыз.

– Сен барып біліп келсейші, – деймін Саржапалаққа. Ол бетінен басады:

– Бірге барайықшы...

– Оу, сенің нағашың ғой, несіне қорқасың.

– Мен қорқып тұрған жоқпын, бірақ, екеуміздің бірге барғанымыз дұрыс.

– Сені жақсы біледі ғой.

– Ал, сені білмей ме?...

– Әй, Саржапалақ, – деймін оның тұмсығына жұдырығымды тақап.

– Әй, танкис, – дейді ол да жұдырығын беп.

Осы кезде сарайдан сарғыш жейде киген жұмысшылар сыртқа шыға бастады. Бірнешеуі күректері мен ломдарын арқалап, жол бойына бет түзесе, енді біреулері жүк машинасына құрал-жабдықтарды тией бастады. Бұрыштан сығалап тұрған бізді байқап қалған біргәдір Дүйсенбай:

– Әй, балалар сендер Қадекеңе келдіңдер ме, ол кісі қалаға жүргелі жатыр, тез барыңдар, – деді.

Есіктен имене, жарыса сәлем бере кірген екеумізге Қадірқұл жылышыраймен қарады. Әшейінде ежірейе қадалатын көздері күлгенде сызықтай сызылып, жұмыла қалады екен.



Тікірейіп тұратын мұрты да майлап қойғандай салбырай қалыпты.

– Ей, қарасирақтарым-ай, сендердің қолдарыңнан не келеді. Әлі оқу керек сендерге, соны білесіңдер ме? Білікті, заманға сай азамат болу үшін білім керек. Қара жұмыс қайда қашар дейсіңдер. Жарайды ендеше, неде болса бел бұған екенсіңдер, үйренуші ретінде жұмыс істейсіңдер, мына таудан аққан селден жолдың кей тұстарын құм басып жатыр. Еңбектенетін адамға жұмыс көп, – деді ол. Сонан соң орнынан көтеріліп, құрал-сайман салынған үлкен шкафты ашты. Ішінде күрек пен балғаның алуан түрі, шоттар, сүймендер, түрлі мөлшердегі кілттер толып тұр. Бірақ оларды бұрыннан көріп жүргендіктен онша таңырқай қоймадық. Мұны мәстір де сезгендей, құлыптаулы тұрған екінші бір шкафты ашты. Ішінде поезді жүргізіп-тоқтатуға қажетті жалаулар, басқа да сигнал беретін құралдар мен төрт кәстөл лом көрінді.

168

– Сендер білетін шығарсыңдар поез жүретін релсті шпалға «танатын» тесік-тесік темірді накладқа дейді, бұл темір жапсырма арқылы релске кәстөлмен шегеленіп, бекітіледі. Сол кәстөлді суырып алатын лом міне мынау, мұның жыланның тіліне ұқсаған айыр тіліне кәстөлді қыстырып төмен бассаң, қағылған кәстөл сопаң етіп шыға келеді. Сондықтан да бұл ломдар нөмірленген және мелисаның есебінде тұрады.

Жоғалтқан адам жауапқа тартылады. Оны жұмыста қолдануға кімнің алғаны, қашан әкеліп



тапсырғаны мына жорналға тіркеліп тұрады. Міне, бүгін біргәдір Құракбаев Дүйсенбай бір кәстөл лом, екінші біргәдір де бір лом алған. Біздің жұмысымыздың да осы сияқты өз құпиясы бар, балалар, – деді Қадірқұл ағай.

Әңгімені ұйып тыңдап, «қайда тап болдық» дегендей еңсеміз түсіп кеткен бізді оның:

– Қане енді, жұмыс істеуге келген «батырлардың» әуселесін көрелік, – деген сөзі селт еткізді. Екеуміздің қолымызға екі үлкен ауыр балғаны ұстатқан ол сыртқа ертіп шықты. Ішектей созылған қос релстің жанына алып келіп, «екеуіңіз екі релстің кәстөлін сонау машина өтіп жатқан шлагбаумды өткелге дейін қағып қайтыңдар», деді. Бет-ауызы қызарып кеткен «Саржапалағым» маған қарайды. Жұмыс дегені осы екен ғой, «әйда ұрыста тұрыс жоқ» деген, екеуміз жарысқа түскендей балғаны сермей жөнелдік. Тарс та тұрс... релске тамағынан ілініп, жапырайып, кейбірі бойын сәл көтере түскен кәстөлдерді төмпештеп келеміз. Кейде кәстөлді емес релсті соғып аламыз, мұндайда екі қолыңның қары тоқ ұрғандай шымырлап кетеді. Бірақ сыр беріп, сездіргіміз келмейд. Кенет:

– Тоқта! – дегенге бұрылып қарасам мәстіріміз екен.

– Сені жау қуып келе ме-ей, Ал, қане бол-болға салып тұрған кім бар? Асығып-аптықпай кәстөлді аңдап соқ, оған дәл тигізсең қолың ауырмайды, – деген ол менің қолымнан балғаны алып, соғып көрсетті де:



– Ал, үйренген соң былай соғатын боласың, – деп балғаны басынан асыра айналдырып, соға бастады. Және кәстөлге қалай дөп тигізеді дерсің. « Қалпағы едірейіп, мойны сорайып» тұрған кәстөлдер Қадекең төбесінен соққанда командирін көріп қалт тұра қалған солдатша бұрынғы қалпына келіп, бірінен соң бірі релске иегін артып жатты.

– Ой, Танкис-ай, қолымның екі қары салдырап, ұйып, алақаным күлбіреп қалды, құрсын бүйткен жұмысы, – дейді Сүлеймен.

– Әй, Саржапалағым, ақша табу оңай деп кім айтты саған!

– Осы жұмысты қойсақ қайтеді? Одан да көкөніс базасына жұмысқа тұрып, жәшік шегелейік, онда жас қыздар көп, – деп Саржапалағым жымың-жымың етеді.

170

– Онынды қой, атама!

– Ей, ашық ауыз Танкисім-ай, сендердің сыныптарыңдағы Толғанай да сонда...

– Саржапалақ, мені оң құлағыңмен тыңда, енді шегінер жеріміз жоқ, бір күн жұмыс жасап, тайқып кеткеніміз естіген құлаққа ұят. Сондықтан да мен жұмысымды жалғастырамын, – дедім әр сөзімді шегелеп.

– Ойдойт дерсің, ендеше мен де көндім сен көнгенге, – деп Саржапалағым аяқ астынан әртістікке салып, көстендеп, алдымды орады.

Үш күндей станса маңында жұмыс істеген Саржапалақ екеумізді мәстір төртінші күні біргәдір Дүйсенбай Құрақбаевтың қарауына берді. Ол екеумізді шақырып алып, жолдың он үшінші шақырымына перегонға кететінімізді айтып, ұйықтап қалсақ, мәшіннен қалып қоятынымызды ескертті. «Перегон» дегені ауылдан қашықта, түскі асыңды өзіңмен бірге ала кетіп, жұмыс істеу екен.

Саржапалақ ерледі, таңертең ерте келіп мені оятты. Сағатқа қарасам әлі бір сағаттай уақыт бар. Бұрынғының кемпірлерінше: «қарап отырғанша саған жолдас болайын», деп менімен қабаттасып, шай ішті.

– Апа, біз түскі үзіліске келе алмаймыз, – деп апамның бір таба нанын, түннен қалған етін қол дорбасына салып алды. Мұндайда апамның жаны қала ма:

– Е...е... құлындарым-ай, қарындарың ашып қалмасын, Таңқыш-ай, айран құйып беретін бос ыдыс тапшы, – деп бәйек болған апам бір жағынан ұрсып та қояды: – Ана мәстіріңіз бен біргәдіріңіз оңбас сірә, торғайдай балалардың перегон деп борбайын созып жүрген...

Оның сөзін намазын оқып болып, дастарханға жайғасып жатқан әкем бөлді:

– Ештеңе етпес, шала бүлінетіндей не көрініпті, қайта бұлардың өздері ұмтылып



бірдеңеге жарап жүргендерін айтсайшы... жігіт болып кәдеге асты деген осы...

Апыл-ғұпыл сарайға жетсек, жолшылар жүргелі жатыр екен. Ауыл балуаны атанып жүрген шомбал денелі Төкен аға, бұйра шашы жалбыраған Аманжол, әңгіме десе аузы аузына жұқпайтын Сағира, лезгин Мария апайлар да біздің біргәдте болып шықты. Жүгіре басып келе жатқанымызды алдымен байқаған Дүйсенбай ағай.

– Сендерге кешікпендер дегенім қайда? Қане тездетіндер, – деді. Біз бүркеншек қорапты мәшинаның үстіне шығып, жолшылардың арасына жайғастық.



172

– Дұрыс болды, мен бұл бокмұрындарды барған соң гонят етемін ғой, – деп күлді Аманжол. Сағира апай оған қарап ернін сылп еткізіп:

– Онысы несі тағы, қой жайыңа жүр, балаларды бармай жатып қорқытпай...



– Онда тұрған не бар, жұмысқа үйренсін, бәріміз де қара жұмысты осылардай күнімізде бастағанбыз, білгені өздеріне жақсы емес пе?– деді Аманжол.

\* \* \*

Әне-міне дегенше он үшінші шақырымға да жеттік. Әуелі бір төбеге онан кейін жолға жақындау екінші бір төбеге барып табан тіредік те темір жолдың біргәдіріміз белгілеп берген ақаулы деген тұстарына жөндеу жұмыстарын

жүргізуге кірісіп кеттік. Жұмыс үстінде сөз аз да іс-қимыл көп. Әркім өзіне тапсырылған істі мүлтіксіз атқаруға құлшынууда. Бірін-бірі қас-қабағынан түсінетін темір жолшылар көтергішпен жолдың шпалын көтеріп, астына тас қиыршығын төсейді. Жолдың тегістігін арнаулы аспаппен өлшеп анықтайды. Мұқалып қалған кәстөлдер кәстөл ломның көмегімен суырып алынып, орнына жаңасы қағылады. Саржапалақ екеуміз кәнігі маман жолшылардың айтқанын екі етпейміз.

– Мына баланың қолы ұсынықты, осыдан бірдеңе шығады, – дейді Аманжол мені нұсқап.

– Бұлардың екеуі де жарап тұр, теміржолшылардың балалары ғой, болашақта осы жолды баптайтын осылар, – дейді Дүйсенбай ағай. Мақтағанды кім жек көрсін, Саржапалақтың екі езуі екі құлағында.

Жусан исі бұрқыраған төбенің басында бір отбасының адамдарындай дөңгелене отыра калып, түскі асымызды іштік. Және айдалада, таза ауада ішкен шайдың өзі керемет қой. Қасымдағы Саржапалаққа қарап қоямын, екі ұрты бұлтыңдап, жымың-жымың етеді. Сөйтіп жүріп уақыттың қалай өткенін де байқамай калыппыз. Кештетіп ауылға қайттық.



Таңертең әкемнің даусынан ояндым.

– Дардай-дардай азаматтар бала болып кеткен бе, жауапкершілік қайда? Ана Дүйсенбайды айтам, қолындағы құралын жоғалтатындай не көрініпті, – дейді әкем.

– Қойшы, табылар кеше ғана бар болса қайда кетті дейсің, жатқан шығар бір жерде, – бұл шешемнің сөзі.

– Әй, қайдам, екі-үш жігіт түнімен іздеп таппапты, баяғыдай тәртіп жоқ, осының бәрі жауапкершіліктің жоқтығынан...

Орнымнан қалай тұрғанымды білмеймін, тез киіне бастадым.



174

– Құлыным-ау, сен қайда асықтың, бүгін сенбі, демалыс емес пе, – деген шешемнен жаймен ғана не болғанын сұрадым.



– Е-е әлгіні айтасың ба, мына шалдың хабары ғой, біргәдір Дүйсенбай кәстөл дей ме, лом дей ме, бірденені таба алмай дал болып жүр дейді.

– Ойбой, ол кәстөл ломы ғой... құрыдық.... апа мен қазір, – деп апамның сөзіне құлақ қоймай шарбақтан жүгіре шықтым.

Есігі ашық тұрған сарайға таяғанымда мәстірдің шаңқылдаған даусы естіліп тұрды:

– Ау, мен саған қашанғы айтамын, бүгін кешке дейін таппасаң подсуд кетесің, мен мелисаға, тиісті жерге хабарлаймын, саған жаным ашығанмен басқа амалым жоқ, тәртіп солай, сөз бітті, срок бүгін кешкі алтыға дейін...

Сарайдан жұмысшылар шыға бастады. Бір-бірімен күбірлескен олар жан-жаққа тарап кетті. Еңсесі түсіп, қалтыраған қолымен темекісін зорға тұтатып тұрған Дүйсенбай ағайдың жанына бардым. Мені көріп күлімсірегендей болды. Иығыма қолын салып тұрып:

– Кеше барған жерімізде кәстөл ломды жоғалтыппыз. Қалтаға сиятындай да нәрсе емес, қаншама шарқ ұрып іздесек те таба алмадық он үшінші шақырымға жаңа да барып қайттым, енді не боларын, бір құдай білсін, – деді күмілжіп. Байқаймын салы суға кетіп, не істерін білмей тұр. Мұны көрген мен де бұған өзім кінәлідей төмен қараймын.

Содан жатсам да, тұрсам да ойлайтыным кәстөл лом болды. Түсімде жыланның тіліндей айыр тілі жалақтап ол қуып, мен қашып жүр екенмін. Қайда тығылсам да сусылдап келіп қалады, қашып келе жатып құлап түстім, енді орнымнан қозғала алмаймын, екі аяғым тас байлап қойғандай көтертпейді. Шошына айқайлаған өз даусымнан өзім оянып кеттім.

– Астапыралла, астапыралла... мына бала шошып жатыр, ауырып қалмаса жарар еді, – дейді апам. Әкем қасыма келіп қолымды ұстап бет-аузыма:

– Суф, Су...ф, кет бәлекет, – деп үш рет үшкірді де маңдайымды ұстап көріп, – ұшынатындай не жеп еді, – деді. Апам маңдайымнан сүйіп:

– Құлыным-ай, қарғадай баланы жұмысқа салып... өзімізге де обал жоқ, – деді.



Ертеңіне мен велосипедімді жолға дайындап бола бергенімде дәл менікіндей «тұлпарымен» Саржапалақ та жетті. Жексенбі күні болатын. Екеуміз уәде бойынша «он үшінші шақырым қайдасың» деп тартып кеттік. Жел артымыздан екен. Құйындата отырып өзіміз мұнан үш күн бұрын жұмыс жасап кеткен жерімізге келіп жеттік. Содан жүрген-тұрған жерлерімізді қалдырмай түгел қарап шықтық. Тіпті бұталардың арасын, сай-саланы түгел араладық. Ештеңе көзге түсер емес. Адамдардың ізімен жүріп те көрдік. Жер жұтып кеткендей кәстөл лом жоқ. Ауылға қайтудан басқа амалымыз қалмаған екеуміздің де көңіл күйіміз пәс. «Темір тұлпарларымызды» жетектеп, ілбіп үлкен жолға қарай жүре беріп едік.

176

– Тоқтай тұршы, – деді Саржапалағым есіне бірдене түскендей маған жалт қарап:

– Өткенде келгенде алғаш тоқтап заттарымызды түсірген төбе бұл емес, – деді

– Қалайша?

– Есінде ме, заттарды енді түсіре бергенде Дүйсенбай ағай қайтадан тиетіп жаңағы біз барған төбеге алып келгені ...

– Рас-ей, тарттық сонда.

Айтылған төбеге Саржапалақтан бұрын жеткен менің көзіме бір басы құмға көміліп жатқан кәстөл лом бірден шалынды. Велосипедімді тастай сала жүгіріп барып, біреу тартып



әкететіндей ломды қолыма алып, қуанғаннан уралап айқайлай беріппін, құдды жаудың бекінісін алған батырларша, қолымда жарқыраған кестөл лом. Саржапалақ келіп мені құшақтап жатыр. Қандайға ауыр болса да «тұлпарымның» алдына өңгеріп алдым, енді ломнан айрылар емеспін.

Ауылға таяғанымызда, темір жол өткеліндегі кезекшінің үйшігінен шығып, стансаға қарай асыға басып бара жатқан Дүйсенбай ағайды сонадайдан көзіміз шалды. Қуанышымыз қойынға симай келе жатқан біз, қосарлана айқайға бастық:

– А...ға, а...ға...

– А...ға, а...ға...а...

– Дүйсенбай а...ға...

Артына бұрылып қараған оған қолымызды бұлғадық. Бұлар кім дегендей, сәл кідіріп тұрып қалды да екеумізді танығандай бізге қарай жүрді.



– Аға, ломды таптық, – деп айқайладым дауыс анық жетер жерге келгенде. Ол бізге қарай балаша жүгіре жөнелді. Адамды жағдай билейді деген рас-ау екі күннің ішінде қандай күйге түскен, қалай өзгеріп, еңсесі түсіп кеткен десеңізші?! Келе екеумізді қапсыра құшағына алды. Көзінде – жас. Айтатыны:

– Айналайындар-ай, таптыңдар ма, таптыңдар ма, қайдан таптыңдар бұл ит жегірді, айналайындар-ай...

Ағайға қосыла Саржапалақ екеуміз де жылап тұрғанымызды байқамай қалыппыз.

## АЙСАМАЛ

Жолаушылар пойызы қарт Каспий жағасындағы ақ маржан қаладан ұзаған сайын шабысын үдете түскен сынайлы. Жайлы купеге жайғасып бола бергеніміз сол еді.

– Айсамал... Айсамал, қойсаңшы енді, – деген дауыс елең еткізді. Іле қыздың сыңсығаны ма, сыңғырлай күлгені ме, газетке шұқшиған менің ойымды бөле берді. Купемнен шықсам, қара шашы вагон терезесінен ескен желмен ойнаған аққұба келіншек мойылдай қара көзі жасқа тұнып, сыртқа көз тігіп тұр. Құба белдер мен жусанды дала дөңгеленіп артта қалуда.



– Шырақ, бір жеріңіз ауырып тұрған жоқ па? – дедім.

178

– Жоқ, аға! Әшейін, төркінін қимай бара жатқан, алысқа ұзатылған қыздың көз жасы ғой бұл! – деді.



– Е, бәсе, солай де қарындасым, ондай сезім болады әрине, – дедім. Ол жас тұнған жанарын жарқырата, маржандай ақ тістерін көрсете күлді. Сұрақ беріп, тақымдай беруді жөнсіз санап, орныма қайтып келгеніммен уақыт өткізу үшін орайын тауып, әңгімелескім келді. Ақжарқын, кісіні жатсынбай өзіне тартатын, бейнесі де, сөзі де келісті жанмен сұхбаттасудың өзі бір ғанибет қой. Көрші купеге құлақ түріп, бір кіріп, бір шықтым. Мұнымды байқағандай болған ол:

– Аға, жолымыз бір жолуашымыз ғой, жақсыда жаттық жоқ деген шайға келіңіз, – деді.

Асқан ұсынықтылықпен жайылған дастархан басындағы әңгімеміз де жараса кетті.

– Аға, есімім Айсамал. Маңғаз Маңғыстаудың қызымын, осында мектеп бітірдім. Мектеп демекші, Құдайым-ау, неткен жүйрік уақыт десеңші, міне оны бітіргелі де аттай отыз жыл зулап өте шығыпты. Сол отыз жылдыққа қатысып, кейін қайтып кетіп бара жатқан бетім, – деді ол.

– Е... мерейтой десеңізші, ендеше бұл қуаныш қой. Осындай жақсылықтардың болғанына не жетсін. Көзіңізге жас алғанға қорқып қалып едік, - дедім күліп. Лезде ақ жүзіне қызғылт арай жүгіріп, төмен қарап күрсінген ол, әңгімесінің тиегін ағытты...

...Шындығында Айсамалдың көкірегінде қатталған бір нәзік те қимас сезім өкініш жасы болып төгілген-ді...



Иә, ол кезде талдырмаш келген, келбетті де ақкөңіл қыз еді. Үйінің тұңғышы болғандықтан әкесі еркелетіп өсірді, ал жауапты жұмыстан қолы босамайтын анасы тіпті қызының бойжеткенін де байқамай қалған-ды. Қазір ойлап отырса ана ақылы, онымен жас қыздың құрбысындай сыр ашар достығы сол кезде керек-ақ екен. Өзінің аңқылдаған мінезімен, бауырмалдығымен адамды үйіріп, тіл табыса кететін Айсамал жұрттың бәрін өзіндей көретін. «Адам аласы ішінде», дегендей, бес саусақ сынды олардың да түрлі-түрлі болатынын кейін білді. Сонда да кемшіліксіз пенде жоққа бағып, құрбы-құрдастарына кешіріммен қарайтын



және алған тәлім-тәрбиесінен болар қызғаныш, алалық дегендер ойына кіріп-шықпайтын, жанына жат қасиет-ті.

Әлі есінде күздің жаймашуақ күндерінің бірінде мектептің бұлар оқитын оныншы сыныбына көрші ауылдан бір бозбала қосылды. Есімі Медет. Кәдімгі қарапайым жас жігіт, жұрттан асып тұрған еш ерекшелігі де жоқ. Дегенмен, бір көргеннен-ақ қыз көңілі селт етті. Өзіне түсініксіздеу бір нәзік сезім тыншу таптырмай жанын баурап алды. Медетті көріп, дауысын естісе жүрегі лүпілдеп қуанатын болды. Кейде өзімен өзі оңашаланып, тәтті қиялға шоматын. Бұрынғыдай емес, бойында бір өзгеріс пайда болып, сабақ, қоғамдық жұмыстар кейінге ысырылып қала берді...

180

Бойжеткен сайын ажары ашылып, әдемілене түскен Айсамалдай ару қызды қаумалаған қатар-құрбы арасында жігіттер де аз емес-ті. Бірақ бірде-бірі оның жүрегін Медеттей баурай алмады. Әлі есінде, мектепте өткен бір кеште ол Айсамалды биге шақырды. Осы сәтте екеуі ыстық алақандары арқылы бір-біріне деген асыл сезімдерін жеткізгендей ерекше күй кешіп, лүпіл қаққан жас жүректері әндете бірге соққандай болды. Сол бір кеш, сондағы аялы көзқарас, кіршіксіз де ыстық сезім еске түссе Айсамалдың жүрегі әлі күнге елжіреді... Жас жігіттің шынайы махаббатын сезінгендей болған көңілі көкке жетіп, өзінен асқан бақытты жан жоқ

шығар деп ойлайтын. Жан сырын ешкімге айтпай, өзінше қаншама құпия сақтадым дегенімен, көпке танымал отбасынан шыққан сұлу қыз үнемі құрбы-құрдас, көпшіліктің көз қырында екенін елеп, ескермеген еді ...

Бар білері – оқу жылының соңына қарай неліктен екені белгісіз Медеттің өзінен қашақтай бастауы. Тіпті, бұрын күлімсірей қарайтын ол ләм-мим деместен, теріс бұрылып кететінді шығарды. Мұндай жай үш ұйықтаса ойына кірмей, алаңсыз жүрген қызға ауыр соққыдай тиді. Есенгіреген жандай еш нәрсеге зауқы соқпады. Бар тапқаны оңашада екі көзге ерік беріп, жылап алады. Құдай-ау, оған не жазды? Жігіт біткен қыр соңынан қалмай, сыртынан ғашық болып, мектептегі стендте ілулі тұрған суретін қайта-қайта ұрлап кетіп, жүрек сөзін айтып, жазбағанды жазып жүргенде бір ғана Медетке несі ұнамай қалды. Әлде басқа қызды ұнатып қалды ма екен деген ой маза таптырмай, көңіліне қызғаныш ұялады. Ал, барып сөйлесуге, түсінісуге намыстанды. Және қыз басымен төменшіктеп, алдына баруды ар санады. Түсініспеудің, бір-біріне кешіріммен қарамаудың соңы өзек өртер өкінішке айналарын сол кезде екеуі де білмеptі. Осылайша ойда жоқта қос ғашықтың қыл өтпейді деп жүрген араларынан қара мысық өткендей, екі айырылды.

Сөйтіп жүргенде мектеп бітіріп, Айсамал да, Медет те Алматыдағы өздері армандаған



оқуларына түсті. Арада жыл жарымдай уақыт өткенде күтпеген жерден Медет жатақханаға іздеп келді. Қасында дос жігіті бар. Өз көзіне өзі сенбеген Айсамал балаша қуанды. Бірақ, үміттенген Медеті амандық-саулықтан аса алмай күмілжіп, үнсіз қалды. Ғашығынан көңіл көншітер сөз ести алмаған қыз қатты налыды. Бөлмесіне қайтып келе жатып, ішінен оған ұрсып, көзінен еріксіз аққан жасын сұртумен болды. «Мен үміт отын өшірмей жүрсем, ол мені ешқашан сүймеген екен, менің оны құлай сүйетінімді түсінбегендей болуын, қандай ақымақ десеңші!», деген ойлар жанын жегідей жеді. Ал, Медет сол кеткеннен қайырылмады.



182

Одан көңілі шынымен қалған Айсамал арада біраз уақыт өткеннен кейін өзін ұнатып, соңынан қалмай жүрген бір жігітпен тұрмыс құрды. Институтты бітіргеннен кейін өмірдің ағынына ілесін кете барды...



Енді міне, отыз жыл өткен соң тағдыр Медетпен қайта тоғыстырды. Кластастардың отыз жылдық кездесуіне дайындық барысында бір-бірімен ұялы телефон арқылы тілдесудің сәті түсті. Үш ай бойы телефонмен ғана хабарласқан олар кездесуге, мерейтойға қатысуға бел байлады. Екеуі де үлкейген, балалы-шағалы. Айсамал жылдар бойы көңілін күпті қылған жалғыз сұрақтың жауабын есту үшін Медетті көргісі келген-ді. Мамырдың соңына қарай күткен күн де жетті. Ауылына келіп, туған-туысымен қауышып, маз болған Айсамалды кластастары

бірінен кейін бірі үйіне шақырды. Жас балаша шаттанған оның қуанышы қойнына сыймады. Келесі күні мектепте ұйымдастырылған соңғы қоңырауда отырып та, сонау бір кезде Медеті биге шақырған залды көріп те, ол сүйеніп тұрған терезе алдында ұзақ тұрып та өткенді еске алды. Желкілдеген жастарға қарап көңілі босады. Іштей мектеп бітірушілерге ақ ниетімен сәттілік, өмірде еш қиындыққа, опасыздыққа мойымай, бақытты болуларын тіледі. Кешкісін мейрамханада есте қаларлықтай кездесу кеші өтті. Балаша мәз кластастар қызықты оқиғаларды айтып, ақ тілектерін арнап мәре-сәре болды. Құрбы-құрдастарына әлі де еркелейтін, ақ көңіл Айсамал туған жерге, ауылдастарына деген сағынышын толқи тұрып жеткізді. Жалаңаяқ жүгірген балалығы, бойжеткен шағы, алғашқы нәзік сезімі қалған жер есінен еш шықпайтынын айтты. Содан кейін Медет екеуі Ақтауда кездесті. Оның сол баяғы байсалды қалпы, жігіт ағасына тән ұстамдылық танытып, сұрақ қоюмен болды. Ал, Айсамал ақжарқындығына салып, өз басынан өткен жайларды ақтарыла айтты.

Медет өз кезегінде Айсамалды құлай сүйгенін есіне алып, «тұрмыс құрып кетті» дегенді естігенде қатты күйзелгенін, өз-өзіне келгеннен кейін түрі де, аты да оған ұқсас қыз іздегенін баян етті. Айсамалдың «Көңілің неден қалып еді?» дегеніне, «Балалық қой, арамыздан қандай қара мысық өткенін өзім де түсінбеймін», деді. Тіпті сол кезде балгерге барып, бал аштырғанын,



ол «көріпкелдің» ешқашан екеуіңіз қосыла алмайсыңдар дегеніне шын сенгенін де жасырмады. Балгер мен құмалақшы емес, адам өз тағдырына өзі қожа, оған Аллатағала ғана себепші екендігін жастықпен түсіне алмаған екен...

Енді міне, екеуі кең-байтақ Қазақстанның екі шетінде, құдай қосқан жұптарымен тату-тәтті, балалы-шағалы болып, еңбек етіп, өмір сүріп жатыр. Жүректе алғашқы махаббат гүлі бүр жарған сол бір қимас шақ енді сағынышқа айналды. Екеуі екі жақта жүрсе де, келісіп алғандай ұлдарының аттарын Бекет қойғандарын естіп, таң қалысты. Тілеулес достар ретінде өмірде бір-біріне жақсылық қана тілейтіндіктерін айттып, немерелерінің атын Медет, Айсамал қоюға уәделесіп, қимай қоштасты...

184

Дегенмен, Айсамал үшін көп нәрсе айтылмай қалған сияқты. Көктем қарлығашы – бәйшешектей бүр жарған алғашқы нәзік сезімі, бозбала Медетке деген бала махаббаты еске түссе әліге дейін жүрегі сыздап қоя береді...

... Пойыз Ақтөбеге жеткенде мен түсетін болдым. Перронға дейін шығарып салған Айсамалға қарасам жанары жасқа толып тұр екен.

– Аға, – деді ол, – сіз журналиссіз ғой, туған жерден қашық жүрген бір қарындасыңыздың өтініші деп қарап, өзіңізге айтқан әңгімемді жазыңызшы... жастарға сабақ болсын, бәлкім, Медет те оқыр...



## ПРОГРЕСС

Алпысыншы жылдардың ортасына дейін аулымызда теледидар таңсық болатын. . Әлі есімде Қани деген көршілес досымыз екеуміз кешқұрым оның Жасан деген ағайының үйін жағалайтынбыз. Өйткені, бүкіл Ақтас атты үлкен кентте соның үйінде ғана теледидар бар. Иманды болғыр Жәкең ақкөңіл,қабағы ашық жан еді. Біз барғанда үйінде бала толып отыратын . Соған қарамастан «Ей, айналайындар-ай,келіндер, қане отыра қалыңдар», – деп бәйек болатын. Ағай жоқта өзінің көңіл күйіне қарай өзгеріп отыратын жеңгеміз кейде көріп отырған фильміміз аяқталмастан қуып шығатын...

Ал қазір теледидарсыз отбасын елестету қиын. Оны айтасыз, көп адамның көңіл құртына айналған автомашина, түрлі тұрмыстық бұйымдар мен үй мүліктері мұнан жиырма жыл бұрынғыдай көзі аз емес, кім-кімнің де қол жететін дүниелер, тек қана ақшаң болсын.

Тұрмысымызға ұялы телефон, компьютер, интернет, электронды пошта дегендер дендеп ене бастады. Енді автомашинадан шетелдік қымбаттырағын таңдайтын болдық. Ақтау қалалық көлік полициясының мәліметіне жүгінсек, он бір мың автокөлікке есептелген қаламызда бүгінде сексен сегіз мың автомашина бар. Есесіне жол-көлік апаты да жылдан-жылға көбейіп барады.



Қазір жастар арасында атыс-шабысы көп, басқа да жаман әдет-қылықты дәріптейтін бейне-фильмдер көру етек алды, оны айтамыз қаланың үйлернің көпшілігінде кабельді теледидарды пайдаланады. Елу-алпыс телеарнаның тәулік бойы көрсетпейтіні жоқ. Бүгінде кітап оқымаса да теледидар көрушілер баршылық. Әр нәрсеге еліктегіш келетін жастардың қатігездікпен ауыр қылмыстарға баруының бір ұшы осында жатқан сияқты.

Дегенмен, заман бір орында тұрмайды, ақыл-ойы ғарышты бағындыруға жеткен Адамзат өз болашағы үшін қауіпсіздігін де ойлайтын болар. Ендеше, бағытымыз дұрыс, тек алға асығайық, жасасын прогресс!



## АҚША ДЕП АР-ҰЯТТАН БЕЗБЕЙІК

Қандай қоғамдық құрылыс болмасын экономика негізін құрайды. Елімізді жетпіс жыл бойы билеп келген кеңестік жүйе келмеске кетіп, тәуелсіздік нарықтық қатынастарды ала келді. «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды», – дегендей көбірек ақша табудың, өзімізге табыс түсірудің жолына түстік. Бұлайша еңбектенудің өзіне де, жұртқа да пайдалы тұстары көп. Мәселен, Ақтаудың мал базарына бара қалсаңыз сол бойда алған қойыңызды сойып, жіліктеп, бас-сирағын үйтіп, ішек-қарынын аршып беретін қызмет бар. Бұл қала қазағына өте керек. Немесе той-садақа үшін киіз түріндегі құрастырмалы, кең үйлерді алыңыз. Арнаулы үстелдері, төсеніштері бар бұл үйлерді өздері әкеліп, құрып береді. Тек ақысын төлесеніз болды. Көп қабатты, тар үйлерде тұратын қазекене мұнан артық не керек?!

Дегенмен, кейде ақша табудың жөні осы екен деп артықтау сілтейтіндерді көреміз. Сәл ғана қар жауып, көше тайғақ болса таксилер құнын әп-сәтте шарықтатып әкетеді. Жексенбі күндері кешке қарай Жаңаөзеннен Ақтауға жету қиын. Такси былай тұрсын, шұбырып жататын «Газелдер» сирексіп, олардың да автовокзалға келгені бағаны екі еселейді екен. Қаламасаң өзің білесің, өйткені жолаушы жеткілікті, соның өзіне таласып-тармасып отырып жа-

тыр. Шағымданғаныңмен нәтиже жоқ, иесі-жекеменшік.

Ал, қарапайым жандарды алдап, отырғызып кететіндердің қасында бұл айтылғандар «ойыншық» сияқты. 1994 жылы «Бойтұмар» атты жыр жинағым жарыққа шығып, қалтаға азын-аулақ ақша түсті. Әйеліміз екеуміз келісіп, балаларға сол кезде жаңа шығып жатқан жапон магнитофонын, ал үйімізге кілем алғымыз келді. Алдымен балалардың бұйымтайын орындап, енді кілем жақты араладық. Менің көзіме парсының төсеулі жатқан, түкті кілемі оттай басылды. Соны алғым кеп, айналшықтап, тұрып алдым. Неде болса саудаласып көрелік деп, иесін іздеп едік көріне қоймады. Әркімшілерден сұрастырып тұрғанымызда «иесі менмін», деп қысқа тонын желбегей жамылған, мұртты жігіт шыға келді. Бағасын төлеп, кілемді бүктеп иыққа салып алып, базардан шығатын қақпаға қарай тартып келемін. Мен—алда, әйелім артымда. Бір кезде: «Тоқтаңыздар, менің кілемімді қайда алып бара жатырсындар!», деген әйел даусы мойынды кейін бұрғызды. Отыздар шамасындағы әйел, жанында жасандау келіншек бар, келе кілемге жармаса кетті. Айтатыны: «базар жанындағы қоймаға кетіп едім, келсем кілемім жоқ, сіздер алып барады деген соң жүгіріп жеткенім осы, ойбай-ау, бұларын қалай?» – дейді. Біз де болған жайды айтып жатырмыз, тыңдайтын емес, у-шу болып, кілем алған жерімізге қайтып келдік.



Әлгі жігітіміз ғайып болған. Сол жердегілерден сұраймыз, ешкім, ештеңе білмейді. Кілемнен біз де, иесімін дейтін әйел де айрылатын емеспіз. Содан ішкі істер бөлімінің жігіттері келіп, бөлімшеге алып келді. Танитын жігіттер кездесе қалып: «Оу, Тәке,бұл қалай болғаны», – дейді. Бәрін басынан қайта баяндаймын. Олар алаяқ, ұрыға шарасыздықтан алақандарын жаяды. Сөйтіп, кілем сатушы әйелге де ақша төлеуге тура келгені бар...

Сөзімнің тоқ етері қаншама нарық дейік,ақша дейік бұрынғы ата-бабамыз бәрінен жоғары қойып келген ар-ұятымыз төмендемесе екен.



## «ТАНЫМАСЫН СЫЙЛАМАС» ДЕГЕНДЕЙ...

«Ақтаудың түбіндегі темір жол стансасында Күзембай деген ағаң бар, есінде жүрсін», – деген әкемнің сөзі жадымда қалды. Ұмытпасам 1985 жыл болса керек Сәбидолла есімді ағамыз екеуміз Күзекеңнің үйіне іздеп бардық. . Обалы не керек ағамыз жақсы қарсы алып, кезінде әкешешемізден көрген шапағатын айтып отырды. Жеңгеміз де иманжүзді жан екен. Біз жөн сұрасып отырғанымызда жастары менің аяғымды қуып қалған және одан кішілеу жігіттер кіріп-шығып жүрді. Өз басым әлгілерді жақын тартып, ағамыз оларды да қасымызға отырғызып, таныстырар ма екен деп ойлап қоям. Бірақ Күзекең олай жасамады. Мұнан кейін де ағамызды той-садақаларда көріп жүрдік. Амандық-саулық сұрасып, бізді іштартып тұрады. Бірнеше жылдан кейін ағамыз да, жеңгеміз де о дүниелік болды.

190

Олардың артында балалары қалғанын білеміз. Бірақ танымаймыз. Өздері ыңғай бермеген соң біз солай едік деп жабыса кетудің де ыңғайын таба алмаймыз...

Міне, осылайша кезінде алыста, тіпті басқа республикада жүрсе де бірін-бірі ұмытпай сыйласа, араласа білген рулас шалдардың балалары біздер бүгінде іргелес отырсақ та бір-бірімізді жыға танымаймыз. Шынында да ағайын арасы алшақтауының, бір-біріне жат болуының бір мысалы сәті түскенде танысып-біліспеуінен емес пе екен, кім білсін...

## АЛПЫСБАЙДЫҢ «АЙЛАСЫ»

Тоқсаныншы жылдардың басында Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары болып қызмет істедім. Өте қиын кездер, жоқшылық, біріне тартсаң біріне жетпейді. Маған қызмет көлігі ретінде комсомолдан қаусап қалған, ескі «Волга» автомашинасы тиді. Қосалқы бөлшектер тапшы. Жүргізушім Алпысбай деген жігіт құрап-сұрап бірдеңе қылады әйтеуір. Біраз жүргеннен кейін моторы «сыр беріп» тоқтап қаламыз. Алпысбай капотты ашып тастап, сыбана кіріседі, машинаның астына үңіледі, кейде итеріп от алдырамыз.

Бірде таңертеңгілік машинаға отырып жатсам, артқы орында он екі-он үштер шамасындағы бала отыр.

– Мынау қай бала? – деп Алпысбайға қарадым.

– Менің балам ғой, – деп күледі.

– Жай жүр ме, тыныштық па? – дедім алдағы қыруар шаруалар есіме түсіп.

– Сабақ оқымайды. Сосын бір машинадағы оқыған адам мен оқымаған адамның қандай күйде жүретінін өз көзімен көрсін деп әдейі алып шықтым, – деді Алпысбай.

Мен не дейін. Алпекеннің балаға сабақ оқытудағы қолданған «айласын» теріс не оң дей алмадым. Іштей күліп қоям, сабақ оқыған, білім алған жақсы-ау, бірақ баланың кім боларына тағдыры төреші, бәрі бір Алланың қолында ғой.



Әрине, Алпысбайдың «айласы» оңынан оралса  
біз де қуанар ек...



192





## ЕСІМДЕГІЛЕР

*«Что вы скажите, когда предстанете  
перед богом».*

**Марсель ПРУТ.**

*«Азамат ердің баласы  
Жабыққанын білдірмес,*

*Жамандар мазақ қылар деп...»*

**ҚАЗТУҒАН.**

Балалық шақтан есімде қалғаны түрікмен еліндегі, бірақ, ылғи қазақтар тұратын «Арман сағат» атты кішкентай станса, Иранның шекарасымен астасқан көкорай дала, темір жолмен күн демей, түн демей дүркіреп өтетін пойыздар... Ес жиып, етек жапса ағайынын, қала берді кандасын іздейтін қазекен де бұл жерге де сонау балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен заманнан кейін, бірін-бірі ес тұтып жиналып қалғанға ұқсайды. Үш-төрт үй есентемір, екі-үш үй көрпе, жеменей, шегем... болып кете береді, бас-аяғы он бес отбасыдай бар. Кәсіптері-халық шаруашылығының күретамыры саналатын болат жолды баптау, отарбалардың іркіліссіз қозғалысын қамтамасыз ету, сауын түйе мен сиыр, уақ жандық бағу, қыстай саздауыт тоғандарға қар мен жаңбырдан түскен суды тоғытып, көктем туа қауын, қарбыз егу... Төрт жылдық мектебі, моншасы, медпункті, дүкені бар.



Менің әкемнің бар саналы ғұмыры теміржолшылықта өтті. Ал, анамыз бала бағу мен үй тірлігінен ауыспайды. Балаларының алды оқуда, арты үйде. Анам Сәнім мені, «қырық бесінде көрген жалғызын» еркелетіп өсірді. Сарыауыз балапанын соңынан еріткен күркетауықтай маған жаман мен жақсыны айырудан жалыққан емес. «Міне, көрдің бе, мына он саусақ бірдей емес, адамдар сияқты. Әуелі былай санауды үйрен: бас бармақ, балан үйрек, ортан терек, кішкене бөбек, шылдыр шүмек. Енді бас бармақтан бастап, саусақтарды адамша сөйлетсек, былай дейді екен: ұрлық қылайық, қылсақ қылайық, Құдайды қайтеміз, Құдай не қылар дейсің, Құдайды бүркеп қоялық. Көрдің бе, Құдайды ойлаған ортаңғы бармақ қандай, «бүркеп қоялық» дейтін ең кішкентай бармақ қандай? Құдайын ойлаған өседі, ал арамдық ойлаған өспей қалады», - деп үйрететін ол. «Балам қатарыңнан, көпшіліктен қалма, қазір той-садақаға әйелін жіберіп, өзі үйінде бала бағып, қазан-ошаққа араласып, қала беретін еркектерді көріп жүрміз, ондайдан аулақ бол, ешкімнен ештеңе дәмет пе, «адамның бергені-мақтануға, Құдайдың бергені-қолдануға», дегендей Құдай бермесе, адамның бергенінен бүйірің шықпайды. Ал, Құдайдың саған бергені басыңның амандығы, деніңнің саулығы, одан артық ештеңе жоқ», - деп ақылын айтып отыратын жарықтық...

«Шаш ал десе, бас алатын» зұлматты жылдар мен талайдың шаңырағын ортасына түсірген

сойқанды соғыс аяқталып, ел арқасы кеңи бастаған шақта әкеміз ағайындарын іздей бастады. Көпжас, Жарас деген екі ағасы қуғын-сүргін жылдарының құрбаны болған ол жалғыз еді. «Тақыр деген разьезде Бисенбай деген ағамыз және оның қазір үйлі-баранды болған, өз алдарына тұратын екі ұлы бар, солай қарай көшпесем болмас...» деп жүрген әкеміз Тақырға көшіп барғанда, менің жасым алтының шамасында еді. Жасы тоқсаннан асқан Бисенбай көкеміздің есекке секіріп мініп, қой бағып жүргенін көре алдық. Бала болсақ та ол қойдан келгенде есегін ұстап, құманмен қолына су құйып, алғысын аламыз. Бірде шайға отырып жаттып келініне: « Назымжан-ай, қой қайырып жүріп бір қу асық тауып алдым. Бақытым келер ме екен деп иіріп қалғанымда өзіме қарап алшы тұрды», дегені құлағымда қалыпты. Бақыт деп отырғаны ақсақалдың соғыстан оралмаған ұлы екен. Дегенмен, оның Асай, Төлеу деген екі ұлынан тараған немере-шөберелері бірғауым ел, қазірде Ақтауда, Ақшұқырда, Жаңаөзенде тұрады.



Жоғарыда айтқанымыздай, Тақыр ауылында да біз көп тұрақтамай қайта Арман-сағатқа, одан Красноводск қаласының түбіндегі Уфра кентіне көшіп бардық. Бір жақсысы әкеміз көлік іздеп қиналмайды. Тәжірибелі, үздік теміржолшы ретінде жол басшылығынан бір вагон сұрап алады да, бала-шағасын, мал-мүлкін тиеп алып, тартып кете береді. Қызметте де түбі бір меке-

ме болғандықтан бір жерден екінші жерге ауыса салады. Осылайша, көшіп-қонып жүргенде қазақ тілінде оқытатын мектеп болмай үш жыл түрікменше оқыдым. Кластан класка өтетін жиналыстарға өзі баратын әкем: «Менің балам қырық оқушының алды», деп келетін. Одан кейінгі жеті жылым қазақ мектептерінде, атап айтсам, Уфрадағы №5 және Ақтастағы №10 мектептерде өтті. Мектепте жүргенде қазақ, түрікмен және орыс әдеби кітаптарын оқуға құштар болдым. Үнемі кітап сатып алуға қол қысқа болғанымен, Ақтастағы құрылыс материалдар комбинаты, мектеп кітапханаларының тұрақты оқырманы едім. Кітапханашы Ақсұлу, Бәкен апайларымыз күнара бас сұғатын менен әбден мезі болғандықтан көргеннен-ақ : «әлі жаңа кітаптар келген жоқ», -деп кейін қайыратын. «Батырлар жыры», «Рүстем-дастан», « Қазақ ертегілері», «Гөроғлы», «Қырыққыз», «Қаныбек» сынды кітаптарды жинап жүретін әкеміз, кешке қарай маған кітап оқытып, тыңдайтын. Жатық тілмен, мәнерлеп оқитын менен басқалардың оқығанына көңілі толмайтын.

Әлі есімде, мектептің соңғы, онынша класында оқып жүргенімізде әдебиет пәнінен оқытатын ұстазымыз Сәрсенбай Қонақбаевтың еркін тақырыпқа шығарма жаздырғаны бар. Ертеңіне ол: « Сендердің араларыңнан тек бір ғана баланың шығармасы маған ұнады, жақсы жазған екен», деді. Класта тыныштық ор-

нап, «ол кім екен», дегендей кластағылар оқу озаттарына қарайды. Жетінші кластан бастап тек әдеби кітапқа ден қойған мен, олардың қатарында жоқ едім. «Ол Темір деген бала», деді Сәкең. Сілтідей тынған жұрт назары енді маған ауды. Менің қолға қалам алуым осы сәттен бастау алуы да ғажап емес. Осы орайда, мен өзімді білім нәрімен сусындатқан абзал ұстаздарымның есімдерін атап өтсем артық емес. Олар: Жақай, Мақпал Сарбасовтар, Қарашбай Әлмеков, Ақмырза Данабаев, Аманқос Базаров, Әзи Баданов, Өмірзақ, Ажар Озғанбаевтар, Өтебай Мүсірепов, Бақтыбай Борсанов, Изберген Қонақбаев, Ілияс Алдабергенов, Қаржау Ерғазиев, Қыдыр Құрманов, Сартбек Атаниязов, Аман Шүренбаев, Өтеулі Сарбеков, Тілектес Бөкеева, Валентина Решетникова, Исатай Өсеров, тағы басқалар. Әсіресе, жылдар бойы біздің «қиын» сыныпқа басшылық жасаған, марқұм Бақтыбай Борсановтың орны ерекше еді.

Мектепті бітірсем, жұмысқа тұрып, әкешешеме көмектессем деп жүрген мен аттестат қолыма тигеннен кейін, өзім өндіріс орындарын, кәсіпорындарды жағаладым. Бірақ, барған жерімдегілер: «әлі жассың, он жетіге де толмапсың, белгілі бір мамандығың жоқ», деп жолатпады. Қолында билігі бар аға, бере қоятын ақша жоқ, үш ай сандалдым. Мұны естіген Жаңаөзенде тұратын, марқұм Ерболат жездем келіп, ертіп алып кетті. Содан мұнайшылар



қаласындағы №162 кәсіптік-техникалық училищеде екі жыл оқып, электрик мамандығын алдым да, ауылға кеп еңбек жолымды бастадым. Сөйтіп, жасы жетпіске жетсе де бала-шағасының жайын ойлап, қызметтен қол үзбеген әкемізге сүйеніш болдым. Мен ғана емес менен үлкен әпкем, қарындасым істеп, отбасымыздың әлауқаты жақсарды.


Дегенмен, өзің сүйетін жұмыспен айналысқанға не жетсін?! Мені әдебиет, журналистика өзіне тартты да тұрды. Уфра мектебінде оқып жүргенімде ұстазым Қарашбай Әлмеков мені әдебиетке, өнерге көп тартты. Оның жетекшілігімен концерт сайын классик ақын-жазушылардың өлеңдерін қазақ, түрікмен тілдерінде мәнерлеп оқимын, қабырға газетіне сықақ өлеңдер, мақала жазамын, пьесаларда ойнаймын, бірде оқушылардың кітап конференциясында жазушы Қасым Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» атты туындысының толық мазмұнын жатқа айтып бергенім бар. Бірақ, жоғары кластарда мұндай «белсенділік» танытудан қашқақтайтын болдым. Оның орнына көркем әдебиетпен оңаша сырласатынмын...

Әдебиетке деген құштарлық мені өзім білетін, 1972 жылдың 18 наурызында Красноводск аудандық «Жұмысшы» және «Зәхметкеш» газеттерінің біріккен редакциясына алып барды. Екі газет бір-бір парақтан қазақ-түрікмен тілдерінде шығады екен. Газет редакторы,



марқұм Әбдіхалық Жүсіпбеков жылы жүзбен, күлімсірей қарсы алып: «Бізге түрікмен, орыс тілдерінен қазақшаға, қазақшадан түрікмен тіліне аударатын аудармашы өте қажет», - деді. Мен: «Бұрын аудармамен айналысып көрген жоқ едім, байқап көрейін», деп ем, сол бойда алдында жатқан газеттерден текстерді белгілеп беріп: «Қане, аударып көрші», деді. Салған жерден, сөздіксіз аудару алғашында оңай тиген жоқ. Дегенмен, көңіл тоқтатып, аударып шықтым. Ол қарап шықты да, көрші кабинеттегі қызметкерлері-жауапты хатшы, марқұм Төлеген Тәжібаев пен редактордың орынбасары, түрікмен газетін шығарушы Ашырберді Мұхаммедовты шақырып, «бұған қалай қарайсындар» дегендей, менің аудармамды берді. «Әбеке, мына жігіт дайын аудармашы ғой, қызметке алу керек. Алдыңғы келгендерге қарағанда атқа шапқандай», деді Төкең. Оны Ашырберді ағай да құптады. «Мен де солай ойлаймын», деген Әбекең мені аудармашы ретінде жұмысқа алды. Үйге «Орысша-қазақша», «Орысша-түрікменше» қалың қос сөздік кітапты көтеріп бардым. Аптасына үш рет шығатын қос газет бас көтертпейді. Үлгермеген аудармаларымды үйге алып келіп, түнімен отыратынмын. Нәтижесінде бірер айда жұмысты алып кетіп, оған қоса өз шығармашылығыммен айналысатын болдым.

Жалпы, көп тіл білген, әсіресе, өзің жүрген ортаның тілін білген жақсы екен. Мен 4-5-



сыныптарды оқып жүрген кезімде Ашғабаттың Фирюза деп аталатын, көк желекті, көрікті жерінде жерінде орналасқан пионер лагерінде екі мәрте болдым. Өзім қатарлы, Түрікменстанның түкпір-түкпірінен келген балалармен бірге ойнап-күліп, жаздың бір айының қалай өткенін білмей қалатынбыз. Бірде түскі астан соң жұрт ұйқыға кіріскенде біздер- красноводскілік екі қазақ, екі орыс бала лагерьден қашып шығып, «Строитель» лагерінің бассейніне бардық. Түскі үзіліс кезі, жан жоқ. Суға бір сүңгіп шығып, рахаттанып жатыр едік. Бізді көріп қалған соқталдай үш жігіт дүркіретіп қуа жөнелді. Лагерьден шыға қашқан бізді қоятын емес, өкшелеп келіп қалды. Бізге де жан керек, заулап келеміз. Бір кезде ең соңымызда келе жатқан, біз «Рыжик» деп атайтын орыс бала шар етіп, құлап түсті. Оның қолға түскенін көретұра тастап кете алмай, әлгі жігіттерге бардық. Үшеуі де алпамсадай түрікмен жігіттері екен үстеріндегі киімдері спортшы екендіктерін айғақтап тұр. Қасымдағылар түрікмен тілін татып алмайды. Түрікменшелеп, дұрыстап сәлемдесіп алдым да, өз білгенімше аттың басын жібердім, сондағы айтқаным: «Ағалар, жаман інілеріңізді кешіріңіздер, біз мына «Теміржолшы» лагеріненбіз, мұнда басқалардың келуге болмайтынын білмейтіндіктен келіп қалыппыз, мұнан бұлай ескеретін боламыз және біздің лагерьдегілерге де ескертеміз. Ағалар, бір сапарға бізді





кешіріңіздерші». Менің сөзіме түрікмен жігіттер мәз болып, біреуі: «Сен түрікмен тілін қайдан білесің?» деп сұрады. «Мен Қақа ауданында дүниеге келдім, Тәженде оқыдым, қазір Красноводскіде тұрамын. Кіндік шешем Қарахан ауылында тұратын Анна есімді кейуана», деп едім, одан сайын разы болды. «Сен өз оғланымыз екенсің ғой, ендеше жүре беріндер», деді. Былай шыға бере жанымдағылар: «әй, сен түрікмен тілін қайдан білесің-ей, әлгілердің көңілін босатып, жылата жаздадың ғой, сонда не айттың?», -деп тақымдады.

Кез келген халық өз ана тілін қастерлейді. Тілін білу, сол тілде сөйлеу арқылы адам жүрегіне жол табуға болады екен. Красноводск төңірегінде, біздің бала кезімізде түрікмен өте аз еді. Дегенмен, түрікмен тілінде әріп танып, мектепте үш жыл оқыған, кейін біріккен редакцияда аудармашы болған мен, бұл тілде облыстық, республикалық газеттерге мақала жазу деңгейіне көтерілдім. Красноводскі мен Небиттаудың өздеріміз араласып жүрген, түрікмен ақын-жазушыларының шығармаларын аудардым.

Көп ұзамай, 1973 жылдың алғашқы айларының бірінде «Жұмысшы»-«Зәхметкеш» газеттерінің редакциясының табалдырығын бұрынырақта осында қызмет істеген, менен екі жастай үлкендігі бар Есберген Інірбайұлы деген жігіт аттады. «Былтыр Қаз МҰ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түскенмін,




«ХХ партсъез» кеңшарындағы есепшілігімді тастап, өз мамандығым бойынша жұмыс істеуге келдім», деді. «Адам түсінескенше», дегендей, таныса келе: « Өлеңдеріңді, мақалаларыңды оқып жүрмін, сен неге оқуға түспей жүрсін», деді. Мен: « Қиын ғой, Қазақстандағы бірден-бір университет, оған көп дайындық керек»-десем, ол: «Жоқ, қорықпа сен түсесің, биыл қалайда бар», деді. Мен: «Биыл бара алмаймын, дайындалып, келесі жылы барамын»,-деп әңгімені шорт кестім.

Айтқандай, келесі, 1974 жылы сәтін салып, бір барғаннан-ақ Қаз Му-дың журфагіне түсіп кеттім. Қазақ журналистикасы мен әдебиетінің Тауман Амандосов, Темірбек Қожакеев, Зейнолла Қабдолов, Рымғали Нұрғалиев, Алма Қыраубаева, Әбілфайыз Ыдырысов, Қабижан Құсайынов, Абдул-хамид Мархабаев, Зейнолла Тұрарбеков, Марат Барманқұлов, Дандай Ысқақов, Сұлтанғали Садырбаев, Ханғали Сүйіншалиев, тағы басқа мықтыларының алдын көріп, сабақ алдық.

Мен сонау Алматыдағы жоғары оқу орнына әйелім Жұмабибі Оңайбекқызына үйленгеннен кейін түстім. Жас отбасымыз, ауыс-күйіс қаржымыз жоқ. Содан алты жыл бойы еңбек демалысына шығып, соның ақшасымен сессияға барып, келетінмін. 1980 жылғы бірінші сәуірден сол кездерде диплом қорғау үшін берілетін төрт айлық демалысымды алып, айға жеткізбей дип-



лом жұмысымды жазып бітірдім. Жетекшім Қабиджан Құсайынов. Сәуірдің аяғында Алматыға тартып кеттім. Қала шетінде тұратын досым Қазыхан Әшенің үйіне барсам, ол дипломмен шаруасы жоқ: «Әлі уақыт бар ғой», деп жайбарақат жүр. Бірге жүретін басқа жігіттермен хабарласып ем, бәрі-жайбарақат. Дегенмен, өзіме-өзім көңілім толып, дандайсығаным асылық болды-ау деймін, енді соған келелік. Ертең бірінші мамыр мейрамы дейтін күні Қаз Му-дың бас корпусындағы деканатқа бардым. Жетекшім Қабиджан Пангереевич Құсайынов та мерекелік көңіл күйде екен: «Ой, адайым, жарайсың, сөйтіп дипломды жазып бітірдім де, ендеше мейрам өткен соң қолға аламыз, әзірге өзіңде болсын», деді қолымдағы дайын диплом жұмысын көріп. Мен сағатыма қарап: «Пангереевич, жетінші қабатқа барсақ қайтеді?» дедім. Айтып отырғаным «Алматы» қонақ үйінің өзіміз анда-санда бас сұғатын жетінші қабатындағы кафе. «Жақсы, барсақ барайық» деп жиналған ол: «Тауманды да ала кетейік», деді. Үшеуіміз бір «ақмағанбетті» жайратып бола бергенімізде қасында аспирант жігіті бар Зекең ағамыз, Зейнолла Қабдолов кіріп келді. Ағаларым мәре-сәре болып, отырысты жалғастырып әкетті...



Қолымдағы газеттің, оның арасына салған дипломның жоқтығын түнделетіп Қазыханның үйіне барғанда бір-ақ біліп, не істерімді білмедім. Ол мені жұбатып әлек. Ертеңіне ертелетіп,

дипломымды іздеуге шықтым. Әдеттегіше, парад алдында орталық көшелердің бәрін жауып тастапты. Таксимен Көктөбе арқылы айналып, «Алматы» қонақ үйіне зорға жеттім. Жетінші қабаттағы өзіміз отырған кафеге барсам, сатушыдан басқа жан жоқ екен. Жағдайымды айтып едім. «Жоқ жігітім, сіздерден кейін, газетке ораулы босаған шөлмектен басқа ештеңе қалған жоқ», деді. Төменгі қабатта жүрген милиционер жігіттер де ештеңе көрмегендерін айтты. Бәлкім, жетекшімде кеткен шығар деген оймен Қабекеңе телефон соқтым. «Қап, дайын дипломды құртқан екенсін», деп ол да ренішін жасырмады. Абырой болғанда, алғашқы қолжазбамның кейбір беттері, деректемелер, пайдаланылған әдебиеттері сақталып қалыпты. Содан мамыр айының мерекеге толы алғашқы он күнінде Қазыханның үйінен аттап шықпай, дипломымды қайта жазып шықтым. Елдің алдымен қорғаған Айтқазы, Арасанбай үшеуіміз басқалар қорғап болғанша Талдықорған облысының Қапал, Арасан, Семей облысының Аягөз, Үржар аудандарын аралап қайттық.

Бүгінде мен курсымызда республикалық дәрежеде көрінген және көрініп жүрген Ибрагим Иса, Арасанбай Естен, Жәркен Бөдешов, Қазыхан Әше, Өмірзақ Мұқаев, Айтқазы Байдәулетов, Сәдібек Түгелов, Доқтырхан Тұрлыбеков, Сақыпжамал Өтеғалиева, Жұмабек Қарабалаев, марқұмдар Асқар Кіребаев, Күләш

Нәбиева, Абдулмажит Давлятов, Сәлімғазы Әбеев сынды ақын-жазушылардың оқығанын, олармен талай қызықты күндерімізді бірге өткізгенімізді мақтанышпен айтамын.

1974 жылы Краснодарск облысы құрылғаннан кейін түрікмен тіліндегі аудандық «Зәхметкеш» газеті жабылып, оның орнына облыстық «Зәхмет байдағы» газеті шыға бастады. Ал, «Жұмысшы» газеті бұрынғыдай бір парақ емес екі парақ, яғни төрт бет болып шығуға көшті. Редакция ұжымы ұлғайып, жазуға талабы бар жастармен толықты. Олардың алды ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түсіп, газеттің деңгейі бұрынғыдан анағұрлым көтеріліп, бірнеше мәрте республикалық байқауларда үздік шықты. Менімен бірге «Жұмысшыда» марқұм Әбдіхалық Жүсіпбеков, Төлеген Тәжібаев, Жарылғасын Нұрмағанбетов, сондай-ақ бүгінде арамызда жүрген Есберген Іңірбайұлы сынды жасы үлкен ағалармен қатар Айтбай Аймағамбетов, Еркеш Нәрембаева, Рахмет Айтжанов, Базар Ботабаев, Айжан Сәрсенова, Валентина Қозыбақова, Маржан Ақботаева, Ағиба Таңбаева, тағы басқалар қызметтес болды. Қаламгерлігімді ұштап, ақындық шабытымды шарықтатып, қанаттандырған «Жұмысшы» газетінің редакциясы десем асыра айтқандық емес. Осында жүргенде шығармаларым республикалық газет-журналдарда жарияланып, Қазақстан жас ақындарының «Қарлығаш» атты



жыр кітабына өлеңдерім енді, осында жүргенде 1976 жылы КСРО Журналистер Одағына мүше болдым, осында жүргенде 1974-1980 жылдары сырттай Қаз МУ-дың журфагінде оқып, диплом алдым. Ең бастысы, осында жүргенде шаңырақ көтеріп, ұлым Мәди, қызым Жұлдыз дүниеге келді.

«Жұмысшы» газетінде аудармашы, әдеби қызметкер, еңбекші хаттары, кейін халық шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқардым. Аудандық болса да түрікмен елінде шығатын бірден-бір қазақ тіліндегі басылым болғандықтан газет редакциясы төңірегіне қазақ диаспорасының қаламгерлерін топтастырды. Ақындар Есенғали Бөкенбаев, әкелі-балалы Өткілбай және Құдайберген Көпековтер, Рәуіл Майданов, ағалы-інілі Сұлтан, Жаңғақбай Балхаевтар, Болат, Мұрат Жетекбаевтар, тілшілер Мұқан Алақөзов, Таңқабай Шәмпиқов, Исмайыл Атабаев, Есен Оралбаев, Мырза Сариев, Жетпіс Шауқаров, Қыдырқан Есболаев, тағы басқалар газеттің жер-жердегі тірегіне айналып, елге танылды. Олармен талай рет кездесіп, жазғандарының газет бетінде көрінуіне өзіндік үлесімізді қостық.

Әрине, өмір болған соң қиындықсыз болмайды. 1979 жылы Жаңаөзенде тұратын Ерболат жездем қайтып, Ақтау арқылы ұшатын сапарымда облыстық «Коммунистік жол» газетінің редакциясында болып, сол кездегі бас редактор



Киікбай Мырзағұловқа жолыққаным бар. Ол кісі обалы не керек: «Бізге журналистер керек-ақ, егер келетін болсаң, екі жылда үй, оған дейін отбасылық жатақхана беремін», деді. Бірақ, өкінішке қарай, тағдыр мені ауылдан ұзатпады... Енді кетуге бел бұғанда «ішпейтін ауруын» уайымдайды деп бізден жасырып жүрген анам, оның қазасынан кейін жылға жетпей өзімнен кейінгі, үйленгеніне екі ай болған інім Өмір дүниеден озды. Үш жыл бұрын әкем қайтып, үйдің бас көтерері мен болғасын қанаты қайырылған кұстай күн кештім. Кейінгі қос інім Кенжебек пен Кеңесбектің есейіп, әкенің қара шаңырағына ие болуын күттім. Інілерім азаматтық борыштарын өтеп келіп, жұмысқа тұрып, отау тігудің қамына кіріскеннен кейін ғана арман қуып, 1985 жылдың тамызында: «Ақтау қайдасың?», деп тартып кеттім.

«Коммунистік жол» газетінің редакторы Киікбай Мырзағұлов маған редакцияның маман журналистермен толыққанын, баспана мәселесінің қиындап, ендігі жерде жалпы кезекпен ғана пәтер берілетінін тілге тиек етті. Осы орайда, редакциядағы өнеркәсіп және транспорт бөлімін басқаратын Мейрамбай Қибасов және жауапты хатшының орынбасары Айтбай Аймағанбетов сынды жерлес жігіттердің азаматтығын айта кеткенім жөн. Олар редакторға кіріп, мен жайлы жағымды пікірлерін айтып, қызметке тұруыма ықпал



етті. Әсіресе, өзім бұрыннан біліп, жанашыр аға тұтатын Мейрекеннің қамқорлығын көп көрдім. Оның үйінде жатып, ақ пейіл Күріш жеңгеміздің қолынан талай дәм татқанымды қалай ұмытайын...

Дегенмен, мен келген жылдары Ақтауда пәтер мәселесі өте қиын-ды. Тіпті қалаға тіркеуге отырудың өзі оңай емес-ті. Сол жылдары аймақтың байырғы журналисі Мұқтасын Сухамбердиевтің ағасы Өмірзақ поселкелік кеңесінің төрағасы еді. Сол кісінің көмегімен мен «СМУ №10» дейтін мекеменің вагонына тіркелдім. Отбасыммен әр жерде: Ақшұқырдағы біреудің сарайында, қаладағы ұлты орыс, соғыс ардагерінің бір бөлмесінде, он үшінші шағын ауданда бір жегжат жігіттің екі бөлмелі пәтерінде тұрдық.

208

Бірақ, өзің жас, денің сау болса анау-мынау қиындықтарға пысқырмайды екенсің. «Коммунистік жол» газетінде тілші, одан кейін бөлім меңгерушісі болған мен, атажұртымның түкпір-түкпірін аралап, мақалалар жаза бастадым. Бірақ мұным ұзаққа бармады. Келгеніме тура үш жыл дегенде Маңғыстау облысы таратылатын болды. Обком хатшысы Т.П.Догадова редакцияға келіп, облыстық газет журналистерін бір-бірден қабылдады. Маған Шығыс Қазақстан облысы Зайсан, Қатон-қарағай аудандарының біріне редактор болуды ұсынды. Мен әрине, бас тартатынымды айттым. Сөйтіп, әр түрлі



ой мазалап жүргенде «Коммунистік жолдың» Бейнеу ауданындағы тілшісі, марқұм Әбдіғани Аймағамбетов өзінің Ақтөбесіне кетеді екен деген хабар жетті. «Оның редакция берген бір бөлмелі пәтері бар, Бейнеудің газетіне барсаң соны аласың», деп ақыл айтқан жігіттер де болды. Қызметтес іні, әрі ақын-дос Ғалым Әріп: «Темеке, білетін шығарсыз, менің ағам Дүйсенбі Әріпов сол ауданның басшысы, егер баратын болсаңыз, оған айтайын», деді. Мен келістім.

Сөйтіп, 1988 жылдың он екінші тамызында Бейнеуге көшіп бардым. Дүйсенбі Әріпов, Қуандық Нұрғалиев, Ибрагим Мұрасов, Айтуар Өтегенов, Мырзабек Болысов, Жауғашты Нәрембаев, Ыбырай Юсупов сынды көптеген азаматтар қатарына тартып, қолдан келер көмектерін аяған жоқ. Ақтауда үш жыл баспанасыз жүрген маған Бейнеуде алғашында бір бөлме, бірер айдан соң екі бөлмелі пәтер тиді. Қаржаубай Жылқыбаев, Уайс Қайралапов, Сали және Сабыр Адаевтар, Сансызбай Естеков, Махмұт Қосмамбетов, Айнахан Есетова және басқа да ақын-жазушылар, өнер адамдарымен бірге жүріп, қызмет істедім. Өз жұмысыма қоса аудандық білім бөлімінің ұсынысымен пионерлер үйінде «Жас тілші» атты үйірме ашып, әдебиетке ынтасы бар балаларға сабақ бердім. Әрине, ең бастысы өзімнің журналистік қызметім ғой. Аудандық, Атырау облыстық газеттерінің беттерінде сын,



проблемалық материалдарым жарық көріп, жұрт назарына іліктім. Сондықтан болар, бірде редакцияға Атырау облыстық «Коммунистік еңбек» газетінің редакторы хабарласып, газеттің Құлсарыдағы меншікті тілшісі болуға шақырды. Және егер баратын болсам төрт бөлмелі үйдің дайын тұрғанын тілге тиек етті. Мен «қабырғаммен кеңесетінімді» айттым. Бұл хабарды естіген әйелім мен бала-шағам шулап шыға келді. Сондағы айтатындары: «тәп-тәуір отырған жерімізден қозғап, Ақтауға, одан кейін Бейнеуге көшіріп әкелдің, осылайша ел асып, жер асып кете береміз бе?». Ертеңіне Теңдік ағай тағы хабарласты. «Үйдегі келініңіз келіспей отыр», дегенімде күлді де: «Жарайды ендеше, бірақ, қаламың мұқалмасын бізге де жазып тұр», деді.

210

Дегенмен, мен Бейнеуде небәрі бір жыл төрт ай ғана қызмет істедім. Сол кезде аудандық Кеңес атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіндегі Ибрагим Мұрасов ағай шақырып алып, төрт бөлмелі пәтер бөлінетінін айтқанымен, ол үй маған бұйырмады.... Себебі дәл сол күні Мұқтасын Сухамбердиев телефон соғып, Жаңаөзенде қалалық газеті ашылып, өзінің оған редактор болатынын айта келе: «Жігіттер сені ұсынып отыр, маған редактордың орынбасары болып келесің бе?» деді. Мен: «Біздің бастығымыз бар ғой, сонымен сөйлесіңіз», деп телефон құлағын Айтуар Өтегеновке бердім. Екеуі сөйлесіп болған

соң Айтекен: « Мен сені жібере алмаймын», демесі бар ма?! Мен: « Қалай да баруым керек, мені жұмыстан босатуыңызды сұраймын», дедім. Айтуар: « Онда бірінші хатшыға барып айтуға тиіспін», деп шыға жөнелді. Шақырып жатыр деген соң аудан басшысына мен де бардым. Дүйсекең, Дүйсенбі Әріпов ағамыз маған түсіністік танытты.

1989 жылғы желтоқсанның 12-сінде Жаңаөзенге бардым. Тоқсаныншы жылдың бірінші қаңтарында қалалық «Жаңаөзен» газетінің бірінші нөмірін шығардық. Газет редакторы Мейрамбай Қибасов, оның орынбасары Жоламан Айдарбаев болса, мен жауапты хатшы қызметін атқардым. Редакцияда Базар Ботабаев, Аманжол Латыпов, Еркеш Нәрембаева, Ағиба Қатешова, Талант Құсайынов сынды журналистер жұмыс істеп, газет таралымы қысқа мерзімде алты мыңға жетті.



211




1991 жылдың қазанында Жаңаөзен қалалық Кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасарлығына сайландым. Содан қала әкімінің орынбасары, қалалық тіл басқармасының бастығы, мәдениет бөлімінің меңгерушісі, «Өнер» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, облыстық ақпарат және қағамдық келісім басқармасы тілдерді дамыту бөлімінің бастығы қызметтерін атқарып, он екі жылдай мелекеттік қызметте болдым. Бүгінде мамандығым бойынша журналистік қызметтемін.

Бірақ, қайда, қандай қызметте жүрсем де, қазақтың қара өлеңін өзіме серік қылдым. Шығармаларым оннан астам жыр жинақтарына еніп, өзімнің «Ботұмар», «Атамекен», «Жүрек сөзі», «Сені іздедім», «Ақ қайың жылап тұр» атты кітаптарым жарыққа шығып, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылдандым.

Мұның бәрін өзімді өзім мақтау үшін емес, «шаң басқан архивтерден табылармыз», деп Мұқағали ақын айтқандай, артымдағы ұрпақтарым, тілеулестерім, қала берді оқырмандарым күндердің күнінде дерек іздесе, біліп жүрсін деген ниетпен ғана жаздым.

*01.06. 2012 жыл.*






*Екінші бөлім*

*“Талантының тоқпағы тасқа  
шеге қағады”*

*Бауыржан Момышұлы.*

*(мақалалар)*




Бірақ, қайда, қандай қызметте жүрсем де, қазақтың қара өлеңін өзіме серік қылдым. Шығармаларым оннан астам жыр жинақтарына еніп, өзімнің «Ботұмар», «Атамекен», «Жүрек сөзі», «Сені іздедім», «Ақ қайың жылап тұр» атты кітаптарым жарыққа шығып, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелігіне қабылдандым.

Мұның бәрін өзімді өзім мақтау үшін емес, «шаң басқан архивтерден табылармыз», деп Мұқағали ақын айтқандай, артымдағы ұрпақтарым, тілеулестерім, қала берді оқырмандарым күндердің күнінде дерек іздесе, біліп жүрсін деген ниетпен ғана жаздым.

*01.06. 2012 жыл.*





*Екінші бөлім*

*“Талаптының тоқпағы тасқа  
шеге қағары”*

*Бауыржан Момышұлы.*

*(мақалалар)*



## “БІЗ – МАҢҒЫСТАУДАНБЫЗ”

Ұмытпасам, тоқсаныншы жылдардың басында Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қатысушылардың бір тобы облыс орталығына келіп, одан Оғландыдағы Бекет атаның басына баратын болды. Оларға Ақтаудан, Жаңаөзеннен бірқатар азаматтар ілестік. Қонақтар Ираннан келген екен, алдымен атаның зиратына барып, мінәжат етуді ұйғарды. Адам қарасы мол болғандықтан ішке бөлініп-бөлініп кірдік. Дұға оқылып болғаннан кейін бір ақ сақалды қария зираттың қабырғасын құшып, еңкілдеп жылады, оған жанындағы екі жолдасы қосылды. Олардың:

214

– Атажан, біз бейбақ не көрмеді десеңізші?!. Басқасын айтпағанда, тіпті осы сапардың өзіне әрең жеттік, басымыздан не өтпеді, қай жерлерден келіп отырмыз, ата... – деген сөздері сай-сүйегінді сырқыратады.

Кейін олардың айтуынша, Иран елінен құрылтайға келгендерді белгіленген жоспар бойынша Түркістанға, Шымкентке апару көзделген екен. Бірақ, бұлар: “Маңғыстауға, Бекет атаның басына бармай қайтпаймыз”, – деп көнбей



қойыпты. Сөйтіп, Пір атаға сапарлары оңынан оралған көрінеді.

Бекет ата түнеуханасында садақа дастарханына бірталай адам жиналды. Шай үстінде танысу, білісу басталды. Бақсақ, мұнда Иран, Ауғанстан, Ресей, сондай-ақ түрікмен, өзбек, қарақалпақ елдерінен, Қазақстанның бірнеше облысынан келгендер бар екен. Дұға оқып, бата жасаған келбетті, ақ сақалы омырауын жапқан қария өрбіген әңгімені былайша түйіндеді:

– Біздер, осы отырған бәріміз түбі бір қазақпыз, ата-жұртымыз осы жер, сондықтан қайда жүрсек те, өзімізді маңғыстаулық санаймыз. Біз – Маңғыстауданбыз...

Маған таяу отырған оның мұңды жанарына көзім түскенде ойыма мына жыр жолдары оралды:

Бұқпағанбыз жаудан біз,  
Ықпағанбыз даудан біз.  
Бұғалыққа бас бермей,  
Бөгесінге дес бермей,  
Бұлтша көшіп ауғанбыз,  
Жаурағанбыз, жауғанбыз,  
Біз – Маңғыстауданбыз!  
Қияға көз салғанбыз,  
Қияндарға барғанбыз.  
Шейіт болған Оғланбыз,  
Бейіт болып қалғанбыз,  
Түйе ішінде нарданбыз,  
Жылқы ішінде тарланбыз,



Біз – Маңғыстауданбыз!  
Дақ тимеген арданбыз,  
Асыл тектен қалғанбыз,  
Сан атойды салғанбыз,  
Қастасқанға қабыланбыз,  
Жас балаға қорғанбыз,  
Біріккенге орманбыз,  
Біз – Маңғыстауданбыз!  
Үміт жібін жалғармыз,  
Көш көлігін қамдармыз,  
Нәсіп күтіп алдан біз,  
Сұңқардайын самғармыз,  
Жалындайын лаулармыз,  
Бостан жырын толғармыз,  
Біз – Маңғыстауданбыз!



## “ТІЛ БІТКЕН ЖҮРЕР МЕНІҢ АТЫМДЫ АЙТЫП”

Осы бір өлең жолдарын оқығанда ұлы ақын Александр Сергеевич Пушкиннің әулиелігіне, өзінің түйсік-пайымымен болашағын болжай білетін кемеңгерлігіне таң қалмасқа болмайды. Ол мұнан 207 жыл бұрын дүниеге келіп, 169 жыл бұрын дүниеден озған, небәрі 38 жыл ғұмыр кешкен. Ең болмаса кемел жас 40-қа да жетпеген ақынның даналығына, даңқына қалай бас имессің?!

Осыдан отыз бір жыл бұрын Пушкиннің туғанына 175 жыл толуына орай, қазақтың көрнекті қаламгері, сыншы–жазушысы Мұхамеджан Қаратаев: “Әлемде не жарық? Күн жарық. Адамда не жарық? Даналық. Бұларсыз дүние қараң. Бұл екеуінің жарығы мен жылуы, шапағаты мен шарапаты әмбеге аян, ортақ, өлшеусіз ұзақ. Оны буып қоярлық шара да, шама да жоқ. Күннің көзін зар заманның түнегімен бүркеуге болады, бірақ мүлдем сөндіру мүмкін емес. Тарих осының кепілі. Орыс халқының ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің өмірі де соған дәлел”, – деп жазған еді. Мұны ақынның өзі-ақ өлеңімен былайша айтып кеткен-ді.

Ескерткіш орнаттым мен қолдан келмес,

Ел ізі оған салған суый білмес.

Асқақтап Александр мұнарасынан,

Жоғары ескерткішім шықты дербес.



Жоқ өлмен-жаным тірі өлеңімде,  
Жаңғырад, қурамайды денем мүлде,  
Жалғанның жарығында мен ардақты,  
Жасаса жалғыз ақын керегі не!  
Дабысым Ресейге кетер жалпақ,  
Тіл біткен жүрер менің атымды атап  
Славян, фин жұртының өр ұрпағы  
Қазіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.  
Халқыма қалаулы ұзақ болар жерім,  
Қаулаттым өлеңіммен мейірімдерін,  
Қытымыр заманымда еркіндік деп,  
Шапағат пақырларға тілегенмін...

Сүйікті ақыны қапыда сұм дұшпанның қолынан қаза тапқанда халқымен бірге бір құрбысы: “Орыс поэзиясының күні батты” десе керек. Әрине, Пушкиннің орыс поэзиясының күні екені даусыз, бірақ ол батқан жоқ. Қайта бұрынғыдан да жарқырай түсіп, жарығы күллі дүниеге жайылды. Сөйтіп, поэзия әлемінің сөнбес үніне айналды.

Пушкиннің ұлылығын алғаш танып, оның өлмес өнерін бағалап, жар салған Лермонтов болды. Ол тебіреніс пен кекке толы өлеңімен патша жендеттерін әшкерелеп, лағнет айтты.

Жалмауыз топ тақ қоршаған,  
Жоқ не ары, жоқ беттері.  
Азаматтықты тұмшалаған,  
Даңқ, данышпан жендеттері.  
Отырсындар бүркеніп заң,  
Сотпен шындық тілін кесіп,



Сот бар әлі кім бұзылған!

Тәңір соты кетпес кешіп.

Шынында да тәңір сотынан ешкім де асып кете алмайды. Халық сүйген ұлы ақынның есімі қаншама бүркемеленгенмен уақыт өткен сайын сан қырымен жарқырай түсті. Жаңа әдебиеттің атасы, данасы деген атаққа ие болып, даңқы аңызға айналды. Н. В. Гоголь Пушкинді орыстың ұлы ұлт ақыны, “Орыс рухының төтенше көрінісі”, деп білді. Ал, орыстың ұлы сыншысы В. Г. Белинский бұл пікірді одан әрмен дамытады. Орыс әдебиетінің атақты классиктерінің ішінде Пушкинді ұстазымыз демегені, одан тәлім алып үйренбегені кемде-кем.

Пушкиннің орыс әдебиеті тарихында зәулім мұнара биігіне көтерілуіне қандай басты әлеуметтік себептер болғандығына жан-жақты тоқтала келе сыншы Мұхаметжан Қаратаев Пушкиннің Батыс Еуропа өмірінде басталған сұрапыл ірі өзгерістерге ілесе туып-өскенін айтады. 18-ші ғасырдың ақырында жер жүзін күңіrentкен француз революциясы ескі феодализм қоғамының қамалын бұзды. 1812 жылы Наполеонның Мәскеуге баса-көктеп кіруі, соған жалғаса Ресейдегі ірі ауыл шаруашылығы дағдарысы, батыстағы саяси өзгерістер дабылы орыс жұртшылығының санасын жедел оятады.

Дворян дәуірі, революция идеясын басқарған ұйым-декабристер ұйымы. Сол дәуірдегі қымқиғаш күрестер мен ескі заманның аралық



көріністерін көркем суреттеген Пушкин шығармаларында осы тәрізді адам баласының тарихындағы орасан үлкен оқиғаларға толы кезең көп қырлы бет-бейнесін тапты.

“Пушкин жазғандарының мазмұн байлығы, жоғарылығы, әлгі айтқан маңызы аса зор заманның өмір құбылыстарымен ұштасады. Мұның өзі Пушкиннің дүниежүзілік мәні барлығын көрсетеді. Ал, бірақ солай бола тұра Пушкин орыс жазушысы. Себебі, әлгі дүниежүзілік оқиғалар орыс тілінде, көбіне орыс шындығы арқылы суреттеледі. Пушкин көз алдындағы орыс шындығының бір бөлшегін суреттей отырып, соның түсінігін дүниежүзілік сатыға көтереді. Пушкиннің данышпандығы және айырықша бір үздігі осында”, – деп жазды М. Қаратаев.


220

Пушкиннің өлеңмен жазылған романын Белинский орыс өмірінің энциклопедиясы деп бағалаған екен. Бұл бағаға барлық шығармашылығы лайық. Әдебиеттегі алғашқы қадамынан өле-өлгенше шындыққа батыл қарап, айнала қоршаған әлеуметтік өмірден жан-тәнімен әділдік іздеген ақын. Тұрмыстың небір сұмдықтарынан тайсалмай, болашақ, бақытты өмірден үміт үзбей, құлаш сермеуімен Пушкин шығармалары бізге қымбат.

Орыс поэзиясының сөнбес күніне айналған ұлы Пушкин шығармашылығы туралы талай-талай марғасқа қаламгерлер қалам тартқаны

баршаға мәлім. Сондықтан да олардың зерттеп, зерделеп, талдап жазғандарынан көңілге түйгеніміз Пушкин творчествосының тақырып байлығы мен жанр байлығының таңданарлықтай үздігі, заманшындығын мейлінше кең алғандығы. Пушкиннің жалғыз мазмұн, стиль жағынан ғана емес, тақырыптың көлемі жағынан да феодалдық дворян әдебиетінің құрсауын жазып, өз шығармашылығына көп замандардың, көп ұлт, көп таптардың суретін және көп маңызды оқиғалардың шындығын сыйғызады. Тынымсыз биік талапқа лайық үлкен әдебиет жасады, әдебиетте түрлі-түрлі жанр туғызды. Пушкин толық мағынасында орыс әдебиетінде тамаша өзгеріс жүргізді, өзінен бұрынғы әдебиетте бар байлықты кемеліне жеткізіп, байтақ аумақты әдебиеттің қаулап өсуіне негіз салды. Балама түрінде айтсақ, бұрынғы жылап аққан жіңішке жылғалар Пушкин шыңына жеткенде ұлы ағысты үлкен дарияға ұласты...

Пушкин жаңа әдебиет тілін халық тіліне жақындатумен жасалады деп біледі. “Бәлен әдебиет артық деп кесіп айтпаймын. Бірақ, біздің өз тіліміз бар ғой. Дәлдеп айтсақ, ол біздің салтымыз, тарихымыз, жыр, ертегілеріміз, тағы басқа сондайларымыз”, – дейді ол. “Дәл және қысқа айтылу – прозаның ең бірінші қасиеті. Прозаға көбіне -көп ой керек, пікір керек. Онсыз әдемі сөздер түкке аспайды”, деген Пушкин осы айтқанын өзінің прозасымен



жазылған повестерінде айнытпай дәлелдейді. Оның талантының баға жетпес қасиеті туралы Максим Горький былай депті: “Мен мәдениет дүниесінің... Пушкин маңына ұйысқанын дұрыс көремін, өйткені Пушкиннің жойқын ірі, универсальдық таланты психикалық дені сау және кісі сауықтыратын таза талант”. Сондықтан болар 170-180 жыл бұрын жазылса да Пушкин шығармалары әліге дейін әдемі де әсерлі, жүрекке жылы.

Пушкин өлеңдерінің құдыретті күшін, музыкасын, өміршеңдігін, сезімталдығын қазақ оқырмандары Абай аудармасымен-ақ жақсы аңғарғаны бұрыннан айтылып та, жазылып та келеді. Пушкин жалғыз орыс халқы емес, өзге халықтардың да өмірін, тұрмысын жете зерттеп жазған, олардың ұлттық ерекшеліктерін өзінің мәңгілік образдарымен бейнелеген. Қай елдің де өмір шындығын ақын ақиқат көзімен көреді, тарихшылдық тұрғысынан топшылап толғайды.

1937 жылы ұлы ақын Пушкиннің дүние салғанына 100 жыл толуына байланысты қазақтың көптеген ақындары оның шығармаларын аударуға жұмыла кіріседі. Бұрын ақын туындыларынан жеке үзінділер, бірен-саран өлеңдер ғана аударылып келсе, енді олардың бәрі тұтас аударылып, қазақ тілінде үш том болып шығады. Мұның ішінде автордың барлық шығармалары, атақты өлеңдері, бүкіл повестері мен пьесалары бар. “Евгений Онегин” романын тұтас аударған





ірі ақынымыз Ілияс Жансүгіров. Сондай-ақ өзге поэмаларын да Тайыр Жароков, Әбділда Тәжібаев, Сәйділ Талжанов, Ғали Орманов, Мәжит Дәулетбаев, Қасым Аманжолов сынды сол кездегі көрнекті ақындар аударды.

1949 жылы данышпан ақынның туғанына 150 жыл толуына орай, аудармасының жаңасы бар, жаңғырғаны бар Пушкин шығармалары қазақ тілінде үлкен бір том күйінде екінші рет басылып шықты. Көрнекті сыншы М. Қаратаевтың айтуынша “Бұл томға енген аудармалардың сапалық дәрежесі сол тұстағы жалпы қазақ әдебиетінің жеткен мәдени деңгейін аңғартарлық еді. Ал, бірақ осымен аударма жұмысы тыйылып қалмауға тиіс. Пушкиннің дәрежесіне жуықтай түсу үшін әлі де талай ұрпақ талай оралмақ бұл іске...” Шынында да Пушкин аудармаларын аударып жүрген ақындар саны арта түсуде. Ал, енді Пушкинді ұстаз тұтып, оған өлең арнаған ақын көп. Жыр алыбы атанған Жамбылдың өзі:


Әлемге кеткен аты бар,

Алтынмен жазған хаты бар.

Күн сөнбей ол сөз сөнер ме?— дейді.

Адамзаттың көркем әдебиет атаулы өнер саласы өзінің шынайы даналығынан, халықтығынан қол үзбейінше, Пушкин мектебінен сабақ алмайтын, тәлім алмайтын талант болмақ емес.

Орыс халқының ұлы ақыны Пушкин туралы өзімізден бұрын жазылған дүниелерді саралаудан осы шолу мақаламыз жазылды. Мақсатымыз



зерттеу жазып, жаңалық ашу емес, биылғы Пушкин жылына орай, поэзияның сәнбес күні атанған ұлы ақынды тағы да бір еске түсіру болатын.

*“Маңғыстау” газеті, 16 мамыр, 2006 жыл.*



## ПАРАСАТЫНА ҰЛАҒАТЫ ЖАРАСҚАН

*“Талаптының тоқпағы тасқа шеге қагады”*

*Бауыржан Момышұлы.*

Аға!!!

Өзіңізге қаратып айтылған осы бір асыл сөзде бір інііздің өзіңізге деген жүрекжарды ізеті мен құрметі жатыр. Аға... мұны, мен жасы үлкен екен деп кез келгенге айтыла бермейтін, “ана”, “әке” іспетті ілтипаттан ғана туындайтын, иесі бар сөз деп ұғамын. Өзіңіз Саламат Мұқашұлы туралы кітабыңыздың алғы сөзінде жазғаныңыздай, біздің арамызда да туыстық, нағашы-жиендік жақындық жоқ ғой. Мен “аға” дегенді елдік тұрғыдан, қасиет-киесі күллі мұсылманға аян маңғаз өлкемізге, оның өсіп-өркендеуіне, халқына тигізген пайдаңызға, қала берді біреудің ала жібін аттамайтын адалдығыңызға, әділдігіңізге бола айтып отырмын. Қазақта “ағасы бардың жағасы бар” дейді де, “жақсы болса жағасы бар, жаман болса жаласы бар” дегенді қосып айтады. Ал, Сізді мен сықылды бір ініге емес, сан ініге, алғашында өзіңіз оқытқан шәкірттеріңізге, онан кейін өзіңіз бас болған аудан-аймақ халқына, бүгінде күллі Маңғыстауға аға болған абзал азамат деп біледі жұрт. “Тегіне тартпай ұл тумас”, дейді баяғылар, мұқалмас жігеріңіз бен қайтпас қажыр-қайратыңыз ата-бабадан қанға сіңіп, ананың ақ сүтімен өн бойыңызға дарыған тектілігіңізге жатса керек-ті...



Аға!!!

Сіз туралы қалам тарту меніңше, кім-кімге де әрі қиын, әрі оңай. Оңайлығы Сізді бүкіл аймағымыз жақсы біледі, еліміздің Сіз ат жалын тартып мініп, қызмет істеген жылдары ел басшылығында болғандар, белгілі өнер иелері, қаламгерлер қауымы өзіңізді жақсы таниды десек, асыра айтқандық емес. Жүрегіңіз қазақ деп тулап, жылдар бойы қоғамдық істің, көпшіліктің шаруасының белортасынан көріндіңіз, әлі де сол қайраткерлік, ақсақалдық тұғырдан тайған жоқсыз. Мерзімді баспасөз беттерінен тұшымды жарияланымдармен көріндіңіз. Қазірде елдік ұлағатты арқау еткен брнеше кітаптарыңыз оқырмандар қолында жүр. Демек, тізбелеп жаза беруге материалдар жеткілікті... Ал, қиындығы бұрынғы жазылып, айтылғандарды қайталағым келмеді. Сондықтан да көрген-білгендерімнен ой түйіндеп отырмын...

226

Аға, сонау бағзы заманның өзінде Иран шахы Кейқауыс: “Барлық өнердің атасы- сөз өнері” деген екен, мұнан ширек ғасырдай бұрын көршілес түрікмен елінің Шағадам шаһарынан мені атамекен – Маңғыстауға жетелеп келген де сол өнерге құмарлық-ты. Облыстық “Коммунистік жол” газетінде алғашында тілші, кейін бөлім меңгерушісі болып қызмет істей бастағаныма үш жыл толғанда облысымыз таратылды. Басымда баспана жоқ, шиеттей балаларыммен қаңғып қалу қаупі қылаң берді. Ол кез қазіргідей үй сатылмайды да жал-

даноаиды және жасыратыны жоқ Ақтаудың дені орыс тұрғындары болатын. “Танымасын сыйламастың” растығына көз жетті. Сол кезде билік басындағы, “аузымен құс тістеген” ағасымақтарды жағалап көріп ем, маңына жолатпады, тіпті кейбірі: “Жылы орныңды суытып, Түрікменстаннан неге келесің?” дегенді де айтып салды. Мен түгіл бұрынғы Ақтауға орнығып қалған жігіттерге дейін “енді қайда барамыз” күйге түсті. Бірде қызметтес жолдасым Ғалым: “Бейнеу ауданының басшысы Дүйсенбі Әріпов менің ағам, сіз туралы айтып едім, ол кісі сондағы аудандық газетке баруыңа қарсы емес”, – деді. Содан ары ойлап, бері ойлап, нар тәуекелге салып, Маңғыстаустансасында қызмет істейтін Күзембай ағамыздың көмегімен 60 тонналық кара вагон алып, оның бір бұрышына бала-шағам мен аз ғана жүгімді тиеп, Бейнеуге көшіп бардым. Аға, өзіңіз, аудандық “Рауан” газетінің редакторы, ақын Айтуар Өтегенов жылышыраймен қарсы алдыңыздар. Сөйтіп, облыс орталығынан пана таппай, Бейнеуде бір бөлме болса да баспаналы болдым. Аудандық газетте бөлім меңгерушісі қызметіне кірісіп кеттім. Бұл 1988 жылдың тамызы болатын.

Аға, өзіңіз жақсы білесіз, ол кезде аудандық партия комитетінің органы-газетке қойылатын талап та жоғары еді. Сол аймақтың тыныс-тіршілігін өз дәрежесінде көрсету үшін жарғақ құлағымыз жастыққа тимейтін. Қысқа



уақыттың ішінде іссапармен ауданды түгел аралап шығуыма тура келді. Қай кезде де халықтан асқан әділ сыншы жоқ. Ел арасында Сіз жөнінде жақсы пікір қалыптасқанына сонда куә болдым. Әдетте басшы жұрттың біріне жақса, біріне жақпай жатады ғой. Ал менің таңқалғаным шопан да, жұмысшы да, құрылысшы да, зейнеткер де есіміңізді құрметпен айтып, ауданның сол кездегі жетістіктерін сіздің ұйымдастырушылық қабілетіңізбен байланыстыра айтатындығы болды. Әсіресе, “Қарақұм” кеңшарында болғанымызда, мал шаруашылығы мамандарымен бұл өңірдегі қыстың қытымырлығы жайында әңгіме қозғалды. “Бір сөз бір сөздің қуғыншысы” дегендей, 1981-1983 жылдары үш жыл қатарынан қатты қыс болып, қоғам малын аман сақтап қалу үшін өзіңіз бас болып, қолда бар барлық мүмкіншіліктерді қалай пайдаланғаныңызды олар жыр ғып айтты...

228

Арада 20 жыл өткенде Сіз бұл туралы өзіңіздің “Маңғыстау – маңғаз мекенім” атты кітабыңызда былайша жаздыңыз: “... Бейнеу ауданында облыстың өзге аймақтарына қарағанда қыс айрықша қатты болады... Осындай жағдайдың бірі 1981 жылдың қаңтар айында болған еді.

Қаңтардың 18-нен 19-на қараған түнде Бейнеу басында түнгі сағат 12-лер шамасында сыртқа шығып, ұсақ тамшылы бүркісін жаңбыр жауып тұрғанын байқаған едім. Аудан негізінен мал шаруашылығымен айналысатын болғандықтан

да ауа райының жәйін алдын ала білуді ойлап, әр кез аспанға көз салуды дағдыға айналдырған маған мына жұлдызсыз, айсыз түнерген түнгі аспанның реңі де, бүркісін жаңбырдың темір шарбаққа тиген бойда жайлап мұз болып қата бастағаны да ұнаған жоқ. Ойлағанымдай-ақ, ертесіне ауданның бүкіл батыс аймағын, соның ішінде “Қарақұм” кеңшарының территориясын қалың мұз басып қалғаны белгілі болды. Жолды байқап келген қызметкерлер кеңшарға машинамен барудың өте қиын екенін айтты. Сондықтан, мұзды ойып, машинамен соңынан жүріп отыруға мүмкіндік берер деген оймен алдымызға тягач салып жүргенімізде мұздың қалыңдығы сонша тягачтан да пайда болмай, тек ол жер, бұл жерде оның сынған жусан түбінде қалған ақаяң іздерін ғана байқап отырдық.



Уаз машинасымен лекерлеп ілгері жүрген біздер кеңшардың №2 фермасының шопаны Бисенбаев Алпысбайдың қорадан құдыққа дейінгі 250 метрдей аралық суға айдаған малға толып қалғандықтан, енді оларды әрі де, бері де айдай алмай қатты мазасызданып тұрған кезіне тап келдік. Бұл “мал баққанға бітеді” – деген қағиданы әрқашанда ұстанумен келе жатқан шопанның ертең ерте тұрысымен қойды суаруға мұз үстімен айдау мүмкіндігінің жоқтығына байланысты көп күш, тер төгіп, мұз үстіне тұз сеуіп ескі-құсқы киім-кешек, шөп қалдықтары, тағы басқа нәрселер өртеп, мұздың жібiген тұстарын



қолда бар құралдармен шапқылап, қорадан құдыққа дейін өзінше “жол салып”, малдың алғашқы бөлігін суарып болып, енді не істерін білмей тұрған кезі екен. Осы жайды көргеннен кейін біз келген екі машинадағы азаматтардың күшімен отар иесінің әдістерін пайдалана отырып, құдықтың келесі жағынан су ішіп шыққан малды қораға дейін айдап жеткізуге мүмкіндік беретін екінші жол салуға көмектескеніміз әр кезде еске түседі... ”

Сондай-ақ 1982 жылдың қаңтар-ақпан айларында да жауған қар ерімей, жолды басқан борасын қардан машина, басқа да техникалар тоқтап, отарлардағы мал азықсыз қалған кез болды. Ақпан айында сынап бағанасы минус 30-35 градусқа жетеді. Сонда Сіз “Маңғыстау кешенді мұнай барлау экспедициясының” МИ-8 тікұшағымен “Қарақұм ” кеңшарының орталығына қасыңызға аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағасы Ш. Аманғалиевті, “Казсельхозтехника” бірлестігі аудандық бөлімшесінің директоры С. Хибасовты алып, жеткен болатынсыз. Техника жүре алмағандықтан үш күннен бері мал азығы таусылып тұрған отарларға шөп жеткізу үшін сол арада бірден шешім қабылдап, тікұшақпен шөп жеткізуге мұрындық болған да өзіңіз едіңіз. Кейіннен Алуаш Отаров сынды шопандар сіздердің сол көмектеріңіздің арқасында ғана малдан шығын болмағанын ризашылықпен айтып жүретін.

Бейнеу ауданында жұмыс жасаған жылда-





рыңызда халық мүддесі үшін өзге де талай-талай игі істердің атқарылғанын жақсы білеміз. Мәселен, 4,4 шақырым жердегі аэропортқа жергілікті жердің материалдарын пайдаланып асфальт жолының салынуы, аумақты алаңы салынып, оған басқа да ұшақтармен бірге АН-26, Л-41 ұшақтарының келтірілуі, үш гектар жерге ағаш егіліп, көрнекті парк ашылуы, спорттық шараларға арналған стадионның өмірге келуі, аудан орталығының асфальттана бастауы сияқты, Бейнеудің бой түзеп, сәндене түсуі жолында ірі ірі істерді атқарған болатынсыз.

Сіз үш жылдай аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, он екі жыл аупарткомның бірінші хатшысы болған жылдардың бәрінде де аудан еңбекшілері бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ұйымшылдықпен жоғары нәтижелерге жетуі ел басқарудағы шеберлігіңіздің, тынымсыз еңбегіңіздің, байыпты парасатыңыздың жемісі болса керек-ті. Мұны Бейнеу ауданының еңбектегі жоғары көрсеткіштері үшін бес жыл бойына Одақтың (КПСС Орталық Комитетінің, СССР Министрлер Кеңесінің және ВЛКСМ Орталық Комитетінің) Ауыспалы қызыл туын еншілеп, аталған жоғары органдардың қаулысына сәйкес, Бейнеу ауданында мәңгіге қалдырылуынан-ақ көруге болады. Бақсақ бұндай аудан Одақ бойынша алтау, ал республика бойынша жалғыз екен. Сондықтан да 1985 жылдың қорытындысы бойынша Бейнеу ауданы



республикалық “Алтын кітапқа” жазылды.

Сіз әрдайым Бейнеу ауданының жетістіктері жайында айтқанда, аупарткомның алғашқы бірінші хатшысы Арон Махуұлы Өтеуов, ұзақ жылдар ауатком төрағалары болған Бердібай Сарбалаев, Қуандық Нұрғалиев, аудан әкімі Басшы Әзірханов, мәслихат хатшысы болған Айтуар Өтегеновтен бастап, өзіңізбен бірге еңбек еткендердің жақсы істерін түгел атап отырасыз. Бұл Сіздің көп еңбегін малданбайтындығыңыздың бір көрінісі болса керек.

Мен Бейнеу ауданында қызмет еткен кезімде өзіме қанат біткендей сезіндім. Бір бөлмелі пәтерге көшіп барған маған бірер айдан соң ақ екі бөлмелі пәтер бөлінді. Облыстық газетте қызмет істеген тәжірибем бар, аудандық басылым деңгейін көтеру үшін біраз үлесімді қостым. “Рауанның” беттерінде “Ызғар ескен еден”, “Сергелдең”, “Қобызшы бар да қобыз жоқ”, “Айтасың да қоясың” тағы басқа сын мақалаларым бірінен кейін бірі жарық көрді. Және барлығы да өзінің нәтижесін беріп, кемшіліктердің жөнге түсуіне түрткі болды. Бұл да болса Сіздің аудан басшысы ретінде қоғам өміріндегі келеңсіздіктерді жоюда баспасөзді орынды пайдалана білуіңізден дер едім. Әйтпесе, облыстық, аудандық дәрежедегі басшылардың талайының “жауырды жаба тоқып”, кемшіліктерді бүркемелеп, сынға төзімсіздік та-



нытып, журналистерді тіпті қудалауға дейін баратынын естіп те, көріп те жүретінбіз. Ал, Сіздің аудандық газетті қолдап, тілшілерге қамқорлық көрсетуіңіздің бір мысалы 5 мамыр, баспасөз күнінде көрініс берді. Аудан орталығындағы еңселі теміржолшылар Мәдениет үйіне газет жанашырлары, ауыл тілшілерімен қатар бүкіл кәсіпорын, мекемелердің басшыларын қатыстыра отырып, үлкен жиналыс өткізіп, өзіңіз баяндама жасағаныңыз, газет сынына уақытылы жауап бермейтіндерді атап өтіп, “Рауанда” жарияланған мән-маңызы бар мақала, өлеңдерге тоқталып, әсіресе жас тілшілердің есімдерін ерекше атап өткеніңіз есімде. Ал, көп жерлерде баспасөзге, оның жылда бір келетін атаулы күніне мән берілмейді.

Аға!!!

Ғұмырнамаңыздың беттерін парақтасақ, Сіз, Маңғыстау ауданының Орта Еспе ауылдық Кеңесінде (қазіргі Қаламқас кен орыны) 1933 жылғы 1 қаңтарда дүниеге келген екенсіз. Биыл аймағымыздың торқалы тойлары: өзіңіз туып-өскен аудан 80-ге, Ақтау қаласы 45-ке, Жаңаөзен 40-қа, облысымыз, Бейнеу, Қарақия аудандары 35-ке толды! Міне, 75 жасқа толған кезіңіз осы тарихи даталармен қатар аталып өтілуде.

Жеті жасыңызда анаңыздан, он үште әкеңізден айырылып, талай қиындықты бастан өткізіп, өз еңбегіңізбен лауазымыңыз өсіп, биіктерге көтерілсеңіз де, өзім болдым-толдым



дәмей, әрдайым ағаныз, ұзақ жылдар колхоз, совхоз басшысы, ауылдық Кеңес төрағасы болған, екі мәрте “Еңбек Қызыл Ту”, “Құрмет белгісі” ордендерін иеленген, республика ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер, Ұлы Отан соғысының ардагері Бисекеңнің, Бисембі Әріпұлының, жеңешеніз Дарайының, апаңыз көп балалы ана Марқаш Әріпқызының, жезденіз Мамай Избеновтың, басқа да туыстарыңыздың туыстық ыстық ықыласы мен қамқорлықтарын, кісілік парасаттарын айтумен келесіз.

Бірінші класқа 1941 жылы сол Орта Еспе жеріндегі мектепке барған Сіз, 1951 жылы Таушықтағы Шахта орта мектебін бітірдіңіз.

Осы он жыл ішінде үйіңіздің отырған жерінде тиісті сыныптары бар мектептердің болмауынан туған-туыскандардың үйлерінде жатып,

234

ауданның жеті мектебінде оқыпсыз. Мектептен кейін Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түсіп, оны 1956 жылы ойдағыдай бітіріп шыққаннан кейін елге келіп, Тұщықұдық, Ленин атындағы орта мектептерде физика пәнінің оқытушысы болып қызмет істеген екенсіз. Жалпы Сіздің өміржолыңыз Бауыржан Момышұлының осы хатыма эпиграф ретінде алынған “Талаптының тоқпағы тасқа шеге қағады” деген сөзіне мысал бола алады.

1957 жылы Москвада өткен студенттер мен жастардың Бүкілдүниежүзілік 6-фестиваліне қатысыпсыз. Студент кезіңізде бокстан Қазақ

мемлекеттік университетінің чемпионы атанған Сіздің спорттың бұл түрінен және шахматтан бірінші разрядыңыз болған. Мектепте жұмыс жасап жүрген кезіңізде қоғамдық жұмыстарға кеңінен араласып, оқытушы комсомол ұйымының хатшысы болдыңыз. Сіздің басқаруыңызбен Тұщықұдық елді мекенінде қойылған С. Адамбековтың “Ақырзаман аңызы” пьесасы аудандағы жарыста бірінші орын алып, республикалық жарысқа қатысу құқына ие болған-ды.

1960 жылдың шілде айында аудандық “Еңбек туы” газетінің партия тұрмысы бөліміне қызметке шақырылып, онда 1961 жылдың жазына дейін қызмет істеп, СССР Журналистер Одағының мүшелігіне қабылдандыңыз. Одан ары қарай аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, осы бөлімнің меңгерушісі, өндірістік парткомның ұйымдастырушысы-инспекторы қызметтерінде болып, 1964-1966 жылдар арасында екі жылдық Алматы Жоғарғы партия мектебін үздік бағамен бітіріп шықтыңыз. Сіздің зеректігіңізді, парасат-пайымыңызды байқаған ауыл шаруашылығы факультетінің деканы Шәку Әміров дипломыңызды алғаннан кейін жоғарғы мектепті үздік бітіруіңізге байланысты Алматы политехникалық институтына экономикадан сабақ беретін оқытушы ретінде жібергелі отырғандықтарын, үш жылда кандидаттық диссертация қорғап алатыныңызды және ары қарай



жалғастыра беретініңізді айтқанда да, Сіз елге асықтыңыз. Аудандық партия конференциясында коммунистердің аудандық партия комитетінің мүшелігіне сайлағанын, елде жұмыс орнының белгіленіп қойылғанын тілге тиек қылып, сол кезде Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің орталық ауруханасында еңбек ететін Қарлығаш апамен өзіңіздің маңғаз Маңғыстауыңызға қайтып оралдыңыз.

Келгеннен кейін Сіз аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасап, 1970 жылы аудандық халықтық бақылау комитетінің төрағалығына тағайындалып, екі жылдан кейін аупарткомның идеология жұмыстары жөніндегі хатшылығына сайландыңыз.

Ал, 1973 жылы наурыз айында Маңғыстау облысы құрылған кезде Сіз жаңадан өмірге келген Бейнеу ауданы аудандық Кеңес атқару комитетінің төрағасы болып сайланып, үш жылға таяу қызмет істегеніңізден кейін, 1975 жылдың қарашасынан 1978 жылдың қыркүйек айына дейін облыстық партия комитетінің ұйымдық-партиялық жұмыс бөлімінің меңгерушісі болып істедіңіз. Сол қыркүйектен 1990 жылғы қыркүйекке дейін аттай он екі жыл Бейнеу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып, ауданның экономикасы мен әлеуметтік жағдайын көтеруде жоғары көрсеткіштерге жетіп, дамудың биік белестерін бағындыра білдіңіз.

1990 жылдың сол кезінен бастап облыстық



Кеңес төрағасының орынбасары, 1993 жылдың қыркүйегінен кеңестер тарағанға дейін облыстық кеңес төрағасының міндетін атқарушы болып жұмыс жасадыңыз. Одан кейін 1994 жылдың қыркүйек айына дейін облыс әкімінің кеңесшісі, зейнеткерлікке шыққаннан кейін облыстық кеңестің информациялық-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі болып қызмет істедіңіз.

Елімізде демократиялық принциптердің іске асырыла бастауына байланысты 1989 -1990 жылдары аудандық Кеңестің төрағасы, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтеріне және аудандық, облыстық кеңес депутаттығына, аудандық, облыстық партия комитеттерінің мүшелігіне, Қазақстан Компартиясы 17-ші съезінің делегаттығына – барлығы жеті рет балама дауысқа түсіп, бәрінде де бүкіл ел, депутаттар мен коммунистер тарапынан қолдау тауып, көпшілік дауысқа ие болып отырдыңыз.



Бұған қосарымыз, Сіз 1972 жылы сырттай оқып Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтын бітіріп, ғалым-зоотехник мамандығын алдыңыз. 1985 жылдың ақпан айында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайландыңыз. Қатарынан бес рет Қазақстан Компартиясының 14,15,16,17 (екі кезеңінде) съездерінің, Қазақстан Кәсіподақтары 11-съезінің делегаты болдыңыз. ВЛКСМ 18- съезіне де қатыстыңыз.

Сіңірген еңбегіңіз жоғары бағаланып, 1983

жылы “Халықтар достығы” орденімен, Қазақстанның ССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен, бірнеше медальдармен марапатталдыңыз. Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінің күміс және алтын медальдарының да иегерісіз. Мұнан он жыл бұрын Сізге “Қазақстан еңбек сіңірген қызметкері” құрметті атағы берілді. Сонымен қатар Сіз Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың Алғыс Хатының, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы әкімдерінің Құрмет Грамоталарының иегерісіз.

Сіз зейнеткерлікке шыққаннан кейін де ел, аймақ өңіріндегі елеулі істерден, қоғамдық жұмыстардан тыс қалған жоқсыз және әлі де араласып келесіз. Мәселен, өлкеміздің тарихында тұңғыш рет өмірге келген “Маңғыстау” энциклопедиясын шығаруға бас редактордың орынбасары болып қатыстыңыз. Маңғыстау мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы ғылыми-әдістемелік кеңесінің мүшесі, өлкетанушы болып та елеулі жұмыстар атқарып келесіз.

Ел Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 1997 жылды “Қоғамдық келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу” жылы деп жариялауына байланысты халықтың тілегі бойынша әулиелі Шақпақ Ата қорымында жерленген, кезінде бірнеше дүркін қуғын-сүргіннің азабын тартқан ғұлама молда Ержан хазіретке зиярат етушілерге түнейтін үй салу ісін басқардыңыз. Алыс аймақтан салынған бұл үй жан-жағына әртүрлі ағаш өскен, ақ шаңқан таспен өріліп, әрленген



көрнекті де көрікті болып бітіп, келушілерді риза етіп келеді.

Тарас Шевченко күндеріне Украинаға, Абылай ханның туғанына 280 жыл толуына орай Көкшетауға, Құрманғазының 175 жылдығына Атырауға, С. Торайғыровтың 100 жылдығына облыс делегацияларын бастап бардыңыз.

Туған жеріңіз Тұщықұдық ауылының, Бейнеу ауданының, Ақтау, Американың Даллас қалаларының құрметті азаматысыз. Сізге Қазақстанның Ресейдегі жылы аясында 2003 жылы РФ Кисловодск қаласындағы “Қоғамдық қадірлеу Академиясының” “Таңдаулы саясат адамы” (“Человек политической элиты”) медалінің берілуін де өзіңіздің жан-жақты саяси, қоғамдық қызметтеріңізге берілген шынайы баға деп білеміз.



“Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен сұра”  
—дейді халық даналығы. Сондықтан да болар, Сіздің Маңғыстау тарихында орын алған ерекше оқиға – 2002 жылы 6-шілде күні Н. Ә. Назарбаев бастап ТМД елдерінің бес Президенті Ақтауға келген кезінде Маңғыстау халқы атынан қонақтарға қош келдіңіз айтып, Нұрсұлтан Әбішұлының орасан зор еңбегіне халқымыздың дән ризалығын паш етумен бірге Елбасын туған күнімен құттықтау құрметіне ие болғаныңыз.



Жуырда ғана облысымыздың 35 жылдық мерекесіне байланысты алғашқылардың қатарында “Облыстың қалыптасуына және дамуына қосқан үлесі үшін” төсбелгісімен

“Марапатталуыңыз” да маңғаз өлкеңіз – Маңғыстауға сіңірген зор еңбегіңіздің бір белгісі іспеттес.

Өмірде көрген-түйгені мол Сіз “Жас коммунистер тәрбиесі”(1985 ж) атты шағын кітапша, “Маңғыстау-маңғаз мекенім”(2001 ж), “Өркенді өлке, өнегелі өмір”(2002 ж), “Тұлғалар тағылымы”(2008 ж) сынды публицистикалық кітаптар жазып, көпшілікке ұсындыңыз. Туындыларыңыз туралы оқырман қауым жылы лебіз білдіруде.

Бүгінде ғұмырлық жан-жарыңыз, зайыбыңыз Қарлығаш апамен бірге ынтымағы жарасты, бақытты отбасы атанып, ұлыңыз Нұрлан мен келіңіз Гүлжаннан көрген немерелеріңізді тәрбиелеп, өсіріп келесіз.

Аға!!!

Мұның барлығын жазып отырған себебім, Сіз көптің адамысыз, өмір жолыңыздың көпшілікке, әсіресе жас ұрпаққа тәлім-тәрбиелік, ғибрат берерлік мәні жоғары. Әдебиет сыншысы, ұлы В. Г. Белинскийдің мынадай бір сөзі бар: “Әрекетсіз өмір жоқ, күрессіз мақтау жоқ, мақтаусыз құрмет жоқ”. Бұған қоса Әбекеңнің, бір кезде өзіңіз ұстазы ретінде 60 жасқа толуына орай, мақала жазып, онда дана деп баға берген Әбіш Кекілбаевтың: “Жақсысын ұлағаттамау, жайсаңын қызықтамау – өз ырысын өзі тепкендік, өз тілеуін өзі кескендік” дейтін ғибратты сөзі барын жақсы білесіз. Ендеше біз



Сізді мақтап отырған жоқпыз, қылапсыз таза,  
әділ де қалтқысыз еңбек етіп, парасат биігінен  
көріне білген, халқымыздың ризашылығына,  
құрметіне бөленіп келе жатқан Мемлекет және  
Қоғам қайраткері Сізбен мақтанып отырмыз,  
Аға!...

*“Маңғыстау” газеті, 30 қазан, 2008 жыл.*



## ЖЫР ҮШІН ЖАРАЛҒАН ЖАН ЕДІ...

Бар адамзат күлсе менің күлгенім,  
Мен олармен мәңгі-бақи біргемін.  
Бақыт деген бақыт емес, сыйса егер  
Екі-ақ елі маңдайыма бір менің

– деп жазған екен талантты ақын Дүйсенбек Қанатбаев 1968 жылы шыққан «Жол басы» атты тұңғыш кітабында. Ал, осындағы «Дауылда» деп аталатын өлеңін былай түйіндейді:

Толқындар тынбай тістесін мейлі кемерін,  
Сонда да саған салауат тірлік сенемін.  
Сапары сәт боп, оңынан желі тұрғай да  
Жер шары атты біз мінген мынау кемеңің.



242



Әдебиетке алғаш араласқан жылдарының өзінде-ақ өлеңдеріндегі осындай азамат ақындық ұстанымымен қалың жұрт назарына түскен оның бүкіл саналы ғұмырында өзінің осы бағытынан таймағанын жыр жинақтарын қайта парақтағанымызда анық байқағандай болдық. Айтып келмейтін сұм ажалдың кеше ғана жүрген Дүйсекеңді арамыздан алып кеткеніне де бір жыл толып отыр.

Өткен жылғы қазан айында Алматыдағы Абай атындағы опера және балет театрында Қазақстан Жазушылар одағының 75 жылдығы өтті. Оны осы басқосуда көрдім. Ел-жұрттың амандығын сұрап, қолымды жібермей біраз тұрып қалды. Ойымда ештеңе жоқ: «Аға, әлі де бірер күн осында боламыз, кездесеміз ғой», дедім. Бұл менің ақынды соңғы көруім екен. Әттең, бұлай

боларын білсемші... Тіршіліктің таусылмас күйбеңімен, ылғи бір жаққа асығумен сынаптай сырғыған қайран өмір-ай десеңізші?!

Күні бүгінгідей есімде:

Мен-кіші, арман-үлкен, чемодан-нән,  
Сені аңсап жолға шықтым Шағадамнан.  
Алматы, ән саяңа жеткенімше,  
Артымда талай-талай қала қалған.

– деп Дүйсенбек ақын жазғандай, 1974 жылы Красноводск аудандық «Жұмысшы» газетінде қызмет істейтін мен, Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түсу үшін Алматыға сапар шектім. Үлкен қалада танитын ешкімім жоқ, Сармовская көшесінде (сол кезде) тұратын жерлес аға Дүйсенбектің үйіне маңдай тірегенім бар.

Алыстағы туыстарым жанашыр,  
Аға-іні, құрбы-құрдас, нағашы,  
Сәлем жолдап отыр бүгін сендерге  
Сәдірбай мен Алуаның баласы.  
Сәлем,сәлем! Осы менің сауқатым,  
Жеті қырдан жедел ұшқан нау хатым,  
Ауыл-елдің амандығын тілейді,  
Алматыдан жыр оздырған науша ақын...

– деп алыстағы, түрікмен еліндегі ағайынға «Сәлем хатын» жолдап жүрген Дүйсекең, мені туған бауырындай қарсы алды. Екеуміз сол түні таң атқанша сырласып, ұйықтамай шықтық. Ертеңіне ол ертелетіп қызметіне кетті де, мен журналистің оқуына түсу үшін елдің түкпір-түкпірінен келген жігіттермен араласып кете



бардым. Оқуға түсіп, арада бірер жыл өткеннен кейін курстастарыммен келе жатқан мені күтпеген жерден Дүйсекең тоқтатты. Хабарласпай кеткеніме өкпе айтқан ол өзінің «Жазушы» баспасынан жаңа ғана жарыққа шыққан, әлі бояу исі де кетіп үлгермеген «Он бесінен толған ай» атты жаңа жинағын сыйлады. Ашып қарасам: «Қадірлі Темір! Осы бір шағын жинақтан туған жеріміздің ыстық демін сезсең, мен де шүкір дер едім», деп қолтаңбасын қойған екен. Дүйсенбектің қаламынан біздің өңірдің сөз саптауы, ырғағы мен үйлесімі, жалпы айтқанда поэзиясы төгіліп тұрса, аптабы жалындай шарпыған, ақ нөсері бір құйса селдететін даламыздың исі аңқып тұрса, неге сезінбейді екем. Әсіресе, оның «Адыраспан» атты өлеңі менің балалық шағымнан көңілде қалып қойған көріністі көз алдыма алып келгендей болды:



244



Дала-аңызак қақтаған,  
Алтыннан қазір су сыйлы.  
Өмірде тыным таппаған  
Қып-қызыл шағыл сусиды.  
Жалбарын, жалын, өл мейлі,  
Татырмайды аспан нәр.  
Тек оған көңіл бөлмейді  
Шөлдегі адыраспандар...  
Исі мен кермек дәмі үшін,  
Оны ешкім көзге ілмейді.  
Сонда да бұзбай болмысын  
Өзінше ол да гүлдейді.

Даланың долы желі де  
Жұлқиды адыраспанды.  
Сонда да ол өскен жерінен  
Екі елі ажыраспайды...

Мұнда ғажап суретпен қатар қыр баласының болмысы, туған даласына деген шексіз махаббаты жатыр.

Маңғаз Маңғыстауы жайында:

Жотаға сап жомарт елдің ен жүгін,  
Маңғаз далам, жасаныпсың сен бүгін,  
Қарлығаштай қанатымен су себер  
Жетем саған аулақ кетсем кемді күн...

- деп жазған ақынның «Маңғыстаудың мұнайы», «Геолог», «Үстірт үстінде», «Мұнаралар ұшында ұшады газ», «Түзде», «Құм жыры», «Әуселең биік, әлеумет», «Теңіздің жағасында-мәрмәр қала», «Темірбаба», «Адай», «Шыңырау» сынды көптеген өлеңдері ерекше сыршылдығымен тартымды. Қысқа да нұсқа жазатын лирик ақынның шығармаларынан артық ауыс шумақ не сөз таба алмайсыз. Оның Елбай ақын туралы жазған «Елбай», жыр дүлдүлі Қашаған мен күй алыбы Құрманғазының қысқы кештің бір күні Есқали сұпының үйінде болуын арқау еткен «Қысқы кеш» атты көлемді өлеңдері поэманың жүгін көтеріп тұр десе де болады. Соңғы үш бөлімнен тұратын өлеңдегі:

Түнерді ақын, түнек сыр түсті ме еске,  
Не болмақшы осы бір ұшқын өшсе?...



Ашынған жыр аулаққа тарап жатты  
Құты бәсік, қытымыр қысқы кеште.  
Жүйесізді жібермей жыр қармағы,  
Жәмиғаттың жанғандай ізгі арманы.  
Қашағанға құлшына қарап алып,  
Домбыраға қол созды Құрманғазы

– деген шабыттан туған шумақтар өте тар-  
тымды оқылып, ақпа-төкпе ақын мен адуын-  
ды күйшінің сом бейнесі оқырманды бей-жай  
қалдырмайды. «Өзінің атамекенін өз махабба-  
тым деп түсінген авторға оны тамылжыта жыр-  
лау да қиын емес сияқты. Астықты Арқа, жемісті  
Жетісу, Батыс, Шығыс, әйтеуір, барлық қазақ  
жері оған өзі тербелген тал бесіктей. Теңіз де,  
күм да, дала да, тау да ақын музасының сөйлеп  
тұрған сырлы пернелері. Меніңше мұның бәрін  
талдап жатудың реті жоқ. Және айтар болсақ,  
Дүйсенбек туындыларының мазмұнын түгелдей  
көшіріп шығар едік. Тек түйіндеп айтарымыз өзі  
туған жері мен өскен елі – автордың үнемі жыр-  
лап келе жатқан, әрі өмір бойы сүйсіне сурет-  
тей беретін-қызығы, қадірлісі, мұраты. Өз елін  
өз тілінде сайратпай жүрген қандай талант бол-  
масын мен үшін талайсыз өгей, инкубатордан  
шыққан тексіз, ата-анасыз жетімек сияқты.

Үлкенді-кішілі болса да әр ұлт ақынының  
өз жанына жақын самалды гүлстаны, хауызды  
саябағы, ең алдымен атамекені екенін ұмытуға  
болмайды. Үлкен әдебиет осындай сүйіспендік  
сезімдерден өріс алады», - деп жазды Дүйсенбек





Қанатбаевтың шығармашылығы жайында ақын Әбдікәрім Ахметов.

Дарынды ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Дүйсенбек Қанатбаев 71 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Түрікменстанның Красноводск ауданы Сұлмен ауылында дүниеге келіп, орта мектептен кейін медицина училищесін бітірген ол біраз жыл фельдшерлік қызмет атқарады. Онан кейін Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне түсіп, оны бітіріп, республикалық телеарналарда аға редактор, «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор, «Жазушы» баспасында бөлім бастығы қызметтерін атқарады.

Қазақ поэзиясына өзіне тән нәзік лирикасымен қадам басқан ақынның «Жол басы»(1968), «Серпер» (1970), «Жетіқарақшы-жеті жұлдызым менің» (1973), «Ағын сулар әуені» (1975), «Мың сүрлеу, соны соқпақ»(1977), «Он бесінен толған ай» (1979), «Арнадым саған» (1982), тағы басқа 20-дан астам жыр жинағы жарыққа шықты. Оның жырлары орыс, түрікмен, әзірбайжан, башқұрт, украин тілдеріне аударылды. Ақынның өзі Мақтымқұлының, Франческоньың, Петрарканың, Саят-Нованың, Лермонтовтың шығармаларын ана тілімізге аударды.

Дүйсенбек жыр жинақтардың қай-қайсысында да биік адамгершілік пен мәрттікті,



жақсылық пен ізгілікті және атамекені-  
қазақ жеріне деген шексіз махаббатты жырға  
қосады.

Алтын күнді  
Көгіне арқандаған,  
Дұғай сәлем  
Тағы да, дарқан далам,  
Жете алмаған еш қыран шырқауына,  
Шыңырауын еш қауға сарқа алмаған!  
Мұрат та сен,  
Мен үшін мұра да сен,  
Өзің болсаң-  
Өзге бақ сұрамас ем.  
Есіме алсам ертеңім ертегі боп,  
Көз алдымда келбетің тұрады әсем...

– деп ағынан жарыла жырлаған Дүйсенбек  
ақынды біз әлі талай еске алып, ел мен жерді  
сүйуге үндейтін, тек оның өзіне ғана тән мөлдір  
поэзиясымен сусындай бермекпіз.



## «ӘБІШПЕН ҚАЛАЙ ДОСТАСҚАНЫМ ӘЛІ ЕСІМДЕ...»

*Халық жазушысы, жерлесіміз Әбіш Кекілбаевтың 70 жылдық мерейтойының облысымызда ерекше есте қаларлықтай, дүркіреп өткені баршаға мәлім. Бұл тойға елімізге мәшһүр көптеген ғалымдар, жазушылар келді. Осы орайда, қазақтың көрнекті жазушы-драматургі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Әкім Таразымен екеуара әңгімелесудің сәті түсті.*

– Қазақта қазақ әдебиеті бар ма дейтіндер бар. Жақсы заман жақсы әдебиеттің тууына кепіл емес, тар заман дарқан әдебиетке тұсау болса да біржола тұншықтырып тастай алмайды. «Сұм заман сыбағама сені берді!»–деп зарлап жүріп-ақ ұлы Мұхтар елінің көркем сөзін әлемдік айдыңға көтерген жоқ па! Қокыс сыннан көз аша алмай жүріп-ақ Мұқағали баурайында өзі өскен Хантәңірімен барабар поэзияның ұшан шыңын жасап кеткен жоқ па! Ғабит пен Бейімбет бастары дауда жүріп-ақ, Тәкен мен Бердібек тасада «тыныш» отырып-ақ таза мөлдір дүниелер туғызбады ма! – дейді Әкім аға.

– **Талант дегенді сіз қалай бағалайсыз?**

– Талант – Құдайдан...

– **Өмір шындығы дегеніміз не?**

– Жазушы үшін ар тазалығы, оның өлшемі шығармадағы шындық...



**– Бізге, қазаққа қазір қандай әдебиет керек?**

– Қоғамға бір-ақ әдебиет – көркем әдебиет керек. Фирдоуси жасаған әдебиет, Абай жасаған әдебиет, Лермонтов жасаған әдебиет, Әуезов жасаған әдебиет – бәрі бір-ақ әдебиет. Тағы да айтам, ол көркем әдебиет. Сондықтан да ол шығармалардың жазылған датасына қарамайсың. Іздеп табасың, бас көтермей оқисың, ғибрат аласың, уақыт өткен соң қайта айналып соғасың. Соңғы он-он бес жылда әдебиет дамымай қалды деген пікірлер айтылып жүр. Бірақ, кім қандай бағытта жазып жүргенін арнайы зерттеп жатқан ешкім жоқ. Мен қазақ әдебиетінің тоқтаусыз дамып бара жатқанына кәміл сенемін.

 **– Маңғыстауда бұрын болып па едіңіз?**

– Бұл алғашқы келуім, онда да жақын досым, бүгінгі қабырғалы қаламгер Әбіштің арқасында киелі топыраққа табаным тиді.

 **– Бүгінгі мерейтой үстінде Әбіш ағамыз туралы не айтасыз?**

– Айтар сөз көп, айтылып та жатыр. Әбіш туралы елімізге белгілі тұлғалардың орталық басылымдарда мақалалары жарық көруде, бүгінгі жер-жердегі басқосуларда да әңгіме арқауы – Әбіш шығармашылығы. Олардың айтқанын қайталап жатудың реті жоқ шығар. Әбіш Кекілбаев әдебиетте өз биігін бағындырған, оқырмандарын тапқан, біздің қазақ әдебиеті тұрған кезде әлі де зерттелетін, оқылатын жа-

зушы. Мен оларға тоқталып жатпаймын. Менің Әбішпен алғаш қалай достасқаным әлі есімде...

– **Қалай достасқан едіңіз? .**

– Мен ол кезде «Ара»-«Шмель» журналында қызмет істейтін едім. Бір күні Жазушылар Одағының поэзия секциясында жоғары оқу орнын биыл бітіреді деген студент Әбіш Кекілбаевтың алғашқы өлеңдер жинағы талқыланып жатты. Бұл Әбіштің қазақ поэзиясымен, ал менің Еуропа поэзиясымен, мәселен, Скандинавия жазушысы Ипсонның «Пьер Гент», Михаил Лермонтовтың «Демон» поэмасы сияқты шығармалармен «ауырып» жүрген кезімді. Әбу Сәрсенбаев Әбіштің өлеңдеріне «өзіндік өрнекті ойы, өзіндік тынысы бар» деп жақсы баға берді. Мен қолымды көтеріп: «Махаббат лирикасы кімге керек, қоғамды өзгертетін, ақпа-төкпе төңкерісшіл жырлар болмағасын», – деп өз пікірімді білдірдім. Әрине, бұл менің «Араның» фельетоншысы ретінде атым шығып, ширығып жүрген жалынды шағым болатын. Талқылаудан кейін Әбіш күліп келіп, қолын ұсынды. Содан жақынырақ танысып, дос болып кеттік.

– **Содан кейін араласып тұрдыңыздар ма?**

– Әрине, Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Қалихан Ысқақов, Сайын Мұратбеков, Ақан Нұрманов, Жүмекен Нәжімеденов, басқа да жас жазушылар жиі бас қосатынбыз. Асқардың не Қалиханның, болмаса басқа жігіттердің үйіне жиналып, бір-бірімізге шығармаларымызды

оқимыз. Көңіл жықпастық жоқ, өз ойымызды ашық айтып, сынайтынбыз. Біз Мұқан, Сәбең, Ғабеңе табынып өстік, бірақ өз жолымызды таптық. Классик ағаларымызға ұқсамадық, өз әдебиетімізді жасадық. Әдебиет сонысымен құнды.

– Әкім аға, сізді жазушы-драматургтікпен қатар ұстаз деп те білеміз. Мамандығыңыз орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі екен. Он жылдай Өнер академиясында сабақ та беріпсіз. Қазір Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалына жетекшілік жасайсыз. Соңғы сауалым, қазіргі шығармашылығыңыз жайлы айта кетсеңіз?

– Былтыр «Жазушы» баспасынан «Мұстафа Шоқай» деген романымның бірінші кітабы шықты. Оған сценарий жаздым, кинофильм түсірілді. Он жылдан бері аударсам деп армандап жүрген Никита Мичуриннің кітабын тәржімалап, баспаға ұсындым...

... Осы кезде Әбекеңнің мерейтойына келген құрметті қонақтарды қарсы алып, бірге жүрген абзал азаматтардың бірі – Аманғали Шамшадиев келіп, Әкім ағамызды асықтыра бастады да, әңгіме үзіліп, кейінге қалды. Сәтін салса оны кезінде көрерміз...

*Қыркүйек, 2009 жыл.*

Әдебиет және өнер журналы  
2009 жылғы қыркүйек саны  
10-бет

Менің балалық шағым көршілес түрікмен елінің Түрікменбашы ауданының (бұрынғы Красноводск) Ақтас ауылында өтті. Ауылымызда, көрші ауылдарда жалғыз-жарым болмаса түрікмен көрмейтінбіз. Онжылдық мектебіміз қазақ тілінде, орыс, неміс тілдерінің пәндері болмаса мұғалімдеріміз кілең ер кісілер болды. Солардың бірі – Ізекен, сөзіміз ауыр болмасын Ізберген Қонақбаев ағай болатын. Ұзын бойлы, ат жақты, қыр мұрынды, келісті кісі болатын. Бізге тарих пен қоғам тану пәндерінен сабақ берді. Өтетін тақырыбын бормен тақтаға шиырып жазатын. Ол жаза бастағанда балалар: «Пай-пай, ой ағай, қалай шиырады-ей... » дейді естіртіп. Ізекен «к» мен «ң»-ның құйрығын онан сайын шұбатып, «р» мен «ұ»-ны созыңқырап барып, тарс еткізіп нүкте қоятын да, өзі жымыып күлетін-ді.

Бірде Ізекен түрікмен мұнайының астанасы Небиттау қаласына, республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының апталық курсына барады. Оқудан босаған алғашқы күні шұбатылған жатақхананың дәлізімен келе жатып, таныс біреулерді көремін-ау деген дәмемен бөлмелердің есігін ашып қарайды. Қай есікті ашса да, түрікмендер. Содан өз бөлмесіне келіп, жанындағы қазақ жігіттен: «Інішек, осы түрікмендерге қайткенде жағуға болады, олар нені жақсы көреді?», – деп сұрайды. «Ізекен, оның



түк қиындығы жоқ, тек мақтай білсең болды», – дейді ол. «Сонда қалай?» – деп тақымдайды ағамыз. «Ой, пәлі, әй доңыз, қатырасың-ау өзің, әй гафыр», – деп, иықтан қақсаңыз, жетіп жатыр».

Ізекен дәлізге шығып, көрші бөлменің есігін ашса, төрт түрікмен жігіті бір шәйнек шайды ортаға алып жатыр екен. Жетіп барған ағамыз: «Әй, доңыз, қатырдың-ау, әй гафыр, мықтысын ғой өзің», – деп иығынан қаға жөнеледі. Бұрынды-соңды көрмеген бейтаныс адамның мұнысын түсінбеген әлгілер біріне-бірі қарап, тұрып қалыпты. Түрікменше қақпайтын, жаттанды сөзін қайталаған ағамыз қояр емес. «Оу, аға, мұныңыз не, есіңіз дұрыс па?» деп, әлгі ашулана бастаған соң Ізекен шыға жөнеліпті. Іле өз бөлмесіне келіп, ақыл айтқан әріптесіне дүрсе қоя береді. Не күлерін, не жыларын білмеген әріптесі: «Мен өзіңіз танитын, сырмінезін жақсы білетін болсаңыз, солай айтуға болады дегенім ғой», – дейді. «Е, мен қайдан білейін, мақтау керек дегенге... » деген екен өз қылығына өзі күлген Ізберген аға.





## «ОДАН ТӨМЕН ТҮСПЕЙМІН.А!»

Ұмытпасам өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңы. Аудандық партия комитетінің кеңейтілген бюро мәжілісі өтіп жатты. Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қорытындылау үшін бірінші хатшы сөз ала берген мезетте есік тарс ашылып, балық аулаумен шұғылданатын Калинин атындағы колхоздың төрағасы Қаллыораз Бердиев кіріп келді. Жұрт жалт қарап, басшыдан бастап барлығы жақтырмаған сынай танытты. Шеттегі бос орындыққа жайғасып жатып, жұрт назарының өзіне ауғанын байқаған ол, ұялған тек тұрмастың кебімен: «Мына дауылдың беті жаман, теңіз екі метрге дейін көтеріліп кетті», - деді. Оның өтірігін шығарғысы келген оған көрші балықшылық колхозының төрағасы Сейіт Курбанниязов: «Қалеке, қойыңыз, біз де жағадан келдік», - деді. Сонда да тайқымаған Қаллыораз өзінің айтқанын дәлелдей түскісі келгендей: «Бір жарым метрдей бар-ау», - деп тамағын кенеді. «Әй, ондай емес қой», - деді. Жұрт тым-тырыс. Мынау қоймады-ау, дегендей, оған бажырая қарап, орнынан көтерілген Қаллыораз: «Бір метр көтерілгені рас, одан төмен түспеймін», - демесі бар ма?! Оның сөзіне жұрт ду күлді.



## «НАЗАРБАЕВТЫҢ САЯСАТЫМЕН КЕЛІСЕМІН»

Уильям Фиерман – Америкадағы қазақ тілінің жанашыры, тілімізді терең зерттеп жүрген шетелдік ғалымдардың бірі. Ол Америка Құрама Штаттарының Сент-луис қаласында дүниеге келген. Индиана штатының университетінде білім алып, Гарвард университетінде докторлық қорғаған. 20 жылдан бері Орталық Азия мемлекеттерінің тілдерін зерттеп жүрген ол, қазір Индиана университетінің профессоры, «Қазақ тілінің жанашыры» төсбелгісінің иегері.

Ақтаудағы шетел тілдері колледжінде болып, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен өткен «Мемлекеттік тілді дамыту, көне түрік жазбалары, қазақ терминологиясы» атты семинар-кеңесте баяндама жасаған онымен кездесіп, сұхбаттасқан едік.

256

– Уильям мырза, Сіз семинар-кеңесте «Посткеңестік Орталық Азияда орыс тілін қолдану басымдылығының факторлары: Оңтүстік Кавказбен салыстыру» тақырыбында баяндама жасадыңыз. Демек, біздің еліміздегі тіл мәселесін де зерттеумен айналысатын болдыңыз ғой?

– Кеңес үкіметі кезінде коммунистік партия орыс ұлтынан өзге ұлттарға орыс тілін «екінші ана тілі» ретінде насихаттады. Қазіргі таңда бұл тіл Кеңес Одағының құрамында

болған мемлекеттерде әлі де маңызды қызмет атқаруда. Әсіресе, КСРО-ның құрамында болған аймақтарға, атап айтқанда Оңтүстік Кавказға қарағанда бұл үрдіс Орталық Азия мемлекеттеріне тән. Өз жұмысымда мен осы үрдістің себептерін зерттеуге тырысамын.

**– Сонда бұл істі қолға алғаныңызға көп болды ма?**

– Менің Орталық Азияға алғашқы сапарымнан бері 30 жылдан астам уақыт өтті. Сол уақытта, бір жыл бойы Ташкентте жұмыс істеген кезде, жергілікті ғалымдар америкалық зерттеушімен тіл мәселесін тіпті қозғауға да қорқатын. Мұның таңданарлық ештеңесі жоқ, егер сол 1976-1977 жылдары Ташкенттің орнына Алматыда болсам, дәл сондай жағдай болар еді. Одан бері көптеген оңды өзгерістер болды. Соның нәтижесінде тәуелсіз Қазақстанға келіп, зерттеулер жүргізуіме мүмкіндік туды.



257



**– Ендеше, қазақ тіліне байланысты қандай пікір айтасыз?**

– Қазақ тіліне байланысты мәселені Қазақстанның азаматтары өздері ғана шеше алады. Әрине, қазақ елінің досы, қазақ тілінің жанашыры ретінде өз пікірімді білдірсем, оның артықтығы жоқ.

Қазақстанда алғашқы Тіл туралы заң қабылданғаннан бері 20 жыл уақыт өтіпті. Бүгінде қазақ тілі бұқаралық ақпарат құралдарында, білім беру саласында, мемлекеттік мекемелерде 1989 жылмен салыстырғанда

көбірек қолданылады. Қазақ тілін Алматы мен Қазақстанның жаңа елордасы Астананы айтпағанда, Қарағанды, Павлодар және Өскемен сияқты ірі қалалар көшесінен де естуге болады. Бұл бір есептен демографиялық өзгерістердің нәтижесі. Менің ойымша, егер саясат соңғы жиырма жыл ішінде Қазақстанның ерекшеліктеріне барынша бейімделген болса, бүгінде қазақ тілінің қолдану аясы әлдеқайда кеңірек болар еді. Саясаткерлер қазақ тілінің мәртебесін көтеруді жоспарлауда бұл ел үшін мүлдем жарамсыз басқа Кеңес республикаларының тәжірибесіне сүйенді. Қазақ тілінің мәртебесі барлық салаларда, оның ішінде үкіметтік мекемелер, білім беру, бұқаралық ақпарат құралдары және мемлекеттік қызметте бір күн ішінде көтеріліп кетеді деген жалған үміт пайда болды. Қысқа мерзім ішінде мұндай өзгерістер жасау мүмкін емес еді. Қазақстандағы тіл мәселесі Балтық жағалауы және Оңтүстік Кавказ республикаларымен салыстырғанда анағұрлым күрделі еді. Себебі бұл елдерде титулды ұлт өкілдері арасында, тіпті қала тұрғындарының көпшілігі эстон, латыш, литван, армян, азербайжан немесе грузин тілдерін біледі. Ал, Қазақстандағы жағдай Орталық Азия республикаларынан да өзгеше. Түрікмен, тәжік, тіпті қырғыз тілдері, өзбек тілін айтпағанда, Кеңес одағы заманында қала өмірінде қолданылды, қазақ тілі сияқты дәрежеде өз орынын жоғалтқан жоқ.

Әрине, қазақ тілінің қалалық өңірлерде әлсіз дамуының басты себепшісі демографиялық жағдай болды. Республиканың жоғары білім, БАҚ орталықтары болған қалалық өңірлерінде, олардағы мекемелерде қазақтар басым болған жоқ. 1989 жылы қазақтар республикадағы қала халқының төрттен бір бөлігін ғана құрады. Тіпті бес облыс орталығында олар 15 пайызға да жетпеді.

– Уильям мырза, халқымыз сияқты біздің тіліміз де «мың өліп, мың тірілген», өзіңіз айтқандай Кеңес үкіметі заманында жоғалудың аз-ақ алдында қалды десек, асыра айтқандық емес. Сондықтан да тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілінің мәртебесін көтеру үшін кейбір шараларды алу қажет болды.

– Оны мен түсінемін, дегенмен кейбір жоспарлар мен шаралар нәтиже бермеді. Мәселен, 1990 жылғы 1 шілдеде жарияланған «2000 жылғы бағдарламасына қосымша» бойынша 95-ші жылы қаңтар айынан бастап іс жүргізу қазақша болуы тиіс еді. Қазағы аз Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Өскемен қалаларында бес жылдың ішінде кеңсе ісін қазақ тіліне енгізе қоюды көзге елестету де қиын. Тіпті ауызекі қазақ тілін меңгергендер үшін де істі қазақша жүргізу кәдімгідей дайындықты қажет етер еді. 1990 жылы қазақ тілін білмейтін, жетік білмейтіндер үшін бұл сияқты іс жүргізуді өзгерту туралы



өкім, егер ол күшіне енетін болса, жұмысын және қоғамдағы орнын жоғалту қаупін тудыруы әбден мүмкін еді...

– **Еліміздегі үйлесімділікті сақтай отырып, қазақ тілінің мәртебесін көтеру жайлы өзіңіздің қандай ұсынысыңыз бар?**

– Мен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатымен келісемін. Ол ересек адамдардан қазақ тілін үйренуді талап еткеннен гөрі, жастарға қазақ тілін оқытуға көбірек көңіл бөледі. Кейінгі жылдары қазақ тіліндегі балаларға арналған тартымды кітаптар шыға бастады. Бірақ, бұл әрине жеткіліксіз. Қазақ ата-аналар өз балаларына қазақ тілінде әңгімелер оқуға, ойын ойнауға және қазақ тілін үйде қолдануға көмек көрсетуі қажет. Мен кітап дүкендерінде балаларға арналған қазақ тіліндегі кітаптар санының өсуімен қатар, электронды ақпарат құралдары да қазақ тіліндегі бағдарламаларды көбейткеніне куә болдым. Дегенмен, санмен қатар сапаны сақтау маңызды екенін естен шығармау керек. Тартымсыз, сапасы төмен бағдарламалардың шамадан тыс көп болуы еш нәтиже бермейді. Олар тек қазақшаның сапасы төмен деген кейбір адамдардың жалған сенімін күшейте түседі. Қазақстанның мұндай бағдарламаларды жасайтын ресурстары бар.

Қазақ тілін қазақ емес мектептерде оқытудағы бір маңызды мәселе – келешек азаматтардың қажет ететіні грамматиканы жаттау емес, қарым-қатынас жасау дағдыларын үйрену. Қазақ тілін



оқыту үшін ең үздік әдістер қолданылуы керек. Бұл үлкен және көп қаржыны талап ететін міндет, өйткені оған тек оқулықтар ғана емес, ең бастысы мұғалімдерді дайындау қажет. Менің білуімше, орыс мектептерінің кейбір сыныптарында қазақ әдебиеті қазақ тілінде оқытылады. Бұл – табылған ой. Мүмкін уақыт өте келе Қазақстан тарихын да қазақша оқытуға болатын шығар. Мұндай шаралар, егер сол сыныптағы оқушылар тақырыпты түсіну үшін қазақ тілін жеткілікті деңгейде білгенде ғана тиімді болады.

Қазақстанның азаматтарының қазақ тілін білуін қамтамасыз ету – ел үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Қазақ тілін дамыту елді бөлетіндей емес, біріктіретіндей іске асырылуы керек. Бұған жетудің ең тиімді жолы – Қазақстан азаматтары жаңа буынының барлық өкілдері мемлекеттік тілді білуін қамтамасыз ету.

– Уильям мырза, берген сұхбатыңызға алғысымызды айта отырып, алыстағы Америкада жүрсеңіз де, қазақ тілінің шын жанашыры ретінде көріне беретініңізге тілектеспіз.

– О, не дегеніңіз, әрине солай! Менің бұл бағыттағы зерттеулерім жалғаса бермек. «Маңғыстаудың» ұжымы мен оқырмандарына бар жақсылықты тілеймін. Сіздерге деген құрметпен WILLIAM FIERMAN.



## ӨН ТОҒЫЗЫНДА ОТ КЕШКЕН ОҒЫЛАН

*бүгінде көпті көрген қария Күзембай Еламановтың  
айтар естелігі аз емес.*

### 1. *Маңғынетті тағдыр*

Оның кіндік қаны тамған жер – Маңғыстау топырағы. Ата-бабалары кезінде осынау ұшықиырына көз жетпейтін маң далада еркін көшіп-қонып, түтін түтетіп, ұрпақ өрбітті. Көбінесе жусаны мен бұйырғыны бітік Саркөлді жайлапты. Арғы аталары Бекет атамен туыстас, Қосқұлақтың Жаналысынан Атағұл, Мырзағұл, Байдағұл, Жарылғап, Өтеғұл тарап, әулие атамыз Мырзағұлдың ұлы болса, бұл Байдағұлдың ұрпағы. Онан әрі ата тегі былайша өріледі: Еділбай, Сапақ, Құрман, Еламан, одан өз әкесі Әбдір. Жоғарғы Адайға кеңінен танымал болған, атақты күйші Құнанорыс Жолдыны өзіне ұстаз тұтқан, сұңғыла домбырашы Әбдір.

1924 жылдың қоңыр күзінде Әбдірдің тоқалы Ұрқия қошқардай ұл тауып, оны бәйбішесі Ақжиде етегіне орап, өзінің ұлы Тәжімағанбетке серік болсын деп, атын Бермағанбет қояды. Тағдырдың шеберлігін қойсаңшы, сонда Ақжиденің аузына күдай салды ма, өз анасы Ұрқия мен Ақжиденің өз баласы Тәжімағанбет өмірден ерте өтіп, Бермағанбет (Күзембай) Ақжидені қартайғанша өз анам деп қастерлеп өтті...



Кеңес өкіметі жаңа ғана орнап, ел іші астанкестен болған кез еді. Еламанның мыңға тарта жылқысы жазында Ойылдың шығысы мен Темір маңын, қысында Бөрібас төңірегін жайлайды екен. Оның ұлы Әбдірдің де малы көп-ті, қойшы ұстайтын. Кеңестің пысықайлары көз аларта берген соң бір түнде Сам асып, Тұрышқа таяу Ақшымырау құдығын қыстады. Сол жылдары Адай округінде алым-салық жинау, мал басын біріктіріп ұжымдастыру асыра сілтеушілікпен жүргізілді. Үкімет саясатын бұрмалаушылықтан байлар ғана емес орта шаруалар мен 10-15 қой, 3-4 қарасы бар кедейлер де тәркілеуге ілініп, қайыршылыққа ұшырай бастады. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей, мұнан қашып, бас сауғалаған Әбдір өз ағайындарымен Бесқала асты. Жолда шешек, безгек, қарамық сияқты жұқпалы аурулардан бірнеше бала шетінеді. 263

Күзембайдың әлі есінде, Ақжиде әжесі басқа балалардан Тәжімағанбет екеуін бөлек ұстайтын, тамақтың да тәуірін екеуінің аузына тосатын. 16 жасында-ақ молда атанып, құранды судырататын Тәжімағанбет жасы жиырмаға жеткенде кенеттен көз жұмды. Ақсақалдар көз тиді дейтін...

Әбдір ағайындарымен Қоңырат пен Калинин ауданында бір-бір жылдан қыстап, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданы Гагарин деген жеріне көшіп барды. Алғашында жерсінбей малын қырып алған Әбдір мақта егуді үйреніп, аз ғана уақыт ішінде колхоздың қамба менгерушісі болды. Інісінің баласы Ондыбайды

есепшілікке орналастырды. Бұл 1932-33 жылдарды. Етек алған ашаршылық өз алдына, ел арасында «құлақ», «бай», «арамза молда» деген сөздер пайда болды. Жұрт көлеңкесінен қорқып, кісіге сенбейтін, біреуді біреу аңдып отыратын күйге жетті. Сондай күндердің бірінде, ымырт үйіріле біреу есікті қатты қағып, сындыра жаздап бара жатқан соң Әбдір:

– Әй, бұл кім, жау қуғандай тарсылдатып, деді.

– Көке, тезірек есікті аш! Оңдыбаймын!

– Аманшылық па, не болып қалды?

– Жай болмай тұр-ау, көке, жаңа кеңседегі атқамінерлер сізді бай баласы, өзі молда, Әбдірді ұстау керек деген шешім қабылдады, -деп жыламсырап қоя берді.



264

– Тәйт әрі! Жаманшылыққа бастама, бір ретін ойластырармыз, көз жасыңды тый, – дейді інісіне.



Содан Әбдір көп ойланбастан қолға ілінген түйіншектерімен екі әйелі мен бала-шағасын алып жолға шығады. Күндіз тасада жасырынып, түнде көзге түспейтін жерлермен жүре отырып, Чаржоу арқылы Шабат деген аудан орталығына жақын жердегі Ысық құдаларының аулына келіп, екі жыл паналайды. Кейіннен Түрікменстанның Байрамалы, Тәжен деген жерлеріне көшіп барады. Дегенмен, қатал тағдыр тәлкегі әлі де алда екен. Бірде әлгі Ысық құдасы қонақ бол деп шақырады. Содан домбыра дегенде өзге дүниенің бәрін ұмытатын Әбдір күйді түнімен

төкпелетеді. «Алла сыйласын, Әбдір, көңілімізді көтеріп тастадың», - деп риза болған шалдардың бірі жауырынынан қағады. Сол-ақ екен үйіне сүлесок болып жеткен Әбекең сол жатқаннан үш күннен кейін бақиға аттанып кете барады. Ақ жуып, арулаған шалдар Әбдірдің аркасында бес саусақтың табы қара дақ болып қалғанын көпке дейін айтып жүріпті. Әкесінің нұрлы жүзін енді ешқашан көрмейтінін сезген он жасар Күзембай құдық басында тұрып көз жасын тыя алмапты. Ал әке саусағы тиген қара домбыра енді оның қолында күмбір қаға бастаған еді...

## *2. Созылған соғыс*

Өзінен екі жас үлкен ағасы Тілектестен кейін, іле-шала 1943 жылдың 23 ақпанында мұны да соғысқа алды. Онда Күзембай түрікмен жеріндегі Тақтабазар ауданының жаңадан ашылған Саража атты совхозында санақшы-сұрыптаушы қызметін атқаратын.

Өңшең 18-20 жас аралығындағы, түрікмен, орыс, қазағы бар жастар Тула мен Калуга қалаларына таяу Пержиково стансасы маңында соғыс өнерін үйреніп, дайындықтан өтті. Бұлардың әскери бөлімшесі 21- армия (басшысы генерал-майор Крылов), 253-бригада 46-дивизия, командирі полковник Бабаян, 93 полк, 1-батальонның қарамағында болды. 7-сыныптық білімі бар, әрі орысша білетін болғандықтан ротаның саяси жетекшісі, лейтенант Стариков



Күзембайды танк ататын зенитканың көздеуші-наводчигігіне тағайындады.

1943 жылғы шілденің 1-інде Гитлер Шығыс Пруссиядағы бас штабында генералдарын жинап, Сталинградтағы жеңілісінің орнын толтыру үшін шілденің 5-сі күні тарихи «Цитадель» операциясын бастауға бұйрық берді. Мұны барлаушылар арқылы білген Кеңес әскерлерінің басшылары қарсы шабуылды немістерден бұрын бастауды ұйғарып, бұл операция Воронеж және Орталық фронт әскерлеріне жүктелді.

Шілденің 5-сі күні таң қылаң бере жау шабуылынан үш сағат бұрын біздің әскерлер артиллериялық дайындықты бастап кетті. Әуеге бұрын көтерілген бомбардировщиктер жаудың ондаған аэродромын құртып үлгерді. Екі-үш сағаттан кейін ғана ес жиған жаудың №9 армиясына Орталық майданның 13-ші, сол флангтың 48-інші, оң флангтың 70-ші армиялары төтеп берді. Гитлершілер авиациясының көмегімен 5 жаяу, 3 танкілі дивизиясы шабуылға шықты. 500 танкінің дені немістің атақты «Тигр», «Пантера» атты брондары қалың танкілер еді. Міне, Күзембай осындай сәтте ПТР-мен алғаш ұрысқа кірген болатын.

– Мың қадам жерден бес жүз танк қаптағанда жер сілкініп жатқандай болды. Қорқыныш дегенді ұмытады екенсің. Қимылдамасаң сені жаныштайын деп келе жатқан танктер мен ентелеген жаяу әскерлеріне қарсы қасық қаның қалғанша ұрыс ашасың. Шынымды айтсам,



менің ПТР-ым түгіл 45-мм. зеңбіректер жаудың «жолбарыстарының» темір сауытын бұза алмайтын. Жақын жерден олардың шынжыр табандарын атқылап үзетін. Өзім жаудың өздігінен жүретін, «Фердинанд» атты артиллериялық қондырғысының екеуін өртедім. Ұрыс шілденің 12-сіне дейін созылды Бұл шайқас Ұлы Отан соғысының тарихында «Курск иіні» деген атпен қалды. Екі жақтан 2 млн. 528 мың адам, 8 мың танк, 37,8 мың зеңбірек пен миномет, 6 мың самолет қатысты. Ең өкініштісі сол – талай боздақтар құрбан болды, – дейді Күзембай аға, – Біздің көп ұлтты 76-шы дивизия Ельна, Дорого-Буж және Вязьма аудандарына кірген жаумен кескілескен ұрыстар жүргізді. 29 тамызда Ельна қаласының түбінде, ротамыз түн ішінде барлауға шықты. Біздің артиллерияның атқан снаряды бір үйге тиіп, шыққан өрттен төңірек жап-жарық болып кетті де, фашистер бізді байқап қалып минометтен оқ жаудырды. Жараланған командирімді ұрыс даласынан алып шықтым. Ет қызуымен оң жақ қолымның қарына оқ тигенін де байқамаппын. Сөйтіп, Сычово деген жерде бір ай госпитальда емделіп, қайтадан 1009-полкқа, 45 мм-лік артиллерияның наводчигі болып ұрысқа кірдім.

1943 жылдың қазанында Орша қаласының түбіндегі ұрыста Күзембай командирінің жарлығымен біздің жаяу әскерлерге бас көтертпеген жау ДЗОТ-ының бір снарядпен-ақ үнін өшірді.



– Әлі таң қаламын қандай дәлме-дәлдікпен тигеніне! Мықтап бекініп, оқты қарша боратып жатқан дұшпан пулеметіне бір снарядтан артық «сыбаға» тигізбеу фактісіне. Бәлкім, Бекет атамның әруағы қолдады ма екен, – дейді Күзембай аға. – Бірақ ертеңіне болған ұрыста командирім қаза тауып, өзімнің саныма жарықшақ кадалды. Гжатск қаласында бір жарым ай емделіп шықтым. Осы ұрыстағы ерлігім үшін «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі» орденін кеудеге тақтым. Марқұм командирім «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылды. Үшінші рет жараланғанымда Ярцево қаласының госпиталінде екі ай емделіп шықтым. Атақты маршал Г. К. Жуковтың: «Біз соғысты жаралылардың есебінен жеңдік!...» дейтін сөзі бар. Шынында да жаралы болған жауынгерлердің 95%-ы түк болмағандай, қайта сапқа тұрып соғысты жалғастыра береді.

268

Бірақ бұл рет Күзембайдың жолы болмады. Қаншама тырысса да, оны емдеген полк дәрігері: «Еламановтың жарақаты ауыр, ол алдыңғы шепке жарамайды» деп тұрып алды. Дегенмен, 30 жауынгерден дәрігерлік сараптама бойынша алып қалынған тоғыз жауынгердің ішінде наградасы көптігі және орысша еркін сөйлейтіндігі ескеріліп, НКВД-ның қатарына алынды. Міндеті – немістердің бөлініп қалған бөлімшелерін, диверсанттардың, шпиондардың көзін құрту немесе тұтқынға алу, дезертирлерді ұстап, айып батальонына қосу. Сол үшін бір ай Смоленск қаласының түбінде әскери дайындықтан өтті.

1944 жылғы ақпанның 20-сы. Біз Грозныйдың темір жол вокзалында Мәскеуден арнаулы поезды күтіп тұрмыз. Кешікпей-ақ, поездан КСРО ішкі істер министрі Л. Берияны, оның көмекшісі, генерал-полковник Кабуловты, армия генералы Серовты, НКВД кеңсесінің бастығы, генерал-лейтенант Мамуловтарды қарсы алдық, – деп тағы бір әңгімесін бастаған Күзембай аға, Шешенстандағы сойқан, шешен-ингуш халқының Отанынан күштеп көшірілуі жайында өзі куә болған оқиғаларды айтып берді.

Шешенстаннан №1 Украина майданына жіберілген олар бендеровшыларды ауыздықтауға да қатысты.

– 9 мамырды Дрезденде қарсы алдым. Ол күні көңіліміздің қандай күйде болғанын айтуға тіл жетпейді. Талай жылдар өтсе де ұмыта алмаймын, «Жеңіс» деген сөзді естігенімде, ертеңіне киім-кешегімді жинастырып, қаруымды тапсырып, кете беремін деп ойлаппын ғой. Қайда әлі! Бақандай 5 жыл бойы бүкіл Германияның түгелге жуық қалаларында әскери міндетімді атқаратынымды білсемші. 1945 жылғы маусымның 15-і күні біздің бөлім Рейхстагта Брунденбург қақпасының алдында күзетте тұрды. Ал, шілденің басынан Подстам қаласында болдық. Подстам конференциясы шілденің 17-сінде түс қайта басталды. Бұл жиынның мақсаты Герман әскерлерін толықтай қарусыздандыру, үкіметін тарату, фашистік партияның барлық



филиалдарын құрту, неміс флотын одақтастар болып бөліске салу, соғыс күнәһарларын ұстап, соттау және сол кездерде туындаған мәселелерді шешу болатын. Біздің бөлім жиынның алғашқы 3 күнінде сыртқы күзетте болды да, конференция аяқталғанша біресе Дюссельдорфта, біресе Жуковтың резиденциясында жоғарғы басшыларды күзетті.

Бір күні түскі тамаққа келген Черчилль менің дәл қасымнан жанамалай өтіп, бәрімізге әскери честь берді. Өзі басы мен кеудесі бітісіп кеткен толық адам екен. Қашан көрсең де, аузынан темекі трубкасы түспейді. Ал, Сталинді 50 метр қашықтықтан көрдім. Кәдімгі, суреттен көріп жүргендей қарапайым адам. Айтпақшы, бір қызық жағдайдың куәсі болдым. 1946 жылдың ақпанында, Қызыл Армия күніне байланысты, Берлиндегі резиденциясында Жуков

270

Эйзенхауэрді, Англия фельдмаршалы Монтомери, Францияның генералы Де-Гольді қонақ етті. Мен дәл есіктің алдында күзетте тұрғанмын. Дастархан қыза келе маршалдар әлденеге келісе алмай, жанжалдасып қалды. Сол кезде Георгий Константинович орнынан ұшып түрегеліп, жұдырығымен үстелді қойып қалды да, қасындағыларға:

– Егер қажет болса, бір түнде Париж бен Лондонды бомбамен жермен-жексен қылам!-деп ақырды. Эйзенхауэр одан кешірім сұрап, әңгіме мазмұнын басқа жаққа бұрып жіберді. Бірақ, бұл әңгіме аяқсыз қалмады-ау деймін,



бір жұмадан кейін Жуков Мәскеуге біржолата кетті де, орнына маршал Соколовский келді,-деп әңгімелейді Күзекең.

Күзембай аға басынан өткен, өзі куә болған жайларды айта берсе, айтар естелігі көп. Оның жөні де бар. 7 жылға созылған жауынгерлік өмірі 1950 жылдың шілдесінде ғана аяқталды.

### *3. Аңсаптырған атажұрт*

Күзембай Еламановтың бейбіт өмірі 1950 жылғы тамыз айынан «Саража» совхозында ферма зоотехнигі болудан басталады. Еңбекті оқумен ұштастырған ол, бір жылдан кейін Түрікменстанның Керкі қаласындағы зооветеринариялық техникумды, Ашхабаттағы ауыл шаруашылық институтын сырттай оқып, бітіреді. Ол еңбек ететін кеңшар 1964 жылы асыл тұқымды мал зауыты болып қайта құрылады. Күзекең қарақөл елтірісін дайындаудағы еселі еңбегі үшін үш жылдан кейін Түрікменстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасын иеленіп, Мәскеудегі Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысады.



– 1969 жылғы қазанда кіндік қаным тамған жер, атажұртым Маңғыстауға оралдым. Шетпеге келіп, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы О. Көшековтың қабылдауында болып, жағдайымды баяндадым. «Әрине, Күзембай, елге көшіп келемін деуің өте орынды. Биыл 8 колхоздың басын біріктіріп, Үстірт бойына

«Маңғыстау» совхозын құрдық. Соған өзіндей тәжірибелі маман жетіспейді. Қаласаң, ең қиын да жауапты учаске – Теректіге зоотехник қылып жіберейін,» деді. Жаңа жерде жұмыс істеу онша қиынға соққан жоқ. Іскерлігіме совхоз директоры Таушанбай Қорбақов бір жылда көзі жетіп, шаруашылықтың зоотехник-селекционері, оған қосымша зоотехник-реализаторы қызметін қосып берді, – дейді Күзекең.

Күзекең Бейнеу ауданы «Маңғыстау» кеңшарынан 1973 жылы бөлініп шыққан «Сам» кеңшарын көтеруге де ат салысады. Үш жылдан кейін өз кеңшарына қайта оралып, адал еңбегінің нәтижесінде көптеген марапаттарға ие болады. 1984 жылы құрметті еңбек демалысына шығып, өз орнын Алматы малдәрігерлік институтын бітіріп келген ұлы Қуанышқа тапсырады.



272



Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Күзембай Әбдірұлы қырықмылтық қызы Айжанмен бірге Құрал, Балия, Балпатша, Қуаныш, Бақытжан, Қамажай, Самбай, Абай есімді ұл-қыздарын тәрбиелеп өсірді. Балаларының барлығы да үйлі-баранды. Қызы Балия мен күйеубаласы Жанболаттан болған жиені Абылай жас та болса бүгінде атағы күллі республикаға мәшһүр домбырашы-күйші. Оған күйшілік өнер нағашы жұртынан, аталары Әбдір мен Күзембайдан жұғысты болған деседі жұрт.

23. 04. 2009 жыл.

## ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ

### *Қазақтың төңғыш генералы*

*Шәкір Жексенбаевты маңғыстаулықтар мақтан  
тұтады*

Жуырда маған ақтаулық Мұса Мүренов (Қауынов) дейтін ақсақал хабарласып, марқұм Шәкір Жексенбаевтың 1985 жылы Алматыдағы «Жалын» баспасынан орыс тілінде жарыққа шыққан «Соғыстың ащы түтіні» («И горек дым войны») атты деректі кітабын беріп жіберіпті. Мен генерал туралы мұнан бұрынырақ баспасөзден оқығанымды және «Маңғыстау» энциклопедиясында да жазылғандығын айтқанымда Мұсекең жастарға ел мен жерді сүйеге, отаншылдық та патриоттық тәрбие беру үшін жерлесіміз Шәкір Жексенбаев сынды ел қорғаны болған ерлер, айтулы тұлғалар туралы қайталап жазудың ешқандай артықтығы жоқтығын дәлелдеп айтумен болды. Және Отан қорғаушылар Ұлы Жеңіс күні қарсаңында өзінің сүйікті газеті «Маңғыстауда» Шәкір туралы мақаланың жарық көруін атан түйедей қалады. Біз де ақсақал ағаның өтінішін аяқсыз қалдырғымыз келмеді.

«...Өз атам Жексенбайдың айтуынша, арғы атам Қолеткен Маңғыстаудың адайы екен. Ол отбасын асырау үшін үш ұл, екі қызымен XIX ғасырдың орта шенінде атақонысы



Маңғыстаудан жаяу-жалпы мың шақырымдай жол жүріп, Бөкей Ордасына жеткен... Қолеткен алғашында Жәңгір ханның бір ұлының от жағушысы болып жұмысқа тұрса, ұлдары хан балаларының малын бағады. Өз атам Жексенбай 40 жылдан астам уақыт бойы Науша Бөкейхановтың қойын бағады...», деп жазады Шәкір Жексенбаев аталмыш естелік кітабында.

Жексенбай сол Бөкей Ордасында жүріп, үйленіп, өзіндік мал жиып, 1908-1910 жылдары жалшылықтан босанып, өз шаруашылығын жүргізумен айналысады. Бұл екі аралықта ержетіп, еңбекке ерте араласқан балалары да үйленіп, үйлі-баранды болады. Дегенмен, олардың барлығы бір шаңырақ астында, ынтымақты өмір сүрді. «Жексенбай атам 20 адамнан құралған үлкен отбасыға басшылық жасайды. Оларда бәрі де ортақ болды: бірігіп үй тұрғызды, шаруашылықтарын жүргізді, қуаныш пен қайғыны бірдей бөлісті», деп жазады Шәкең.

Шәкір Жексенбаев 1901 жылы қазіргі Батыс Қазақстан облысы Орда ауданы Шоңғай ауылында дүниеге келеді. Әкесі Айталы аға-інілерімен бірге Басқұншақ тұзды көлінде жұмыс істеді. Еңбекке бұғанасы қатпай, ерте араласқан бала Шәкір шығарылған тұзды түйемен теміржолға тасыды. Сол арада тұз вагондарға тиелетін-ді. Бірақ, жүрек түбіндегі оқу оқысам деген балаң арманы тыншу таптырмады. 1908 жылы әкесі



оны бастауыш мектепке, онан кейін жоғары бастауыш училищеге береді. Оны бітіргеннен кейін 1917 жылы Шәкір педагогикалық курстарда оқып, Шоңғайға оралады.

1918 жылдың қазанындағы депутаттар сайлауында Шәкірді жауапты хатшы ретінде атқару комитет құрамына сайлайды.

Бұл кезде Ресейде азамат соғысы белең алып, Қызыл Армия қатарына еріктілер қабылданып жатқан болатын. Өйткені, майдандағы жағдай ауырлай түскен-ді. Шәкір жұмысшы-шаруа республикасын қорғау үшін ұрысқа сұранады. Алайда, жолы болмайды. Атқару комитетінің төрағасы Қабдеш Қалиев: « Шәкір, сен сауатты да білікті қызметкерсің, сондықтан да осында тигізер пайданың молырақ екені ескергейсің», - дейді. Дегенмен, екінші рет сұранған ол армия қатарына алынып, алғашқы кеңестік үлгілі қырғыз (қазақ) атты әскері полкінің мектебіне жіберіледі. Бұл қадам он сегіздегі жас жігіттің тағдырын шешіп, оның мұнан кейінгі өмір жолын айқындап берді. Шәкір Борисоглеб курсына қабылданып, бірнеше шайқастарға қатысады.

Курстарды бітіргеннен кейін 1920 жылғы маусымда Ш. Жексенбаевты Бірінші Қырғыз (қазақ) атты әскер дивизиясының взвод командирлігіне тағайындайды. Ал, бір айдан кейін эскадрон командирінің көмекшісі лауазымына жоғарылатылады. Сол жылы Шәкір Қызыл Армия Бас штабының Мәскеудегі Академиясына оқуға жіберіледі. Оқуды бітіргеннен кейін



бірнеше тағайындаулардан өткен оны Белорус әскери округі 37-інші атқыштар дивизиясы 110-ыншы атқыштар полкінің штаб бастықтығына ауыстырады.

1931 жылғы қыркүйекте Мәскеудегі Жоғары әскери-химия мектебінде бір жыл оқып, әскери химик мамандығын алған ол, әскери-химиялық басқармаға жіберіледі де, қараша айының соңында Украин әскери округіне, Киев қаласында орналасқан химияға қарсы қорғаныс 4-інші атқыштар батальонының командирі және комиссары қызметіне тағайындалады. 1934 жылдың көктемінде Украин әскери округі қолбасшысының бұйрығымен батальон шығысқа



– Байкалдың арғы жағына бағыт ұстады. Себебі жапон милитаристерінің агрессивтік іс-қимылына қарай, халықаралық жағдай күрт өзгерген-ді. Танк ротасымен келген Ш. Жек-

276



сенбаев генерал К. Рокоссовскийге химияға қарсы қорғаныс жөніндегі жеке батальонның командирі ретінде жолығады.

1936 жылы Шәкір Қызыл Тулы Қиыр Шығыс Армиясының жеке штабы армиялық инспекторының химия қызметі жөніндегі көмекшілігіне тағайындалып, сол жылы 45-інші атқыштар корпусы химиялық қызметінің бастықтығына ауыстырылады.

1940 жыл да қызмет бабына өзгерістерін ала келеді. Оған полковник атағы беріліп, ол Калинин әскери училищесі химияға қарсы қорғаныс батальонының командирлігіне тағайындалады.

Офицер Шәкір Жексенбаевтың бейбіт өмірдегі қызметі осылайша аяқталады.

Ұлы Отан соғысы басталғанда ол батыс бағыттағы әскердің химиялық бөлімі бастығының аға көмекшілігіне жіберіледі. Уақыт өте келе тағы жаңа тағайындау, енді Шәкір Жексенбаев орталық майдан химиялық қорғаныс бастығының аға көмекшілігіне, онан кейін Брянск, Оңтүстік-Шығыс майдандары 3-інші Армиясы химия бөлімі бастығының міндетін атқарушылығына тағайындалады.

Фашистер Мәскеу мен Сталинград түбінде, Орловск-Курск иінінде талқандалғаннан кейін химиялық қорғаныс батальондары 2-інші Прибалтика майданына жіберіледі.

Полковник Ш. Жексенбаевтың өміріндегі атаулы оқиға – оған I дәрежелі Отан соғысы орденінің және 1943 жылғы қазанның 14-інде техникалық әскерлер генерал-майоры атағының берілуі. Ол бұл оқиғаны былайша еске алады: «Бір кезде химиялық қорғаныс бөлімінің бастығы, полковник Н.Ф. Усменский радионың даусын шығарды. Біз информбюроның кезекті хабарын айтып жатқан өзімізге дауысы таныс Юрий Левитанға құлақ түрдік. Кенет бір толқындалған ыстық леп жүректен ұрғандай, ауа жетпегендей күй кештім... Маған техникалық әскерлер генерал-майоры деген атақ беріліпті.

Әрине, қуанышымда шек болсайшы?! Еңбегіме берілген жоғары баға маған бұрынғыдан да зор жауапкершілік жүктеді».



1944 жылдың ақпан айында фашистерден Балтық жағалауы елдерінің барлығы босатылды. Жауынгерлік іс-қимылдар Шығыс Германия аумағында бастау алды. Осындай іс-қимылдардың бірінен кейін майдан қолбасшысы, Кеңестер Одағының маршалы Л.А. Говоров жауынгерлік қызметі үшін генерал-майор Шәкір Жексенбаевқа Ленин орденін тапсырады. Көп ұзамай Шәкең Қызыл Жұлдыз орденімен де марапатталады.

Соғыстан кейін Ш. Жексенбаев Ленинград әскери округі химиялық қорғаныс бөлімінің бастығы, онан кейін химиялық қорғаныс Әскери академиясында оқытушы болады. 1946 жылы ол құрлықтағы әскерлер химиялық қару және жабдықтау басқармасы бастығының орынбасары қызметіне, үш жылдан кейін В.Куйбышев атындағы Қызыл тулы әскери-инженерлік академияның жалпы тактика және шұғыл даярлық кафедрасы әскери-химия ісінің аға оқытушылығына тағайындалады. 60-ыншы жылдардың ортасында жасының ұлғаюына байланысты запасқа шығады.

Қазақтың тұңғыш генералы Шәкір Жексенбаев «Соғыстың ащы түтіні» деген деректі повесін: «Менің естеліктерім жас оқырманның туған елі мен жері, оның болашағы үшін күрескерлер сапына тұруына септігін тигізер болса, онда менің автор ретіндегі міндетімнің орындалғаны...», - деген сөздермен түйіндеген екен. Біз де сол мақсатпен мақаланың нүктесін қоямыз.



## «ЖАСТАЙЫНАН ЖАРҚЫЛДАП БАЛА ОҚЫТҚАН...»

*Қуан Мәмішұлы Тұрмағамбетов зиялылықтың үлгісі  
іспеттес*

Ол жасы жетпістің белортасына жетсе де шау тартпағандай, мұнан қырық жыл бұрынғы парасатты да мәдениетті қалпынан айнымағандай көрінеді маған. Жастайынан ұстаздық жолға түсіп, саналы ғұмырын халық қызметіне арнаған ағамызды көптен білетін болсақ та, «Сабақты ине сәтімен» дегендей, сұхбаттасудың реті келгендей болды.

- 1937 жылы 9 мамырда көршілес түрікмен елінің Красноводск ауданы Қошоба ауылында дүниеге келіппін. Бұл күні ауыл адамдарының қуанышында шек болмай, атымды Қуан деп қойған екен. Өйткені, менен бұрын отбасымыздың Сүндет, Ибалы, Аман, Тұрды есімді төрт сәбиі шетінеп, бала тұрмаған екен. Менен кейін 1940 жылдың қақаған қаңтарында інім Қуаныш дүниеге келіпті. Және бір айтарлығы, сол күні Қызылкүп, Архарлы кәсіпшілігінде сульфат жи-наушы болып жұмыс істеп жүрген әкем ауырып, кенеттен 36 жасында өмірмен қош айтысыпты. Сол кезде қасында отырған Бұлым әжемнің айтуынша, ауруы меңдеп, әбден әлсіреген кезде мені қасына шақырып алып: «Қуанжан Қуанышыңды бақ», депті. Ал, асыл анам Бибіжан сол кезде 27-іге де



толмаған-ды. Соғыс басталып, ел басына қиын-қыстау күн туғанда ол: « Мен тірі тұрғанда сендерді біреудің босағасына жәудіретпеймін», деп колхоз жұмысына араласады, Бесқалаға әлденеше рет керуен шығып, астық әкеледі, Краснодарск теңіз-сауда портында, құрылыс материалдары зауытында жұмыс істейді. 1955 жылы 18 жасымда педучилищені үздік бітіріп, қызметке орналасқаннан кейін анамды ауыр жұмыстан шығарып алдым. Анам «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысында сіңірген ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Зайыбым Тәрен Төрешқызы екеуміз қас-қабағына қарап, бағып-қаққан асыл анам қос қанаты – екі ұлынан 15 немере, сонша шөбере сүйіп, дүние салды. Інім Қуаныш ұзақ жылдар аудандық жол қауіпсіздігі инспекциясының бастығы болды, қазір зейнеткер, зайыбы Аманбике көп балалы ардақты ана, бүгінде олар Мұнайлы ауданына қарасты Басқұдық ауылында тұрады, – деп әңгімелейді Қуан аға.

280

Еңбек жолын Краснодарск қаласындағы №3 қазақ орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болудан бастаған Қуан Мәмішұлы онан кейін тарих пәнінің мұғалімі, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, мектеп директоры қызметтерін атқарды. Қызметті біліммен ұштастырып, Алматыдағы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, Ташкент жоғары партия мектебін бітірді.

1974 жылы Краснодарск облысының ашылуына орай, жауапты, басшылық қызметке тартылған ол, облыстық партия комитетінің ұйымдастыру-партия жұмыстары бөлімінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарып, 1985-1987 жылдары Краснодарск аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болды.

Онан кейін өзінің ұстаздық қызметіне, алпыс жылдық тарихы бар, сүйікті №3 қазақ орта мектебіне қайтып оралған Қуан аға, сол мектептің директоры, тарих пәнінің мұғалімі болып қызмет істеді.

Сонымен қатар күні бүгінге дейін қоғамдық жұмыстардың белортасында жүреді. Кеңестік кезеңдегі комсомол, партия, кәсіподақ, халықтық бақылау сынды қоғамдық істерден тыс қалмады және аудандық, қалалық облыстық кеңестер депутаты, Түрікменстан Компартиясы XXIII съезінің және Түрікменстан ақсақалдарының Мары қаласында өткен VI кеңесінің делегаты болды.

Еселі еңбегі лайықты бағаланған Қуан Мәмішұлы «Түрікменстанның уссат (шебер) мұғалімі», «Түрікменстанның еңбек сіңірген мұғалімі» атанып, төсбелгілерін омырауына тақты, сондай-ақ мерекелік «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері», түрікмен елінің «Отанға деген сүйіспеншілігі үшін» медальдарымен де марапатталды.

Красноводск қаласындағы қазақ мәдени ор-

талығына қоғамдық негізде басшылық жасаған Қуан Мәмішұлы қала телестудиясында қазақ редакциясының ашылуына мұрындық болды. 1996 жылы сол өңірдегі қарашаңырақ – №3 қазақ орта мектебінің 60 жылдығын жеті киіз үй тігіп, дүрілдетіп өткізді. Кезінде, атап айтсақ, 1967 жылы Ашхабадта өткен «Октябрь әуендері» атты республикалық фестивальде қазақ әнін орындап лауреат атанған Қуан аға отыз жылдан кейін өзі бас болып түрікмен елінде қазақ әндерінің республикалық фестивалін ұйымдастырды. Сол еңбегі үшін Қазақстанның Түрікменстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Валерий Темірбаев оны арнайы Ашхабатқа шақыртып, алғыс айтып, иығына шапан жапты.



282



Дегенмен, қашаннан да жүрегі қазағым, елім деп соғатын абзал ағаны атажұрты – киелі Маңғыстау тартпай қоймады, 2000 жылы Ақтауға қоныс аударды. «Басқа елде, түрікмен жерінде еңбек еттім, өз еліме ертерек келіп араласқаным да дұрыс болар еді», -деген ойда болуыңыз да мүмкін. Алайда, Сіз әлденеше жылдар бойы сол өлкедегі қазақ балаларын білім нәрімен сусын-датып, олардың басым көпшілігін туған елге аттандырып, еңбекке маман болып араласуына жағдай жасадыңыз емес пе? Сізді сарыауыз балапандарын қанаттандырып ұшырып жіберіп, оларды сыртынан шолып, өзі де ұшып келген қыран құсқа балаймын», -деп жазады Маңғыстау облысы әкімі жанындағы ардагерлер кеңесінің

төрағасы Өмірзақ Озғанбаев Қуан аға туралы «Келбет» кітабында.

Қуан Мәмішұлы көшіп келгеннен кейін де қол қусырып, қарап отырмай облыс орталығындағы №24 орта мектепте ұстаздық қызметін жалғастырды. Сонымен қатар қоғамдық іске де белсене араласа бастады. Ол 2006 жылдан бері облыс әкімі жанындағы ардагерлер кеңесінің мүшесі, Ақтау қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, қала әкімі жанындағы жастар ісі жөніндегі комиссияның мүшесі. Қуан аға «Маңғыстау облысына 35 жыл» төсбелгісімен, сайлау науқанына белсене қатысқаны үшін ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Алғыс хатымен және «Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» медалімен марапатталды.



283

Қуан ағаның қазақтың атақты ақыны Тұманбай Молдағалиевпен жақын достығын еститінбіз. Әңгіме ауаны солай қарай ойысты.



– Елуінші жылдардың орта шенінде жас Тұманбай ақынның мерзімді баспасөз беттерінде жариялана бастаған өлеңдері әдебиетсүйер қауымды баурап алды. Ол әдебиетке жастықтың, махаббаттың, көктемнің жыршысы болып енді. Сырттай ғашық ақынымыз 1961 жылдың аяғында, қазақ әдебиетінің Түрікменстандағы күндеріне орай, Красноводскіге келе қалды. Сәбит Мұқанов, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Қуандық Шаңғытбаев, Мұзафар Әлімбаев, Тұрсынхан Әбдірахманова, халқымыздың тағы басқа айтулы

сөз зергерлері түрікмен ақын-жазушыларымен бірге қаладағы мұнайшылар сарайында, №3 қазақ орта мектебінде кездесулер өткізіп, ақын Есенғали Бөкенбаевтың, Нұр Өтебаевтың үйлерінде қонақта болды. Сол күндерден бастап Тұманбай екеуміздің арамыздағы қыл өтпестей шынайы достық, туысқандық қарым-қатынас елу жыл бойы, яғни ардақты ақын бақилық болғанға дейін жалғасты. Әлі есімде дипломдық кеште университет төсбелгісін мемлекеттік комиссия төрағасы, тарих ғылымдарының докторы Ғазиз Әбішевтің қолынан алып, менің өңіріме таққан да Тұманбай еді. Тұманбайдың туған ауылында әлденеше рет болып, қызықты да ұмытылмас күндерді бастан кешірдім. Ақынның қырықтан астам кітабы, жетпіс жылдық мерейтойы қарсаңында 14 томдық толық жинағы баспадан шықты. Айта берсе әңгіме көп. Тұманбайдың өмірі – оның өлеңдерінде, – дейді Қуан аға.

Тұмағаң Қуан досына арнаған өлеңдерінің бірінде:

Тұмаш келген жетпіске сен де келдің,  
Еркелеткен қайнысы жеңгелердің.  
Ерте жеткен атасы келіндердің,  
Өміріңді түгелдей елге бердің.

Жастайыңнан жарқылдап бала оқыттың,  
Бақытым деп бойдағы талапты ұқтың.  
Басыңдағы ойыңды бөліскенде  
Қасыңдағы досыңа қанат бітті...

– деген екен. Айтса айтқандай-ақ, он сегіз жасынан бала оқытып, сан мыңдаған шәкірттің ұлағатты ұстазы атанған Қуан Мәмішұлы сүттей ұйыған ынтымақты да өнегелі отбасының басы болса, оның елу жылдан аса отасқан зайыбы Тәрен Төрешқызы – алтын қазығы. Қыздары Ақмарал, Жанар, Дариға, ұлы Мақсат, келіні Әлия бәрі де жоғары білімді, бір-бір мамандық иесі, үйлі-баранды. Олардан сегіз немере мен жиен өсіп келеді.

Халық даналығы: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» десе, орыстың ұлы сыншысы В. Белинский бір сөзінде: «Әрекетсіз өмір жоқ, күрессіз мақтау жоқ, мақтаусыз құрмет жоқ» деген екен. Біз де өз кезегімізде ұзақ жылдардан бері білетін, бүгінде жетпіс бес жасқа толғалы тұрған, абыройлы да абзал аға Қуан Мәмішұлы Тұрмағамбетовтың азаматтық болмысын мақтан тұтып, інілік ізгі ниетпен қолға қалам алуды жөн санадық.

Аман болыңыз, аға!...



## ТОТ БАСПАЙТЫН ШЫН АСЫЛ

Жазылар естеліктер мен туралы,  
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы,  
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін  
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы...  
...Қулары таудың қызыл түлкісі дер,  
Момындар, біздің үйдің кірпіші дер,  
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен  
Менің нәзік жанымды кім түсінер!?.-

- деп, ақынның өзі жазғандай ол туралы соңғы жылдары, көп айтылып та, жазылып та жүр. Өйткені ол қалай айтса да, тұрарлық қазақ жырының арналы дариясы сынды. Айшықты өлең жолдарымен де, сөз саптауымен де, нала-мұңымен де ешкімге ұқсамайтын ерекше бір әлем. Кез келген өлеңінен ақиқат көрініс беріп, ақын жүрегінің лүпілі сезіліп, адал жаны жайылып жатыр. Ақын апамыз Фариза Оңғарсынова айтқандай, өлең оңашада түсініп, ой токтатып оқитын, сонда ғана адамның сырласына айналатын дүние. Адам көп жиналған жерде ұрандап, қаншама дауыстап оқығанмен өлең нашар болса, құлаққа жеткенмен жүрекке жетпейді.

Жалпы халықтан асқан сыншы жоқ. Ол жақсы мен жасықты, алтын мен мысты өзі-ақ ажыратып алады. Мәселен, көптеген ақын-жазушылар жайында жазылған табақтай-табақтай марапат мақалаларды оқып жүрміз. Бірін-бірі қаншама қолпаштағанмен халық өз бағасын беріп, уақыт өз орнына қояды.





Мұқағалидың өлеңдерімен өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында таныса бастаған едім. Кейін 1974 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінде оқып жүргенімде екі-үш рет көруге жазды. Алғашында жерлес ақын ағамыз Дүйсенбек Қанатбаевты іздеп, Жазушылар Одағына барғанымда көрдім. Ауылдан келген баламыз, қасиетті отаудың табалдырығынан имене аттап, қызыл кілем төселген үлкен дәлізбен жүріп келе жатқанымда, қапталдағы есіктің бірі ашылды да, екі иығына екі кісі мінгендей ірі кісі шыға келді. Үстінде жеңі шолақ ақ жейдесі бар, шалқалай қайырған қайратты қара шашы дудырап көзіне түсіп кеткен. Екі беті қызарып, иінінен дем алады. Әлдекімдермен қызу айтысып, келісе алмай шыққан жанға ұқсаттым. Бұрын тек суретін көріп жүрсем де таныдым.

-Ей, кімді іздеп жүрсің? –деді.

-Дүйсенбекке келіп едім.

-Ол ана жақта ғой, - деп қолымен нұсқады да, шыға жөнелді. Сол кезде газет-журналдарға Мұқағалиды сынап жазушылар болды.

Әйтеуір кінә тауып бір жеріңнен,  
Сынауға тіптен құмар кім көрінген,  
Бірақ та,  
Білесің бе, ей кім көрінген,  
Айтсын деп ақиқатты тіл берілген!!!

-деп ақын сол мен көрген кездерде жазған сияқты. Ол “Білгішіме” атты өлеңінде де өзін жүргізбей жүрген сыншысымақтарды әшкерелейді:



Тағы да, тағы, тағы да,  
Тағы да сына білгішім.  
Кіріп ап менің жаныма  
Кір іздеп тағы жүрмісің?!  
Бір жырым – менің бір балам,  
Мезгілсіз шала тумаған,  
Мерзімі жеткен шағында  
Шығам деп сыртқа тулаған.  
Мезгілсіз өлең тумайды,  
Көңілсіз болса кім білсін,  
Сыбызғы десем қурайды,  
Оны да сына, білгішім...

Мұқағали өлеңдеріне жаңа сөз, соны тіркес іздеп әуреленбейді, өлеңнің құрылымын ерекшелендіремін деп буын сындырып, өзің ойланып тап деп тұспалдап, мысалдап та жатпайды. Ағынан жарылған адал жүрегін, ақындық жүрегін жайып салады. Жеке мұңның өзінен үлкен азаматтық ой туындатады, адамгершілікке, жақсылыққа үндейді. Өзі айтатын “қазақтың қасиетті қара өлеңімен” оқырманымен бірге қуанып, бірге мұңаяды, оның жанына жол табады. Жырлары сондықтан да өміршең болса керек.

Бірде, оны Абай ескерткіші жанындағы жатаған орындықта отырған жерінде көрдік. Жолдас жігітімнің тартынғанына қарамастан ол отырған орындықтың шетіне жайғастық. Ол селт етпеді. Қанатын қомдаған тау қыранынша жанары шоқтанып, күбірлеп өлең оқыды. Бізге көзі түскенде ұйқыдан ояңандай болып, жылы ұшырай кетті. Тастүйін кейпінен ары-

лып, жанарына күлкі үйірілді. Өлеңдерін сүйіп оқитынымызды айтқанымызда масаттанғандай бір жасап қалды. Қазір дәл есімде жоқ дала, Алматы жайлы шумақтарын айтты. Арада бір жылдай уақыт өткенде сүйікті ақынымыз қайтыс болды дегенді естідік. Төмендегі арнау атты өлеңім сол кезде жарық көріп еді:

Өлеңімен өрнектеп ел мұратын,  
Жыр бәйгеде пырағын оздыратын,  
Мұқағали ақын жоқ арамызда  
Әр жүрекке шуағын қондыратын.  
Алматының бір әсем кеші есімде,  
Көрдік оны Абайдың көшесінде.  
-Мұқағали әне отыр, - деді досым, -  
Өлең тұнып ойының кесесінде.  
Қыз балтырлы қайыңдар арасында,  
Ие болып бір ғажап жарасымға,  
Омырауын самалға ашып тастап,  
Бізге өлең оқыды нанасың ба?  
Шабыт отын үйіріп жанарына,  
Оқимын – деп өлеңді қарағыма,  
Толғап кетті қазақтың Сарыарқасын  
Зер жамылды деп біздің дала мына.  
Өлді деуге оны адам қимайды анық,  
Көкірегіне отты өлең симай қалып,  
Мұқағали ағамыз кетті-ау деймін  
Болмысымен мәңгілік жырға айналып!

Иә, енді міне уақыт өткен сайын Мұқаң өзінің ешкімге ұқсамайтын оқшау биігімен тұлғаланып барады. Ол тірі! Оның күнделікті сырласымызға, ән-жырымызға айналған өлеңдері бізбен бірге өмір сүре бермек.



## ДҮРКІРЕП ЖЕТКЕН ЖЫР-НӨСЕР

(Арқалы ақын Қалбай Әбдіраманов жайлы үзік сыр)

*“Ақиқатқа ең жақын адамдар – ақындар”*

**М.Ганди.**

“Қарақалпақстаннан бір ақын келіпті, жиын-тойларда аңқылдап өлең оқиды екен”,-дегенді еститінмін. Поэзия әлемінде жұлдыз болып жарқыраған, жыр ақиығы Төлеген Айбергенов туып-өскен өлкеден небір жүйріктердің шығуы заңды ғой. Бір күні жұмысыма қараторы өңді, жігіт ағасы іздеп келді. Бұрыннан таныс-біліс адамша іші-бауырыма кіріп барады.



“Мен Қалбай Әбдіраманов деген ағаңмын ғой. Ақынды ақын іздемесе бола ма? Мен өлгенде сендер болмасаңдар кім көмеді?”-дейді. Әпсәтте сөзіміз жараса кетті. Бір сөзді бір сөз қуып,

290



сыр-сұхбатымыз қыза түскенде: “Тындасаң өлең оқып жіберейін!”,- дейді. “Оқыңыз!”,- деймін. Жыр тиегін ағытып, өлеңді түйдектетеді. Сөйтіп, отырғанда жұмыс күнінің жартысы өте шығыпты. Араға күн салып ол тағы келді. Әңгіме әдеттегінше қайта өрбіді, Қалекен жырларын төгіп-төгіп жіберіп, тынышталып, қайта жадырайды. Бейне бір ніл аспан аяқ астынан бұлт құрсамаланып, қайта жадырағандай әсерге бөленесің.

Ертеңіне үйіне іздеп бардым. Бәз біреулерге сырт қарағанда көпсөзділеу, қожанасырлау көрінетін ақжүрек ақынның жан-дүниесіне

үңілгендей болдым. Туған халқына деген сағынышы, кіршіксіз махаббаты баурап алды.

Жауқазын гүлдей бүр ашып,  
Далада тудым өзім мен,  
Ойнақтап өстім қыр асып,  
Сонау бір жастық кезімнен.  
Көрмедім жасып, жалтақтап,  
Сындарға талай түстім де,  
Шалқая бастым шалқақтап,  
Кең дала сенің үстінде.  
Ақырғы демім жеткенде,  
Топырақ қылып төк мейлің,  
Сонда да солмай көктемде,  
Жапырақ болып көктеймін.

Осы бір жауқазын жырдан-ақ тума дарынның аяқ алысы білінбей ме?! Бұл ақынның отыз жеті жыл бұрын (10.09.65 ж.) “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған өлеңі. Қалекен ол кезде он сегіз-ақ жаста екен. Сол жылдардағы өлеңдерінің өзінен өршіл рух байқалып, азаматтық әуеннің лебі еседі.



291



1947 жылы Қарақалпақ елінің Бируни ауданында дүниеге келген Қалбай мектеп қабырғасында жүргенде-ақ, “Қазақ әдебиеті” газеті мен республикалық “Әмудария” журналында балауса жырларымен көрінді. Оның 1965 жылы Алматыға оқуға түсуге барғанда ақиық ақын Төлеген Айбергеновпен кездесіп, дәмдес болуы, бір пәтерде тұруының өзі бөлек әңгіме.

1966 жылы “Балдырған” журналының бірінші санында ақынның “Қыс” атты өлеңі жарияланды:

Келіп жетті қыс тағы,  
Күндер өтіп шуақты.  
Қарлы боран тыстағы,  
Қыс ашуы сияқты,  
Тоңып қалар денеңіз,  
Келді қыстың кезегі.  
Күнге күйген денеміз.  
Суыққа да төзеді.

Жұп-жұмыр осы екі шумақ қазақ мектептеріндегі бірінші сыныптың “Ана тілі” оқулығына еніп, 28 жыл бойы оқылып келді. 1977 жылы “Балдырғанның кітапханасы” сериясымен “Қыс” атты кітапша шықты. Мұндағы Абай бастаған алты ақынның бірі - Қалбай Әбдіраманов.



Ақынның қарақалпақ тілінде жарық көрген “Жүректегі жазулар”(1977 жыл) атты жинағын оқып шықтым. Шағын кітапша салмақты көрінді.



Алғашқы беттегі “Күміс қоңырау” өлеңінде өзі айтқандай ешкімге ұқсамайтын өз даусымен танылуды мақсат тұтады.

Ал, “Әке мейірімі” өлеңін оқығанда еріксіз езу тартасың. Оқиға былай өріледі. Шаруаға қолғабысын тигізіп жүрген Қалбайды әкесі: “Менің балам азамат болған екен”, деп қайта-қайта мадақтап қояды. Онан сайын мақтау естігісі келген бала бақшадағы әлі піспеген көк түйнектерді жұлып алып жинап қояды. Мұндай “қызыл қырманды” көрген әке қатты ашуланып, айқайлап тұра ұмтылғанда бала қаша жөнеледі:

Мен зып бердім айдалаға лағып,  
Мына сөзді естіді тек құлағым.  
-Аяғыңа тікен кіріп кетпесін,  
Абдырамай жазыққа қаш, шырағым.

Жинақтағы махаббат, достық, көңіл-күй лирикалары тартымды оқылады. Жүректі селт еткізер өршіл рухтан жаңылмайды.

Барлық нәрсе бермейді ғой біліне,  
Мен ғашықпын өз тауымның гүліне.  
Жыр жазғанда қандай тіл бар қанеки,  
Жететұғын менің ана тіліме.  
Әркімге ұлы ата жұрты, Отаны,  
Басыңызға күн тумағай қапалы.  
Көп тауларды менсінбеймін кейде мен,  
Өз тауымды көтерсем деп жоғары.

Алғашқы жинағынан-ақ, жыр сүйер қауымға танылған Қалбай 1981 жылы қарақалпақ тілінде “Келешекке сапар” атты екінші жыр кітабын ұсынды.

Ақын болсам, сөздерім жетсе деймін,  
Батыр болсам, жауыңды өкшелеймін,  
Сен дегенде жойылып шекаралар,  
Құлағыңа дауысым жетсе деймін.

-деп ағынан жарылады ақын. Немесе “Әке кетті өмірден” өлеңінде былай дейді.

Жеңіс келді, халықтың құты келді,  
Мұңаяды кім аза тұтып енді.  
Азаматтар өлген жоқ бостан-босқа  
Бізге келген ажалды жұтып өлді.

Кітаптың алғы сөзінде айтылғандай ақынның лирикасы жігерлілігі, ой-өрісінің кеңдігімен



тартымды. Отан, туған жер, адамгершілік, адамның бір-біріне деген мейір-шапағаты-негізгі тақырып.

Қалбай Әбдіраманов қарақалпақ жерінде кеңінен танылған үлкен ақын. Оның жырлары 1980 жылы Қазан қаласында шыққан “Арал толқындары” атты қарақалпақ поэзиясының антологиясынан, көптеген ұжымдық жинақтардан орын алды. Пушкин, Есенин, Исаковский, Твардовский сияқты поэзия алыптарын, бірқатар әзірбайжан, башқұрт, татар, қазақ ақындарын қарақалпақ тілінде сөйлетті. Өзбекстан және Қарақалпақстан халық жазушысы Жолмұрза Аймұрзаевтың мұнан жеті жыл бұрын беделді журналға берген сұхбатында: “Қалбай керемет ақын еді. Маған онсыз қазіргі поэзиямыз қаңырап босап қалғандай болып сезіледі”, - деуі тектен емес. Бұл оның қазақтың Төлеген сынды жыр жампозын дәреткен топырақтан тағы бір талантты ақынның шыққанын айтқаны болса керек.

294

Қалбайдың айтуынша ол он сегіз жыл баспасөзге шығарма бермеген.

Ақын деген шабыт бұлағы,  
Бөгей берсең тесіп шығады.  
Түрткілеме өз балаңды сен,  
Онда ақындар қайдан шығады?  
Тек ақымақтар ішер суына  
Кірлеп кеткен қолын сұғады.  
Ақындарға тимең, адамдар!



-деп ақынның өзі жазғандай біреулер оның кіршіксіз адал жанын жаралап, жырына қол сұққан. Ондайды көтере алмаған мәрт ақын морт кеткен. Енді міне, бойындағы арқыраған жыр тасқыны арнасына сыймай атажұртына табан тіреп отыр. Қалбайдың шығармашылығын шағын мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Біз тек елім деп еңіреп келген арқалы ақын жайындағы үзік сырды көпке ұсындық. Оның:

Гүл болып шықты өлеңім.

Құлпырып тастың үстіне,-

деп жазғанындай жырлары Маңғыстауға келген соң қайта жаңғырды. “Ақыны көп елдің рух-жігері асқақ болатыны хақ.” Ендеше Қалбай Әбдіраманов сынды жыр жүйрігінің өлкемізге келуі-үлкен қуаныш. “Құдайдың бір есімі-халық, одан үлкен құдай жоқ”, - деп Қалекен өзі айтқандай, оның еңбегін бағалайтын, бағамдайтын халқы бар. Дана халқымыз болат кездіктің қын түбінде жатпайтындығын, ал шын асылды тот баспайтындығын айтып кеткен. Ендеше, оның жырларының да көмескі тартып, мұқалмасы анық.



## ҚАЙТА ОЯНҒАН ЖАНАРТАУ

(Арқалы ақын Қалбай Әбдіраман туралы екінші сыр)

Ол асқаралы Алпысқа шаршап-шалдыққан кейіпте емес, мұзартшында түлеген мұзбұлақтай, кемеліне келіп, шабыты қабат-қабат көктасты арғымақтай алшаңдап жетті.

Алпысыншы жылдардың бел ортасында поэзия аспанында жарық жұлдыздай жарқ еткен ол, көмескі тартқандай көрінбей қалады. Тек тоқсаныншы жылдардың соңына қарай ұйқыдан оянғандай, сілкініп, ширығып қайта тұрады. Іштей тынып жатса керек. “Болат кездік қын түбінде жата ма”, содан жыр нөпірі бір толастар емес.



Мұнан алты-жеті жылдай бұрын, ол Қарақалпақ елінен Маңғыстауға омырау-

296



ын ашып, арқырап келгенде алдынан шығып, “Дүркіреп жеткен жыр-нөсер” атты мақаламмен облыстық газетте лебізімді білдірген едім. Енді міне, Қалбай ақын туралы ілтипатпен сөз саптаудың сәті түсіп отыр.

1947 жылдың мамыр айында Қарақалпақстанның Беруни ауданында дүниеге келген Қалбай жырсүйер қауымға ерте танылды. Мектеп оқушысы кезінде-ақ “Қазақ әдебиеті” газеті мен Қарақалпақстанда шығатын “Әмудария” журналында оның жауқазын жырлары жариялана бастады. 1966 жылы “Балдырған” журналында жарық көрген “Қыс” атты өлеңі 1995 жылға дейін қазақ мектептерінің бірінші

сыныбына арналған “Ана тілі” оқулығынан түспеді. 1977 жылы “Балдырған” журналының бірінші санында “Балдырғанның кітапханасы” сериясымен Абай бастаған Алты ақынның “Қыс” атты өлеңдері кітапша болып шықты. Кітапшада Қалбайдың да өлеңі бар.

Халқымыздың көрнекті ақыны Мұзафар Әлімбаев 1978 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінде жарияланған бір мақаласында: “Қ. Әбдірамановтың айырықша ауызға алар бір қырын өзінше айтып, оқыс түйіндер жасауы, жұмылған жұдырықтай шымыр, тегеуірңді сөзге бой ұруы ұнайды”, - деп жазыпты. Әдебиетіміздің ақсақалдарының бірі - Мұзағаң пікірінің дөп басып айтылғандығын Қалбайдың жырларын оқығаннан-ақ байқауға болады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін оның “Маңғыстау” деп аталатын, үш-ақ шумақтық өлеңін келтіре кетейік.

Маңғыстау, айналайын, - Атамекен,  
Қисайсам қай қырыңда жатам екен?!  
Сен менің зар күнімсің,  
Тағдырымсың,  
Мен сенсіз сөз сөйлесем қате кетем.  
Сен десем алыптардай еңселімін,  
Бір уыс топырағың - жолсерігім!  
Туған жер!  
Туыңды іздеп неге келдім,  
Жырыммен ақтамасам ел сенімін?!  
Теңізім аспанменен керегелес,  
Өмірім өміріңнен бөлек емес.



297



Айналайын қазақтың маң даласы,  
Сенен өзге Жерұйық керек емес!

Мұны жүрекжарды перзенттік махаббат, азаматтық әуен, биік отаншылдық рух демеске бола ма? Және бұл жалаң айқай емес. Қалбайдың қай өлеңін алып қарасаңыз да өзіндік үні, айтары, мәнері бар. Туған жер, атамекен өте ауқымды, кең ұғым. Әр ақын өзінше жырлайды. Ал, Қалбайда бүкпе, мына сөзіме, ойыма кім қалай қарайды екен деп тосылу немесе жылтырақ сөзге әуестік, бұрын көп ешкім айтпаған тіркес іздеп әурелену атымен жоқ. Ақындық жырларынан лүпіл қаққан үлкен жүрегі көрініп тұр. Құрсаулы қоғамда өмір сүріп айтарын ашық айта алмаған Мұқағали:



...Айтарын ашып айтқан абайламай,  
Дариға-ай,  
Махамбеттер, Абайлар-ай!!!

298



деп армандап кетпеп пе еді. Сондықтан болар, өзіне тән өрлікпен әдебиеттің есігін қаққан Қалбайдың жырларын кезінде Мұқағали да таңырқап оқыған көрінеді. Ол 1966 жылы “Жұлдыз” журналының 8-санында бесінші бетте жарияланған бас мақаласында Қалбай Әбдіраманның жырлары туралы пікір айтқан.

1977 жылы Қалекеннің қарақалпақ тілінде “Жүректегі жазулар”, 1981 жылы “Келешекке сапар” атты жеке жыр жинақтары жарық көрді.

1980 жылы Қазан қаласында татар тілінде шыққан “Арал дулкынлары” атты қарақалпақ поэзиясының антологиясында орын алды. Көптеген ұжымдық жинақтарда жырлары

шықты. Пушкин, Есенин, Исаковский, Твардовский сияқты алыптардың, бірқатар әзірбайжан, башқұрт, татар, қазақ ақындарының жырларын қарақалпақ тіліне аударуға ат салысты.

Қалбай Әбдіраманнның 2005 жылы Алматыдағы “Үш қиян” баспасынан жарық көрген “Қазақнама”, “Қазағыма хат” деген кітабына жазған алғысөзінде қаламдас інісі Бегебат Ұзақов: “1982 жылдан бастап оның шығармаларын тұншықтыру әрекеті басталды. Текстеріне қол тигізілді, сондықтан Әбдіраманов 18 жыл баспасөзге шығарма беруді мүлдем тоқтатты. Ол өз өлендерінің бұрмаланып шығуына қарсы еді. Біз ұзақ жылдар бойы жалынды ақыннан айырылып қалдық”, -деп жазды. Мұны Қалекең өз оқырманына арнаған өлеңінде өзі де айтады:

Мен қалайша сендерді толқытамын,  
Мен сөйлесем өлердей қорқытамын!  
Жұмыс жоқ, не қолымда қаламым жоқ,  
Он сегіз жыл мұзхана, моргтамын!  
Сеніңдер мені тастан берік десе,  
Мен мұнда отырғам жоқ келіп кеше!  
Мен сендерді қалайша толқытамын  
Ешкім келіп мұзымды ерітпесе?!...  
Бұл дене сосын қалай қозғалады,  
Қозғалған соң бір шындық сөз болады.  
Мен тірілсем тарылып мына майдан  
Үлесіне құзғынның аз қалады!...

Дегенмен, Қалбай ақын қарап жатпапты. Халқымыздың әдебиеті үшін тер төгіп, 38 жыл-



да жазған 70 томдық қолжазбасы соның айғағы.

Бүгінде Қалекеннің өзі тұрғынына айналған сүйікті қаласы Ақтауға арнаған өлеңінде мынадай шумақтар бар:

...Ақ шағала, ірге теп Ақ қаладан,  
Қазағымнан айналдым бақ қараған!!  
Адайларым қолды бер, Адайларым,  
Жұлдыздармен тілдескен шақта маған!  
Желпінейін, Ақ қала желпін десең,  
Тауға шығам, теңізде толқын кешем!  
Қолындағы сендердің домбыраңмын,  
Арагідік болмайды шертілмесем!

Біз бұл шағын мақаламызда Қалбай Әбдіраманның шығармаларына жан-жақты тоқталуды мақсат тұтпадық. Айтарымыз арамызда жүрген талантты ақынның әлі де бермегі көп.

300

Уы да бар сөзімнің , суы да бар,  
Ақиқаттың төбемнен туы бағар.  
Төте тарттым, тіке сөз ұнамаса,  
Өзге Қалбай қазағым туып алар,  
-дейді ол “Атамекен” атты өлеңінде.

Шындығында да “Ақиқатқа ең жақын адамдар -ақындар”(М. Ганди) деп текке айтылмаған. Ендеше оның жырларындағы тауып айтылған, тіке айтылған, тіліп түсер семсер сөз қашан да қажет.

## ГҮЛ АПА

*“Ақынның жүрегі - Алланың қазынасы”*

*Мұхаммед Пайгамбар*

Әдетте халық ақын-жазушыны шығармалары арқылы таниды. Оны жақсы білмесе де, бетпе бет көрмесе де оқырман өзіне ұнаған шығармасы арқылы жақын сырласына, етене танысына балайды. Соған қарап қалам иесі текке тер төкпегендей бір жасап қалатыны бар...

Мен ақын Гүлжауһар Сейітжанды өзін көріп, танысқаннан да он жыл бұрын білетінмін десем артық айтқандық емес. 1974 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетінде оқып жүргенімде Семейдің Аягөзінен келген, аласа бойлы, қагілез, өзі тас қайнататындай алғыр да пысық жігіт, қазірде он шақты кітабы шыққан сатирик жазушы Қазыхан Әшенов біздің старостамыз болды. Сол бірде төбеден түскендей:

-Сен адай екенсің ғой, біздің бір әпкеміз сіздің жаққа тұрмысқа шығып кеткен-ді, -деп қойып қалды. Мен ол кезде Түрікменстанның Красноводск ауданында тұратынмын, соны айтқалы ыңғайлана беріп ем, ол сөз тыңдайтындай болмады. Дегенмен, сол есім жадымда қалды да, Гүлжауһар Сейітжанның қолға түскен өлеңдерін, әңгімелері мен мақалаларын жібермей оқитын болдым. Ал, Қазыхан екеуміздің арамыз курстас жолдастықтан достыққа айналды. Бірер жылдан кейін оның отбасы Аягөзден Алматыға көшіп келді. Қала шетінде тұратын он балалы, қашанда



301



базарлы бұл шаңырақта жиі болып, дастарханынан сан рет дәм татқан едім. Қазыханның ата-анасы қарапайым, өте жайлы кісілер еді. Ол кезде Алматыға көшіп бару, орналасып кету қиынның қиыны болатын. Бірақ олар қандайда қиындықтан да қайыспай өз балаларының болашағын ойлап, оқыту үшін сондай қадамға барды. Ата-ананың арман-мақсаттары орындалып балаларының барлығы да бүгінде жоғары білімді, білікті де тәрбиелі азаматтар, сан алуан мамандық иелері. Айтайын дегенім, Қазыханның үйінде де жақын туыстары сонау қияндағы Маңғыстаудың адайына келін болып кеткен сүйікті қызы Гүлжауһар жайында сағынышпен айтып отыратын-ды...



302

1971 жылы ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген Гүлжауһар арнайы жолдамамен Маңғыстауға келіп, сол жылы өңірдегі алғашқы тележурналист ретінде Ақтау телестудиясында еңбек жолын бастайды. 1973 жылы осындағы облыстық газетке ауысып, аға әдеби қызметкер, әдебиет және мәдениет бөлімінің меңгерушісі болады.



Ақын ретінде көпке танылып, өлең-жырлары республикалық басылымдарда жиі көрініп жүрген Гүлжауһардың 1978 жылы “Жалын” баспасынан “Тұңғыш” атты өлеңдер жинағы жарыққа шықты. Оның туындылары сыршыл, көңілдің түп-тұнық, мөлдір сырларындай әсерлі.

Мәселен, “Адамдар” деген өлеңінде мынадай жолдар бар:



...Қасиеттер қаншама сыйладыңдар,  
Бәрін алдым сендерден иланыңдар!  
Сендер салған соқпақтан жоқты таптым, –  
Болмаса егер дем берер дарқан әнің,  
Борыш жүгін мен қалай тарта аламын?!  
Жақсылықтан бір нышан болса менде,  
О да, адамдар, сендердің арқаларың.

Ағынан жарылып айтылған осынау өлең жолдарын ақынның азаматтық ұстанымы дерсіз! “Өлең деген өсекші жұртқа жаяр”, деп ұлы Абай айтқандай, ол кей біреулерше, өзім болдым, өзім толдымнан аулақ, бар сырын шынайы қалпында жайып салып отыр. “Тұңғыштағы” нәзік те, қайрат пен қайсарлыққа толы жырлардың қай-қайсысы да оқырманын бейжай қалдырмайды.

Гүлжауһардың 1981 жылы Алматыдағы “Жалын” баспасынан “Ақерке” деп аталатын жыр жинағы жарық көрді. Бұл жинақтан да кітаптың алғы сөзінде орынды айтылғандай, сыршыл ақынның әр өлеңінен нәзіктік, биязылықтың лебі есіп тұрғандай әсер қалдырады...

Гүлекеңмен жүзбе-жүз кездесудің сәті 1985 жылы түсті. Маңғыстау облыстық “Коммунистік жол” газетіне тілші болып қызметке тұрғанымда ол редакцияның мәдениет және әдебиет бөлімін басқарады екен. Сол жылы “Жалын” баспасынан Қазақстан жас ақындарының “Қарлығаш” деп аталатын жыр жинағы жарыққа шығып, оған маңғыстаулық журналист - ақын Ғалым Әріп екеуіміздің топтама өлеңдеріміз енген болатын. Мұны көрген ақын апамыз қуанып қалды.



303



Газеттің бас редакторы Киікбай Мырзағұловқа айтып, өзі алғысөз жазып, екеуміздің бірнеше өлендерімізді жариялағаны есімде. Бұл да оның өзінен кейінгі, жасы кіші інілеріне деген қамқор көзқарасын көрсетсе керек. Кейіннен Гүлекен хаттар бөліміне ауысып, мәдениет бөлімін басқару менің еншіме тигенде де ол өз көмегін аяған емес.

1988 жылы облысымыз таратылып, “Коммунистік жол” газеті жабылды да, “балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей оның журналистері жан-жаққа кетті.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары қазақ тілінің мәселесі алға шықты. Гүлжауһар 1990 жылдан бастап «Қазақ тілі» қоғамы Ақтау қалалық ұйымының төрайымы, «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымы төрағасының орынбасары, облыстық әкімшілікте кеңсе меңгерушісі қызметтерін атқарады.

1998 жылғы тамыз айында мен отбасылық жағдайыммен Жаңаөзеннен Ақтауға қайта көшіп келдім. Қызмет іздеп, сол жылдың басында ашылған облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасына бардым. Алдымнан Гүлекен апамыз шыға келді. Жағдайымды білгеннен кейін басқарма бастығы Асқар Киікбайұлы Рзахановқа ертіп апарып, өз бөліміне алатынын айтты. Содан апамызбен бір жылдай бірге қызмет істедік. Көлік жоқ, облыс орталығының мекеме-кәсіпорындары мен ұйымдарын, оқу орындарын жаяу аралап, іс қағаздарының мемлекеттік тілде



жүргізілу барысын тексердік. Осындай әрбір тексеру рейдінен кейін екеуміз де көзге түскен кемшіліктер жөнінде газеттерге мақалалар жазып, радио, теледидардан айтып отыратынбыз. Сонымен қатар Ақтаудағы мемлекеттік тілдің жағдайын, ҚР “Тіл туралы” Заңының орындалысын 1999 жылы облыс әкімдігінің алқа мәжілісіне шығардық. Мұның облыс орталығында ерекше бір серпіліс туғызғанын айта кеткен жөн.

Көп ұзамай Гүлекең өзінің шығармашылық жұмысқа кететінін айтып, бөлім бастығы міндетін маған табыстады.

1997 жылы Гүлжауһардың “Маңғыстауым - ғұмырымның арнасы” деп аталатын өлеңдер мен балладалар жинағы жарық көрді. Жалпы адам өмірінде, сонымен қатар біздің өңіріміздегі оқиғалараға негізделіп жазылған бұл жинақты оқырман қауым жылы қабылдады. Осындағы бір ғана “Емші екен бір-біріне адам деген...” деген өлеңді оқып қараңыз, көңілдегі айтылмай жүрген ойыңызды дөп басады.



305



Қандай күш бар, білдің бе, ғаламда ерен,  
дүние, бар тұсыңа хабар берем -  
емдейді екен бізді ізгі тілек,  
емші екен бір-біріне адам деген.

Тәтті сөз, көзқарасың, жақсы әңгімен  
дәрі екен таптырмайтын, бақсам кілең.  
ішқұса келіншектер баяғыда  
емделген шығар бәлкім бастанғымен.

Білдің бе, қандай күш бар өмірде бұл, ізгі қасиеттерге үндейтін тақырыптарға құрылған.

Мәселен, “Ана, нәресте және хрусталь” деген балладада дүниеқоңыздық, қанағатсыздықтың соңы трагедияға айналып, қос ғұмыр - қызы мен анасының өмірден көшкен аянышты халі суреттеледі.

...Ең бастысы көзінді шел баспасын, көтере алмай бақыт пенен барлықты...-деп түйіндейді автор.

Тот баспайтын алтын кездік сияқты жақсы шығарма да жерде қалмайды. Оқырманын ойландыратын бұл мазмұнды өленді ұзақтығына қарамастан бірде жаңаөзендік айтыскер ақын, марқұм Жексен Қоңқаш қалалық көркемсөз оқушылар сайысында жатқа, мәнерлеп оқып, жүлдені жеңіп алған-ды. Жырсүйер қауым жақсы бағалаған бұл кітаптағы тағы бір жетістік - “Ана жырлары” топтамасы. Бір леппен оқылып, әр жолынан сәбиге деген махаббат, жүрек лүпілі есіп тұрған шумақтарда ана бейнесі жақсы сомдалған. Өттең, кезінде Ақтаудағы облыстық баспаханадан 1000 дана таралыммен ғана шыққан бұл кітап көпшілікке жетпей қалды-ау...

Гүлжауһар Нұрсапақызы Сейітжан поэзиялық ғана емес, прозалық шығармалар да жазған. Жоғарыда аталған кітаптарынан басқа оның 1985 жылы “Үміт жағалауы”, 1986 жылы “Жол айырық”, 1987 жылы “Гүлайым” атты өлендер және әңгімелер кітаптары шықты. Қазыналы түбекте 35 жыл еңбек еткен жазушы - журналист ретінде аймақтың әйгілі адамдары, елдегі елеулі оқиғалар туралы да қалам тартты. “Маңғыстау



мұнайшылары” (1999 жыл), “Жаңаөзен оттары” (2000 жыл) кітаптары соның айғағы. Ол ел мен жер, Отан жайлы ондаған әндерге сөз жазды. Кезінде облыстың қоғамдық өміріне белсене қатысып, жас қаламгерлерге ақылшы бола білді. Бүгінде өлкемізге белгілі ақын - журналист, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.

Ақын “Үйлену тойындағы көңілсіз ой” атты өлеңінде қалтарысы мен бұрылысы көп өмір жолы туралы жазады:

...Дуылымен алмасар көктемдегі торғын күн,  
рахаты емес тек қана, азабы бар жолдың бұл,  
Жүрген сайын ілгері қарайлайсың артыңа,  
балғын шағың жаныңа ыстық тартып  
солғұрлым.

Жағасында бұл жолдың жатпаса да мәңгі қар,  
қалтыратып кей жерде жылуына зар қылар.  
Тұтып қалған ішінді кей түтінге тұншығып,  
жанталасқан айғайдан жан дауысын  
қарлығар.

Тіршіліктің шыққан соң жайдақ мініп күреңін,  
Таусылмайды-ау тіпті де...  
таусылмайды жыры оның,  
Ақ бояуын жағады жағаласып самайға  
Қатпар-қатпар терімен шимай болып гүл-өңің.  
Ештеңе де ұнамай, кей шақтарда бәрі ұнап,  
сәл нәрсеге ренжіп, сәл нәрсеге жадырап,  
жүрген шақта құзға әкеп құлатқанша тоқтамас  
қу тіршілік қиралаң арбасына салып ап...  
-деген жыр жолдары кім-кімді де ойландыра-  
ры хақ.



## ӨЗІНІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫН ТАПҚАН ЖАМПОЗЫМ

“Қазақстан киносында ең бастысы - өз халқыңды өзіне тән мінез-құлқымен және өзіндік ой түйіндеу ерекшеліктерімен көрсете білу деп түсінемін. Кешегі, бүгінгі, ертеңгі күніміз туралы картиналар керек. Кешегіміз - бұл біздің тарихымыз, бүгінгіміз - бұл жаңа дүниенің адамы, ол Байқоңырдан ғарышқа шарықтайды, ол қазына аралы атанған Маңғыстауды игеруде, ол жаңа келбетті Қазақстанды жасауда. Ертеңіміз болса - жер шарының бүкіл халқы менің үйіме қонаққа келетін арайлы шақты аңсау ғой”, -депті Нұрмұхан Жантөрин өзінің соңғы сұхбатының бірінде. Оның мұнан жиырма жыл бұрын көрегендікпен айтылған осынау пайымы ақиқатқа айналды. Көк байрағы желбіреген Қазақстан бүгінде төрткүл дүниеге мәшһүр егеменді мемлекет, қазыналы Маңғыстау өндірісі өрлеген, маңдайалды облысқа айналды.

308

Өзінің тума талантымен талайларды тәнті еткен, өнер қайраткері, Қазақстанның еңбегі сіңген және халық әртісі Нұрмұхан Жантөрин 1928 жылғы сәуірдің 22-сінде дүниеге келіпті. 1950 жылы Алматы кино мектебін, екі жылдан кейін Ташкент театр өнері институтын бітірген ол Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында актер һәм режиссер қызметін атқарады. Алғашқы рөлін Марк Донскойдың “Аласталған Аликтет” фильмінде 1949 жылы ойнайды. Ол ки-

нофильмдерде 74 рөлді сомдап, М. Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында 28 кейіпкердің бейнесін жасады, “Орман балладасы”, “Медальдің үшінші жағы”, “Қаратаулар қазынасы” сияқты көркем фильмдердің режиссері болды. Оның ойнаған Батый (“Даниил-князь Галицкий”), қойшы (“Амуланга”), Тагай (“Жора”), Танабай (“Қош, Гүлсары”), Шоқан (“Оның уақыты келеді”), Бейбарыс (“Сұлтан Бейбарыс”), тағы басқа рөлдері бұрынғы одақ киносының алтын қорына қосылған-ды. “Ананың ұнамсыз балалары болмайтындығы сияқты менің де ұнамсыз рөлім жоқ. Олардың әрқайсысы өзінше тартымды. Кез келгеніне еңбегімді сіңірдім. Әрине, өзінің ауқымдылығымен, терең психологиялық иірімдерімен Шоқанмен немесе Бейбарыспен тең түсетіні сирек болар, дегенмен, олардың әрбірі мен үшін ыстық”, - деген екен Нұрекең өз рөлдері жайында.



309



Нұрмұхан сынды “болат кездіктің қын түбінде жатпайтындығы” айдан анық-ты. Сөйтіп, оның ұзақ жылғы жансебіл еңбегінің, экрандық өмірінің жұлдызды сағаты да соқты. Оны “Сұлтан Бейбарыс” фильмі әкелді. “Созвездие-90” атты Бүкілодақтық фестивальде көрсетуге ұсынылған 68 фильмнің 20-сы конкурстық бағдарламаға жіберіледі, ішінде аталған фильм бар еді. Талантты деген 250 актердің арасынан Нонна Викторовна Мордюкова мен Нұрмұхан Жантөрин “Актер мамандығыңа қосқан көрнекті

үлесі үшін” атты Арнаулы жүлдеге және дипломға ие болды.

Ол кинематографияда етек алып бара жатқан жағымсыз өзгерістерге, арнайы көріністер қуушылыққа әрдайым қынжылыс білдіреді. Оларды өнер туындысы деуге келмейтін, жеңіл жолмен ақша табудың әрекеті деп ұғады. “Өкінішке орай, соңғы бес жылдың ішінде біздің кино зорлық-зомбылық пен эротиканы көрсетуге зор көңіл бөліп, ойланбастан батыстың фильмдеріне, олардың да нашар туындыларына еліктеуді шығарды. Әдеттегіше картина әділеттіліктің орнығуымен аяқталса да, оның өн бойында жағымсыз типтердің төбелесі, ұрлығы, зорлауы орын алады... Мұнда кино тіліндегі ерекшелікке, ойындағы нәзік сезімталдыққа орын жоқ, мұны жағымды үрдіс деуге әсте келмейді”, - дейді.

310

Нұрмұхан аға соңғы сұхбатында: “Мен қазір екі фильмге бірдей түсіп жатырмын. Екеуі де менің қайғы-қасіретті көп көрген халқым жайында. Бірі 30-жылдары Қазақстанды жайлаған аштықтың трагедиясы, бұл режиссер Дамир Манабаевтың “Сұржекей - ажал періштесі”, екіншісі әйгілі орыс жазушысы Михаил Пришвиннің ғасыр басындағы Қазақстанға сапары жөніндегі очеркі негізінде жазылған “Қара араб” фильмі...”, - деген екен. “Көзің тіріде бар асылыңды беріп кеткің-ақ келеді...” Бұл - Нұрмұхан ағамыздың арманы еді, өйткені, алпыстан жаңа асқан шағында, 1990 жылы мамырдың



2-сінде оның жүрегі соғуын тоқтатты. Ол әлі де көп нәрсе тындыруға, жұмыс жасауға құштарды. Өкініштісі, сұм ажал оның ойға алған істерін аяқтауына мүмкіндік бермеді...

Халық жазушысы, жерлесіміз Әбіш Кекілбаев “Ол түнгі аспандағы Темірқазық жұлдыздай танымал еді” деген естелігінде оқушы кезінде көрген “Қозы Көрпеш - Баян сұлу” фильміндегі Қодар бейнесі ұмытылмастай есте қалғанын, бұл фильм Қодарды көрермен жадында қалардай тамаша сомдаған Нұрмұхан Жантөриннің фильмі болғанын жазады. Міне, осыдан бастап Жантөрин даңқы Темірқазық жұлдыздай жарқыраған екен!

Ал, қазіргі кинокөрермендер оны актердің соңғы ойнаған ролдерінің бірегейі “Сұлтан Бейбарыстағы” Бейбарыс деп біледі, көкірегінде Нұрмұхан Жантөрин солай жатталып қалды, өнер әлемінде тек дара дарындар ғана осылайша көп жүрегіне жол тапса керек-ті...

“Сахна әулиесі” атанған саңлақ актердің отбасылық жағдайына келетін болсақ, Нұрекеннің зайыбы, театр зерттеушісі Маргарита Иовлева-Жантөрина өз естелігінде ерінің руы Адай, ал оның анасы Ғазизаның Есентемір қызы екенін айтады. Ағамыздың соңында, асылдың сынығындай боп қалған қос қызы Бақыт пен Жанна бар, бірі филолог болса, екіншісі-театр зерттеушісі.

Бүгінде ақ толқынды қарт Каспий жағасындағы ару Ақтау қаласындағы Маңғыстау



облыстық музыкалық драма театры Нұрмұхан Жантөрин атында. “Театр ашылғаннан кейін оған кімнің атын беру керек деген сауалдың туындайтыны заңды ғой. Осыған орай сан алуан ұсыныстар, талас пікірлер болмай қалған жоқ, жоғары жақтан біздің киелі өлкемізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын біреулердің есімдерін беру керек деп, тықпалап жатқандар болды. Алайда, біздің қалауымыздағы Нұрекең қай жағынан да келіп тұрды, өйткені Маңғыстау оның тарихи отаны, өзі қазақ театр, кино өнеріне өлшеусіз үлес қосқан ұлы актер, қайталанбас тұлға, ұлт мақтанышы. Соның өзінде біз біреулер алдымызды орап кетер деген оймен барынша асықтық және онымыз дұрыс та болды”, -деп әңгімелейді театр директоры Нұрнияз Мұханов.

312

Облыстық музыкалық драма театрына Н. Жантөрин есімі беріліп, “Театр өнеріндегі тұлғаның рөлі” атты ғылыми-практикалық конференцияда облыс әкімі Қ. Көшербаев сөз сөйледі. “Талант болып туылу - тәңірдің ісі. Оған кино алаңы мен театр сахнасы - тағдыр болғанда, Жантөрин болу - жазмыштан!...

Ол - Туматуги, Қодар, Кебек, Сырым, Мольер, Яго, Макбет болып санамызда сақталды, әсіресе кино өнерінде Шоқан Уәлихан, Сұлтан Бейбарыс болып көкірегімізге жатталды.

Кім білген, бәлкім қыпшақ даласының бір түп жусанын иіскеуді аңсап тұрған Бейбарыс-Жантөрин қанды қиян - Жайығы мен мұнды

қиян Маңғыстауын аңсап көзіне жас алған болар. Өн бойына туған халқының киесі жұққан перзенттің сол бір тамшы жасы бүгін оның бабақүлдігі - Маңғыстау топырағына сінді деп білемін... Ең алғаш Қазақ Ұлттық театрын құру туралы қаулыға 1926 жылдың 13 қаңтарында Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің тұңғыш төрағасы, жерлесіміз Жалау Мыңбайұлының қол қойғандығы белгілі болды. Маңғыстаулықтар үшін бұл да қуанышты жаңалық болуы тиіс. Қасиетті өлкемізден шыққан өз заманының көшбасшысы бола білген дарабоз перзенттердің қатарына тағы да бір ат жазылды. Нұрмұхан Жантөриннің есімі елге оралды...“,- деген-ді ол сөзінде.

Осы орайда Меңдекеш ақынның Төлеген Айбергеновке арнауындағы мына жыр жолдары есіме түседі.

... Жүзінді алғаш көргенде-ақ біткен бір сенім -  
О бастан оқшау ту тіге келген жыршы едің,  
Өлгеннен кейін,  
көп жоқтап жүрміз өзінді -  
өлмеске аяқ басқаның шығар бұл сенің!

Иә, өзі болмаса да есімі, рухы күллі дүниені шарлап келіп, алтын қазығын бабақүлдігінен тапқан Нұрмұхан Сейдахметұлы Жантөрин есімі де халық жадында сақталып, ұрпақтарымен бірге жасай бермек.



## МҰРАТ МҰРАСЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ

*атанған Серік Харесовпен сыр-сұхбат*

Ол – Мұрат Өскінбаев ақсақалмен қоян-қолтық араласып, сырлас, дәмдес, шын мәнінде жолдас болған, бүгінде 100-ге толып, мерей-тойы аталып отырған өнер тарланы, атақты күйші-композитордың көзі тірісінде күйлерін нотаға түсіре бастаған, сөйтіп сол кезде-ақ оның насихаттаушысы, зерттеушісіне айналған адам. Серік Харесов Атырау, Маңғыстау өңіріне белгілі домбырашы, “Жеңіс даңқы”, “Фонтан”, “Күйтолғау”, “Сағыныш”, “Арнау”, “Шаттық”, “Аңсау сезімі” сынды күйлер мен күй-поэмалар шығарған күйші-композитор.



**-Сәке, алдымен Мұрат Өскінбайұлының өмірі мен шығармашылығы жайында толығырақ әңгімелеп берсеңіз?**

314



-Ол Адайдың Жаңай руынан, Жаңайдың Әлісі. Әлменбеттен Қалманбет туған, Қалманбеттен Өскінбай, Үлкенбай атты екі ұл, Көркей, Шырай, Ақжжан атты үш қыз өрбіген. Қалманбеттің осы бес перзенті бірін-бірі жібермейтін, бірімен-бірі тайталасқан аты шулы домбырашылар болған деседі. Осы бес өнерпаздың өнер тарихында белгілісі Өскінбай Қалманбетұлы (1860-1925). Оның өмірі туралы Қазақ Совет энциклопедиясының 9-томында қысқаша мәлімет жазылған. Қазақ халық композиторларының төл туындыларын салыстырмалы зерттеулерден өткізіп, өзіндік

бағасын берген өнертану ғылымының докторы, академик, композитор Ахмет Қуанұлы Жұбанов Өскінбайдың табиғи таланттылығы, шынайы күйшілігі туралы өз еңбектерінде: “Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Абыл дәстүрлерінің ешқайсысына тікелей соқпайтын творчестволық бағытында да, орындаушылық дәстүрінде де, өз алдына бір төбе болып тұрған адайлық күйлердің негізін бір басына жинақтаған Өскінбайдың халықтық аспап музыкасында алатын орны ерекше”, - деп жазады. Академик Ахмет Қуанұлы Жұбанов айтқандайын, қазақ халық композиторларының ортасында өз алдына бір төбе болып тұрған Өскінбайдың күйлерінен біздің дәуірімізге жеткені жиырма шақтысы ғана. Олар: “Шалыс өре”, “Жаңылтпаш”, “Ыңғай төкпе”, “Соқыр кыз”, “Жеті бұлбұл” немесе “Бұлбұл ақ желең”, “Жирен жорға”, “Кербез Айша”, “Түрікпен”, “Құлбай бақшымен тартыс”, “Баланазойы”, “Қынжал”, “Өмір өтті”, т.т.



315




Осы бір аты аңызға айналған дүлдүл күйші Өскінбайдан Жұмағұл, Хамит, Мұрат, Ишан атты төрт ұл, екі-үш қыз дүниеге келген.

Өскінбайдың жеті перзентінің ішінде Хамит өз заманында Маңғыстау өңіріндегі атақты әншілердің бірі болған. Ұлы Отан соғысына аттанған сапарынан хабарсыз кеткен азаматтардың бірі. Ал Өскінбайдың Мұраты өнер тарихы төрінен орын алған атақты да талантты күйші, қазақ композиторларының

бірі. Өскінбайдан өрбіген Мұраттың күйшілік өнерінің бастау қадамы өскен ұясындағы әдемі дәстүрде жатыр десек, ақиқат шындық көрінісі. Мұрат Өскінбайұлы 1904 жылы қаңтар айының бірінші жұлдызы күні дүниеге келген. Кіндік кесіп, туып-өскен жері Маңғыстаудың Қарақия ауданына қарасты Жетібай елді мекенінің “Жетібай құдығы” аталынған жер. Алты-жеті жасында анасы қайтыс болған бала Мұрат аға, інісі, апаларымен бірге әкесі Өскінбайдың қолында тәрбиеленеді. Тұрмыс жағдайына байланысты жөнді сауат ашуға мүмкіндігі болмай, жастайынан еңбекке араласады. 1932 жылға дейін Кендірлі, Фетисов тұз өндіру кәсіпшіліктерінде, Түрікмен КСР-і “Қарабұғазсульфат” тресі Саргас кәсіпшілігінде қарапайым жұмысшы міндетін атқарды.

316

1934 жылы Түрікмен КСР-і Мәдениет комиссариатының ұйғарым-нұсқауымен Қарабұғаз халық театрына жұмысқа ауысады.  Бес-алты жасынан өнерге еліктеп өскен Мұрат Өскінбайдың күйшілік өнерін жете меңгеріп, өзінің бар өмір тіршілігін біржола өнерге бағыштауы осы 1934 жылдан басталған.

1934 жылдан 1954 жылға дейін Түрікмен КСР-інде артистік қызмет атқарған Мұрат Өскінбайұлы академик композитор Ахмет Қуанұлы Жұбановтың арнайы шақыруымен Алматыдағы Жамбыл филормониясына жұмысқа ауысады, кейіннен 1960-шы жылдары ұйымдастырылған “Қазақконцертте” қызмет

істейді. 1965 жылы құрметті демалысқа – зейнеткерлікке шығып, 1967 жылы туған өлкесі Маңғыстауға оралады.

**-Бұл өмірінің соңғы жылдары болар?**

- Иә, Жаңаөзен қаласын мекен еткен Мұрат Өскінбайұлы 1982 жылы ұзаққа созылған науқастан өмірден өтті. Дүние салып, топырағы бұйырған жері әкесі Өскінбай жерленген “Қырғын қауымы” Қарақия жотасының “Доңаза” деп аталатын жері. Халық өнерінің қайнар көздерінің бірі болған талантты күйші, халық композиторы Мұрат Өскінбайұлы өзі өмір сүрген ортасында өнер мұрасын қалдырды. Біздің заман тақырыптарына арналған тың стилдегі “Жан ата”, “Қоштасу”, немесе “Аттаным”, “Сайлау”, “Женіс”, “1 Май”, “Отаным мәңгі жүректе”, “Қазақстан”, “Жетібай”, “Жаңарған Маңғыстау”, “Халықтар достығы”, “Бірінші космонавт” немесе “Өрен”, “Олимпиада -80” секілді бірнеше күйлері күйші-композитордың өнер тарихына қосқан өзіндік үлесі болып табылады. Мұраттың композиторлық, орындаушылық шығармашылығындағы отызға тарта күйлері арнайы оқу орындарына арналған оқулық ретінде Қазақстан Композиторлар одағының ұйғарым бекітуімен баспа бетінде жарық көрді.

**-Мұраттекең күйші, композитор ғана емес, жыршы, термеші, ақын ретінде де көпке танылған. Оның белгілі ақын Есенғали Бөкенбаевқа арнаған толғауын, Есағанның оған жырмен берген жауабын білеміз.**



-Оның рас, оның өзі шығарған жыр, терме өлеңдері 1986 жылы “Аманат” деген атпенен кітапша ретінде баспа бетінен жарық көрді. Жиырмадан астам күйлері күйтабақшаларға жазылып, халық арасына кеңінен таралды. Орындаушылық шығармашылығындағы отызға жуық күйлері республика радио-теледидар алтын қорында, жиырмадан астам күйлері Құрманғазы атындағы өнер институтының фольклорлық бөлімінде, жүзден астам күйлері республика ғылым академиясының музыка секторы бөлімінде сақтаулы. Құрманғазы атындағы өнер институтының Буданов, Жаңбыршиев секілді түлектері мезгілінде



318



Мұрат шығармашылығынан дипломдық жұмыс қорғаса, академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтан бастап, музыка өнері қайраткерлері мен зерттеушілері Қ.Тастанов, Б.Ғизатов, У.Бекенов, Т.Мерғалиев, жазушылар Ә.Кекілбаев, Қ.Сыдиықов, тағы басқа бірнеше журналист қаламгерлер өз еңбектері мен мақалаларында талантты күйші, композитор Мұрат Өскінбайұлының шығармашылығы мен орындаушылығы төңірегінде жылы лебізді ой, пікірлерін жазды. Мұраттан маңғыстаулық терме, толғау өлеңдері мен күйлерін үйренбеген жас өнерпаздар кемде-кем. Олардың қатарында марқұм Әлқуат Қожабергеновтен бастап, М.Панаев, С.Шәкратов секілді республикамызға танымал домбырашылар бар. Халық өзі таңдаған, өз талғамынан шыққан өнерпаздарды кейінгі ұрпаққа шашпай-



төкпей жеткізіп отырады, дәріптейді. Мәселен, Мұрат Өскінбайұлы өмірден өткеннен кейін 1984 жылы Жаңаөзен қаласының халқы оның 80 жасқа, 1989 жылы 85 жасқа толу құрметіне арналған өнер мерекелерін ұйымдастырды. Соған орай, Жаңаөзен қаласына тақау Теңге елді мекенінде М.Өскінбаев атындағы көше дүниеге келді. Қаладағы балалар музыка мектебіне М. Өскінбаев есімі берілді. Қаланың екінші шағын ауданындағы ол тұрған мекен-жайға ескерткіш тақта орнатылды. Бұның барлығы өнер адамына деген халықтық сый, құрметтің шын көрінісі деп түсінген жөн.

Бұл өмір бойы бұзылмаған және бұзылмайтын дәстүр болса керек.

**-Сәке, сіздің Мүрекеңмен алғашқы таныстығыңыз қалай басталды?**

-Мен Атырау (бұрынғы Гурьев) пединституты музыка факультетінің іргетасын қаласқанмын, сол оқу орнында сабақ бердім. Тағдыр айдап, дәм тартып 1980 жылы Жаңаөзенге келіп, Төлесін Әлиев атындағы мектепке қызметке тұрдым, өзім жатақханада жататынмын. Бір күні үзілісте мектептің сол кездегі мұғалімдері Саналбай Тасболатов, Шәріп Төлендиев үшеуміз әңгімелесіп тұрғанбыз. Әңгіме күйге, күйшілікке ойысқан кезде олар Мұрат Өскінбайұлының осы Жаңаөзенде тұратынын айтты. Бұған мен елең еттім. Өйткені бұрын Форт-Шевченкода қызмет істеп Атырауға оралған математик ағамыз Закария Қабдолұлы Жұмағазиевтен Мүрекең,



-оның күйшілігі жайында естіген болатынмын.  
Сондықтан әңгімені төтесінен тарттым:

**-Ол кісіні қайдан табуға болады, мекен-жайын білетіндер бар ма?**

-Осы мектепте, бесінші сыныпта оның немересі оқиды ғой, содан білуге болады, - деді Саналбай.

-Жақсы ендеше, сол сыныпта бүгін менің сабағым бар еді, - дедім мен.

Сонымен 5-сыныпқа бардым. “Сыныпта Әзірбай Өскінбаев деген бала бар ма?”- деймін. “Менмін”,- деп кішкентай, арық қара бала орнынан көтерілді. Мүрекең жайлы сұрастырып, мекен-жайын жазып алдым. Ол кезде олар



320



ұмытпасам, қаланың екінші шағын ауданында, екі бөлмелі пәтерде тұрады екен. Бір күні іздеп бардым. Есік алдында Мүрекеңнің зайыбы Нұрбалқан шешеміз самауыр қойып жатыр да, үйде бірі – ірі толық та, екіншісі – арықша, қағілез келген екі кісі отыр екен. Арықшасы бұл үйдің қонағы болып шықты. Аты Сейілхан, руы – жаппас, көп жыл газет редакторы болған өнерлі жан болып шықты. Бірер күй тартты. Кезек келген соң мен “Жалдықараны” тарттым. “Мынау Қалидың тартысы ғой”,- деді Мүрекең. Бұл - Қали Жантілеуовты айтқаны. Әңгіме шешіліп сала берді. Сол танысуымыз жолдастыққа, жолдастығымыз, сыйластыққа ұласты.

**- Сізді жұртшылық Мұрат Өскінбайұлының өнерін, оның күйлерін насихаттаушы, зерттеуші ретінде біледі. Мұны Мүрекеңнің өзі құп көріп, риза болды ма?**

- Бір рет үйіне барып отырғанымда, ағамызға күйлерін жазып алып, нотаға түсірсем деген ойымды айттым. “Талай адам келді, шығарамыз деп, жазып алады да, “шу қарақұйрық” дегендей хабарсыз кетеді”, - деп жатыр Нұрбалқан шешей. Содан оның үш-төрт күйін жаздым. Олар “Өрлеу”, “Отаным мәңгі жүректе”, Мұраттың орындауындағы Өскінбайдың “Бұлбұл ақжелеңі” бар. Екіншіден, бұл істі қолға алуыма сол кезде мәдениет саласының басшылығында жүрген Т.П.Догадованың күйші-композитор күйлерін нотаға түсіру жөніндегі ұсынысы қамшы болды. Әрине, менен басқа да кейбір домбырашылар оның шығармаларын түсірмек болған, бірақ бұл оңай шаруа емес және олардың түсірген кейбір ноталарын тыңдап көрген Мүрекең жарыққа шығаруларына қарсы болған. Менің жазғандарымды тыңдағаннан кейін өзі “Серік, сенікі дұрыс, жалғастыра беруіңе болады”, - деп, ыңғай танытты. Мұраттың “Отаным мәңгі жүректе”, “Олимпиада – 80” атты күйлерін тұңғыш рет оркестрге шығарып, өзіне тыңдаттым.

**- Сонымен, Сәке, Мұрат Өскінбайұлы күйлерінің нотасын және күйтабағын шығардыңыз, бұл ұстаз-аға, дара талант алдындағы інілік парызды орындауыңыз,**

**қазақтың күй өнеріне, оның ұрпаққа жетуіне, болашақта сақталып, жасай беруіне қосылған зор үлес деп бағаланса керек-ті.**

-Мұрат Өскінбайұлы өзі өлсе де өнері өлмейтін, халқымызбен бірге жасай беретін сан қырлы, саңлақ тұлға. Сондықтан да оның күйлерін насихаттау, тарату, ұрпаққа мұра ғып қалдыру ісі жалғаса беретініне сенемін. Көп еңбектену, іздену нәтижесінде 1996 жылы Қазақстан Композиторлар одағы жанындағы “Дайк-пресс” баспасынан “Мұрат Өскінбаев күйлерінің жинағы” аталатын кітапты жарыққа шығардым. Жинаққа рецензияны Қазақстан Композиторлар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Базарбай Жұманиязов жазды. Алты мың данамен жарық көрген жинаққа күйші-композитор Мұрат Өскінбайұлының мен нотаға түсірген он екі күйі, А.Токтағанов түсірген бір күйі енді. Сонымен қатар Маңғыстау халық композиторлары шығармаларының Мүрекеңнің орындау шеберлігіндегі он жеті күй, барлығы 30 күйдің нотасы жарыққа шықты.

Сондай-ақ менің орындауымда 1986 жылы күйтабақ шықты. Мұнда халық композиторлары Қоңыр Жүсіптің “Қоңыр”, Абылдың “Нарату”, Өскінбайдың “Бұлбұл ақжелеңі”, Есірдің “Күнтайы” және Мұраттың “Құдағайы” бар.

Асқар таулар алыстаған сайын биіктейді ғой. Мүрекең де арамыздан кетіп, уақыт алшақтатқан сайын асқақтай түсуде. Оның 80, 85, 90 жылдық мерейтойлары мұнайшылар қаласы – Жаңаөзенде

аталса, енді міне, ғасыр тойы облыс орталығы, ақ шаңқан қала – Ақтауда аталуда. Жуырда облыстық филармонияға Мұрат Өскінбайұлының аты берілді. Өнер адамының бақыты осы шығар деп ойлаймын. Ол өзінің күмбір қаққан күйлері сынды ұрпақтар жадында жаңғырып, сақтала бермек. Оның көзін көріп, өнерін зерттеп, жалғастырып жүрген біз үшін мұнан артық қуаныш бар ма?!

*Қазан, 2004 ж.*



## ШАБЫТЫН КҮЙ–АТАНЫҢ ШАРЫҚТАТҚАН

*Маңғыстау өңірі екенін білеміз бе?*

Күй, күйші дегенде ең алдымен ойымызға артына өшпес мұра қалдырған Құрманғазы Сағырбайұлы түседі. Бірақ, ұлы күйші шығармашылығының шарықтау биігі – Маңғыстау жері болғанын жұрттың бәрі бірдей біле бермесі анық. “Адай”, “Амандасар”, “Маната”, “Бозқаңғыр”, “Қызданаидың қырғыны”, “Төремұрат”, “Айжан қыз”, “Балқаймақ”, “Ақсақ киік” сияқты күйлері Маңғыстау жерінде дүниеге келген екен.



324



– Менің арғы атам Қонақбай Құрманғазымен жасы шамалас болған адам. Оның бес баласы Есенғали, Аманғали, Кенес, Демес, Рамазан ата қонысы болған Нарын құмындағы Құрман ауылында тұрған. 1951 жылы переселен жа-сап, ол жерлерді зона қылды. Міне, сол еріксіз, зорлап көшіргенге дейін күйші анамыз Дина Нұрпейісованың ауылы бізден сексен шақырым қашықтықта болыпты, - деп әңгімелейді қазір Жаңаөзенде тұратын оралдық өнерпаз Исатай Рамазанұлы. – Дина менің атам Қонақбайдың бес баласының бірі Демеспен құрдас екен, екеуі де күй өнерінде сол кезде Құрманғазыдан кейінгі тартқыштар болған. Дина Құрманғазының шәкірті әрі сазгер болса, Демес күйдің жырауы

көрінеді. Бір күйді қайталамай он екі сағаттай тартқан кезі болыпты. 1938 жылы Динаның айтуымен Ахмет Жұбанов Демес атамды Алматыға алып кеткісі келген. Бірақ, ол: “Елден кетпеймін”, - деп өзінің ұлы Бақтыгерейді және ауылдас бала Қали Жантілеуовты жібереді. Соңынан Бақтыгерей майданға алынып, қаза табады да, Деместің біздің тұқым білетін “Қайран да, менің қарағым” деген күйі шығады. Оны мен де тартып үйрендім.

Иә, Исатайдың аталары Динамен араласқан, Құрманғазыны қартайған шағында көрген адамдар. Өзі де өнер десе, ішкен асын жерге қоятын Исатай бала кезінен үлкендердің әңгімесін құлағына құйып өскен.

Құрманғазының әкесі Сағырбай Исатай – Махамбет көтерілісіне қатысып, қаза табады. Көтерілісшілерге ниеттес жас күйші оларға арнап “Кішкентай” атты күй шығарады. “Әзірше қолымнан келгені осы кішкентай ғана күй, қабыл алыңыздар” деген ойдан туындаса керек. Көтеріліске қатысы бар деп табылып, Құрекен де қудаланып, ұсталады. Әуелі Астраханның, кейін Оралдың түрмесіне жабылады. Түрмеде Лавочкин деген кісімен достасып, оған арнап “Лаушкен” атты ойнақы биге ұқсас күй шығарады. Күйші түрмеден қашар алдында белгілі “Түрмеден қашқан” күйін шығарыпты. Бұл күй музыкадан хабары мол Перовскийдің де құлағына шалынса керек. “Мына қырғызға



сақ болыңдар, қашып кетіп жүрмесін. Күй әуені қашып кетіп бара жатқан адамды мегзейді”, - деген екен. Айтқандай-ақ, Құрекең түрмеден қашып шығады. Бірақ, барар жері, басар тауы қалмағандай дағдарады. Соңына түскен өкіметтің құрығы ұзын. Туып-өскен жерінде бай-сұлтандар, нағашы жұрты Атырауда – орыс-казак, Маңғыстаудың Каспий бойы орыс бекіністері. Не де болса алысқа, орысы жоқ жерге кетейін деген оймен, аты-жөнін жасырып, сенімді дос-жарандарымен ақылдасып, құрастырмалы домбырасын қапшығына салып, астына жарау ат мініп, белгісіз ұзақ сапарға аттанады. Ақтөбе мен Атырау аралығында тұратын нағашысы Төремұратқа соғады. “Төремұрат”, “Секіртпе” деген күйлері бәлкім осы сапардың жемісі шығар.

326

Ақтөбе, Жем арқылы Маңғыстау жеріне аяқ басқан Құрекең бір ауылдан екінші ауылға түсіп жүре береді. “Нарыннан Құрманғазы деген атақты күйші шығыпты” деген ұзынқұлақ хабар адайлар арасында тарала бастаған кез болса керек. Бір күні бір ауылдың шетіндегі үйге түскен күйшіні құдайы қонақ ретінде үй иелері қарсы алып, құрмет көрсетеді. Үйдің төрінде әдемі қара домбыра ілулі тұр. Сусын ішіп отырып байқаса, домбыра тартатындай, соған лайықты кісіні көре алмайды. “Отағасы да, әйелі де домбыра шертердей ыңғайы жоқ секілді, ендеше басқа біреу бар-ау, ол кім болды екен” деп ойлаған



Құрекен үйде адам жоқта домбыраны шертіп қарап, бұрауын бұзып жібереді де, қайта іліп қояды. Кешкі ас алдында 15-16 жасар қыз келеді. Тамақ желініп болған соң әкесі: “Қызым, мына қонақ екеуімізге домбыра тартып бер”- дейді. Айжан орнынан тұрып домбырасын алады да, бұрауының бұзылғанын байқап ренжиді. “Сенің киелі домбыраңа кім қол тигізуші еді,”- деп әкесі жұбатқан болады. Айжан домбырасының бұрауын түсіріп, қағып-қағып жібергенде күмбірлеп шыға келеді. Содан соң бірінен-бірі өтетін сұлу әуендерді төгілдіре жөнеледі. Оның тартысына тәнті бола таңданған Құрманғазы әуелі сүйсіне таң қалып тыңдағанмен біраздан кейін делебесі қозады. “Япыр-ай, мына қыз шыныменен менен асқаны ма, қой бұлай бола қоймас, бұған өзімнің кім екенімді танытайын”, деп ойлайды да:



327

-Қарағым, біздің жақта бұл тартысыңды “былағай” дейді, әкел, мен қалай тартуды көрсетейін, - деп, домбыраға қолын созады. Сонда қыздың әкесі оның сөзіне намыстанып:



-Уа, қарағым, сен нені көкіп кеттің, бүкіл Маңғыстауда, қала берді исі қазақта менің қызымды күй тартудан жеңген адам жоқ, мықты болсаң, ел алдында күй тартысып, жеңіп көр, - дейді.

Сөйтіп адайдың игі жақсылары, көп халық жиналып, Айжан екеуін ортаға отырғызып, күй тартысын қызықтапты. Бір-бірінен қалыспаған қос

жүйріктің шеберлігі тең түскен көрінеді. Иыққа қойып, арқаға айналдырып, секіртіп, шоқытып, қағытып, Құрманғазы не түрлі тартысқа салса да, Айжан дәл солай қайталапты. Оңай жеңе алмасын сезген Құрекең оң аяғын қолымен ұстап, домбыраны башпайларымен қаққан көрінеді. Ал, Айжан көп алдында аяғын жалаңаштап көтеруді ұят санаған болуы керек, жеңілгенін мойындапты. Сонда бір үлкен кісі сынай қарап:

-Біздің қызды жеңген беймәлім жан Құрманғазы болмағай, бірақ ол Текенің (Орал) түрмесінде деп естіп едік. Егер босап, не қашып шыққан болса, дәу де болса Құрманғазы, - деген екен.



328




Құрекең сөйтіп адайлар арасына келер-келместен танылып қалады. Қашаннан меймандос, өнер қадірін білетін жұрт оны көтеріп әкетеді. Көңілі тасыған ол сан түрлі қағыс-тартыс өнерін салып, халыққа “Серпілер” деген күйін шығарыпты. Кейіннен күй “Серпер” аталып кетіпті. Дина Нұрпейісова апамыз бұл күй туралы: “Құрекеңнің өзіндей ыңырантып, ойнатып, күрсіндіртіп, серпілтіп келтіру мүмкін емес, менің тартуым тек әуені ғана” деген екен.

Адайдың бармағынан бал тамған күйші қызы Айжанның өнеріне аса риза болған Құрманғазы “Айжан қыз” атты күй шығарған. Шалқар даланың әнұраны іспеттес “Адай” күйі ұлы күйшінің өзін ыстық ықыласпен қарсы алған еркөңіл халыққа көрсеткен құрметі.

Құрманғазының түрмеден қашып, Маңғыстауға асып кеткен хабарын естіген Каспий бойының орыс-казагы іздеу сала бастайды. Жанында төрт аттылы казагы бар офицер күйшінің жүрген жерін біліп, аңдып ұстап алады. Бұл хабар лезде ауыл-ауылға тарайды. Елдің аузы уәжді кісілері жиналып, орыс-казактарға ақша беріп, алдына мал салып, Құрманғазыны босатып алады. Онымен қоймай “Маңғыстауда қайтыс болды” деген донесение жаздыртады. Сөйтіп, Құрекең Маңғыстауда тағы бірнеше жыл жүріпті. Елдегі шешесінің хабарын естігенде “Қайран шешем”, өңіріміздің ала-құла төбелерін көргенде “Алатау”, сондай-ақ “Маната” деген күйлер шығарған екен.

Кіші жүзде хандық құлап, өткен ұмыт бола бастаған кезде Құрманғазы да еліне қайтуды ойға түйеді. Туып-өскен жерін сағынып, қуғын-сүргінді өмірін еске алып шығарған күйі “Балқаймақ” көрінеді.

Нарынға оралған күйші ел аралап жүріп, тоғыз жасар Динаға кездеседі. Нұрпейістің үйінде қонақ болып, түнімен күй тартқанында кішкентай қыз бала ұйықтай алмай дөңбекшіп шыққан көрінеді. Құрекең кеткеннен кейін ес-түссіз жеті күн ауырыпты. Сандырақтап, әкесінен домбыра сұрай беріпті. Домбыра қолына тиісімен күйшінің түнімен тартқан күйлерін қайталап шығыпты. Бұл хабарды ұзын құлақтан естіген Құрманғазы қайтып оралып,



жас Динаны шәкірт тұтып, батасын беріпті және оның күйшілік жолға түсуіне көп септігін тигізген екен.

Бұл әңгімелерді маған айтқан Исатай Рамазанұлы Нарында туып-өскен имандылық жаршысы, ақынжанды азамат. Мен көпшілікке жетсін, кезінде Құрманғазының шабытына дем берген Маңғыстау сияқты киелі, әулиелі топырақта өсіп келе жатқан жас буын ғибрат алынсын деген ниетпен жазып отырмын. Күй атасы атанған Құрманғазы қай аңызға да сиятын дара тұлға ғой.



## ЖАҚСЫДАН ШАРАПАТ

Менің шығармашылығымға шапағаты тиген жандардың бірі - Қабекең, филология ғылымдарының кандидаты, әдебиетші, зерттеуші-ғалым марқұм Қабиболла Сыдиықов болды.

Сексенінші жылдардың басы болатын. Бірде Түрікменстандағы Красноводск аудандық “Жұмысшы” газетінің жауапты хатшысы Есберген Іңірбайұлы үйіне Қазақстаннан аса құрметті қонақтардың келетінін айтып, бірге болуға шақырды. Мен онда “Жұмысшының” бөлім меңгерушісімін.

Редакциямызға жақын тұратын Есбергеннің үйіне барсам, екі қонақ кісі отыр екен. Бірі Қабекең де, бірі Ағзам Ыбыраев деген азамат. Қабекең сол кезде Алматыдан оралып, Форт-Шевченко қаласы тарихи-өлкетану мұражайының директоры екен. Танысып-біліскеннен кейін кезек әдебиет ауылына, поэзияға қарай ойысты. Байқаймын алғашқы пікірлесуден-ақ Қабекең екеуміз бір-бірімізге ұнап қалған сияқтымыз. Ол Қанатбай сынықшыға қаралуға келген екен. Қонақ болып, ел қыдыруға асығыс екендіктерін айтты.

Қабекең сол сапарында Красноводск мен оның маңында тұратын қазақ ақындары – Есенғали Бөкенбаев, әкелі-балалы Өткілбай және Құдайберген Көпековтер сияқты бес алты адамның өлең-жырларын өзімен ала кетті.



Бұрын жекелеген өлеңдерім республикалық газет-журналдарда жарияланып жүрген мен де бір топ өлеңдерім мен суретімді беріп жібердім.

Арада біраз уақыт өткеннен кейін Маңғыстаудың сол кезде “Коммунистік жол” деп аталатын облыстық газетінде “Нұр шаша бер, бейбіт күн” деп аталатын үлкен тақырыппен бес-алты өлеңім суретіммен жарқ ете қалды. Қабекең жүрек тебіренерліктей ғып алғы сөзін жазыпты.

Қабиболла аға 1994 жылы жарыққа шыққан тұңғыш жыр жинағым “Бойтұмарға” да алғы сөз жазды.



332



Өкінетінім Қабекең ағамызбен көп дидарласып, бірге болып әңгімесін тыңдай алмадық. Анда-санда Алматыға бара қалғанымызда үйіне телефон шалатынмын. “Үйге келсейші,”- деп шақырған кездері де болды, бірақ сәті түспей-ақ қойды. Арнайы бір барармын деп жүргенімде ағамыз дүниеден озды. Енді оны еске алудан, ол туралы естелік айтудан басқа қолымыздан ештеңе келмейтін сияқты.

Қайран Қабеке, Қабиболла аға, жатқан жерің жайлы болсын, тірлікте өте көп еңбектендің, бейнет пен қиындықты да аз көрмедің, бақида жаның жәнәтта болып, нұрың шалқысын, абзал аға!

## САЗГЕР

*(Белгілі композитор Жалғас Кеңесұлы жайында үзін сыр)*

Әлі есімде тоқсаныншы жылдардың ортасы болса керек. Ол кезде Жаңаөзен қаласында тұратын едім. “Қалаға өнерлі бір жігіт келіпті, асабалығы күшті екен, аты-жөні Жалғас Кеңесұлы”, деген хабарды еститінмін. Бірде сол кезде Жаңаөзен мұнай колледжінде оқытушы болып қызмет істейтін, ансамбльде ән айтып жүретін өнерпаз Есболат Аманжолов дейтін жігіт тап бола кетті. Амандық-саулықтан кейін ол: “Бізге жаңадан келген Жалғас деген жігіт сіздің апа туралы өлеңіңізге ән шығарыпты, өткен сенбі күні Жетібайда тойда болдық, сонда орындалды, ақ жаулықты әжелер көзін бір шылап алды”, - деді. Кейіннен, 1998 жылы бұл ән Қазақ радиосының республикалық “Жаңа жұлдыздар” байқауында бірінші орынды иеленді.



...Балалық шағы Сыр елінде өткен Жалғас кішкентайынан өнерге жақын тұрды. Құрманғазының, Тәттімбет пен Динаның жан тебіренерлік күйлеріне елтіп, Абай мен Ақан серінің лирикаға толы әндерінен, Әсет пен Нұрғисаның әуезді әндерінен сусындап өскен оның рухани жан дүниесі байып, мектеп қабырғасында жүргенде-ақ сазгерлікке, ақындыққа ден қоя бастады. Ән мен күй

десе ішкен асын жерге қоятын ол мектептегі көркемөнерпаздар үйірмесінің белді мүшесі болды. Мектеп бітіргеннен кейін оны Қызылорда қаласындағы қазіргі Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің музыка факультетіне алып барған да осы бір құштарлық еді. Музыка әсершіл нәзік сезіммен, қылаусыз жүректен шығатын туынды. Әйтпесе тыңдаушы жүрегіне жетпес еді. Тырнақалдысы –1980 жылғы көктемде дүниеге келген “Нәзігім-арманым” әні болды.

Жалғастың сазгерлік өнері өзінің атажұрты – Маңғыстауға, оның ішінде мұнайлы Жаңаөзенге көшіп келгеннен кейін қанаттанып, шын мәнінде өріс жайды. Атап айтар болсақ, ол Фариза Оңғарсынованың, Қайнар Олжайдың, Светқали Нұржанның, Құдайберген Қазыбековтың, Сайын Назарбекұлының, Қаржаубай Рейімбайұлының, Рәуіл Майдановтың, тағы да басқа ақындардың өлеңдеріне ән жазды. Ол арнайы тапсырыспен емес, мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген немесе қолына түскен жыр кітаптарынан өзінің көңіліне ұнаған өлеңдерді әнге айналдырады екен. Оны тіпті өлең авторлары да білмей, кейін естіп жатады. Мұндай жағдай менің басымнан да өткен-ді. 2005 жылы Ақтаудағы облыстық филармонияда Жалғастың “Маңғыстау біздің -әніміз” атты кеші зор өрлеумен өтті. Кеште орындалған әндердің он шақтысы менің өлеңдеріме жазылғанын естіп, таң қалғаным бар.





Оның жоғарыда аталғандардан басқа “Айналайын”, “Маңғыстау -біздің әніміз”, “Ұландар”, “Шығайық қырға”, “Аққулар”, “Аққу арман”, “Туған күн”, “Сағыныш”, “Домбыра”, “Әнші қыз монологы”, “Асыл жарым”, “Іздеймін сені”, “Бала болашағың”, “Қартаймайды ғашық адам”, “Сенсіз таңдар”, “Құрылысшылар әні”, “Жаңаөзен жас қала” сияқты әндері көпшіліктің көкейіне қонды. Жалғастың Фариза апамыздың сөзіне жазған “Көңіл назы” әні 2002 жылы қазақ радиосының байқауында бірінші орынға шықты. Осы ән және “Апа, сен қартаймайсың” әні “Тамаша” ойын-сауық бағдарламасында орындалса, оның сөзін де, әнін де өзі шығарған “Қайран дүние” әнін ұлттық телеарнадан республикаға белгілі әнші Нұрлан Өнербаев “Ән мен әнші” бағдарламасында орындады.



335

Оның әндерін сондай-ақ еліміздің Ұлжан Айнақұлова, Сембек Жұмағалиев, Ералхан Әбішев, Бейбіт Сейдуалиева, Бақыт Шадаева, Нұрмағанбет Наренбаев, Ұлықпан Жолдасов сияқты әншілері орындап жүр. Бұл Жалғастың әндерінің республикамызға тарай бастағанын көрсетеді. Жуырда Республикалық авторлар құқы жөніндегі қоғам оның сазгерлік өнерін жоғары бағалап, 34 әнін тіркеуден өткізді және авторлық куәлік тапсырды. Бірнеше әндері республикалық телеарналардың концерттік бағдарламаларынан көрініс тапты. “Әнші қыз монологы” әнін әнші Бақыт Шадаева деректі телефильмде шырқады.



Жалғас мұнан екі-үш жыл бұрын өздерінің алтын тойларын тойлаған еңбек ардагері Кеңес аға мен ардақты ана Жаңыл жеңгейдің он баласының бірі. Қызмет жолын мұғалімдіктен бастаған ол мектеп директорының орынбасары, Жаңаөзен мұнай колледжі директорының орынбасары міндеттерін атқарды. Қазір мұнайшылар қаласындағы мәдениет пен өнердің ордасы -“Өнер” қазыналық кәсіпорнының директоры қызметін атқаруда. Зайыбы Тұмар мектепте мұғалім. Балалары өсіп келеді. Халқымызда сүйсінгенде айтылатын “Сегіз қырлы бір сырлы”, ”Жігітке жеті өнер де аз”-деген сияқты мәтел сөздер бар. Бұл тура Жалғас Кеңесұлына арналып айтылғандай, өйткені ол сазгерлігімен қоса ақын әрі әнші, концерт жүргізуші әрі асаба, жалпы алғанда, өнерімен өрге жүзген жігіт. Қала деңгейінде өтетін сан алуан шараларға мұрындық болып, өзі ұйымдастырып, өзі жүргізіп жүргенін талай көрдік. Сонымен қатар кейбір әндерінің мәтіндерін жазған да өзі.

336

Жуырда Жалғастың өмірінде қуанышты оқиға болды. Астанадағы Президенттің мәдени орталығында оған Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері атағы беріліп, белгісі тапсырылды. Бұған Жалғасты білетін, оның өнеріне қол соғып жүретін маңғыстаулықтар түгел қуанды десек, асыра айтқандық емес. Өйткені, бұл оның ширек ғасырлық тертөкті еңбегінің жемісі.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні дегендей,  
сөзіміздің соңында сазгер Жалғас Кеңесұлына  
бағытыңнан таймай биіктерді бағындыра бер  
дегіміз келеді.

*2006 ж.*



*337*



## ТАҒДЫР ТОҒЫСТЫРҒАН

*(Уәйіс ақын және Саламат Мұқашов жайлы бір үзік сыр)*

Мұнан жиырма жыл бұрын, яғни 1988 жылы құрылғанына он бес жыл болған Маңғыстау облысының таратылғанын жұртшылық жақсы біледі. Әрине, “балапан басына, тұрымтай тұсына” дегендей, бұл көптеген жандарға оңай тиген жоқ. Соның ішінде көршілес түрікмен елінде, қазақ тілінде шығатын “Жұмысшы” газетінде он үш жыл қызмет істеп, енді ғана атажұртына табан тіреген маған да қиын болды. Өйткені, менің облыстық “Коммунистік жол” газетінде қызмет істей бастағанымға үш-ақ жыл болған, басымда баспана жоқ, туған-туыстың бәрі Түрікменстанда қалған-ды...

338

Басқа да облыстық құрылымдар сияқты газет те жабылып, маған Бейнеу аудандық газетіне баруға ұсыныс түскенде көп ойланып жатпадым. Себебі орталықтан шалғай болғанмен әйтеуір Маңғыстау жері және өзімнің сүйікті кәсібім, оның үстіне бір бөлмелі пәтер дайын тұр екен. Сондықтан да Бейнеуде контейнер алаңы жоқ дегеннен кейін алпыс тонналық жүк тиелетін кара вагонды жалдап, оның бір бұрышына балашағам мен көрпе-төсегімді салып алып, салдырлап көшіп бардым. “Көрмеген жер - көрстан”, “Танымасын - сыйламас”, деп қазақ айтпақшы, бірақ олай болмай шықты. Елдің азаматтары сау болсын, күпті көңілмен барған маған

алғашқы күндерден-ақ қамқор болып, құшаққа тартты. Ауданның сол кездегі бірінші басшысы Дүйсекең, Дүйсенбі Әріпов, аудандық атқару комитетінің төрағасы Қуандық Нұрғалиев, оның орынбасары Ибрагим Мұрасов, аудандық газет редакторы Айтуар Өтегенов, ішкі істер бөлімінің бастығы Қонарбай Қилыбаев, оқу бөлімінің басшысы Мырзабек Болысов, тұрмыстық қызмет үйінің директоры Ыбырай Юсупов, тағы басқа да жігіттер бұрыннан етене таныс жандарша қарсы алды.

Көшіп барған күннің ертеңіне-ақ арқалы ақын Сабыр Адай келді, оған ілесе өлеңдетіп, марқұм Уәйіс Қайралапов пен Қаржаубай Жылқыбаев сынды танымал шайырлар жетті. Әлі есімде Уәкең салған жерден:

Байқандар, қасындағы мұнараны,

Белгісіз оның қанша тұра алары.

Қандай халық болмасын оның атын

Әр кезде ақындары шығарады...



339



деп тақпақтай жөнелді. Біздің аз да болғанмен жадымызда ұзақ сақталатындай достығымыз осылайша басталып кетті. Иманды болғыр Қаржекең екеуміз бір кәбинетте отырамыз. Сабыр аудандық мәдениет бөліміндегі қызметіне бара жатып, жолшыбай бізге бір соқпай кетпейді. Ал, кешкі мектептің директоры Уәкең әуелі телефонмен мазалайды және кездесіп әңгімелеспейіңе қоймайды. Одақтың орталық әдеби газет-журналдарын қалт жібермейді, жаңа шығып жатқан әдебиетті көп оқиды. Өзі оқыған

тұшымды дүниелерді сенің де тауып, оқуыңа көмектеседі. Ұмытпасам “Звезда” сияқты, бір қалың журналда алғаш жарық көрген “Тайный советник вождя” деген романды қоярда-қоймай оқытып, пікірлескені бар. Өлкемізде жазба ақын ретінде танылған ол табан астында суырып салатын айтыскер де еді.

-Бірде Гурьевке (қазіргі Атырау қаласы) бардым, сол жылдары облыс орталығы болатын. Төрт-бес күн қыдырыстап, бұрыннан аралас-құралас жүрген ақын Ғизат Әбілтаевтың үйіне соңынан бардым, ол кісі ауласында жүр екен. Менің алдымен өзіне соқпай осында жүргенімді естіген болуы керек, қабағы қатыңқылау. Салған жерден өлеңдетіп, тиісе жөнелді:



340



Сен бе едің ақын жігіт Уәйіс деген,  
Бұл жаққа келіп пе едің жай іспенен?

Келгелі төрт-бес күннің жүзі бопты  
Үй қалды ма, сен барып шай ішпеген?

-деді. Мен де табан астында жауап қаттым:

Мен едім ақын жігіт Уәйіс деген,  
Бұл жаққа келіп едім жай іспенен.

Ол рас талай үйдің дәмін таттық,  
Қалып тұр тек сіздің үй шай ішпеген?...

-деп едім, күліп келіп қолымды алып, бетімнен сүйді,-дейтін Уәкең.

Бірде Уәйістің үйінде отырғанымызда ағаштан оюлап жасалған, қаусырмалы қақпаққа көзім түсті. Жоғарыға іліп қойыпты. Мұны байқап қалған ақын:

-Мен орынсыз жерден шатылып, бір таныс кісінің «аттестатты жуғаным» деп тастай салған отыз сомын көрген біреулер “аттестат сатты”, деп шағымдануынан сотталып кеттім... Естуімше бір күндері Бейнеуге Саламат Мұқашов келіпті. Іс басындағы жігіттердің көпшілігін танитын ол бір кезде “Сендерде осы бір ақын жігіт бар еді, сол көрінбейді ғой”, -дейтін көрінеді. Хабарды естіп, жағдайды білгеннен кейін: “Ол бір аңқылдаған, адал жігіт сияқты еді, нақақтан күйді ме, әлде қателесті ме анықтау керек екен”, деп мән-жайды сұрастырып, жазып алыпты. Сол кісінің тигізген шарапатының арқасында мен босап шықтым. Ақтөбедегі колонияда отырып, үй жиһаздарын шығаратын фабрикада жұмыс істейтінмін. Содан жүректі қуаныш кернеп, шабытым шалқып, Сәкеңе жыр арнадым, оны мынадай қаусырмалы ағаш қақпаққа ойып жаздырдым, екі дана ғып жасаттым. Мұның бірін Саламат Мұқашовқа апарып бердім, екіншісі міне, мынау, -деп орнынан тұрып, ағаштан өрнектеген, ішін ойып өлең жазылған қаусырма қақпақты қолыма берді. Онда былай деп жазылыпты:

### **Саламат Мұқашовқа**

Қандай жерде жүрсе де, қайда жатып,  
Сөз ірісін сөйлейтін майдалатып,  
Сәлем жолдап отырған, Сәке, Сізге  
Өзіңіздің Уәйіс Қайралапов!  
Жүрмесем де ортамның қолы болып;  
Көрмеп ем қатарымның соңы болып,



Халқымның бағы болып жанармын да  
Естілмеспін деуші едім соры болып.  
Білмеппін. Жатыр екен азабы артта,  
Тағдыр мені үлгерді жазалап та,  
Оңай ма атағы мен абыройын  
Жоғалтып ала қою азаматқа.  
Сан түрлі адамдармен сырласыпшын,  
Біреуі едім өмірге шын ғашықтың.  
Шыңыраудың түбіне құлап барып,  
Қанаттанып, қайтадан шыңға шықтым.  
Дертімнің ем дәрісі табылмастай,  
Болып едім, азабым арылмастай.  
Өргеніп жатқаннан Сіз құтқардыңыз,  
Қанатымен су сепкен қарлығаштай.  
Жатқанда бақша түгіл дала гүлдеп,  
Өмірде үлесің бар, ала біл-деп.  
Сіз маған самғап ұшар қанат беріп,  
Космосқа алып шықтыңыз, корабль боп.  
Шегініп қала берді жолы тар күн,  
Жүректі мұнан артық жылытар кім?  
Өмірде бір биікке шыққандаймын  
Мұныңызды мен қалай ұмытармын.  
Исінен адам жүрген іздеп менің,  
Көп еді көңіліме тізгендерім.  
Адамның адам үшін қамқорлығы,  
Дегеннің үлгісін мен Сізден көрдім  
Жатпай-тұрмай ел қамын жейтіндердің,  
Мен бүгін өзін көрген кейпіндемін.  
Шіркін-ай, болсын дағы бәрі Сіздей  
Өздерін азаматпыз дейтіндердің!!!!  
Жатыр ем көңіліме қоныс тілеп,





Ізгілігің алдымнан тоғысты кеп.  
Ант еттім мен өзіңе ақ жүрекпен  
Өтуге өмір бойы борышты боп.  
Нұрыңның жұттым бойға тарағанын,  
Бұл Сізді жан-жүйеме балағаным.  
Сізбенен бір әкесі екеу болып,  
Мәз болып жатыр бүгін балаларым.  
Бұл ізгілік есімнен кетпес менің,  
Сіз үшін кеудеме гүл екпес пе едім.  
Сіз көрсеткен ізгілік қарымтасын  
Қайтаруға өмірім жетпес менің.  
Ізгілік ел есінде қала бермек,  
Жаздыңыз жүректегі жараны емдеп.  
Тілеймін мазмұнды, ұзақ өмір сүріп,  
Халқына шамшырақ боп жана бер!-деп.

*Зор құрметпен: Уәйіс Қайралапов.*  
*1982 жыл, Ақтөбе қаласы.*




343

Иә, бүгінде Уәйіс ақын да, ол жыр арнаған  
Саламат Мұқашов та дүниеден озды. Газет  
беттерінен кезінде облысымыздың бірінші  
басшысы болған Сәкенің 80 жылдығына орай  
мақалалар, лебіздер жарияланған кезде менің  
түсіме Уәкең кірді, рух беріп жүргені болар деп  
ойладым. Содан оның осы арнау жыры есіме  
түсті. Тірі болғанда ол да жүрекжарды алғысқа  
толы арнауын жолдар еді-ау деген оймен осынау  
жырын көпшілікке ұсынуды парыз деп білдім.



## ОН ЖЕТІДЕ ОТ КЕШКЕН

Сол күні Қошоба ауылынан шығып, жүз сексен шақырымдай жердегі Қарабұғаз қаласына жол тартқан жиырма жігіттің ішінде Сұлтан да бар еді. Бұл оның аудандық әскери комиссариатқа екінші сапары. Жетектегі екі түйеге жігіттер кезек-кезек мініп, аяқ суытады. Басқалардан жасы кіші болса да, өзін ересек санаған Сұлтан сыр бермейді. Жаздың күні қандай ұзақ болса, жол да сондай, жеткізбейді. Тас төбеден шақырайған күн тапжылар емес. Аялдаған кезде құтыдағы жылымшы сумен ерін шылайды да, жүріп кетеді. Көкшіл сағымы көлкіген сүреңсіз шөл даланы таспадай тілген ақшандақ жолмен кәрі Атырау жағасындағы қалаға таяған сайын Сұлтанды бір ғана ой мазалауда: “Тағы да кейін қайтармаса екен”. Оны кейін қайтармады. Бұған Сұлтанның туған жылына бір жылды қосып айтуы себеп болса керек. Көкейге түйген ойының сәтті шешілгеніне қуанған Сұлтан он жеті жасында майданға аттанды.



\* \* \*

Өзінің жауынгерлік жолын автоматшылар ротасында бастаған кіші сержант Сұлтан Балхаев бүкіл Украинаны, Белоруссияны, Литваны, Шығыс Пруссияны жаяу жүріп өтті. Ол Курск иініндегі шайқастарға да қатысты. Бірде оның бөлімшесіне сол аудандағы жау күшінің орналасуы жөнінде мәлімет түсіру тапсырылды.

Сұлтанның тобы жау тылында алты сағаттан аса болып, орманның алдын ала жоспарланған тұстарын шолып, картаға белгілер соқты. Қарауындағы жігіттерімен аса сақтық пен табандылықты қажет ететін тапсырманы ыңшыңсыз орындаған Сұлтанның көкірегін қуаныш кернеді. Жауынгерлеріне ризашылықпен қарап қояды. Қырғыз Омаровтың жасы 38-де болса, орыс Сема он жетіге жақында толған-ды. Ұлты да, жасы да, мінез-құлқы да түрлі-түрлі осынау жандар бірге туған бауырларындай ыстық. Жалғыз аяқ соқпаққа түскен олар тезірек асып кету үшін ширақ басып жүріп келе жатты.

-Командир, фрицтердің әлгі дзотын байқадыңыз ғой? Өте мықты, біздің адамдардың талайын жер құштырады-ау. Көзін құртып кетсек қайтеді? – деп сыбырлады Сема. Жүзінен балаңдықтың табы кетпеген оның отты жанарынан қайтпас қажыр аңғарғандай болды.



345

-Тапсырмада белгіленбеген, - деді бұл ұсынысты ой таразысына салып тұрып.



-Алдыңғы шепте тұр ғой, граната жаудырып, бұзайық та, тартып кетейік.

Осындай тоқтамға келген топ ымырт қараңғылығын жамылып, жау шебінде сәл кідірген еді. Біраздан кейін жау дзоты қызыл жалын құшты. Шаң-шұң дауыстар естіліп, аспанға ракеталар атылды. Әр тұстан із тастаған автоматшылар бұл кезде ұзап та кеткен еді.

Көп ұзамай автоматшылар тобы әкелген мәліметтердің құндылығы анықталып, топ мүшелері наградаға ұсынылды.

Харьков қаласын азат еткен кеңес әскерлері гитлершілдерді Днепрге тықсырды. Сұлтан қызмет ететін 92-гвардиялық Харьков полкі 1943 жылғы қыркүйекте Днепрден өтті. Сұлтан соғыс кезінде көптеген қалалар мен селоларды көрді. Алайда, сол бір Бородавка деревнясы күні бүгінгідей көз алдында. Осы деревняда өші қалғандай жау үсті-үстіне шабуылдады. Автоматшылар ротасы зор шығынға қарамастан табан тіреген окоптарын күні бойы қорғады. Түнге қарай ғана шабуыл тынып, күндізгі оқ гүрсілі толас тапқандай болды. Қолқаны қапқан оқ-дәрі ісі сейіліп, күздің қоңыр самалы есті.



Таң елең-аланда жанына екі автоматшыны ерткен Сұлтан барлауға шықты. Фашистер техникасын осы тұсқа шоғырландырып жатты. Орманның қалыңдау тұсына жасырынған жау “тигрлері” мен “пантераларының” тұмсығы со-раяды. Барлаушылар жаудың шайқасқа мықтап дайындалып жатқанын көрді. Бұл жөнінде біздің командованиеге мәлімдеме беріліп, шұғыл шаралар алынды. Таң ата жер солқылдағандай болып, фашистердің тегеурінді танктері шабуылға шықты.

Жаудың он төрт танкісі қатарласа жылжып, окопқа таяды. Олардың соңын ала жаяу әскерлері ілесті. Алдыңғы белеске жақындаған танктің үшеуі өрт құшты. Қалғандары жиілете оқ шығарып, алға ентелеп келеді. Бүкшеңдей

жүгірген жау солдаттарын қарауылға алған Сұлтан автоматшылары оқ септі. Кенет бастан тиген ауыр соққы есеңгіретіп жіберді. Миына ине сұғылғандай әсер алды. Есін жиғанда көз алдындағылар шырқ көбелек айналып бара жатты. Бойын зорға билеп, окоп түбіндегі бір бума гранатаны қолына қысып ұстап, жау жаққа көз тікті. Бет-аузын қан жапқан оны рота командирі Якименко қолтығынан демеді.

-Бұйырамын, жедел медсанбатқа барасың! – деді ол.

Алғаш медициналық көмек көрсеткен ақжарқын санитар жігіт жақ сүйегінің жараланғанын, тілінің де зақымданған болуының мүмкін екенін айтып, қолына блокнот пен қарындаш ұстатты. Жақ ашуға тыйым салды. Медсанбатта ұрыстың барысын білуге құштар жаралылар Сұлтанды ортаға алды. Әсіресе, екі жауынгер мұның жанына келіп, сұрақ қоюмен болды:



-Бородавка түбінен бе? – Сұлтан басын изеді. – Біздікілер жауды тоқтата ала ма? – Сұлтан басын изеп, бас бармағын көрсетті. Ашуланған бірі: “Сайтан алғыр, қорыққаны сонша, тіпті тілден айырылыпты,”- деді. Міне сонда санитардың блокноты мен қарындашы кәдеге асты.

1710-арнаулы эвакуациялық госпитальдың хирургі Мухин мен емдеуші дәрігер Иконниковке Сұлтанның сынған жағын емдеу оңайға түспеді. Оның алты айдан кейін ғана қатарға қосылуына мүмкіндік туды. Жүзіндегі тыртық

пен тілдің білінер білінбес ақауы сол ауыр жарақаттан қалған белгі.

\* \* \*

1944 жылғы маусымда 97-атқыштар дивизиясы Витебск қаласын азат ету жолында кескілескен шайқастар жүргізді. Гвардия аға сержанты шеніндегі Сұлтан осы дивизияның 136-атқыштар полкіндегі автоматшылар ротасы взвод командирінің көмекшісі болатын. Атыс кезінде командирі оққа ұшты да, Сұлтанға шабуыл алдында взводты басқаруға бұйрық берілді.

“Отан үшін алға!” деген дауыс естілгенде жауынгерлер жаңбырша жауған оқ астында жау траншеяларына қарай ұмтылды. Алдыңғылар қатарында окоптан көтерілген Сұлтан бірнеше метр жүгірді де, жолай кезіккен траншеяға бұрылды. Қарсы алдынан атылған автомат оғы жердің шаңын бұрқыратып жіберді. Окопқа бұққан Сұлтан кейін шегіне түсіп, өзін нысанаға алған жау автоматшысының орналасқан жерін көргісі келді. Шегіне бергенде екінші тұстан атылған оқ жолын бөгеді. Бұл бұрын байқамаған жау дзотынан “сөйлеген” пулемет еді. Екі оттың ортасында қалған Сұлтан бас көтере алмады. Ажал сепкен жау автоматшысы өз нысанасын іліктірмей қоятын емес. Сәл бөгелсе, андысу жаудың жеңісімен шешілмек. Сұлтан соңғы гранатасын оқ шыққан тұсқа дәлдеп лақтырды да, автомат үні өшкен мезет ышқына алға



ұмтылды. Кешіккен жау пулеметі оның орнын “сипап” қалды. Гранатадан өлген неміс автоматшысы траншеяға асыла құлапты. Оның дәл жанынан бір жәшік неміс гранатасын тапты. “Енді соғысуға болады”, деп ойлады да, жау дзотының амбразурасына бір-бірлеп жеті граната лақтырды. Пулемет үні өшкенде уралап, жауынгерлерді шабуылға көтерді. Дзоттан тоғыз неміс солдаты қолын көтеріп шықты. Олардың соңын ала эсэстік обер-лейтенант көрінді. Есік алдына бөгелген ол пистолетін Сұлтанға кезене берді. Оның қимылын бағып үлгерген Сұлтан бұрын атты...

Осы шайқаста көрсеткен ерлігі үшін Сұлтан екінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталды.

\* \* \*



349

Ұлы Жеңіс күні келіп, фашизм өз ұясында талқандалғаннан кейін Сұлтекең туған жерге оралды. Қошобаға сондай-ақ өзімен бірге майданға аттанған Қыдырша Тәңірбергенов, Берекет Тасқараев, Қалаушан Қарабалин сияқты ауылдастары да қайтып оралды. Көпшілігі майданнан қайтпады...



Бейбіт өмірде Сұлтан метеоролог мамандығын қалады. Ол ауа райын бақылау станциясының инженер-бастығы болып қырық жылдай еңбек етті. Өз ісінің үздігі атанды. Көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Қазір Ақтау қаласында тұрады, өзі де, зайыбы да құрметті демалыста.

Олар он бала тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлы Науан Жаңаөзен қаласында тұрады, автоколонна бастығы. Бір-бір шаңырақ иесі болған Қосай мен Абай Ақтау қаласының тұрғындары. Раиса, Қарлығаш, Гулимат есімді қыздары да тұрмыс құрған, балалы-шағалы. Гүлзирасы осында ақушерка. Юнисі де қызмет істейді. Жанарыс, Бекарыс – мектеп оқушылары.

Жылда көктем туып, Жеңіс күні таяғанда 28-гвардиялық Харьковтық екі мәрте Қызыл тулы атқыштар дивизиясының және 97-ші Витебскілік Кутузов және Суворов орденді атқыштар дивизиясының ардагері Сұлтан Жақышұлы Балхаевтың атына Москвадан, Ленинградтан, Куйбышев пен Бакуден, Таллиннен, ұлан-ғайыр Отанымыздың түкпір-түкпірінен хаттар ағылады. Міне, мына бір хат

350

Ашхабад қаласында тұратын полктасы Юрий Николаевич Башкуриннен: “Қадірлі Сұлтан, сізге Одессаның жауынгерлік даңқ музейінде сақтаулы тұрған 28-гвардиялық атқыштар дивизиясы ардагерлері суретінің көшірмесін жолдап отырмын. Мықты денсаулық, белсенді іс-қимыл, табыс тілеймін. Жастарға байырғы гвардияның тот баспайтындығын көрсетіңіз.”

Осындай хаттарды ол 92-гвардиялық атқыштар полкының парторгы қазір Түрікмен КСР ДОСААФ Орталық комитетінің төрағасы, генерал-майор Аман Розаевтан, автоматшылар ротасының командирі, қазір отставкадағы подполковник И.Я.Василенко, 136-атқыштар



полкының штаб бастығы, отставкадағы полковник А.Ф. Хохлов сияқты бұрынғы қанды көйлек қаруластарынан да алды.

Оған отыз бес полктасы, олардың балалары мен туыстары хат жазады. Сондай-ақ Кеңес Армиясының бес ардагерлер комитетімен хат алысады. Сұлтан жауап жазудан жалыққан емес. Ардагерлер музейлеріндегі кездесулерге бірнеше рет қатысты. Ол қарулас достарын іздеп, өзі құрамында соғысқан дивизиялар мен майдандас ардагерлер комитеттеріне хабарлап, Украина, Белоруссия, Литваның орталық газеттеріне мақалалар жазды. Сол үшін де алғыстарға бөленді. Қарақалпақстанның “Советтік Қарақалпақстан” газетінде Сұлтекеңнің “Мен сені іздеп жүрмін” атты мақаласы жарық көрді де, ол көп ұзамай қырық жылға жуық көрмеген майдандас досы Қыдырбай Сабыровпен қауышты.

Елгезек те жаны жас ардагер жастарға интернационалдық және патриоттық тәрбие беру ісіне де белсене араласуда.

*22.05.1987 ж.*



351



## МАЙДАНГЕР

Қазан мерекесі болатын. Қай кезде де жолаушылар арылмайтын қалалық автовокзалда адамдар ерекше көп. Бірі кіріп, бірі шығып сапырылысқан жұрт. Кенет омырауы жарқырап есіктен кірген ұзын бойлы кісі жұрт назарын өзіне аударды. Қолындағы таяғын тек сәндік үшін ғана ұстағандай еңсесін биік тұтып, нық адымдаған ол көзіме оттай басылды. “Япырау, шынымен Жәкең бе?” деп ойладым. Қыран қабағының астындағы өткір жанарына көзім түскенде таныдым. Самайын қырау шалып, жүзінен үлкендіктің белгісі аңғарылғанымен сол өр тұлғалы қалпы. Кассадан билетін алып, сыртқа беттегенде, ілесе шығып сәлемдесіп ем. Сені қайда көрдім дегендей жүзіме көз тоқтатты. Есімімді атағанымда ойланып тұрды да, есіне түсіргендей жадырап сала берді. Қолыма қалам ұстатып, бастауыш сыныптарда оқытқан аяулы адаммен араға жиырма жыл салып осылай кездейсоқ кездестім.

-Үйге жүр, қарағым, мына жиырма жетінші микроауданда тұрамын. Айтпақшы, Жаңаөзенге жол жүріп барамын деген екенсің ғой, онда адресімді ұмытпа, - деді ол.

...Жақай Сарбасов Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысты. 1939 жылы Кеңес Армиясы қатарына азаматтық борышын өтеуге аттанған ол туған жерге араға алты жыл салып оралды. 138-ші атқыштар дивизиясы атты әскер барлаушыларының взвод командирі ретінде

қанқұйлы жауды өз ұясында талқандағанға дейін саптан шыққан жоқ. Кабардин-балкар жеріндегі Прикладный қаласы маңында болған ұрыста алғаш рет, ал Карпат бойын жаудан азат ету жолындағы шайқастардың бірінде екінші рет жарақат алды. Екеуінде де жауынгер достарының арасына тезірек жетуге асықты.

Қашаннан көзі ашық, көңілі ояу Жәкең майдандастарының суреттерін, уақыт табынан сарғайған хаттар мен газет қиындыларын асыл қазынасындай сақтап келеді. Олардың арасында Карпат бойын, Чехословакия мен Венгрияның көптеген қалаларын жаудан азат етуге қатысқаны үшін Суворов орденді, Қызыл тулы Карпат дивизиясының командирі полковник Васильевтің Жоғарғы Бас қолбасшының бұйрығымен берген алғыс хаты да бар. Әсіресе, бес барлаушы – Орлова, Бабенко, Антропов, Ковальчуктың ортасында отырған суретіне сол бір жалынды жылдар көз алдынан елестеп өткендей ұзақ қарады.

Сол жақ қолтығында отырған бала Саша Ковальчукты өзінің қандас бауырынан кем көрмейтін. Карпат жерінің ой-шұқырын жетік білетін, ержүрек жас барлаушы көп көмектесті. Бірде барлау кезінде бұлардан оқ бойы ұзап кеткен ол көз алдарында жау отрядының қоршауына түсіп қалғаны бар. Мұны көріп келе жатқан барлаушылар сан соқты. Жауар бұлттай түнере қалған командирінің ойын сезді-ау деймін: “Күшіміз тең емес, Жәке, кейін



қайту керек”, - деді барлаушы Бабенко. “Жоқ, құтқаруға тырысып көрейік”, - деп қысқа жауап қайырды. Жықпыл-жықпыл аңғарды қуалап, жаудың алдын орағытты да, тұтқиылдан оқ жаудырып, шабуылға шықты. Тізеден асқан қардан малтығып жүре алмай келе жатқан дұшпанның көбін ұзатпай жер құштырды. “Саша, жат” деп айқай салып, балаға ұмтылды. Оң аяғының жылан шағып алғандай дыз ете түскенін елемеді. Балаға жете жығылып, бауырына басты. Жылап көріскен Саша мойнынан құшақтап айырылар емес. Жау тобы бұларды көп деп ойласа керек, орманға шегінді. Ет қызуымен сезбепті, оқ оң аяғының қоң етін тесіп өткен екен, ауырсынып орнынан тұра алмады. Қанға боялған ақша қар үстінде ұзақ жыл көріспеген бауырлардай қос барлаушы - қазақ пен орыс құшақтасып жатты.

354

-Соғыстан кейін офицер болуды армандайтын, мақсатына жетті ме екен, - дейді Жәкен суретке қарап күбірлеп.

Жақай Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктері үшін “Қызыл жұлдыз”, I дәрежелі Ұлы Отан соғысы, III дәрежелі Даңқ ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды.

Жеңістен кейін 1945-1946 оқу жылында Жәкен біздің ауылға мұғалім болып келеді. Мұндағы мектептің директоры да, төрт сыныпқа сабақ беретін мұғалімі де өзі болды. Түске дейін екі сыныпты, түстен кейін екі сыныпты оқытады.

Балаларды соңынан ертіп, мектепке қарай келе жатқан, ауыл сыртындағы тақырға олар-

ды жинап алып, жарыстырып, күрестіріп күле қарап тұрған оның бейнесі әліге дейін көз алдыма елестейді. Ол бізге Отан соғысының отты жылдары, майданнан қайтпаған ауылдастары жайында әңгімелейді. Бірақ өзі туралы айтқанын естіген емеспіз.

Ауыл мектебінде отыз жылдан астам еңбек еткен Жәкең сол мектептен құрметті демалысқа шығыпты. Зайыбы Мақпал жеңгей екеуінің тәрбиелеп өсірген сегіз ұл-қызы қазір халық шаруашылығының сан-саласында еңбек етеді. Тұңғышы Сағида байланыс қызметкері, Зина – тігінші, Зағипа – бухгалтер, Жарылқасын – электрик, Ондасын – пластмасса бұйымдары зауытының шебері, Роза – есепші, еңбекті оқумен ұштастырып, политехникалық институтының кешкі бөлімінде оқитын Нұрадин слесарь.



355

-Сұм соғыстың жан түршігерлік көріністерін өз көзімізбен көрдік. Біздер, ардагерлер, еліміздің бейбітшіл саясатын шын жүректен қолдай отырып, осы бағытта жүргізіліп отырған игі шараларға белсене қатысамыз. Жастарға адамгершілік, патриоттық тәрбиеге жауаптымыз, - дейді соғыс және еңбек ардагері Жақай Сарбасов.



*21.01.1987 жс.*

## АНАМ АЙТҚАН ӘНГІМЕ

*немесе бір ауыз сөз үшін...*

*Мен кеше “халық жауының” баласы едім,*

*Бетегеден биік, жусаннан аласа едім,*

*Өкпелесе біздейлер өкпелесін,*

*Сталинге не өкпең бар, ага, сенің...*

***Есенғали Раушанов***

Әкем бұл туралы өмір бойы шешіліп әңгімелеген емес. Тек қана: “Біз үш тумалас едік, өзімнен үлкен Көпжас, Жарас деген ағаларым бар еді”, - дейтін. Үш ұлдың кенжесі біздің әкеміз – Мыңжас екен. Ағалары жөнінде сұрай қалсақ: “Баяғы ашаршылық кезінде ұсталып кетті” – деп жауап беретін. Мән-жайды кейін

356 анамнан естідім.

1928 жылдары Қазақстанда Голощекин “Кіші Октябрь” атты асыра сілтеуін бастаған кезде үріккен ел түрікмен, қарақалпақ жеріне қарай дүркірей көше жөнеледі. Әкеден жастай қалып, еңбекке ерте араласқан, бай ағайындарының малын бағып, аз ғана дәулет жиған үш жігіт те туған Маңғыстауын тастап, кетуге мәжбүр болады. Әкемнің туған жері Форт-Шевченко, ал анам: “бала кезімізде Жем, Сағыз бойларында көшіп жүретін едік”, - дейді. Мал өсірумен ғана айналысқан көшпелі халықты ата мекенінде тек мал ғана ұстап тұра алған. Малдан жұрдай болып тоналған ауыл жұрты енді күн көріс жағдайын

ойлап Каспий теңізін жағалап, Шағадамға (қазіргі Красноводск қаласы) қарай босқан, кейбір ауылдар темір жолды бойлап, Ташкентке дейін асып кеткен. “Қазіргі Қазақстан шекарасынан шығып, шұбырындыға ұшыраған шаруалар саны 1 миллион 31 мыңнан асқан. Олардың шамамен 165 мыңы республика шеңберінен ғана емес, Одақ шекарасынан біржола шығып, көрші Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Иран, тіпті сонау Түркия жеріне жетіп, кейін өз Отанына қайта алмай қалған. Ал көршілес республикалар мен Ресей Федерациясына қоныс аударып, сол жерлерде орнығып қалғандар саны 450 мыңдай”, деп жазды бұл туралы “Қазақ әдебиеті” газетінде демограф, педагогика ғылымдарының кандидаты Мақаш Тәтімов. Красноводск маңында Иранда, Ауғанстанда тұратын ағайындарынан хат-хабар алып тұратындар аз емес. Біздің көршіміз Әлпия шешейдің радиоқабылдағыш арқылы Ираннан аптасына бір рет берілетін қазақша хабарды сарыла күтіп, домбырамен қосыла шырқалатын зарлы әндерді тыңдап, жылап отырғанын талай көргенбіз.



Отызыншы жылдары әкелеріміз еліміздегі ірі химиялық тұздардың кен орны - Қарабұғазда еңбек етіп, оның байлығын ел ырзығына айналдырушылардың алғы сапында болған. Ол кезде жұмыс өте ауыр, барлық іс қол күшімен атқарылады. Ел ішін аштық жайлаған, азық-түлік тапшы, жұмысшылар лас, суық барақтарда тұрған. Бұл әсіресе, бұрын мал соңында жүріп

қалған көшпенділерге қиын тигені белгілі. Оның үстіне шолақ белсенділер шығып, жұртты тықсырып маза бермеген.

-Әсіресе, елден ерекшеленуге тырысып, бұтына галифе шалбар, аяғына былғары етік киіп көрінгенге ызғар шаша қарап жүретін шикіл сары жігітті көретін едім, бар бәле содан келіпті, - дейді анам. Жұмысшыларға дігірлеп қоймаған соң, әкейдің үлкен ағасы Көпжас: “көптен ұлы емес, осының қол-аяғын байлап тастайтын екен” – депті. Бұл сөзді әлгіге біреулер жеткізсе керек, сол күні түн ортасы ауғанда үй ішіндегілер тарс-тұрс қағылған есік дүрсілінен оянады. Алдымен үйге ентелей енген денелі қазақ:



358



-Тұрлыбекұлы Көпжас осында ма, айда бізбен жүресің, - дейді. “Алғашында істің мән-жайын ұғына алмай селтиіп тұрып қалыппыз. Тек енем ғана дауыс салып, жылап қоя берді. Мен сыртқа шыға келсем, есіктің сыртында және аулада түсі суық екі адам тұр, үйге қайта кірдім. Ертеңіне біреулер келіп, үйді тінтті, бірақ ағалы-інілінің үшеуі де сауатсыз болатын не таба қойсын”, дейді анам.

Көп ұзамай бір ауыз сөзі үшін “халық жауы” атанып ұсталған Көпжастың інісі Жарас та тұтқынға алынады. Әжемiз Тойған екі ұлының соңынан іздеу салып, талай кеңсені тоздырған. Бірақ нәтиже шамалы. Бір күні ол әлгі шикіл сары белсендіге тап келіп, ұлдарының жайын сұрапты. “Кішісін білмеймін, үлкен ұлын енді қайтып оралмаса керек, үкіметке қарсы



сөз айтқан адам оңатын ба еді” деген жауап алған. “Үлкен қайнаға сол кеткеннен хабарсыз кетті. Араға он жылдай салып, кішісі оралды. Сібірдің бір түкпіріндегі лагерьде ит қорлықпен күн кешіпті. Елге әбден титықтап жетті. Содан қайтып оңалған жоқ, өз қолымызда қайтыс болды”, - деп әңгімелейді анам.

Маңғыстаудың көптеген қазақтары Красноводск-Ташкент темір жолы бойындағы станциялар мен разъездерді мекендеді. Күні бүгінге дейін тұрып қалғандары бар. Әсіресе, олар Красноводск, Небиттау сияқты ірі өндіріс ошақтарының маңына мол шоғырланған. Бұлардың қазақ мектептері бар. Солардың бірі – Маңғыстаудан біздің әке-шешелерімізге ұксап ауып барып, сол жерден майданға аттанған Кеңестер Одағының Батыры Мәди Бегеновтың атында. Қазақ тілінде аудандық “Жұмысшы” газеті және жергілікті телеарнада қазақша тележурнал бар.

Әкеміз өмірінің ақырына дейін, қырық жылдан астам уақыт бойы темір жолда еңбек етті. Бес қыз, төрт ұл тәрбиелеп өсірді. Өле-өлгенше оның аузынан бұл әңгімені естіген емеспіз. Бұл да отызыншы жылдардағы жеке басқа табынушылықтың, ешнәрсені ашық айтуға үйренбеудің, қорқасоқтықтың зардабы болса керек. Ол тек қана туып-өскен жерін сағынып: “Қайран, Маңғыстауым,” – деп отыратын. Тарихымыздың ақтаңдақ кезеңі атанған сол кездерде біздің әкейлер сияқты



мыңдаған қарапайым шаруалар жазықсыз жапа шегіпті. Өткеніміздің көлеңкелі тұстарын да бүркемелемей ашық айтатын шақ туды. Өйткені, өткенсіз бүгін жоқ.

*18. 01. 1989 ж.*



## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Әлі есімде мұнан жиырма жылдай бұрын облыстық газеттен Бейнеу ауданына іс-сапармен жол шеккенім бар. Жолаушылар вагонында қатар жайғасқан жылы жүзді, салиқалы сөзді бір ағаймен әңгімелес болдық. Білікті, парасат пайымымен биіктен көрінген ағамызбен поездан бірге түстік. Мен сұраған соң өзімді таныстырғаныммен ол кісіден жөн сұрамаппын. Ертеңіне жұмыс бабымен Бейнеу поселкелік кеңесіне соққанымда сөзіміз жарасқан, сапарлас аға алдымнан шықты. Ол поселкелік кеңес атқару комитетінің төрағасы екен. Менің Жұлдызбай Болысбайұлы Есбосыновпен алғашқы кездесуім еді бұл. 1988 жылы Маңғыстау облысы тарағаннан кейін Бейнеуге көшіп барып, аудандық “Рауан” газетінде жыл жарымдай қызмет істедім. Сөйтіп, Жұлдекенді жақынырақ танып-білуіме мүмкіндік туғанды...



361



...Әкесі Есбосын қайтыс болғанда Болысбай небәрі төрт-ақ жаста екен. Екі апасымен жетім қалады. Анасы, Көшке жеменей қызы Бибіш қайратты, ер мінезді жан болыпты. Сонысына бағып балаларын ешкімнен кем қылмай өсіріп, төркінінің беделімен Бегімбет жеменей Сартбек бидің қызы Гүлжаһанды ұлына алып береді.

Ал, Болысбай сол өңірдегі жаңаша сауатты бірден-бір адам болғандықтан, ауылдағы сауат ашу мектебінде мұғалім, ал кейіннен ауылдық

кеңестің хатшысы болады. Ауыртпалығы зор 30-ыншы жылдары балалары тұрмай шетіней беріпті. Мұны көріп-біліп отырған бүкіл ауыл “артында тұяқ қалса екен” деп тілейді екен. Алладан бір перзент сұрап, Бибіш келіні Гүлжаһанды Бердалы әулиеге апарып түнеткеннен кейін 1937 жылғы қаңтардың 1-інде Маңғыстаудың Тиген ауылында дүниеге келген ұл, осы Жұлдызбай көрінеді. Ал, есімін тіпті ана құрсағында жатқанында Бердалы әулие ұрпағы Маябас қойып кетіпті. Жұлдекеңнен кейін Еркеш, Зәуреш, Айдарбай, Айтқұл, Қамажай, Жанжігіт, Ержігіт деген балалар дүниеге келіпті.

Жасынан зерек те ширақ, білімқұмар боп өскен Жұлдызбай мектепте өте жақсы оқып, 1954 жылы Таушықтағы Шахта орта мектебін бітіргеннен кейін Алматыдағы Абай атындағы ҚазПИ физика-математика факультетіне оқуға түседі. Институтта үздік студент, қоғамдық жұмыс белсендісі болды. Гимнастика, еркін күреспен шұғылданып, домбыра оркестрінде ойнады.

Сол жылдарда “Лениншіл жас” газетінде Ә. Мұқашевтің “Өз досым туралы” деген көлемді мақаласы шықты. Мақала Жұлдызбай Есбо-сынов хақында болатын. Автор жастарды сегіз қырлы, бір сырлы, білімпаз да өнерпаз, мінезге бай, қоғамдық іске белсенді осындай жас жігіттен үлгі алуға шақырады. Институтты 1958 жылы үздік дипломмен бітірген Жұлдызбайдың алдында аспирантураға қалу мүмкіндігі тұрды.

ҚазПИ физика-математика факультетін 30 жыл ішінде 12 адам үздік бітірген екен, 13-інші болып Құрмет тақтасына Жұлдызбайдың суреті ілінді.

Отбасы жағдайына байланысты ол Қарақұм орталау мектебіне оқу ісінің меңгерушісі болып барады. Сөйтіп, Бейнеу ауданы тарихындағы тұңғыш жоғары білімді мұғалім еңбек жолын жеті жылдық мектептен бастады. Жағдайдың қиындығына қарамай аудандық жиналыс-жиындарда ауыл мектебінің ауыр халі туралы мәселе көтере жүріп, тұрғындар арасында білім беру, мәдени-спорттық ағарту жұмыстарын жүргізді.

1958 жылдың күзінде Жақия Нақбергенқызына үйленіп, отау құрды. Осы арада аз-кем шегініс жасасақ, Жақия Маңғыстаудың Қараой жерінде 1940 жылғы сәуірде Дәулеталы жары Нақбергеннің отбасында дүниеге келіпті. Әкесі арабша сауатты, көкірегі ояу, көзі ашық кісі екен. Ауылсовет төрағасы, колхоз басқармасы қызметтерін атқарып, 1941 жылы соғысқа аттанады, он үш рет жараланып, елге оралғаннан кейін алған жарақат салдарынан екі жылдан соң қайтыс болады. Ал, анасы руы Ақбота жеменей Сұпыалдиярқызы Ақбибі колхозда еңбек етіп балаларын өсіріп, жетістірді. Қаршадайынан анасының тәлім-тәрбиесін көрген Жақия жеңгей жарты ғасырға жуық уақыт бойы Жұлдызбайға асыл жар, жан-жолдас болып, шаңырағының алтын қазығына айналды.



Сонымен Жұлдызбай Қаракұм мектебінде физика, сурет, шебер қолдар, домбыра, фото, математика үйірмелерін ұйымдастырып, пәндік кештер, оқырмандар конференцияларын тиянақты өткізіп тұрды. Ол жүргізетін ата-аналар университетінің сабақтарына келген ауыл тұрғындарының сынып бөлмесіне симаған кездері көп. Мектепке жел электр генераторы орнатылып, автомобиль аккумуляторы зарядталатын. Мәскеуден посылкамен диафильмдер көптеп алынып, көрсетіліп тұрды. Мектеп директорлары Шайхат Нәжетов, Құрмет Құспанов, мұғалімдер Кенжеғұл Исаберген, Алдаберген Мейіров, Ботай Келбаев, Нүредан Кенжеахметов, Сұлушаш Қаженова, Изберген Құрбанбаев, Назым Қамзиева және басақалар бір мақсатқа жұмылған, өзара сенімді ұжым болды. Жазғы жөндеу, қысқы отын әзірлеуді бір кісідей атқарды.

364

Мектепке шағын электрстанция алынып, оның жұмысына бүкіл ауыл қатысты. Аса қауіптілігіне қарамастан Жұлдызбай қолдан құрастырып жасаған темір электр бағандарының басына құрал-жабдықсыз шығып, мектепке, интернатқа, клубқа, үйлерге электр желісін тартты. Жазғы каникул кезінде мектеп жанындағы 140 оқушы жататын интернатқа шағын монша салып берді. Мектеп шеберханасын, оған қолдан верстактар жасап, орнатты.

Мереке сайын қызықты шаралар ұйымдастырумен қатар Жұлдызбай комсомол

ұжымының жетекшісі ретінде елдің саяси өміріне белсене араласты. Үгітшілігімен қатар өнерпаздығымен де көрінді. Клубта өткен бір кеште Құрманғазының өмірі мен шығармашылығы жайында баяндама жасап, оның 29 күйін орындап бергені бар.

1959 жылдан бастап ол жаңашыл, озат мұғалім атанып, сол жылы орта мектеп директорлары курсынан өтті. Жастығына қарамастан суреті ауданның Құрмет тақтасынан орын алып, алқалы жиындарда аты ілтипатпен аталып жүрді. Мұнайшы, ғалым Құбайдулла Махутов, журналист, марқұм Сайын Әділханов, Қыдырбақыт Сейілханов, Аманғали Шамшадинов, Мұрат Құрбанбаев, Сұлтан Жаңбыров, Нағима Мырзабекова сияқты халыққа белгілі көптеген азаматар Жұлдызбайдан білім алған.

1962 жылы әкесі Болысбай Самдағы мал шаруашылығы учаскесінің меңгерушісі болды да, Жұлдызбай Сам сегізжылдық (кейін орта) мектебіне физика пәні мұғалімі боп орналасты. Мектепке институтты жаңа бітірген Жеткізген Рзаев, Бақыт Балов, Фермебай Ережепов, Еремекбай Оразалиев, Айеке Есбергенов, Жалғас Сағындықов, Құдабай Өсербаев, Асима Самешова сияқты жастар келді. Мектеп жұмысын Құрмет Құспанов, Жанбоз Екібаев үйлестіріп отырды. Ал, мектеп жанындағы үлкен интернаты Қылыш Өтетілеуов, кейін Есенбай Шолтанов басқарды. Жұлдызбай сол кездегі ең жақсы жабдықталған физика кабинетін жасақтады. Физика қоғамын құрып, оған оқушылар тартты.



Мектепті бітірушілер жоғары оқу орнына көптеп түсті. Бір кездері Бейнеу ауданындағы мектеп директорлары осы Сам мектебінде қызмет істеген немесе білім алған адамдар болды, олар аудандық білім бөлімін басқарды, мектеп мұғалімдері түгелдей “Білім үздігі” атанды. Жұлдызбай мектеп партия ұйымын сегіз жыл басқарды, сонымен қатар Жеткізген Рзаев екеуі қоғамдық негізде саяси-ағарту кабинетіне жетекшілік жасады. Мектептегі психологиялық ахуалдың жақсы болуы, әр мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі өз жемісін берді. Ж. Есбосынов, Б. Балов, Қ. Өсербаев облыстық педагогикалық оқуға қатысып, тәжірибелері облыс мектептеріне таратылды. Мазмұнды баяндамалары үшін үшеуі де “Білім үздігі” белгісімен марапатталды. Жұлдызбай Маңғыстау ауданы әдістеме бірлестігінің физика секциясын басқарды.



366



Маңғыстау ауданы бойынша мектепті алғаш медальмен бітірген Баймұханбет Дүйсенбаев (Абылан Мәдиев) осы Сам мектебінен шықты. Ол қазір Қазақ көлік коммуникация Академиясы Ақтау филиалының директоры, профессор. Осы мектеп түлегі Жауынбай Қараев Педагогика ғылымдарының докторы. Білім және ғылым министрлігінде жоғары лауазымды қызметте.

1972 жылы Жұлдызбай № 491 теміржол орта мектебіне директорлыққа тағайындалып, Бейнеу кентіне қоныс аударды. Бұл сондағы жалғыз орыс-қазақ мектебі болатын. Бейнеу-Қоңырат теміржолын, кент құрылысын салуға



КСРО-ның түкпір-түкпірінең келген, тағдыры қилы-қилы, сан түрлі ұлт өкілдерінің балаларын тәрбиелеп, білім беру оңай іс емес-ті. Дегенмен, Жұлдызбай мектептің көп ұлтты мұғалімдер ұжымына әрі әріптес, әрі ұстаз-тәлімгер, әрі ғылыми-әдістемелік жетекші, ақылшы-дос бола білді. Мектептегі оқу-тәрбие сабақтары тиімділігін арттыру жұмыстары жақсы жолға қойылды. Жұлдызбай оқу жылы басталған ашық сабақты әуелі өзіне қояды. Оның барлық сабағы жыл бойы ашық есік жағдайында өтеді. Осындай бір ашық сабағы туралы кезінде “Қазақстан мұғалімі” газеті жазды.

Ол 1980 жылдан 1991 жылға дейін Бейнеу поселкелік Кеңесінің төрағалығына сайланды. Қоғамдық-әлеуметтік өмір ұйытқысы болған бұл поселкелік Кеңес екі рет поселкелік және селолық кеңестер байқауының жеңімпазы болды.



367

Жұлдызбай Болысбайұлы аудандық Кеңеске 6 рет депутат болып сайланып, 11 жыл аудандық Кеңес атқару комитетінің мүшесі болды. Сондай-ақ облыстық соттың мүшесі, аудандық парткомиссия төрағасы сияқты қоғамдық жұмыстарды да мінсіз атқарды. Ал, 1991 жылы баламалы сайлау кезінде аудандық Кеңес төрағасының орынбасары болып сайланды. Өз ісінің білгірі ретінде ауданның әлеуметтік-экономикалық өміріне өз үлесін қосты. Аудандық Кеңестердің таратылуына байланысты Бейнеу аудандық білім бөлімі меңгерушісінің орынбасары болды. 1997 жылы



мамлекеттік қызметкер ретінде зейнеткерлікке шыққаннан кейін аудандық білім бөлімінде қызметін жалғастыра берді.

Жұлдызбай Болысбайұлы туралы көп пікірін түйіндесек, ол былайша өрілер еді: өмірінде ешкімге қиянат жасамаған, оның үстінен де ешқашан шағым түспеген. Өз ісінің шебері, қандай қызмет атқарса да жоғары кәсіби білікті маман ретінде танылды. Қандай тексеру болса да жұмысынан кінәрат, бухгалтериясынан бір тиын айырма табылмаған. Жиналыс-жиындарда өз ойын қаймықпай ашық айтып, пікір-таластарда шешендігі, дәлелді ой-пікірлерімен көрінген. Сонымен



368



қатар аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда әр кезде мазмұнды мақалалары жарық көріп тұрды. Мәселен, 90-шы жылдары болуы керек, бірде “Қазақ әдебиеті” газетінің бірінші бетінде Мұхаммед пайғамбардың суреті шықты. Мұның мүлде дұрыс еместігін дәлелдеп жазған Жұлдызбай Болысбайұлының хатынан кейін сурет шықпайтын болды. Газет редакциясы Жұлдекеңнен кешірім сұрап, хат жолдады.

Жұлдызбай Болысбайұлы Бейнеу кентінің құрметті азаматы. 1997 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Жұлдызбай Болысбайұлы мен Жақия Нақбергенқызы 11 бала тәрбиелеп өсірген, 30-дан астам немере сүйіп отырған ұлағатты отбасы

иелері. Тұңғыштары Нұржігіт Өскемендегі Автомобиль жолдары институтын бітіріп, “Бейнеу жолдары” ЖШС жол- құрылысы инженері болса, қыздары -Шолпан Атырау пединститутының тарих факультетін, Айман Алматыдағы Абай атындағы ҚазПИ-дің филология факультетін, Жанат Томск политехникалық институтын, Ләззат Ақтөбе педагогикалық институты химия-биология факультетін, Айзада Алматыдағы есеп-кредит техникумын, Қарағанды Мемлекеттік университетін, Балзада Алматы Халық шаруашылығы институтын, Жаңылсын Алматы технологиялық техникумын, Найля Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті инженерлік-техникалық факультетін, Жанар Маңғыстау политехникалық техникумын, Қарағанды Мемлекеттік университетін, кенжелері Тұрсынхан Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген. Ұл-қыздардың барлығы да білікті маман ретінде халық шаруашылығының сан алуан салаларында абыройлы еңбек етуде. Сонымен қатар әр қайсы бір-бір шаңырақ иелері.

Жаны жайсаң, тарыққанға қамқор, ағайын-туыс арасында сыйлы, қай кезде де атақ-даңққа ұмтылмай, шындық үшін күресіп, халқына жасаған адал қызметімен құрметке бөленген қадірменді ақсақал, ел ағасы Жұлдызбай Болысбайұлы бүгінде Ақтау қаласында тұрады.



## ДҮЙСЕКЕ ӘБЛҰЛЫ

Ол осы ауылдағы Маршал Әбдіхалықов атындағы орта мектепке таяу тұстағы ақ шаңқан үйде тұрады. Және мен қазір зейнеткер едім деп қарап жатқан ол жоқ. Ауылда, Маңғыстау стансасындағы темір жол басқармасында өтетін шаралардан шамасы келсе қағыс қалмайды. Өткен жылғы тамызда Қазақстан темір жолының Астанада өткен тойына құрметті қонақ ретінде қатысып келді. Мерзімді баспасөз бен теледидардан облысымызда, кең байтақ елімізде болып жатқан жағдайларды біліп қана қоймай, жақсысына сүйінішін, кейбір әттегенайларға ренішін жасырмай, өз пайымдауын ортаға салады. Оның ауыл, аудан әкімдерінің жыл басындағы есеп беру жиналысында кәсіпкерлерге қаратып айтқан сөзі есімізде. “Жапалақ жемін басып жейді, сұңқар жемін шашып жейді”, дегендей, шама келсе сұңқар боп күн кешкенге не жетсін. Сондықтан да сұңқарша елге қарайласқаннан ұтпасаңыз ұтылмайсыз, бүгінде Ақшұңқырымыз дәулетіне сәулеті сай іргелі ауылға айналды. Осында жетпей тұрған бір нәрсе бар, ол - мешіт. Бұл үшін тұрғындардан тірнектеп қаржы жинау өнбейтін іс сықылды. Осыны өздеріңіздің қаперіңізге бергім кеп тұр, мұндай сауапты іс елдің есінде қалады, бірден-бірге жетіп, ешқашан ұмытылмайды”, - деген-ді.



370



Өткен жылғы теміржолшылар күніне арналған салтанатты жиында оны төрден көрдік. Омы-

рауы жарқырап тұр. Көзіміз “Еңбек Қызыл ту”, “Құрмет белгісі” ордендеріне, “Еңбектегі ерлігі үшін”, “В. И. Лениннің 100 жылдығы”, “Еңбек ардагері”, “Қазақ темір жолына 100 жыл” медальдеріне түсті. Дүйсекең сонымен қатар темір жолдағы ең жоғары атаққа, “Құрметті теміржолшы” атағына ие болған екен.

Ол 1939 жылдың қараша айында Маңғыстау ауданы жерінде дүниеге келеді. Мектептің төрт сыныбын да сонда бітіреді. Ұлы Отан соғысына аттанған әкесі Әбіл Келдібаевтан “қара қағаз” келгеннен кейін Красноводск (қазіргі Түрікменбашы) қаласында тұратын әкесінің інісі қолына алып, 1956 жылы онжылдықты, екі жылдан кейін сол қаладағы темір жол техникалық училищесін бітіріп шығады. Содан алты жыл Красноводск темір жол дистанциясында мастер болып жұмыс істейді.

“Ер туған жеріне...” деп атам қазақ айтқандай, өзі туып-өскен атажұрты Маңғыстау қайта түлеп, алтын шаңырағын көтерген шақта, әуелден де көңілі аландаулы Дүйсеке Шетпе қайдасың деп тартып отырады. Бұл оның Нұрыш апамызға үйленіп отбасын құрып, өз мамандығы бойынша жұмыс істеп тәжірибе жинақтап, тіпті Бүкілодақтық социалистік жарыстың жеңімпазы атанып жүрген кезі болатын. “Іздегенге - сұраған” дегендей, темір жол енді ғана тартылып жатқан Маңғыстауға ол таптырмас маман-ды. 1964 жылдың мамырында Шетпеге көшіп келгеннен кейін № 99 құрылыс басқармасы темір жол-



ды пайдалануға беру бөлімінің мастери болып жұмысқа кірісіп кетеді.

- Маман ретінде Маңғыстау ауданының Шетпе - Сайөтес аралығын жалғайтын темір жолдың салынуына ат салыстым. 1966 жылдың желтоқсан айында ол пайдалануға берілді. Жолды қабылдап алушы ретінде 201-інші шақырымда “Алтын кәстелдің” қағылу салтанатына қатыстым, - дейді Дүйсекең.

- Ол бір есте қаларлықтай қуанышты сәт болған шығар?

- Әрине, қазыналы өңірге халық шаруашылығы жүктерін тасымалдайтын бірден-бір жол, түбекке жан бітіретін күретамыр іспеттес ғой.



Оның өлке дамуында қандай рөл ойнағанын өзіңіз де білесіз.

372



- Иә, біз дрезинамен № 1 поездің алдында жүріп отырдық. Республика Үкіметінен Бейсебаев, Қазақ темір жолының басшысы Иван Акимович Задорожный, Атырау (ол кезде Гурьев) темір жол бөлімінің бастығы Мұхамбет Қарабаспақов, Маңғыстау стансасынан ПЧ бастығы Сағымбаев бар. Жұмысшы комиссиясы жолды қабылдаған құжаттарын Мемлекеттік комиссияға тапсырды. Ол кезде маман жеткіліксіз, әр стансада екі-үш адамнан ғана бар-ды.

- Қанша станса бар?

.. - Жаңа стансалар ашылды, қазір жаңылмасам Бейнеуден бері он сегізге жетті ғой деймін. Ал, жол түйіскенде қағылған, тот баспайтын темірден жасалған “алтын кәстөл” Сайөтес стан-

сасында сақтаулы, кейін мұражай ашылса тапсырамыз деп қойғанбыз. Қазбалап сұрағаныңа карағанда марапат жағын білгің келетін сияқты, осы еңбегім үшін КСРО темір жол қатынасы министрі тарапынан аты-жөнім жазылған сағатпен сыйлықтандым. 1967 жылдан бастап темір жолмен халық шаруашылығы жүктері ағыла бастады, “Маңғышлак-Гурьев” жолаушылар поезының қатынасы жолға қойылды.

Дүйсеке Әбілұлы Шетпе-Сайөтес аралығында аға жол мастері, учаске бастығы болып еңбек етті. 1969 жылғы тамыздың тоғызында ол Сайөтес стансасына көшіп барады. Алматы, Ақтөбе, Новосибирск темір жол институттарында мамандық жетілдіру курстарынан өткен ол Сайөтесте табан аудармастан отыз жыл бойы учаске бастығы болды. Он бес жыл партия ұйымының хатшысы, ауылдық Кеңес депутаты, ауыл ақсақалдар кеңесінің төрағасы, темір жол мекемесінің қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі техникалық кеңес мүшесі сияқты қоғамдық жұмыстарды да белсене атқарды. Ол тәжірибелі маман ретінде Мақат, Қандыағаш, Ақтөбе, Арыс стансаларындағы жолдарды жаңарту, көлемді құрылыс жұмыстарына қатысып тұрды.

Отбасы жағдайына келетін болсақ, зайыбы Нұрыш апамыз да вагондарды есепке алу жөніндегі оператор боп 28 жыл еңбек етті. Екеуінің тәрбиелеп, өсірген ұлы Талап пен үш қызы бүгінде бір-бір кәсіптің құлағын ұстаған, жоғары білімді маман.



- Мен Сайөтеске көшіп барғанымда жеті-ақ үй бар еді, - деп еске алады Дүйсеке,-және орыс көп еді. Армиядан келген жастарды темір жол жұмысына ала бердік, тәрбиеледік, істің қырсырын жалықпай үйреттік. Стансаның қарсы бетінен алғаш қолдан үй салып алған да мен едім. Қазір өзіңіз білесіз, Сайөтес іргелі ауылға айналды.

Иә, темір жол саласында 41 жыл еңбек еткен Дүйсеке Әбілұлы 1999 жылғы тамызда Ақшұқыр ауылына көшіп келіп, тұрып жатыр. Зейнеткер.

Есімі өлке тарихында жазылып қалған Жаманғара Иса Тілембайұлы шыққан ауылдың бүгінгі бар ақсақалы Дүйсекең шежірені, ел



ішіндегі шешендік сөздерді, елдік пен ерлікке үндейтін оқиғаларды, аңыз-әфсаналарды көпшілікке, әсіресе жастарға әңгімелеп отыра-

374

ды. Жылдан-жылға өркендеу үстіндегі елімізге, облысымыздағы игілікті істерге сүйсінеді.



Елбасының ұстанған саясатын қолдайтынын, үкімет тарапынан зейнеткерлерге жасалып жатқан қамқорлыққа ризалығын айтады.

“Ақылды қария - ағып жатқан дария”, демекші ел ішінде осындай үлкендердің болғанына не жетсін, аман болыңыз, ақсақал, Дүйсеке Әбілұлы!



## ҚҰРАЛАЙ

Оны Ақтаудағы мектептер мен оқу орындарында өтетін мәдени көпшілік, әдеби шараларда, байқауларда жиі көретінмін. Осыдан бір жыл бұрын менің Маңғыстау гуманитарлық колледжі студенттерімен өткен кездесуіме мұрындық болғаны бар. Мұрындық болды деймін-ау, аяқ астынан мұзға тайып жығылып, мертігіп жатқан менің қоярда қоймай келісімімді алып, жетелегендей ғып, өте әсерлі әдеби кеш ұйымдастырды. Ал, ол туралы осынау үзік сырды жариялауыма оның шәкірті, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің 2-курс студенті Гүлнара Дембергенқызының редакцияға жолдаған хаты себеп болды. “Қайда жүрсек те Құралай апайымыздан білім алғанымызға мақтанып, өзімізді бақытты сезінеміз. Өйткені, оның ұстаз ретінде бізге сіңірген еңбегін ешуақытта ұмытпай, алдында басымызды иіп өтеміз. Анамыздай болып кеткен ұстазымызға мықты денсаулық, бақыт, отбасына бақ-береке тілейміз. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолында ерінбей еңбектеніп жүре беріңіз”,-деп жазыпты ол. Сол сияқты Алматыда жоғары оқу орнында оқитын екінші бір шәкірті Гауһар Тажикова өзінің Құралайға жазған хатын “Сәлеметсіз бе, ұлағатты ұлы ұстазым!...” деп бастапты: “Біз сіз секілді қарапайым, ақылды, біліміне көркі сай, әр оқушының жанын түсіне білетін... біз десе, 11 “ә” десе қорғап, қолдап жүретін мұғалім сабақ



бергенін әліге дейін мақтан тұтамыз, өйткені мен өзіңізден алған біліміме сенімдімін. Қаншама жоғары оқу орнында оқып жүрсем де, мен үшін сіздің орныңыз бөлек, Алматыда жоғары білімді ұстаздар сабақ бергенімен, сізге жетпейді...”

Міне осылайша, “Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын” дегендей, шәкірт жүрегіне жол тауып, ілтипатқа бөленген, олардың алғыс хаттарына арқау болған және адамгершілігі мен әдептілігі кім-кімді де сүйсіндірген Құралай Шараубайқызы Нұрманова жайлы қалам тартуды жөн көрдім.

Ол көршілес түрікмен елінің Мары облысы Байрамалы ауданына қарасты мал шаруашылығымен айналысатын елді мекенде, көп балалы шаруаның отбасында дүниеге келген екен. 1984 жылы орта мектепті, бес жылдан кейін Алматыдағы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтын ойдағыдай бітірген ол, еңбек жолын ауылындағы өзі білім алған мектеп-интернатта тәрбиешіліктен бастайды.

- Институттан кейін ауылда небәрі бір жылдай ғана жұмыс істедім, 1990 жылы отбасымыз Жаңөзенге көшіп келді де, мен қаладағы Т. Әлиев атындағы № 1 орта мектепке қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі боп қызметке тұрдым. Жас маман кезімдегі жалынды жастығым, ізденіске толы күндерім, яғни шыңдалу жылдарым осы мектепте өтті. Тәлімгерім ұлағатты ұстаз, Қазақстан оқу ісінің үздігі, марқұм Айжан Қарақызы Тәшенова болды, - дейді Құралай.

1998 жылы облыс орталығына қоныс аударуларына байланысты ол Ақтаудағы № 14 орта мектепте мұғалімдігін жалғастырады.

“Құралайдың сабағына бірнеше рет қатыстым. Сабаққа көп ізденіспен, жан-жақты дайындықпен келеді, көрнекіліктері мол. Қазақ тілі пәнінен белгілі тіл маманы Жиде Жеткізгеннің жасаған тірек схемаларын кеңінен пайдаланады. Мәселен, 5 “е” сыныбында қазақ тілінен десант сабақ өткізді. Тақырыбы “Тіл дыбыстары туралы түсінік”. Оқушыларға таблица бойынша тіл дыбыстарын түсіндірді. Олар өте тез ұғып алып, жаттығуды меңгергендіктерін көрсетті. Құралай-балалармен тіл табыса білетін, ерінбейтін жалықпайтын мұғалім. Оқушылардың әрқайсысының алдында бір-бір схема, мұғаліммен бірлесіп жұмыс жүргізіп жатыр. Балалардың бойында тілге, әдебиетке деген қызығушылық жоғары...”, “Құралай тәрбие жұмысына да зор көңіл бөледі. Оның 7 - “д” сыныбында жүргізген “Менің Республикам - Қазақстан” атты тәрбие сағаты өте жоғары дәрежеде өтті. Оқушылар бұл сабақтан көп нәрселерді ұғып, білді. Көп ізденіп, талғамға сай көрнекі құралдарды пайдалана білген мұғалім тәлімдік мәні зор, тағылымды мәселелер турасында әңгіме өрбітті.

Ұстаздығымен қатар Құралайды мектептің қыруар қоғамдық жұмысының бел ортасынан көресіз. Үнемі ізденіп, тынымсыз еңбектеніп жүретін, жалықпайтын жаңашыл жаннан көп



нәрселерді үйренуге болады...” Бұлайтылғандар, әріптестері, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Жаңылай Жұлдызбаева мен Рысты Ұзақбаеваның Құралай туралы пікірлері.

- Алғаш рет Жаңаөзен қалалық білім бөлімі ұйымдастырған семинарда әдебиеттен 5-сыныпта Ыбырай Алтынсариннің “Бай баласы мен жарлы баласы” әңгімесі бойынша өткізген ашық сабағым үшін бірнеше тәжірибелі де таңымал ұстаздар жылы лебіздерін білдірген-ді. Онан кейін 1998 жылы Ақтауда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған қалалық семинарда С. Сейфулиннің “Ақсақ киік” өлеңі бойынша № 21 орта мектепте десант сабақ өткізіп, қалалық білім бөлімінің I дәрежелі дипломына ие болдым, - дейді Құралай.

378

Сондай-ақ ол 2002 жылы облыстық семинарда Ғ. Мұстафиннің 100 жылдық мерейтойына орай, “Суреткер парызы” атты үлгілі сабақ өткізіп, облыстық білім басқармасының дипломымен және сол жылы “Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін тереңдетіп оқыту әдістемесі” тақырыбындағы курста жоғары білім деңгейін көрсетіп, іскерлік танытқаны үшін Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын республикалық институтының Алғыс хатымен марапатталады.

Ақтау” қаласының 40 жылдығына байланысты өткізілген “Жыл мұғалімі-2003” байқауының жеңімпазы атанып, қалалық білім бөлімі мен “Қалалық педтехнология орталығы”

МҚКК-ның І дәрежелі дипломына ие болады. Сондай-ақ сол жылы қала, облыс әкімдерінің Алғыс хаттарын да алады.

- Құралай Шараубайқызы оқушылармен қоян-қолтық жұмыс жасап, олардың әрқайсысынан еліміздің болашағын, саналы да тәрбиелі азаматын көруге тырысады. Сондықтан әріптестерімен қатар оқушылардың және олардың ата-аналарының арасында сыйлы, үлкен беделге ие. Ол мемлекеттік стандартқа сай 5, 6 - сыныптарға қазақ тілі мен әдебиетінен тест жасап, мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде ұсынды. Құралай қазақ тілі сабақтарында компьютерлік техниканы қолдану әдісі бойынша курстан өтті. Ол өз жұмысын жанындай сүйетін және білгенін жас мамандарға үйретуден жалықпайтын, үлкенге ізетті, кішіге қамқор, нағыз ұстаз болуға жаратылған жан, - дейді № 14 орта мектеп директоры Мерсат Айданұлы Измухамедов.

Бүгінгі өскелең талапқа сай білікті ұстазға қайда да орын бар. Құралай бес жыл Маңғыстау гуманитарлық коледжінде “Әдебиеттануға кіріспе”, “Тіл біліміне кіріспе”, “Қазақ тілінің теориясы мен тарихы”, “Халық ауыз әдебиеті”, “Әлем әдебиеті”, “ТМД әдебиеті” пәндерінен болашақ мамандарға сабақ берді.

Ол сонымен қатар ынтымағы жарасқан үлкен отбасының ұйытқысы, алтын қазығы да. Жұбайы, темір жол маманы Елемес екеуі Әлия, Ләззат, Ұлпан, Арухан, Жұлдыз есімді бес қыз бен Итамас атты ұлды тәрбиелеп өсіріп отыр.



Иә, біз де осынау шағын мақаламызға қазақтың адал жар, асыл ана, ұлағатты ұстаз бола білген Құралайдай қыздары әрдайым аман болсыншы деген тілекпен нүкте қойдық.



## Мазмұны

### Бірінші бөлім Әңгіме, новеллалар

Әулие.....	4
Тізім .....	11
Базардың “әдісі” .....	14
Бердібайдың алғысы .....	16
Ұтқыр сөз ұмытылмайды.....	18
“Біреуі – жатыр, біреуі – қайтты” .....	20
“Бәрі бір бөшкеден...” .....	22
Өлеңнің күдіреті.....	23
Ерік күшіңіз мықты болса... ..	28
Әдет қалмайды дегендей... ..	32
Өлімнен де күшті .....	34
Интервью .....	39
“Сен сондайға таптырмайсың” .....	43
“Орындыққа отыра кетіппін...” .....	46
Әке.....	49
Сый.....	51
Ру.....	52
Мақалды да ескермейді .....	54
Болатбек.....	55
Әпке.....	58
Бойтұмар.....	60
Қайран, аяз би.....	62
Күйеу.....	63
Қамшы.....	65
Кітап.....	66
Құдалық .....	68
Палуандар .....	70



381



“Әр елдің салты басқа”.....	72
“Орыстың малы”.....	75
Алыстағы атеист.....	77
Алғыс.....	79
Ақ әже.....	81
Күлкілі оқиға.....	86
Дәрекең.....	87
Ғибрат.....	89
Дәмдестіктен– сыйластыққа.....	90
Алпамыс.....	92
Құрсау.....	99
«Мылқау».....	103
Әкім.....	104
«Бәрін таниды...».....	105
Қарамая.....	107
Аққайың.....	110
Әлләзина.....	112
Сары кемпір.....	121
Бала күнгі дос.....	131
Сол бір нәзік сезім.....	138
Өкініш.....	144
Соңғы әрекет.....	148
Мұқағалимен үшінші көрісуім.....	159
Сүлеймен–саржапалақ, мен және кәстөллом.....	164
Айсамал.....	178
Прогресс.....	185
Ақша деп ар-ұяттан безбейік.....	187
«Танымасын сыйламас» дегендей... ..	190
Алпысбайдың«айласы».....	191
Есімдегілер.....	193





## Екінші бөлім

### Мақалалар

“Біз –маңғыстауданбыз” .....	214
“Тіл біткен жүрер менің атымды айтып” .....	217
Парасатына ұлағаты жарасқан .....	225
Жыр үшін жаралған жан еді... ..	242
«Әбішпен қалай достасқаным әліесімде... »	249
«Мақтау керек дегенге... » .....	253
«Одан төмен түспеймін... ».....	255
«Назарбаевтың саясатымен келісемін» .....	256
Он тоғызында от кешкен оғылан .....	262
Ол күндердің өшпес даңқы .....	273
«Жастайынан жарқылдап бала оқытқан...»	279
Тот баспайтын шын асыл.....	286
Дүркіреп жеткен жыр-нөсер.....	290
Қайта оянған жанартау .....	296
Гүл апа .....	301
Өзінің алтын қазығын тапқан жампозым ...	308
Мұрат мұрасының жаршысы.....	314
Шабытын күй–атаның шарықтатқан .....	324
Жақсыдан шарапат .....	331
Сазгер.....	333
Тағдыр тоғыстырған .....	338
Он жетіде от кешкен .....	344
Майдангер.....	352
Анам айтқанәңгіме .....	356
Өнегелі өмір.....	361
Дүйсеке әбілұлы.....	370
Құралай .....	375



Мемір МЫҒЖАӨ

*Шығармалар жинағының қос томдығы*

## **2-ші том**

*Әңгімелер мен мақалалар*

*(қазақ тілінде)*

**Редакторы Әйгерім Құмарқызы**

**Суретшісі Дулат Болатұлы**

**Қалыптап, баспаға әзірлеген**

**Дидар Арасанбайқызы**

Басуға берілген күні 12. 05. 12. Қалыбы 84x108  $\frac{1}{32}$ . Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 25,0. Есепті баспа табағы 24,0. Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 6916.

Қазақстан Республикасы, ЖШС «Баянжүрек» баспасы,  
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 үй, 418 кеңсе.  
Байланыс телефонны: 395-51-77. E-mail: bjbaspasi@mail.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Макатаев көшесі, 41 үй.



